

821.512.122
Т90.

Марат Түсіпов

КӨНІЛГЕ ТҮЙГЕНДЕРІМ.
ЖИНАҒАНДАРЫМ



Қарағанды 2020

Марат Түсіпов

**КӨҢІЛГЕ ТҮЙГЕНДЕРІМ.
ЖИНАҒАНДАРЫМ**

Қарағанды 2020

ӘОЖ 821.512.122

КБЖ 84 (5каз)

Т 90

Т 90 Түсіпов М. И. Көңілге түйгендерім. Жинағандарым.
- Қарағанды: «Tengri ltd» ЖШС баспаханасы. - 2020 ж. -
240 б.

ISBN 978-601-7950-88-0

Кітап екі тараудан тұрады. Бірінші тарауда естіген, өз
басынан өткен өнегелі деген жәйттерді қысқаша баяндайды.

Екінші тарауда баспасөз беттерінде жарияланған, ғибра-
ты бар-ау деген дүниелерді теріп, құрастырған.

Келтірген материалдарда адамның бойындағы асыл қа-
сиеттер дәріптеліп, кемшіліктері сыналады.

ӘОЖ 821.512.122

КБЖ 84 (5каз)

ISBN 978-601-7950-88-0

©Түсіпов М., 2020



1 - тарау

Көңілге түйгендерім

* * *

«ЖОЛЫҢЫЗ БОЛСЫН» ДЕҢІЗ

Қарағанды политехникалық колледжінде сабақ беріп жүрген кезім. Қыс айы, таңертеңгілікте, «Орбита-1» аялдамасынан 43-автобусқа мініп, алдыңғы орындыққа жайғасып, келе жаттым. Қатардағы орындықты жасы менен үлкендеу әйел адам отырды.

Жолда, аялдаманың бірінде, таныс адамым автобусқа мінді. Амандасып қауқылдасқаннан кейін:

- Қайда тарттың, - дедім.

Ол бара жатқан жерін айтып, Мәдениет Сарайынан түсіп қалды.

Танысым кеткеннен соң, жаңағы қатарда отырған әйел маған бұрылып, баппен қарап:

- Сіздің жаңа «қайда тарттың» дегеніңіз дұрыс емес. «Жолыңыз болсын» десеңіз жеткілікті. Одан кейін ол «Әлей болсын» деп жөнін айтады. «Қайда тарттың» деу жолды тарылтады, - дегені.

Бұл сөз кейіннен маған сабақ болды.

«НҰРА ДА ҚАЛЫП БАРАДЫ ҒОЙ»

Оқиға 60-жылдардың басында болған. Шет ауданының тумасы Қанат әскер қатарына шақырылып, қызмет өтеуі Ресейдің (ол кезде - Кеңес Одағы) батыс жағында орналасқан бір қаласына түседі.

Қанат серіктерімен бірге Қарағанды қаласынан барар жеріне жол тартады.

Жастар ән салып, көңіл көтеріп біраз уақыт өткізеді.

Бір күні түнде жолдастары вагонның терезесінен қарап,

бір нәрсені тамашалайды.

Жігіттер Қанаттан тұруды сұрайды: «Тұр, Қанат, Волгадан өтіп бара жатырмыз», - дейді.

Қанат қозғалмайды.

Жігіттер тағы да: «Қанат, қызықтан құр қаласың, тұр, Волга қалып барады. Лениннің туған жері», дейді.

Сонда Қанат күрсініп:

«Волга түгілі, Нұра да қалып барады ғой», депті.

Туған жерге деген құрметті әрі сағынышты бұдан артық қалай жеткізуге болады?!

Әрбір адамның өз өңірінде, өзі туған жерінде өз Еділі мен Жайығы, өз Гималайы мен Алатауы бар.

* * *

Afat сөйлегенімді сездім

Бірде Жарықта тұратын құдаларыма жеңіл көлікпен келе жаттым.

Қайша апам бар.

Ананы-мынаны айттық. Әңгіме бір бауырым жөнінде болды. Оның үйленіп, ажырасқанын, бақытсыздық жайға тап болғанын әңгіме қылдым.

Әңгіме тыңдап болған апай:

- Маратжан, ол бақытты болып туды, дені сау, әке-шешесі болды, жар сүйді. Бірақ, «сол бақытты ұстап тұра алмады ғой», - деді.

Иә, біздер дүниеге бақытты болып туғанымызды - Алла аманатын абыроймен орындай бермейміз.

Қайша апайдың үйінде дасхархан басында әңгімелесіп отырмыз. Дүниеден озғандар еске алынып, асыл қасиеттері

айтылды.

Пендеміз ғой, өмірден өткен бір ағамыздың сәл-пәл қисықтау мінездерін айтып, оғаштық жасадым-ау деймін... сөзімді аяқтатпай апамның:

- «Соған да жете алмай қалдық қой, Маратжан», - дегені.

Ұялып қалдым. Өлген адам куә бола алмайды, қарсылық білдірмейді.

Қадірлейік дүниеден озғандарды!

Баратын жеріміз - бір.

Арттан еретін сөз - әр түрлі.

«Жалғыз қалай ТАСТАП КЕТЕМІН»

Осыдан біраз жыл бұрын Шеттің орталығына Гүлжан құдағиымның қайтыс болуына байланысты көңіл айтуға бардым.

Көңіл айтып, біраз отырдық. Жиналған халық. Арасында өңірдің белді азаматы Шәкен Бәкірұлы отыр. Жүзіне қарасам, шаршаңқырап жүдеулеу отыр. Ол кісінің қан қысымы 200-ден түспейтінін білемін. Әрі ауырып жүрген сияқты.

Сырттан келді деп, көрші үйден дәм жасатқан екен - соған шақырды. Тұра беріп едім, Шәкең қоса тұрды. Жағдайын түсінген мен:

- Шәке, дем алыңыз, шаршадыңыз ғой. Әрі күні бойы осындасыз, - деп едім, ол:

- Мен сізді жалғыз қалай тастап кетемін? - дегені.

Осы сөз әлі құлағымда. Жасы да үлкен, қызметі де үлкен болған азаматтың өзінің кішіпейіл қалпын көрсетуі маған қатты әсер етті.

Біз жолаушының, қонақтың қас-қабағына қарай білеміз бе? Жанынан табыламыз ба?

* * * * *

ШЫДАМДЫЛЫҚ

Терлікбай деген ағам бар. Жасы тоқсанда. ұлы Отан соғысының ардагері, батыс майданда - Германиямен, Шығыс майданда - Жапониямен соғысқа қатысқан. Бірінші топтағы мүгедек.

Соғыстан кейін еңбек майданына араласты. Шет ауданында госстархтың бастығы, Р.Люксембург атындағы колхоз басқармасының орынбасары, партия ұйымының хатшысы.

«Путь к коммунизму» совхозының (кейінде - «РСХО») бас экономисі қызметтерін атқарды.

Ағамыздың тұрмыс жағдайы жақсы болды, бірақ, «жазмыштан озмыш» бар, біраз ауыр жағдайлар орын алды: ұзақ аурудан жеңгеміз қайтыс болды, ұлы - шаңырақтың иесі, Манат қайтыс болды, босану кезінде келіні көз жұмды (нәресте аман қалды).

Төрт немересімен ағай қалды. Уақыт келе, соғыстың зардаптары ғой, денсаулығы нашарлады, үй ішінде жүріп тұрудың өзі қиындыққа айналды.

Алланың қолдауы шығар, «Көгілдір тоғаннан» төрт бөлмелі пәтер алды. Қазір төрт немеренің (Әділет) бірі - қызметте, біреуі (Айсұлу) - студент, кенжесі (Жансұлу) - мектепте.

Әрине, қыздары Қарашаш пен Қарлығаштың еңбектері зор, дегенмен, олардың да өз отбасы бар, шаруасы бар.

Әңгіменің түйінін айтайын:

Ағаймен жиі хабарласып, хал-жағдайын біліп отырамын.

Ағай телефонды көтере бергенде, мен:

- Ассалаумағалейкум, ағай, халыңыз қалай? - деймін, әдетімше.

Сонда ағай (көбінесе):

- Шүкір. Кешегіден бүгін тәуірмін - дейді, дауысы қарлығыңқырап.

Не деген шыдамдылық, сабырлылық, шүкіршілік.

Көбіміз болса «былтырғыдан» биыл, кешеден бүгін қалжаумын дер едік.

Кешегі күннен бүгінгі күн, бүгінгі күннен ертеңгі күн жақсы бола берсін, ағайын!

* * * * *

Шүкіршілік

Марал Әубәкірұлымен Қызылтау сегізжылдық мектебінде (1964-65) бірге қызмет еттік. Қарапайым, сабырлы азамат еді.

Жалғыз ұлы қайтыс болып, Маралды жүдетіп кетті. Шүкіршілік, қыздары болды, тамаша болып ер жетті.

Бір жиында жан-жақтан жиналған азаматтар қаза иесіне көңіл айта бастады, тегі дер кезінде көріне алмаған болуы керек. Аяушылық білдіріп, жалғыздан айрылғанның ауыр екенін білдіріп, жұбату сөздер айтылды. Енді жамандықтың болмауын тіледі.

Сонда Марал:

- Рахмет ниеттеріңізге. Ұл тумаса, Алла ұл бермеді деп арманда кетер едік. Алла берді - Өзі алды, шүкіршілік. - деп қысқаша жауап беріп, көпшілікке өзі көңіл айтқандай болды.

Мұндай жауапты күткен жоқ едік - таң қалдырды, ой салды.

Шүкіршілік ете білу - кісіліктің имани белгісі.

* * * * *

ӘДЕПТІЛІК

Үйге қонаққа апаларым мен жеңгелерімді шақырдым. Бірін-бірі танитындықтан әрі көптен бері көрмегендіктен ескі әңгімелер айтылды, туған жер мен өскен ел жылы еске алынып, тілге тиек болды.

Біраздан кейін әңгіме мен туралы. Апа-жеңгелерім «жалғыздық құдайға ғана жарасқан, серік керек, сүйеніш қажет» деп әдеппен үйлену керектігін жеткізді. Әрине, жанашырлық.

Сөз Балқия апайға жеткенде:

«Марат бауырым, осыдан жеті-сегіз жыл бұрын Жасұлан ағайдың: «Ана бауырыңа айтсайшы үйлену туралы, біз айтсақ күлкіге айналдырып, жөнді жауап бермейді» - деген сөзіне қосылып, саған айтып едім. Сол сөзім үшін кешірім сұраймын Сізден», - демесі бар ма.

Сөзі осылай аяқталады деп ешқайсымыз ойлаған жоқпыз, үнсіз қалдық, біреуіміз түсіндік, біреуімізге түсініксіз болды.

Әдептіліктің үлгісі, адамды түсіне білу, оның отбасылық жағдайын есепке алу - нәзік жанды ақылды әйелге тән нәрсе.

Естiгeнiм :

Белгібай деген ағам болды. Қарапайым, немесе тұрған жерін ауыстырғысы келді ме, әйтеуір, кім білсін: Буденный

(бұрынғы Ульянов ауданының шаруашылығы) атындағы совхоздың директоры болып істейтін әрі бауыры Адалбек Байсарыұлына жол тартады.

Кеңшарға келген бетте Адалбектің үйіне барады. Дастархан жайылып, тамақ ішіліп, әңгіме айтылады.

Бұйымтайын сұрайды.

Сонда Белгібай:

«Адалбек, сені іздеп арнайы келдім. Шаруам - осында келгім келеді. Үй бер, жұмыс тауып бер, - дейді.

Адалбек ағай болса, шек-сілесі қатқанша күліп:

- Үй де берейін, жұмыс та тауып берейін. Айтшы шыныңды: кімнен қорлық, кімне не зорлық көрдің? - депті күлкісін әзер тыйып.

Елді неге тастадың, жерді неге тастадың, бұдан не табыс дегені ғой.

* * * * *

НАЗЫН ӘДЕМІ ЖЕТКІЗУ

60 жасымды туыстарыммен, достарыммен атап өттім. Баладан, жолдасымнан айрылған соң, балаларым көңілі өссін деді ме, кездесуді солар ұйымдастырып өткізді.

Екі-үш күн өткен соң, бір қоңырау келді. Телефонның трубкасын көтерсем, Шәмшия Искәндірқызы. Ол - Ақбауырдың қызы, туыстығымыз да бар.

Айтқаны:

- Марат айналайын. Төлеген (қайтыс болған) жақсы көретін адамдарының тізімін жасап кеткен екен, қайта қарап отырсам, сенің атың да жүр екен. Туғаның күнің құтты болсын. жасыңа жас қосылсын, - дегені.

Түсіндім: тойға шақырмағаныма ұялдым әрі өкпе-назын

әдемі жеткізе білгеніне іштей риза болдым.

* * * * *

Ес тігенім:

Шет ауданын 16 жылдай басқарған Кәмәли Дүйсенбекұлы қызметтен босағаннан кейін жиынға барады.

Таныстары, бұрынғы қызметтес жолдастары қаумалап, амандасып жатады.

Бір жігіт шеттеу тұрып, байқамаған боп, сіресіп тұра береді. Жігіттердің біреуі оған жолы үлкен кісімен келіп амандассаңшы деген сияқты ишара білдіреді.

Осыны байқап қалған Кәмекең:

- Қайтесіңдер, мазасын алмай-ақ қойыңдар. Ол - ақылды жігіт. Менің енді қайтып келіп, бірінші хатшы болмай-тынымды біліп тұр, - деп әзілмен жеткізген екен.

Сәлем - адам әлемінің белгісі.

Тапқырлық

Рамазан деген немеремнің жасы бестен асқан кезі кезі. Екі атасын да: мені және Сайлау атасын алдап жүр. Байқаймын: Шетке барса, Сайлау атасын мадақтап, жақсы көретінін айтады. Маған келсе басқаша ән салады.

Содан, бір күні Сәкең үйде қонақта отыр еді, Рамазанды шақырып алдым, сынау керек, тілін қызық көреміз.

Мен одан:

- Айтшы, міне, екі атаң отыр. Қайсымызды жақсы көресің, айта ғой, ұрыспаймыз, - дедім.

Сонда Рамазан:

- Кімді жақсы көретінімді осы жерде айтпай-ақ қояйыншы, - дегені.

Қойылған қитұрқы сұрақтарға аяқ астынан жауап береміз деп ұтылып қалатынымыз бар.

Баз-базда баладан да үлгі алғанның жамандығы жоқ.

* * * * *

Үлкеннің ақылы

Бірде сыйлас адамым - Аманкүл досыммен әңгімелесіп отырдық. Тақырып үлкен адамдардың көрегенділіктері, тәрбиелік сөздеріне ауысты. Сондай бір мысалды Аманкүл әңгімелеп берді:

- Ауыл шаруашылық институтын бітіргеннен соң, жолдама бойынша «Ақшоқы» совхозына бас зоотехник болып орналастым. Үйленгенмін. Жолдасым Кеншоқыда, әкем мен шешемнің қолында. Салт істеп жатырмын. Ферма зоотехнигі болып Төштай деген кісі істеді. Жасы менен едәуір үлкен, тіл табысып істедік. Сөзінен әрі ісінен өмірді көрген адам екені білініп тұрады.

Уақыт өте келе, көшіп келу қажеттігі туындады, үй берілді.

Төшкеңе көшіп келетінімді айтып, шаруаға бас-көз болуын сұрадым. Бір жүк көлікке тапсырыс берем, сыймай жатқан ештеңе жоқ қой, дедім.

Төшкең тыңдап болып:

- Аманжан (кісі атын атамайтын), олай істеме. Сіз үш көлікке тапсырыс беріңіз. Біреуіне - көрпе-жастығыңды, ыдыс-аяғыңды, анау-мынауды сал, екіншісіне - бір сиыр болсын, бұзау болсын - сал, отауға берген әке-шешенің бірдеңесі бар шығар. Үшінші көлікке - ағаш болсын, қи болсын толтыра бер.

Сіз жоғары білімді мамансыз, бұл жерде мәңгі қалып қоймайсыз, малың өседі, дүниенің артады. Көшетін уақыт келер, сонда жұрт:

- Бір шабаданмен келіп еді, енді, бес-алты машинамен көшіп бар жатыр, деуіне аз да болса тосқауыл болады», - дегені. Солай істедім.

Айтқандай, малдандық, жандандық, бес-алты жылдан кейін бес-алты көлікпен көштік. Бір шабаданмен келіп еді дегенді естімедік, - деп аяқтады.

Үлкендердің ақылы - пәле-жаладан сақтаудың жолы.

* * * * *

Нағашыларын сыйлауы

Қарағанды мемлекеттік университетінің ректоры, Арқаның дарынды азаматы профессор Жамбыл Сәулебекұлы Ақылбаев бірде нағашыларын Шетке жинады.

2007 жылдың тамыз айы болатын. Бас қосу анасының дүниеден озғанына 10-жыл толуына байланысты екен. Киіз үй тігіліп, дастархан жасалған: жиырма шақты адам болдық, тек нағашылары ғана.

Дастарханды, яғни отырысты Жәкеннің өзі басқарып, әрбір нағашысын әдеппен, әдемі мадақтап, сөз беріп отырды. Анасы, әкесі туралы жылы естеліктер айтылды. Бара-бара нағашылар еркіндік жасап, кезекті күтпей сөздерін айтып, күліп дабырласа бастады - бәрі жарастықты.

Әрі қарай сөзді реттеудің қажеттілігі жоқ екенін сезген Жәкең күліп:

«Ойпырмай, мыңдаған оқытушылары мен студенттерді басқарудан нағашыларды басқару қиын екен.

Нағашылар жүрген жерді иелену, нағашыларың отырған жерлерді билеу қиын шаруа екен», - деп әзілдеді.

Сөзі әсерлі, әдемі шықты.

Қатты әсер еткені, ғибрат аларлық жайт-нағашыларының басын қосуы еді.

Бұл - нағашыларына құрмет көрсетуі еді, бұл - анасын, анасының шыққан жерін, елін құрметтеудің үлгісі.

Жәкен сол жылы, желтоқсанда дүниеден озды. Кездесу - нағашыларымен қоштасуы екен.

Жатқан жерің жайлы, иманың жолдас болсын.«Арқаның ардақты азаматы» атанған жиеніміз-Жамбыл Сәулебекұлы!

* * * * *

М а с к а

Колледжде сабақ беріп жүргенімде, көп адаммен сыйлас болдым, сырлас болдым. Неге екенін білмеймін, біразы келіп сырларын айтады, мұңдарын бөліседі.

Сондай адамдардың бірі - бір жас келіншек болды. Ағалы - қарындастай болдық. Басынан үй тұрмысына байланысты ауыр шаруалар өтті. Бірақ, жұмысқа келгенде жайраңдап келеді, жүзінен реніштің титтей ізі байқалмайды.

Бірде сыр шертісіп отырғанда, осының себебін сұрадым. Сонда:

- Мен жұмысқа келерде маска киіп аламын, - дегені.

Маска! Аты маска болғанымен түп негізінде сабырлылықтың белгісі, әріптестеріне - оқушыларына үй тұрмысында болған жәйттің жайсыз лебін білдірмеу, оларды құрметтеу жатыр ғой.

Ортада жүргің келсе, ішіндегі өртті білдіргің келмесе, баз-базда маска киюге тура келеді.

А қ с а қ а л д ы ң д ә р і с і

Кезекті сабақты өткізіп, үзілісте отырғанмын. Кабинеттің есігін қаққан болып, бір ақсақал кіріп келді. Амандастық. Шаруаңызды айтыңыз дегендей ишара білдірдім.

Шаруасы:

Немерем сіздерде оқушы еді, оқудан шығып қалатын түрі бар, көмектессеңіздер екен, - деді ақсақал.

Немересінің аты-жөнін білген соң, журналды актарып, қарай бастадым.

Баланы сәл болса да, ақтап алатын дерек жоқ. Журналда ылғи «жоқ» деген белгі, бір-екі жерде селдіріп «екілік» тұр.

Мен реніш білдіріп:

- Ағасы, немереңіз сабаққа қатыспайды, - дедім.

Ол:

- Білемін, шырағым, - деді.

- Бағаларының бәрі - «екі».

- Оны да білемін, айналайын.

- Енді маған не істе дейсіз, қалай көмектесемін, ақсақал, - дедім ренішімді жасырмай.

- Әрі біліп тұрмын бәрін дейсіз.

Сонда ақсақалдың айтқаны:

Қалқам, үлкен басыммен иіліп, сіздердің алдарыңызда жалбарынып тұру маған да оңай емес.

Ол сабақтан калмаса - мен келер ме едім? Ол кілең «4»-пен «5»-ке оқыса - мен сізге жалынар ма едім?

Бірақ, немеремнің «екісі» - Сіздердей жақсы адамдармен дидаласуға себеп болып тұр. Бұған да шүкіршілік, - деп әрі немересін даттап әрі бізді мадақтап, пәлсапа жолмен ойын шебер жеткізді.

Маған ой түсті. Немересін шақыртып, үшеуіміз әңгімелестік. Тапсырма бердім.

Бала кейіннен жақсы оқып кетті.

Ұстаздар, ата-ананың алдымызға не себеппен келгенін, оның жан дүниесін түсінуге ұмтылайық.

КӨҢІЛ ҮШІН

Таяуда колледжде бірге қызмет еткен жігіттерді кездестірдім. Сағынып қалыппыз бір-бірімізді, амандықтық-саулықты сұрасып, өткен дүниелерді еске алдық. Осы ұжымда әріптестеріммен, шәкірттерімен жақсы сыйластық қарым-қатынас орнады. Шама-шарқымыз келгенше, аянбай еңбек еттік. Ұжым төбесіне көтерді. Лайықты марапатымызды алдық, рахмет.

Жігіттің біреуі әңгіме арасында:

Мәке, бізді таза ұмыттыңыз ғой, келмейсіз, - дегені.

«Ойды ой қозғайды» дегендей, мен де ақталып жатырмын «ұмытқан өздерің» деп.

Басшы азаматтарға телефон шалып, мерекелі күндерімен құттықтап жатамын, бір жағы менің бар екенімді білсін дегенім қой, - деп, ақырында:

- Где работа по контракту там и дружба по контракту болатынын ұмытпаңдар, - дедім.

Ешкім үндеген жоқ, бәрі түсінікті сияқты.

Кім жұмыстан кетпейді, кім зейнеткерлікке жетпейді?!

«Қарға тамырлы» сезімге жығылған, амандық-саулықты біліскен халықтың баласымыз.

Анда-санда үлкендеріне ілтипат көрсету - ізгілік белгісі. Көңіл үшін. Біреуді кінәләу да - қиын. Өмір ағыны кімді ағызып әкетпейді?

СЫРЫ НЕДЕ?

Боранбай атты қызметтес жігіт болды. Еті тірі, пысық еді. Арнайы техникалық орты білім бар: жүргізушіден комхоздың басшысына дейін көтерілді. Кейіннен кәсіпкерлікке ауысты.

Боранбай әділетсіздікті байқаса шыдай алмай «бетің бар - жүзің бар демей» бетке айтып салатын.

Бірде келеңсіз жағдайға ренжи отырып:

- Сіздер шындықты жылына бір-ақ рет айтасыздар, оның есесіне халық алдында беделдісіздер. Біз шындықты күнде айтамыз - есесіне, беделіміз жоқ, - дегені.

Оның сөзі ой тастады:

Анда-санда шындықты айтқан біздер марқасқа атанамыз, ал, шындық үшін күніне шырылдағандарға билік құлақ аспайды, сыйламайды әрі бағаламайды. Сыры неде?

*** **

«Марат, сені күтіп тұрмын...»

Бірде аудан басында Нұрбек деген балам әкесіне ас берді. Әкесі - ауданға белгілі болған адам, органда абыроймен қызмет еткен, Біләл деген азамат.

Көп адам жиналды, ішінде Астанада, Алматыдан келген қонақтар болды: ақын-жазушылар, әншілер. Өзгеше сипаттағы ас болды: ән арналды, жыр шумақтары шашылды - ескі заманды еске салды.

Рәсім аяқталған соң да, бірден шығып кете алмадық, қауқылдасып тұрып қалдық. Сыртқа шықтым, шыға берісте Ермек ақсақал тұр қолын созып: «Марат, сені әдейі күтіп тұрмын - амандасу үшін. Көп болды ғой, бір-бірімізді көрмегенімізге. Сағынады екенсің» деді. Жасы әжептеуір үл-

кен, ауылдың ардақты ақсақалынан бұндай жылы сөзді есту - абырой.

Қадіріңді білетін, тілеуқор болып жүрген қарттарым аман болыңдаршы!

Біз өзімізден жасы кішіге осындай ізет көрсете аламыз ба?! Ойланатын нәрсе.

СЫПАЙЫ ЕСКЕРТУ

Бірде үйге қонақ шақырдым. Қонақтың ішінде бір апайым бар еді. Қонақтар негізінен уақытысында келді, дастарханға отырғыздым. Тек қана апай жоқ. Іздемедім, телефон шалмадым. Кешігу немесе келмеу себебін кейін де сұрамаппын.

Бір-екі күннен кейін апай қоңырау соғып тұр. Қонаққа келе жатқанда, автобустан түсе бергенде аяғы тайып кетіп, ауыртып алады. Үйіне аман-есенінде қайтуға мәжбүр болады.

Сөзінің соңында апай:

- Үйге әзер жеттім. Мені ешкім іздемеді. Қатты қуандым: «Алаңдамай, қонақтарыңды отырғызып күткеніңе», - дегені.

Бетім ду ете түсті. Мақтамен бауыздады. Жағдайын біле салсамшы.

Қонағыңның келгеніне қандай мәз болсақ, келе алмау себебіне де назар аударайық.

«Кешірім сұраймын»

Досым Нұрмұқан жігіттің маңғазы, марқасқасы еді. Асықпайтын - тасымайтын, әр нәрсенің байыбына сабырлықпен баратын.

Бірде облысқа қызметке ауысуына байланысты жолдасымыз қонаққа шақырды. Көңілді отырыс, әзіл әңгіме, тамаша тілектер айтыла басталды. Отырыстың шырқын бұзбаса да, реңін өзгертуге тырысқан жігіттеріміздің сөзуар біреуі «ауыздағы сөз, аяқтыға жол бермей» қойды. Әр кімді бір қағытып, дастарқанды билеп алуға тырысты. Көпшілік жалықты.

Тілек сөзі, осылай отырған кезде, Нұрмұқанға тиді.

Үй иесіне ықыласын шебер білдіре келіп, Нұрекең сөзінің соңында:

- Күні бойы осы дастарханның «сәнін» келтіріп отырған жігіт бар. Ол - пәленшекең (атын айтып), менің досым. Оның «кегі жоқ» сөздері үшін, орынды әрі орынсыз «ұрыншақтық» мінезі үшін мен сіздерден кешірім сұраймын, - деп жан-жағына жымия, ой тастай сөзін аяқтады.

Отырғандар ырзалықпен бас изеді, сөзшең «батыр да» үн жоқ - түсінгені ғой.

Отырыс сонымен жалғасты.

Осы сөзді мен бір жерде қолданып көріп едім - ештеңе шықпады. Оригинал есть оригинал!

Нұрмұқан дүниеден ерте озды. Артының қайырын берсін.

Кім ескерткішке лайық?

90-жылдары халық басына үлкен ауыртпашылық түсті. Тәуелсіздік таңы атқанымен, батқан күн - кеңестік күннің «белестерінен» «елес» қана қалсын деген мақсатпен, қалыптасқан өмір сүру нүктесінен жүз сексен градусқа бұрылды.

Нәтижесінде жұмыссыздық басты, еңбекақылар айлап, зейнетақылар жылдап төленбеді.

Ұстаздар, дәрігерлер, бюджеттік мекеменің басқа қызметкерлері жұмыстарын тастап, күн көрісі үшін сауда-сатыққа ауысты.

Осы кезде аренаға аналарымыз, апаларымыз, қарындастарымыз, бір сөзбен айтқанда, әйелдер шықты.

Қоржындарын (қытай сөмкелерін) арқалап, Бішкек, Алматы, т.б. қалаларға аттанып, көпшілік тұтынатын тауарлар (киім, аяқ киім т.б.) әкеліп, шамалы үстемемен сатып, күн көрді - отбасын сақтап қалды.

Әйелдердің осы ерлігін ұрпақ жадында сақтап қалу үшін, қоғам өкілдері ескерткіш соқпақшы болады.

Үлкен талқылау басталады. Қалай орнату керек, неше әйелден тұру керек, қай жерде қойғызу керек деген сияқты.

Сондай бір талқылау кезінде біреу:

- Ескерткіште жас әйелді бейнелейік: қолына қытай сөмкесін ұстатқызып, бәрі осыдан басталды ғой, - дейді.

Екінші адам:

- Жоқ, орта жастағы әйелді бейнелейік: қолына «самопал» пен темекіні ұстатқызып. Милициядан бір қашып жүріп, таныстарынан «ұялып» бір тығылып, жанұясын аман алып шықты, - дейді.

Үшінші адам:

- Бұл айтқандарды қояйық. Заман өзгерді. Аналарымыз қазір, шүкір, үйде сыйлы, немерелерін бағып отыр.

Мешітке барып, құлшылық жасап, маңдайларын сәждеге тигізіп, имандылық жолында жүр. Осыны бейнелейік, - деп жан-жағына қарайды.

Осы сәтте бір қаласымақ біреудің ертіп әкелген иті неге екені белгісіз арс ете түседі.

«Ей, мынау неге арс ете түсті, бұл да бірдеңе айтқсы келіп тұр ма?» - дейді кекесін кейіппен жиынды жүргізуші.

Сонда артқы жақтан:

«Итіңіз: «сіздер осы мәселе бойынша әйелдермен ақылдастыңыздар ма? Он жыл қоржын арқалап, шүберек сатып, самопал сатып едік. Олар тағы да жүз жыл иығымызда тұра ма? Аналарды мазаламай, басқа «амалын қастерлейікші», - деп тұр», - деп жұртқа ой тастаған екен.

Сіз қалай ойлайсыз, ағайын?

* * * * *

Асықпайық...

Қаланың қаламгерлері, өнер адамдары өздерінің оқырмандары және көрермендерімен кездесу ұйымдастырады.

Жиналғандар - екі жақтан да - қызығушылық танытады.

Оқырмандар мен көрермендер оқыған шығармалары, көрген өнер туындыларымен жақсы таныс екендігіне көрсетеді. Біраз нәрселерді саралап, ғибрат алуға тұратын дүниелерді атап, туындыларда аз-кем көркемдік және шынайылық жағынан жетіспей жататын кемшіліктерге де тоқталады.

Шығарма адамдары сөйлеп, болашақтағы жоспарларымен бөліседі. Жазылған шығармаларды жұрттың біле бермейтіндіктерін де айтты, өкпе-наздарын жеткізеді.

Шығарма адамының біреуі:

- Әр қалада, әр ауылда өз Абайы мен Жамбылы бар,

бірақ, Мұқтарлар жоқ, - деп өкпесін күрсініп жеткізеді.

Сонда, залда отырған тыңдаушының біреуі атып-тұрып (тентектеу болу керек):

- Асықпаңыз, ағай! Мұхтар Абай туралы романды ұлы ақын дүниеден 40-50 жыл озғаннан кейін жазды. Әуелі аман-есен дүниеден озыңыз. Бұйырса, Сіз туралы да романдар жазылып, спектаклдер қойылады. 40-50 жыл күтуіңізге тура келеді, - дегені мәселені төтесінен қойып.

Ащы болса да - шындық.

* * * * *

Кері қайту себебі

Жиыrmасыншы ғасырдың жиыrmасыншы жылдары «құлақсыздандыру» кезеңінде елден көп отбасылардың басқа елдерге кеткені белгілі.

Жерлестеріміз бөтен елден де жүрсе де, қалыпты тірліктерін жалғастырды: балаларын оқытты - тәрбиеледі, мал өсірді, жермен жұмыс істеді - нәпақаларын тапты.

Жат жерде жүріп, елге туған жерін, елін, құрбы-құрдастарына деген сағынышы бір толастамады, қайта шерлене түсті.

Уақыт өте келе, елге қайту сәті келгендей болды: кеңестік кезең де қалыптаса бастады, ел тұрақтанды, «құлақтар - жау» деген ұран да бәсеңсіді.

Осындай жағдайда жүрген, қабырғасымен ақылдасып, елге қайту-оралу мақсатының жетегінде болған бір топ ағайындарымыз Аллаға сыйынып, жолға шығады.

Шекарадан аман-есен өтіп, біраз жүргеннен кейін бір топ адамдарды кездестіреді. Әңгімелесе келе, байқағандары, бұлар - таныстарының ұрпақтары екен.

Таныстарынан жолаушының біреуі:

«Ел аман ба? «Пәленшекең» бар ма, тірі ме?» - деп сұрайды.

- Иә, бар. Аман-есен жүріп жатыр. Аздап қызметі де бар, - деп жауап береді.

Көшті бастап келе жатқан ақсақал адамның өңі бұзылып:

- Ол («Пәленшекең») тірі болса, жазасын алмағаны. Елдерінде әлі нағыз кеңес өкіметі орнамаған екен, - деп, көштің басын кері бұрғызыпты.

Осы әңгімені әркім әр түрлі қылып айтады. «Пәленшекеңнің» нағыз атын әркімге телиді. Әңгіменің өзегінде шындық бар: талайлардың қанын мойнына жүктегендер, өмірде түк білмегендей «қалқып» жүргендері болды. Әділдігін шешуді, жазасын беруді, ақ пен қараны айыруды бір Аллаға тапсырдық. Артының қайырын берсін.

* * * * *

Нанның қадірі

«Майбұлақ» мешітінің имамы Қалжан Исламханов Аллаһтың қалауымен қажылық парызын өтеп қайтады.

Имамды қасиетті сапардан келген соң, халқы құрметпен қарсы алады. Ауыл ақсақалдарына, имандылық жолын қуған жандарға көрген-түйгендерін әңгімелеп, ризашылықтарын алады.

Бір жолы имам мектепке шақырылады. Қажы пайғамбарымыздың (с.ғ.с) өмірі, дін жолындағы күрестері, Мекке мен Мәдина қалалары туралы тебірене сөйлейді.

Оқушылар мен оқушылар ұйып тыңдайды. Кездесудің соңында мектеп басшыларының бірі қажыға рахметтерін айтып: «Нан ауыз тиіп кетіңіз» - деп, оқу орнының асхана-сына шақырады - шайға.

Қажы: «Ойпырма-ай, «нан ауыз тиіңіз», - деп маған ой

салып, бір әңгіменің шетін шығардыңыздар ғой, ендеше, тыңдаңыздар», - дейді.

Қажылық - мұсылман адамының бес парызының бірі. Сапардан өмірлік рухани ғибрат алып қайттым.

«Нан» дегеннен шығады, осы асыл тағамымызды қасиетті жерлестеріміздің өзінде лайықты құрмет көрсетіле бермейді екен - Аллаһ кешірім жасасын.

Бір күні Мәдинада жүргенде нәпіл (қосымша) ораза ұстадық. Мұнда Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) мешіті бар, соған ауызашарға бардық. Дастархан жасала басталды. Бір қызметші оны баса-маса, нан мен құрманы лақтыра бастады.

Өзер шыдап отырмыз. Ауызашар аяқталған соң, мешіттің төбесіне көтерілдім. Қарасам, өте көрікті, ақ киімді, үстінен хош иіс аңқыған бір адам отыр екен.

Сәлемдестік, таныстық. Ол - мәдиналық екен, біз - қазақстандық екенімізді айтып, сұрақ қойдық: өзімізді маза-лап жүрген шаруа туралы.

Көргенімізді айттық. Біз, қазақ халқы, қандай жағдайда да жүрсек те, дасхарханды сыйлап, нанды қастерлегенін айттық.

Әлгі адам сөзімізді мұқият тыңдап, тебіреніп:

- Мен Пайғамбарымыздың (с.ғ.с) нанға қатысты сүннеті әлемде жоғалған ба? - деп ойлаушы едім. Сіздерде сол сүннет сақталыпты ғой. Біз үлкен нығметтен айырылып қалдық. Өйткені, біз нанды құрметтемейтін халыққа айналдық. Осы үшін Аллаһхан пана сұраймын, - деп көзіне жас алды.

Біреу күннен кейін Мекке шаһарына келіп, қонақүйге жайғастық. Мұнда да шашылып жатқан нанды көріп, көңіліміз күпті болды.

Қонақүйдің жанында мешіт бар екен, сонда намаз оқып жүрдік. Жамағатпен кездесіп, әңгімелесеміз. Бірде,

Құраннан дәріс берушімен жолығып қалдық, одан нан туралы көзқарасын сұрадық.

Ол біздің елдегі ас атасына деген құрметке ерекше қызығушылық танытып:

«Сіздің ата-бабаларыңыз дінді сіздерге толығымен жеткізген екен. Нанды құрметтеу сүннетке сай», - дейді.

Иә, балалар, дана халқымыз «Дастарханды баспа, нанды шашпа» - дейді.

Ата-бабаларымыз нанды құранның үстіне қоюға болады деп кетті.

Қазақ халқының маңдайына Алланың қалауымен ұлы дала бұйырды, сол ұлы сар даланың басты жемісі - нан.

Әке-шешелеріміз нанның үгіндісінің өзін шашпайтын, жинап-теріп, жеп қоятын немесе биіктеу жерге, адам баспайтын орынға қоятын: құстар ауыз тисін деп.

Миллиондаған адамдар бір үзім нанға жете алмай жүр.

Күрестің ұлысы - бір үзім нан үшін күрес, адал еңбекпен табылған бір үзім наннан асқан тәтті тағам жоқ. Ендеше, нанды қастерлей білейік, - деп қажекең әңгімесін аяқтады. Көзіне жас үйірлді.

(№ 3, 2014 «Иман» журналындағы Алматы облысы, Жайыл ауданы, Майбұлақ мешітінің (Қарғалы ауылы) имамы Қалжан Исламхановтың мақаласын пайдаландым. Сәл ғана кейбір жері өзгертілді, кешірім сұраймын - М.И.)

* * * * *

Ниетіне рахмет

Осыдан біраз жыл бұрын көк базардың жанында автобусқа мінейін деп жатқанымда көзім Дүйсен деген жі-

гітті көзім шалып қалды. Мені көзінің қиығымен байқап қалған ол, автобустың келесі есігіне жүгіріп барып, ішіне қойып кетті. Қыстың күні еді. Мені байқамады-ау, әйтпесе, амандасады ғой деп ойладым да қойдым.

Автобус толы кісі, мені итере-итере алдыңғы есікке келіп тіресіп, қарасам - Дүйсенім алдымда тұр. Беті қып-қызыл ұялып тұрған Дүйсен: «Мәке, мені сізді көріп қалып, әдейі тығылып қалдым. Дер кезінде жолдасыңыздың қайтыс болуына көңіл айта алмадым. Бір орынды жерде кездесіп, көңілімді білдіремін деп жүр едім. Кешіріңіз», - дегені.

Бұл сөз маған арнайы келіп, көріскеннен артық әсер етті.

Үйге келдім, ойға түстім: бірге жүріп, бірге қызмет істеген азаматтар кездескенде, көңіл айтпақ түгілі, сазарып тұрып алатындығы есіме түсті. Дүйсен де, жолдасы Еңлік те қарапайым, мейірімді жандар.

Қазақ - көңілдің адамы, көңілдің құлы.

* * * * *

Жемісін көресің

Бірде серуендеп жүр едім, Жақсылықты кездестірдім, жанында бізден жасы үлкендеу иман жүзді бір адам.

Жақсылық бірінші сыныпты бас кезінде менімен бірге Ақбауырда оқып, кейін Алайғыр руднигіне кетеді.

Атақты ақын Жәкен Битуовтың баласы. Жәкең - айтыскер ақын, талай айтыстарға түсіп, өлең-поэмалар жазған адам. Қолжазбалары арнайы мемлекеттік мұрағатқа тапсырылып, бірақ, іздеушісі жоқ болғандықтан, еңбектері жарық көрмей қалады.

Жақсылықтың мамандығы - мұғалім, қазір зейнеткерлікте.

Қазір ол ерлік жасап жүр: араб графикасын жатпай-тал-

май меңгеріп, әкесінің қолжазба мұрасын кириллицаға салып, жазып шығаруға талпынуда.

Амандық - саулық сұрасқаннан кейін әңгімеміз Жақсылықтың ақын әкесінің қолжазбаларын аударын жатқанына ауысты.

Бітіріп, шығара қалсаң, кітабыңның бір данасын бізге беруді ұмытып кетпе деп, әзіл аралас өтінішімізді айтып жатырмыз.

Жақсылық ойланып: «Неге ұмытайын. Бірақ, «жалғыздың аты шықпас, жаяудың шаңы шықпас» деген сөздің жаны бар екен. Алла қолдаса, аударылып та бітер, бірақ қалай шығады, қалай таратылады, беймәлім» - деді.

Және де осыдан ондаған жыл бұрын ақынның жүз жылдық мерейтойы аталып өткенімен, мәнді, ғибрат алатындай өтуіне биліктегі әрі жергілікті азаматтар ат үсті қарады. Өзім көп нәрсенің байыбына барып, араласа алмадым. Тіптен, ақынның тікелей ұрпақтары, бізге, көңіл бөлінбеді, - деп ой-кейісін білдірді.

Аз-кем пікір алысқаннан кейін, жаңағы бейтаныс иман жүзді адам:

- Жақсылық айтқан ойың да, назың да дұрыс. Бәрі өтті - кетті. Бірақ, қазір сенің қолыңда дәнге толы қоржын тұр. Соны аршып, тазалап құнары бар жерге сеуіп жатырсың.

Сепкен дәнің шығады, жайқалып өседі. Аман болсақ, өзің немесе жұртың шығарар. Алла берген ұрпағың бар, мүмкін, солар шығарар.

Себілген дән - шыққан егін, жиналмай қалмайды, - деген.

Аталы сөзге бәріміз тоқтадық.

Ат беру

Соңғы кезде көше, мектеп, мешіт, елді-мекендердің атауларын өзгертіп, беймәлім адамдардың аттарын беру саудалы әрі бәсекелі үрдіске айналып бара жатыр.

Әрине, артында қалған „ұрпағыңның білімді һәм дәулетті болғанына не жетсін!? Солар ғой, әкелерінің аттарын мәңгілікке қалдыруға ниетті. Ниеттері, әрине, дұрыс, бірақ, әкелері отбасының ғана емес, халықтың адамы болды ма, артына қалдырған мұрасы қандай жұрт ұсынысын қалай қабылдайды - осы жәйттер екшеленбейді.

Бұл тықпалы істен жұрт та, билік те, ұсынушы жақта шаршайды, ығыр болады.

Мемлекет, қоғам және өнер қайраткерлерінің аттарын үсті-үстіне тықпалай беру де рухани тәрбие беру және материалдық жағынан да өзін-өзі ақтай бермейді: ұлыларды аласартпаса, биіктетпейді.

Басқа жолын іздеу керек: еңбегін насихаттау; атын берілген оқу орны немесе елді-мекен аты болсын - халық құрметпен қарайтын орынға айналса, алыстан іздеп келуге, тағзым етуге лайықты жағдайлар жасалған қасиетті орынға айналса - құба-құп болар еді.

Осы тақырыпқа пікір алысып отырғанымызда, бір азамат мынадай әңгіме шертті. Өзіл-шыны аралас:

Қаланың бір топ зиялы азаматтары бас қосып - әдейі кездесті ме, кездейсоқ кездесті ме, ол жағы белгісіз - бір мәселені талқылайды.

Себеп: Қарағанды мемлекеттік техникалық университеті атаусыз, яғни кісі атын иеленбей тұр. Қаламыздағы мемлекеттік универитетіміздің бірі Е.А.Бөкетов атында.

Техникалық университетке кімнің атын беру керек, кім лайықты?

Кездесуді жиынға айналдырып, төрағалықты қолға

алған азамат (ақын болуы керек) мән-жайды айтып:

Мынадай кездесу бола бермейді. Техникалық университетке әйгілі адамның атын беруге келісіп, әкімдікке ұсынысымызды қабылдатайық. Кімде қандай пікір бар? - деді, бірақ өзі ешкімді атамады.

Келісіп қойған ба, бір жігіт (журналмен) атып-тұрып:

- Сәті келіп тұр. Әлімхан Ермековтің атын беру керек. Алаштың арысы, тұңғыш қазақтан шыққан математик-профессор, осы техникалық университетте дәріс оқыды.

Бұған кім қарсы келеді?

Арқасының қызбасы бар ма әлде қыршаңқылығы басым ба, кім білсін, шіңкіл дауыспен:

- Әбілқас Сағынов бар, - дегені. Бәрі селк ете түсті. Бомба түскендей үрпиісіп қалды.

Төраға іштей ызаланып:

- Не айтып тұрсың. Сағынов Ермековке қарағанда бала емес пе?

Қыршаңқы жігіт:

- Балаңыз университетті 33 жыл басқарды. Республика ғылым академиясының толық мүшесі, Социалистік Еңбек Ері, ҚСРО Жоғарғы Кеңесінің депутаты болған адам.

Ғылымға қосқан еңбегі бар.

Төраға:

- Жігітім, Сағынов ғылымға еңбек етсе, Ермеков халыққа еңбек етті. Оны білмеу - әпенділік.

Қыршаңқы:

- Сағыновтың аты барлық деңгейлердегі энциклопедияларға енген.

Төраға:

- Ермеков болса, тарихқа енді. Айтыстың аяғы жақсылыққа апармайтынын сезген бір азамат (суретші болу керек);

- Осы Әлекең (Әлімхан Ермеков) атында қалада не бар?
- дегені, тәрізі басқа жақтан келген болу керек.

Төраға:

- Мектеп бар, көше бар, басқа елді-мекендерде де болу керек.

Қыршаңқы қоймай:

- Екеуі тіріліп келсе, не дер еді?

Бәрі шу ете түсті. Әрине кіші Әбекең Әлекеңе жолын береді, оны өзі ұсынар еді.

Төраға арт жақта құлықсыздау отырған адамға қарап:

- Сіз, ақсақал, әңгімеге қатыспай, бейкөзқараста отырсыз.

Антенаның бізге бұрсаңызшы, жерге қаратпай.

Қатқан қара шалдың қырсығы ұстап кетті ме, ежірейе қарап:

- Иә, дұрыс айтасыз, антенам жерге бағыттталып, сөйлесіп отырмын.

- Ол не дейді? Әлекеңмен сөйлесіп отырған жоқсыз ба?

Иә, сөйлесіп отырмын, Әлекең: «Бәрің ығыр қылдыңдар, маған маза беріңдерші. Іштерің қызып, істейтін ештеңе қалмаса, маңайымды тазалап, жатқан қорымның бір көшесіне таласып жүрмеңдер, - дейді.

Әңгімені естіп не күлерімізді, не жыларымызды білмедік. Кімдікі дұрыс, кімдікі бұрыс? Орынды шешімі қандай болмақ?

Әрине, Алаш ардақтыларын қалай ардақтаса да, артық емес. Тәуелсіздік бұлағының қайнар көзінде Әлихан Бөкейханов, Әлімхан Ермеков, Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатов, тағы басқалар тұр.

Ойымыз: Алаш ардақтыларына басты ескерткіш - олардың ерлік істерін, шығармаларын, ел тәуелсіздігі үшін күресте басынан кешірген «тар жол, тайғақ кешулерін» жас ұр-

пақ арасында жүйелі, ғылыми негізде насихаттап, олардың бейнесі халықтың жүрегінде бостандық сарайының шырағы ретінде қалуға күш-жігерді жұмсау керек.

Үлкен адамсыз...

Бірде нан сатып алу үшін дүкенге кірдім. Сатушы әйел нанның сатылып, біткенін айтты. Шығып бара жатыр едім, бұрышта, дүкеннің бір бөлігінде көкөністер сатып отырған жас келіншек - есімі Толқын - мені тоқтатып:

- Ағай, мен үйге деп, нан сатып алып қойғанмын, міне, алыңыз, - деді.

- Рахмет, айналайын, өз бала-шағаң да бар ғой, - дедім.

- Алыңыз. Үлкен адамсыз, қолыңыз құр шықпасын, - дегені.

Осы сөзде қандай сыйлау, жылылық жатыр десеңізші. Өркенің өссін, қазағымның қара көз қызы.

* * * * *

ТӨРІМІЗГЕ КІМ ОТЫРАДЫ

Ақбауыр орталау мектебінің директоры болып Меруерт келінім істейді.

Бірде хабарластым: ауылдың жағдайын, мектеп жайын сұрадым. Ауылдан көшіп кету тоқтамай тұр, балалардың саны азаюда.

Көшетіндердің аттарын тізбелеп сұрадым. Келінім ауылдың бір үлкен, сыйлы адамның атын атағанда:

- Балалары да кете ме? - дедім.

- Жоқ, балалары қалатын секілді, - деді Меруерт.

- Е, онда, жаман болмады, балалары қалса, мектепке керегі солар ғой - дедім.

Сонда, Меруерт ренішпен:

- Үлкен адамдардың жөні бөлек қой. Қонақ шақырғанда, төрге шығатын үлкендерді таба алмай қалады екенсің. - дегені.

Қандай ауыр сөз, аулыңда қазыналы қарттар болғанына не жетсін!!

* * * *

Жалғыз үй қалса да...

Дастархан басында гу-гу әңгіме. Әңгіме сарыны әлемдік саясаттан ауыл жағдайына ауысты. Ауылдың ауыр жағдайы талқыға салынды. Отырғандардың көпшілігі ақбауырлықтар, сондықтан, Ақбауырды «жүнделді», келместің қайығына мінгізді.

- Ата-бабаларымыз қалай тұрған ерте заманда?

- Жері құнарлы болғанымен, қысына адам баласы шыдай алмайды.

- Жолы нашар, адам ауырып қалса, қалай жеткізеді?

- Жел тұрса, жарығы сөнеді.

- Сондықтан ғой, ел көшіп жатыр, мектеп жабылса, бәрі кетеді ғой.

- Қыс, көктемде қайтыс болғандарды жеткізе алмай, бер жаққа қойып жатыр ғой.

Осылайша ауыл тағдыры біраз талқыға түсті. Сөздерінің жаны бар, бірақ, нәрі жоқ, ауылға тиер зәредей пайдасы жоқ.

Осы кезде сөзермендерді үнсіз тыңдап отырған Аманжол Нұрбекұлы, жиеніміз әрі ауылымыздың тумасы, ойлы жүзбен:

- Кешіріңіздер, сөзіміз жанымыз ашығандықтан немесе ашымағандықтан айтылып тұрған жоқ секілді. Байбалам салуға ұқсайды, Бұл сөзіміз, ең жаманы, ауылдың еңсесін басын тастап, қаламыз, шыдаймыз, еңбек етеміз дегендердің жігеріне құм төсейді. Ең жақсысы, шамамыз келгенше, көмектессек: біреуіміз - қаражатымызбен, біреуіміз - сөзбен, ақылмен. Тіптен, бір үй қалса да, соған барып тұрасың шамы жанып, түтіні түзу шығуына көмектессін, - деді.

Ешкім үндемеді, жер шұқығандай, жүздерін төмен қаратып, бәлки, елдік сөз әсер еткен болар.

Иә, ауыл тағдыры-ел тағдыры екенін естен шығармайық.

* * * * *

Жалғыз екенім білініп қалды

Қайдағы жоқ есіңе түседі. Жалғыздығың жанға батады, керек қылмайын десең де, көлденеңдеп тұра қалады.

Осыдан он - он бес жыл бұрын Дулат балам, алғашқы көлігін алып, Астанада Қарағандыға, маған келді.

Қуанғаны көрініп тұр. Сондай керемет қымбат көлік болмаса да, еңбекпен тапқан алғашқы көлігі ғой.

Көлігін көрсетіп, «папа, кімдікіне барып, көлікті көрсетеміз» деді.

Мен үндемедім: кім қуанып, шашуы деп, күмісін лақтырады. Жалғызбын ғой, осы жерде білінді - бір кем дүнием.

Реніште де солай, кімге түн ішінде телефон соғып, мазасын ала аласың. Жоқ.

Бауырың болғанға не жетсін?!

Шүкіршілік, халқым бар, сыйластарым бар. Солар аман болсын.

Сонда, саудаңыз жүреді

Базар іші. Сөрелер. Қол тағамдарын сатып жатқан жас әйелдер, арасында үлкендері де бар.

Қарап тұрмын: бір ақсақал асықпай қатарларды аралап жүр. Біреуіне тақалып, қымыз алды, ақшасын төледі.

Саудашы жас әйел: «Ата сары май, жент бар, алмайсыз ба?» деді тықпалал.

Сонда, қария: «Қызым, сары майды жаныңызда тұрған сатушыдан алайын, оның да тауарлары телміріп тұр ғой. Үнемі бір сенен ғана алсам, қызым, қызғаныш туады. Ал, қазір оны да разы қылам, сауабы тиеді, ол саған да тілеулес болады. Сонда, сауда да жақсы жүреді» деді.

Міне, қазақтың қариясы үлкендік танытты, мұсылмандық белгіні көрсетті.

Ертеде мұсылман саудагерлері көршісінің де қолы жүруін қалаған. Сол мейірімділік, адалдық аясы дініміздің тарауына да игі ықпал еткен еді. Осыны ұмытпайық, ағайын!

* * * *

«Әкеңді көрдім»

Осы жылдың (2018) 9 маусымында Ақсу-Аюлыда асқа қатыстым. Дүниеден озған абзал ана, сабырлы жан, жұртқа еңбегі сіңген азаматша Рая Төлегенқызының рухына арналып құран бағышталды. Жылы естелік сөздер айтылды.

Осындай сәтте Раяның әкесі Иманов Төлеген ақсақалдың есіме түскені. Былай болып еді.

1985 жылы ол кісімен бір-екі айдай ғана көрші болдым. Жаңадан алған үйіме кірісімен, үстімнен арыз жазылып, бюрода қаралып, алған үйімді босатуға мәжбүр болдым -

рәсімдеу кезінде қателік жіберіліпті.

Содан, көшуге дайындалып әрі ренжіп отырғанымда Төлеген ақсақал келіп, қонақ болуға шақырды.

Жағдайымды түсіндіріп, енді, бару ыңғайсыз ғой деп айтып едім, ақсақал тұрып:

- Шырағым, онда менің шаруам жоқ - бүгін кетесің бе, ертең кетесің бе - қонағым бол, дәм тат. Мен сені жақсы білмесем де, әкеңді көрдім, аулыңды білемін, үлкендерімен араластым, - деді.

Сонымен, бардым. Осындай сөздерді кім айтады, дария қарияларымыз болмаса. Жатқан жерің жайлы болсын, дархан мінезді қариям!

Жердің мазасы кетуде

Үлкендер бар, жастар бар, әңгіме айтылуда. Әңгіме ауа-райына ұласты. Биыл жаз жоқ, бір күн - жаңбыр, бір күн - суық дегендей.

- Ауа райының құбылмалы болуы, бұзылуы неден? - деп сұрақ қойды үлкендердің бірі.

Әр түрлі жауаптар айтылды:

- Жер қуыстанып барады, барын сарып алуда.

- Ғарыш кемелері, жер серіктері ұшырылуда, улы газдар бөлінуде.

- Ірі құрылыстар салынуда, аң-құс, өсімдік әлеміне бос орын қалмауда.

- Жер сілкініп, вулкандар атқылауда, көл шөлге айналу-да.

- Топан су қаптап, жел жер-жаһанды үрлеп, үрей туғызуда.

Бәрін тыңдап, үндемей төрде отырған қарт адам:

- Бәріңнің де айтқандарыңның қисыны бар, бірақ, мен ойлаймын: ең бастысы, адамдардың пейілі өзгеруде, айтқандардың көпшілігінің орны толар, ал, ниетті, мейірімді, шүкірлікті, немен толтырамыз.

Міне, сондықтан жер-ананың жүйкесі сыр беруде. Осыны ұмытпайық. Оны түзеу - өз қолымызда. Кешігіп қалмайық, ағайын, - деді де, қарт ұзақ ойланып, көзіне жас алды.

Кім кінәлі?

Жап-жақсы әңгімелесіп отырған азаматтар айтысқа түсіп кетті. Тартыс пікірталас жемқорлық, сыбайластық төңірегінде болды. Әркім әр жаққа тартады, келелі пікір жоқ.

Ортада отырған Тілеуқабыл ақсақал:

- Жігіттер, боса да тақырып басталған екен, айтыңыздаршы сөгіп отырған кеселге кім кінәлі, қалай ойлайсыңдар? - деді.

«Ойбай, Тілеке, белгілі жәйіт ғой» деп отырғандар іліп әкетіп, тарқата бастады:

- «Балық басына шіриді» деген. Жоғарыдағылар: үкіметтен бастап, ауылдағы шенеуіктерге дейін кінәлі - әрбір орын сатулы.

- Прокуратура, сот, полиция - жең ұшынынан жалғасқандар, парақорларды қолтығының астына алады, солардың есебінен күн көреді.

- Депутаттар, олар халықтың емес, ірі қанаушылар - корпорациялар мен алпауыттардың мүддесін қорғайды, сол үшін сый-сыяпат алады.

- Заң солқылдақ. Кейбір елдерде пара алғандардың ба-

сын алып, қолын шабады екен, бізде аздаған айыппұл төлеп, құтылып кетуге болады.

Үнсіз тыңдап отырған Тілеуқабыл ақсақал:

- Бәрің де айтулы азаматтарсыздар. Мекеме, кәсіпорын басқардыңдар, не сонда істедіңдер. Кем дегенде, отбасыларыңызды басқарып отырсыңдар. Айтқандарыңда шындық белгісі бар, бірақ, халық өзі түзелмей, әркім ниетін дұрыстамай, ешнәрсе ешқашан түзелмейді, осыны ұғайық, ағайын, - деді.

Бәрі үнсіз. Соңғы сөздің жаны бар еді.

* * * * *

Жеңгей нүкте қойды

Бірде Мойынтыға Жаңыл жеңгеміздің құдаларының шақыруы бойынша қонаққа бардық. Қарағандыдан Шет - Ақшатау арқылы жеттік.

Құдалар бар ниетімен қарсы алды. Қол жастыққа сүйеніп, қалың ою көрпенің үстінде отырып, дәм іштік. Дастархан жайнап тұр. Біраз білісіп, танысқаннан келелі, әңгіме қозғалды.

Адам келбеті жайында әңгіме қозғалды.

Адам адамдығын сақтау үшін не істеуі керек?

Отырғандар пікірлесті:

- Білімді болу қажет?

- Дәулетті болғанға не жетсін.

- Өнерлі адамдар қадірлі болып жүр емес пе?

- Лауазым иесі бәрін шешеді:

Пікірталас созылды. Бір мезгілде құдағи не айтар дегендей, жеңгемізге қарады.

Сонда, Жаңыл жеңгеміз ашық дауыспен, ойлы жүзбен:

- Аман-сау жүрген азаматтың аты шығады, менің айта-

рым осы, - деді.

Иә, жаманшылықтан аман жүрсе, жақсылыққа жақсы болса, әр жігіттің жақсы аты елге тарамай ма?

Орынды сөз. Аман жүрейік, адал жүрейік, сонда, мақсатымызға жетеміз.

ОСЫАЙ АЙТУҒА ХАҚЫМ БАР МА?

Ұзақ жылдар шаруашылық басқарған Мағауия ақсақал әңгіме айтып отырып, бір үлкен мәселе жөнінде пікірін білдіріп, ойланып қалып, бетіме қарады да, маған: «Осы сөзді айтуға менің хакім бар ма, осыны айтуға менің дәрежем жетті ме, Марат!» дегені.

Бұныңыздың да жөні бар деп, жалпылама сөзбен түзеткен болдық.

Бірақ Мәкеңнің сөзі маған ой тастады, артынан, «ойпырым-ай, мына сөздің түбінде бір терең тағылым жатыр-ау» деп мазасыздандым. Өзімнен өзім қысылғандай болдым, себебі, таяуда шыққан «Хадис, тәмсіл-ғибрат кәміл» деген құрастырған кітабында мынадай сөздер бар еді: «... жас өркен, жас өскін - жас ұрпақ қаулап, өсіп келеді. Жаңа таныммен, жаңа іліммен. Сөз жоқ, олардың арасынан ғылым мен руханият көкжиегінің ғұламалары шығатынына нақ сенімдімін».

«Нақ сенімдімін» Құдай-ау сенім артатын мен кім едім - ғұламамын ба, ақыл иесімін бе? Ғасыр жасаған данагөй қариямын ба? Мәкеңнің сөзі есіме түсіп, артық кеткенімді білдім. Өкінгенмен не пайда, жазылып кетті.

Көптің артынан сөйлеу, рахмет айту да жүгі ауыр шаруа.

Осы жәйттен кейін теледидар көріп отырғанмын. Тамаша хабар беруге атақты қырғыз кинорежиссеры Болат

Шамшиев жайында.

Хабардың соңында атақты тележүргізушіміз Б.Шамшиевке: «Сізге қазақ халқының атынан рахмет айтамын» дегені.

Тағы да Мәкеңнің сөзі, өзімнің ағаттығым еске түсті. Халық атынан рахмет айтуға тележүргізушінің хақы бар ма, өмір тәжірибесі мен ілімі жеткілікті ме? Теледидар ұжымы атынан, не болмаса, өмір жұлдыздары атынан айтса да, жеткілікті емес пе?

Ағайын, айтайын дегенім: сөзімізге, ойымызға сақ болайық, даналық - халықта.

«Алла қабағыңды ТҮЮДЕН САҚТАСЫН»

Ғалия деген жеңгем бар. Екі көзі судай қараңғы. Кезінде, атжайын, ширақ кісі болды. Жасы сексеннен асты - қазір. Балалар жұмысқа кетеді, кейде жалғыз қалады. Туысқан, таныстарымен сөйлескісі келеді. Байқаймын кейде, жеңгей «пәленшеге телефон соғып едім, көтермейді» дейді. Мен шамам келгенше, әрдайым көтеріп, сөзін аяғына дейін тыңдаймын. Үйде жалғыз өзі отырып, қапа болып қалатынын сеземін.

Сол жеңгем бір күні телефон арқылы айтқан сөзінің соңында: «Марат, рахмет, Алла қабағыңды түюден сақтасын» дегені.

Осы мағыналы сөзді мен бата ретінде қабылдадым, мағынасына үңілдім, үңілген сайын, осы бір ауыз сөзде терең сыр жатқанын түсіндім.

Міне, қызық, дәл сол күні Олжас Сүлейменовтің өлеңдерін оқып отырып, көзім мына жолдарға түсті;

- Как скажи, мне брови не насупить, глянуть - и остаться человеком»,

Қандай үндестік. Ұлы ақын мен қарапайым ананың тілегінде.

Қабағымызды түймеуге тырысайық - адам болып қалу үшін.

ЖОМАРТ ДЕСЕ - ЖОМАРТ ЕКЕН

2015 жылы, мамыр айының орта кезінде Жомарт балам-мен (Тиыштыбай ақсақалдың немересі, бауырым Дәукеннің баласы) Ақбауырдың 100-жылдығына байланысты бір шаруамен жолға шықтық.

Жомарт жас та болса, қажылыққа барып келген; біздің ата баласында Меккеге үшінші болып барған адам.

Содан, Талды - Байбала трассасынан жүре бастағанымызда, жолдың ұңқыр - шұңқырына кездесіп, көлігіміз жүрісін еріксіз баяулатты.

Мен ренжіп: «Жолдың түрі мынау, осыған билік иелерінің жөндеуге құлқы жоқ» дедім.

Сонда, Жомарт:

- Ағай, мен Батыс Қазақстан жолдарын көп көрдім де жүрдім. Оларды көрсеңіз, шүкірлік жасар едіңіз - мына жолға, - деді.

Үндемедім, «шүкірлігі бар бала екенсің» деп ойландым да қойдым, бұл - бір.

Шаруамыз бітіп, Байбалаға соқпақшы болдық, Өзеннің тасып жатқан кезі. Өткел тұстан өтеміз деп, терең жеріне түстік те кеттік. Іші суға толды. Трактормен келіп, бізді жағаға шығарды.

- Бәрі су болып кетті-ау, - дедім кітап шығарамын деп,

алып шыққан жазбаларымды кептіріп жатып. Үсті-басымыз да су.

- Ағай, бұның да бір қайыры бар шығар, басқаша жағдай да болуы мүмкін ғой, - деді үлкен кісінің сөзін айтып. Іштей ырза болдым, - бұл - екі.

Түнімен мәшинесімен алысып, бәрін шашып тастаған, моторға су кеткен.

Бекең ақсақалдың балаларының үйінде қонып, күтілімде болдық.

Қайттық. Салдарынан көлікпен әзер жетіп, әйтеуір, кіре берістегі, жекеменшік жөндеу шеберханасына апарды. Мотордың зақымданғанын айтты.

- Балам-ай, сені әуре қылдым-ау, бәрінен бұрын көлігіңнің бұзылып қалғаны ауыр болды-ау, біраз шығын шығатын болды. - дедім.

Жомартым саспай, өкініші де жоқ үнмен: «Ағай, көлік - темір ғой, жөнделеді, бастысы - өзіміз аман-есен жеттік қой, бұдан артық нығмет бар ма?» - деді.

Тағы да үндемедім, іштей түсініп: «не деген тереңдік, шүкіршілік, жап-жас болып, осындай күшті - ақылды қайдан алады екен» деп, ой толғанысында болдым.

Оның орнында біз болсақ, осындай сырлы-ғибратты сөздерді айта алар ма едік?!

Жомарт десе жомарт, ізгі жан екен.

Осындай сабырлы, қанағатшыл жандар көп болса екен.

- Ауылыңа аттаң, балам.

- Түсіндім, АҒА.

Бір оқиға есіме түсе береді.

1989 жылдың желтоқсан айы. Бір шаруамен Хабаровск

қаласынан Новосибирскіге келдім, мақсатым, енді, - Қарағандыға жету. Жанармайдың тапшы бола бастаған кезі. Рейстер «техникалық немесе ауа райына байланысты» деп, кейінге шегере береді.

Әуежайды аралап, есік алдына шықтым. біраз оңды-солды жүріп, ауа жұттым, ашық, аязды күн.

Бір уақытта әскери форма киген қазақ жігітін кездестіріп қалдым. Сәлем берді, жөн сұрадым.

Әскери борышын өтеп біткен, бірақ, қайтуға құлшынысы жоқ болып көрінді.

Арамызда мынадай әңгіме өрбіді:

- Балам, қай жақтансың?

- Жезқазған облысы, Ақтоғай ауданынан.

- О, жерлес болдың, мен де сол облыстанмын. Енді, елге тезірек қайтасың ба?

- Қайтқым келмейді.

- Неге?

- Анам қайтыс болған. Мені кім анамдай қуанып, қарсы алады дейсіз? Ол үй бос қаңырап қалған нәрсе секілді - мен үшін.

- Ол үйде анаң тұрды ма?

- Тұрды, ұзақ жылдар.

- Аға-бауырларың бар ма?

- Ағаларым бар, үйленген, жеке тұрады.

- Әкең ше?

- Ертерек қайтыс болды, мен ауылда жүргенде.

- Не істейсің, енді?

- Осы жақта браз жүре тұрсам деймін, жұмыста табылып қалар.

- Балам, анаң жоқ болса да, анаңның басқан ізі бар, анаң кетсе де - сол үйде иісі қалды. Не балам боларсың, не бауырым боларсың. Айтарым - ауылыңа қайт, елін-жұртың күтіп

отыр, - дедім.

- Аға, түсіндім сізді, - деп көзі жасаураған сарбаз жігіт кассаға бет алды.

Рахмет.

* * * * *

БІРІНІҢ ҚАМЫН БІРІ ОЙЛАҒАН АҒАЙЫНДЫ

Қызылорда облысы, Шиелі ауданының тұрғыны Әби Дүйсеманов телефон арқылы жиі хабарласып отырады.

Әңгімелесеміз. Соның бірі - ғибрат аларлық.

Әби айтады: - Ерте кезде қытай жазушыларының әңгімелерін қазақ тілінде оқыдық, Соның бірі есімде қалыпты:

Қытай жерінде екі ағайынды өмір сүреді. Бірін-бірі сыйлайтындығы, қадірлейтіні көпке мәлім болыпты.

Өмір деген қызық қой. Бірінің баласы жоқ болса, екіншісі балалы-шағалы болыпты. Баласы жоғы «ағамның балалары көп, яғни, шығын да мол. Оларға күнделікті тамақ тауып беру оңай емес. Ертең ер жетеді - талаптары өсе түседі. Қой, мен ағама қолымда бар да көмектесейін. Қор жинасын» деп егін, күріш, т.б. өнімдерінің бір бөлігін қапқа салып, арқалап, қорасының ішіне тастап кетіп отырады екен - ешкімге білдірітпей.

Ағасы болса, ол да ойға кетіп, «ертең інім қартаяды, оған кім қолғабыс жасайды? Мен болсам, балаларым бар, ер жетеді - асырайды. Қой, бауырыма мүмкіндігім келіп тұрғанда, көмек жасайын» деп, ол да өнімдерінің - тапқан табысының бір бөлігін қапқа салып, ешкімге білдірмей, ағасының үйіне апарып, тастап отырады.

Осылай күндер өтіп жатады. Екеуі де көмектің қайдан

келетінін білмейді, бірақ, бір-біріне жәрдемдерін тоқтатпайды.

Содан бір күні, бір-бір қапты арқалаған ағайындар ойда жоқта түйісіп қалады. Қаптарын жерге қойып, бір-біріне мерейлене қарап, жүрістің мәнін түсініп, бастарын тигізген екі ағайынның көздеріне мөлтілдеп жас келеді. Екеуі де іштей осындай бауырмалдылықты берген Жаратушыға шексіз ризалықтарын білдіреді.

Иә, ағайындылардың тату болғанына не жетсін?

* * * * *

«Мен ештеңеге қарамаймын»

Бір топ адаммен бір адамның қайтыс болуына байланысты, туған-туысқандарына көңіл айту үшін үйіне бардық.

Көңіл айтып, үй иесінің көңілін аулау үшін біраз отырып, ананы-мынаны айттық. Келген жолдастарымыздың бәрі де, жүректі жібітетін, сабырға шақырған тілек-сөздерін айтып бақхы.

Үйге қайттық, енді, жолда басқаша сипаттағы әңгіме басталды. Біреуі - үйдің кеңдігін, ерекше жөндеу жүргізілгенін; біреуі - жанып тұрған шамдардың қымбаттылығын, енді, бірі - есік алдында тұрған шетелдік көліктің бағасы оның сапасын айтып, ертегідей қылып, жырлап келеді.

Әңгіме таусылды-ау дегенде, үйді жырлаушылар сөзге араласпаған Оспан деген құрбыларын ортаға алып:

- Осеке, осы сен ештеңені байқамадың ба, әңгімеге араласпадың ғой, - депті.

Оспан жәй ғана.

- Мен көңіл айтуға келдім; мұндай жағдайдағы әдетім

- ештеңеге қарамаймын. Мен қаза иесіне ғана қараймын, - деді.

Оның сөзі жанындағыларға тиіп кеткен болу керек, бірі қыршаңқыланып:

- Сонда не, сен бір сағат бойы көз алмай, үй иесіне қарап, телміріп отырдың ба? - деді.

- Иә, қарап отырдым, керек кезінде - жерге қарадым да ойландым; біз де қайтамыз, осы өлімнен қандай сабақ алмақшымын; Жаратушының есеп беруге дайынмын ба деп, - дейді.

Жолдастары ұнатпаса да, оған ала көздерімен қарасып, артынан жерге қараған болды.

* * * * *

23 ТЕҢГЕ

Мұрат есімді ақсақал жол жүруге асығып, үйінің жанында орналасқан дүкенге кірді. Жолға керекті бір нәрсені алмақшы болды. Бірақ, оған 23 теңгесі жетпей қалды. Ақсақалды күнде көріп жүрген сатушы - орыс әйелі: «ала беріңіз, артынан әкеп бересіз» деді.

Рахметін айтып, алатынын алып, ақсақал кетті.

Өмір оқыс жағдайлардан да тұрады емес пе? Осындай жағдайға тап болған ақсақал көлік қақтығысынан көз жұмды.

Ел-жұрты, туысқандары оны жерлеуге дайындады. Сатушы әйел де естіп, жанындағы адамдарға ешқандай зілді ойсыз: «ақсақал кеше ғана бір нәрсе сатып алып еді, 23 теңгесі жетпей қалып қиналып еді» деді.

Жанындағы бір білгіш, қазақ әйелі тұрып: «ой, онда бар үйіне, қарызыңды сұра» деді.

«Ұят емес пе» дегеніне, ол: «ешқандай ұяттығы жоқ,

біздің салтымызда өлген адамның мойнында көк тиын берешегі де, алашағы да болмауы керек, алдың ба - қайтар, бердің бе - сұра» деген.

- Жоқ, бармаймын, ұят болады.

- Сұрамасаң, ұят болады, обалы сенің мойныға жазылады...

Әйел ойланып, біраздан кейін өлген кісінің үйіне барады. Бала-шағасы, туысқандары отыр екен. Көңіл айтып, имене, қарызын сұрайды- 23 теңгені.

Өлген кісінің баласы шарт кетіп:

- Мә, - деп, 200 теңгені лақтырып береді. Осы үшін келсең...

- Жоқ, маған артық ақшаның керегі жоқ, 23 теңгені берсеңіздер болды.

- 23 теңгені қуып келгенде, бірнеше 23-ті құрайтынды алмайсың ба?

- Менің арыма тиіспеңіз. Сіздердің салттарыңыздағы ережесі бойынша келіп тұрмын: «қарыз - ең ауыр іс» деген соң.

Әйел кетті жыламсырап.

Молда келді, үй іші істің мән-жайын айтып, жөнін сұрады.

Молда тыңдап болған соң:

- Бар шындық - сол әйелдің сөзінде, - деді. Бәрі үнсіз қалып, жерге қарады.

* * * * *

ҚҰДА ДА...

Қаланың үлкен бір тойханасында үйлену тойы өтіп жатыр. Сөз - тілек айту кезегімен берілді. Ортаға құдалар тобы шықты.

Тойдың тізгінін ұстаған асаба жігіт «құда» сөзінің мағынасына тәптіштеп айтып қоймады.

- «Құда» мен «құдай» сөзінің айырмалары бір-ақ әріпте, деп соқты.

Сонда, құданың бір үлкені:

- Айналайын, асаба, қоймадың ғой. «Құда» дегеніміз де «Құдай» сөзін білдіреді. Қазақ: «Құдайдың құдіреті» деп айтпайды, керісінше, «Құданың құдіреті» деп айтады.

Шырағым, тіпті болмаса, Абай данамыздың жазғанын оқы. Ол «Құда», «Құда тағала», «Құда табарака» деген сөзді, тіркесті бірнеше қолданады.

Сондықтан, бұл сөзді орынсыз қалжыңға айналдырмайық - деді.

Асаба үнсіз қалды. Түсінді ме, кім білсін?

* * * * *

Көлеңкеңді басуға ұялып тұрмын...

Автобус күтіп тұрған адамдар. Аялдамаға қарт адам келе жатты. Бүйірден бір жас келіншек ақсақалдың жолын кесіп өтіп, дүңгіршектен бірдеңені сатып алды да, аялдамаға келді.

Енді жеткен ақсақалдың таяғының тықылынан келіншек артына жалт етіп қарады. Қария тіке жүрмей, бір шеңберді сақтықпен айналып жүргендей болды. Таңырқап қараған келіншекке:

- Қарағым, сен менің алдымда екі рет кесіп өттің. Ал, мен сенің көлеңкеңді кесіп өтуге, дауалмай тұрмын, - деді ақсақал шеңбер жасап тұрған бастың көлеңкесін көрсетіп.

Келіншек төмен қарады, естігендер ризашылықпен дана қартқа бастарын изегендей болды.

2 - тарау

Жинағандарым -
«Хадис, тәмсіл - ғибраты кәміл»
кітабының жалғасы

Ғибрат - 254

Маскүнем шебер (Құрастырушадан ескертпе - ғибратты әңгіменің басты кейіпкерлері былай аталады: Ол (көрші), шебер, жасаушы (бай), есімдері аталмайды).

Ол осы қалаға шеттен келіп, орналасқанына біраз ғана жыл болған. Үйінің айналасындағы жеміс ағаштар өте ұқыпты қоршалған, күтімі өз дәрежесінде, өнімді мол береді. Екі танап жерден дәнді өнім алатын. Үй тұрмысы байлардікіндей салтанатты болмаса да, өте таза тұратын. Мұның бір байлығы - үй толған кітап.

Бұл үйді, жерді бір маскүнем, бірақ, өте шебер зергерден сатып алған.

Зергер біраз жерді өзіне қалдырған, әлгі адаммен көрші тұрады, өзінің бас пайдасын көксемейді. Үйін үй демей-ақ, лашық десе де болады. Барлық жиһазы ескірген, кір-кір төсеніш, бір жастық. Жатқанда, күндізгі киетін лыпысын жамылады. Ерлі-зайыпты екеуінің ортасында тамақ ішетін бір-ақ ыдыс бар. Шеберлігін - алланың жаратушысы десе де болады. Не керек, өз еңбегін өзі бағаламайды. Бір айға ішіп-жеуіне жететін еңбек тапса, бір-ақ күнде бітіреді де, ертеңінде аш отырады. Өзі ұрыншақ. Күніне не көрді, не істеді, көршісіне келіп, сынатады да «Осыным жөн бе?» - дейді. Көршісі оң болсын, теріс болсын «жөн» дейді.

Бір күні шебер көршісіне келіп, «мен, - деді - жаңа қақпадан кіріп келе жатқанымда, Сіздің бір әтешіңіз сестеніп, мойнын созып, айғайлап қоқиланған соң, мен мойнын бұрап алып, лақтырып жібердім, осыным жөн бе?» - деді.

Көршісі: «Жөн» - деді. Шебер масаттанып, қарқ-қарқ күледі. Бір күні көршісі кітап жиған үйде кітап оқып отыр еді. Шебер келді де, көршісіне «осынша кітап неге керек,

барлығын қаланың шетіндегі күресінге апарып, өртеу керек, осыным жөн бе?» - деді. «Жөн, мезгілі жетер, мен өртемесем де, біреулер өртейтін шығар» - депті. Шебер көршісін арқаға қағып «ренжіп қалдыңыз ба?» деп, кешірім сұрайды.

Шебер көршісіне «мен бүгін базарда біреумен төбелесіп, оны сабап тастадым. Жөн бе? Жоқ, болмаса, біреуден таяқ жедім, жөн бе? «Жөн».

Бір күні әйеліммен жанжалдасып, екеу ара тамақ ішетін жалғыз ыдысты қираттым, жөн бе? «Жөн».

Барлығы «жөн бе?». Жөннің шешімі - бір жұтым арақ. «Жөн бе», «Жөн» де таусылмайды, бір жұтым арақ та таусылмайды.

Шебердің әкесі асқан шебер еді. Шебер бес жасынан бері ынтасын салып, ұдайы әкесінің қасында отырып, көзі әбден қанып, қолы жаттығып, шеберлік көкейіне нақ орнаған. Қанша маскүнем тәркі дүние болса да, шебердің бірінші қасиеті өтірік, өсек, алдау, арбаудан таза, екінші - әкесінен қалған шеберлік аспаптарын өте ұқыпты ұстаушы еді, үшінші - әкесінің тұсында мектеп көрген, хатты жақсы таниды.

Бір күні шебер бір саудагердің тапсырмасы бойынша білезік істеп отыр еді. Қасына көршісі келді. Шебер қалбақтап, құрмет көрсетіп, «отырыңыз» деп орын нұсқады. Бірақ, таза киінген кісіге бұл үйде отырарлық орын да жоқ еді. «Рахмет» деді.

«Мен сіздің шеберлігіңізді көрейін деп, келіп едім, ісіңізді істей беріңіз» деді көршісі. Шеберлігіне, өте жылдамдығына таңдана қарап тұрды да, бір ойға түскендей, аз тұрып: «Мен, - деді, - Сізге бір ұсыныс жасаймын. Қабылдаңыз, қабылдамаңыз - ренжімеймін. Сіз де ұсынысымды қабылдамасаңыз - ренжімеңіз». Шебер мақұлдап, басын

изеді. Көршісі «менің бұл қалада ең жақсы танитыным - сіз, сондықтан, басқадан сізді жақсы көремін, адам жақын көретін адамымен жәрдемдес болуға міндетті. Мұныма сіз не дейсіз?» дейді. Шебер: «Қандай жәрдем?» дейді. Көршісі «Әркім өзінің шамасына қарай, мысалы, біреу қаражатпен, тәжірибесі мол, ақылды адамдар келешегіне бағыт беріп, істеген ісінің қатесін түзету - ең бағалы жәрдем. Ал, менің сізге қаражатпен жәрдемдесуге немесе, сіз табысты менен кем таппайсыз және сізге қаражатпен көмектесу - пайдасыз. Ақыл айтуға, сізден менің ақылым артық емес. Рұқсат етсеңіз, мен сіздің шеберлігіңізге жәрдемдесер едім» деді.

Шебер түсінбесе де, «мақұл» деді. Көршісі қалтасынан көлемі түйенің көзіндей дөңгелек, екі жағына да әйнек орнатқан қара мүйізді алды да, шеберге ұсынды. «Мынаны көзіңізге киіп алыңыз да, білезікке салған нақышыңызға қараңызшы» деді.

Шебер көзіне киіп қарап еді, өте нәзік салынған нақышты адырайтып жіберді. Мысалы, тарыны бұршақтың үлкендігіндей көрсетеді екен. Шебер орнынан атып тұрып, көршісін құшақтай алып, бетінен сүйіп жатыр. Көршісінің арақтың иісінен жиіркенетінін, таза киімін былғайтынын есіне де алған жоқ.

Көршісі: «Сіз бұл әйнекті менен алдым демеңіз» деді. «Жарайды, көршім, жаратушы құдайдың өзі де бұдан артық жәрдем істей алмас» деді.

Шебердің ісі бұрынғыдан да артық қарқынмен жүрді, тапсырмалар көбейді, табыс та молайды, масаттанды.

Шебер бірде масайрап отырып, әйеліне «мен сені осы қаланың барлық бай-бастықтарының әйелдерінен артылтамын» дейді. Әйелі: «сорлы-ау, қалай артылтасың?» Шебер: «Бай-бастықтардың әйелдері қымбат асылды киіп, алтынмен әшекейленсе, мен олардың өмірінде көзі көріп, қолы

ұстамаған, өңі түгіл түсінде көрмеген бір жүзік істеп беремін, артылған деген сол» деді.

Шебер қанша маскүнем, қанша соқтықпалы болса да, екі айтуды білмейді, айтқан сөзінің үстінде қалатын.

Таңертең шебер көршісіне келіп, болған оқиғаны түгел баяндай берді де, «жөн бе?» деді. «Өте жөн».

Бұрын жай ғана «жөн» деуші еді, «өтені» неге қосқанын аңғарғандай болды. Әйеліне берген сертін айтып, «сіздің осынша кітаптың ішінен табылатын шығар. Сол жүзікке нақыш орнына жазатын маған махаббат туралы өлең жазып беріңіз, жөн бе?» «Жөн, бір шумақ өлең сия ма?» «Бір шумақ», - деп шебер қарқ-қарқ күледі, кемі он шумақ болсын, одан көп болса да, оқа емес».

Көршісі: «тым асыра сілтеді-ау» деп ойласа да: «Жөн, бір айналып кел, дайындап, көшіріп қояйын» - деді. Айналып келіп, өлеңді алып, шебер іске кірісті. Қандай әшекейлі зат болса ба, бір күн, екі күннен артық отырмайтын. Мына жүзікті он күн істеді. Қырық жол өлеңді бір жүзікке нақыш орнына сыйғызды, соның бір шумағы мынадай:

Махаббаттың сөнбес жанса, шырағы,

Өткір сезім болашаққа қырағы.

Ар мен намыс - махаббаттың қорғаны,

Адамшылық, таза жүрек - тұрағы, т.б.

Жүзікті әкеліп, көршісіне көрсетіп, «жөн бе?» деді. «Жөн». Көршісінің берген байғазысы - бір жұтым арақ. Ол - шебер үшін қымбат, көршісі үшін - арзан.

Арада аз күн өтті. Міне, шебердің аш отырғанына үшінші күнге айналды. Шебер аштан өлсе де, біреуден қарыз сұрау әдетінде жоқ. Әсіресе, әйелінің жағдайы қиындады. Шебер ерте тұрып, әйеліне арналған жүзікті алып, сатуға базарға шықты. Қарапайым халық бұл мезгілде базарға жиналмайды. Алаяқ, алып - сатарлар ғана жиналады. Бұлардың

аңдитыны - мұқтаждар. Біреулер бір нәрсені алуға мұқтаж, оған мөлшерсіз қымбатқа сатады; біреулер қысылып, бір нәрсені арзанға сатуға мәжбүр.

Міне, осы алыпсатарлардың құлқынына тығуға, шеберді аштық алдына салып, айдап келеді. Базарға баратын көшеде сәнді салынған мейманхана бар. Шебер мейман үйінің алдынан өтіп бара жатса, өте жақсы киінген егде адам отыр. Киімді бірдей киінген, егде адамның екі жағында екі жас жігіт тұр.

Шебер егде адамға сәлем берді. Сәлемін ықыласпен алды да, назарын аударып қарады, аңғарған адамға шебердің жүріс-тұрысынан, бет ажарынан аштықтың зардабы сезіліп тұр еді және жүрісі өте асығыс. Егде адам қысылып бара жатқанын сезді де: «Ертемен асығып, қайда бара жатырсың?» - деді. Шеберде қалтқы болмайды, именбеді. «Мына жүзікті базарға апарып, сатуға бара жатырмын, мүмкін, алатын шығарсыз» деп, жүзікті егде адамға ұсынады.

Егде адам жүзікті айналдырып көрді: «Ғажап, нағыз шеберлік» деді де, бірақ, мынадай нашар адамның қолына қалай түсті екен?» деген сенімсіз оймен:

- Жүзік өзіңдікі ме? - деді.

«Мұндай шебер адам мұндай жағдайда болуы мүмкін емес» деген ой егде адамның сенімсіздігін күшейте түседі.

- Бағасы қанша? - деді.

Шебер:

- Мен баға сұрап саудаласатын базардың алыпсатары емеспін. Өзіңіз қанша берсеңіз, соған ризамын. Алмайтын болсаңыз, мені бөгеменіз. Мен ашпын. Саудаласып тұруға уақытым жоқ, - деді.

Егде адам: «Аш болсаң, әуелі, тамақ ішіп ал. Бізде тамақ дайын тұр», - деді.

Шебер:

- Жоқ мен тамақ ішпеймін, үйде әйелім аш отыр, аштықты да, тоқтықты да әйеліммен бірге көруге міндеттімін, - деді.

Егде адам, қандай да болса, жүзікте бір сыр бар деп түсініп, анығына жетуге ұйғарды да: «Иә, сенің жүзігіңнен - әйелің туралы айтқан сөзің, бекінген ұстанымың қымбат» деді де, жігіттің біріне: «Бар, тез ат жегіп кел де, мына адамды базарға апарып, қандай нәрсе, қанша алам десе, қолың қақпа. Алған нәрсесімен үйіне жеткізіп сал», деді.

Шеберге: «Сіз мені үйіңізде тосыңыз. Тамақтанып, тынықты-ау деген кезде, мен барамын» деп, жүзікті шебердің өзіне берді. Шебер аң-таң, түсінбеді, не айтарын да білмеді.

Көз ілеспей, ат жегіп, жігіт те келді. Шебер арбаға мініп, жүріп кетті. Базарға да келді. Шебер мол қамту былай тұрсын, күнделікті керегінен артық дүниені қажет деп санамайды. Өзінің әдетінше, бір-екі күнге жетерліктей, азық алды. Қасындағы жігіт «қорғаншақ екен» деп ойлады. Барлық алған азығынан, араққа төлеген ақшасы артық болды.

Жігіт шеберді үйіне әкеліп салып, байға көргенін айтып еді, байдың сенімсіздігінің үстіне наразылық қосылып: «Иә, арақ-арақ» деді. Қалайда болса, бай өзінің күдігін анықтамақ болып, шебердің үйіне келсе, өте көңілді отыр екен. Байды қошеметпен қарсы алды. Шебердің тұрмыс жағдайы бізге мәлім.

Жүзікті қолына ұстап тұрып, оны қалай істегенін кімге арнағанын баяндап берді де: «Міне, бұл жүзік, енді, сіздікі болды» деп, байға ұсынды да, шын ықласымен алғыс айтты.

Бай жүзікті қолына ұстап отырып, шеберге сұрақ қоя бастады:

- Хат танысың ба?

- Танимын.

- Мына жазылған өлеңді өзің шығардың ба?

- Жоқ.

- Кім шығарды?

- Шығарған адамды айтпаймын. Айтпауға уәде бергенмін.

- Жарайды. ... әйел, ... махаббаттың сан өткелінен өттім. Кейбірін лайлап, кейбірін мүлде ластап, лайын тұндырдым, тұнығын лайладым, бірақ, таза тұнық махаббатқа кездеспедім. Оған себеп - мен махаббаттың нағыз қасиетін, одан шығатын нәтижені түсінбедім. Махаббат маған қайырылмайды да, мен көксемеймін де. Мына әйеліңе арнаған жүзігің өзіңде қалсын. Сен маған бір жүзік істеп бер. Оның нақышына адамға ой түсірерлік мысалдар жаз. Мына өлеңді жазған адамнан, ондай сөздер де табылар. Жүзіктің нақышына жазатын сөздеріңді маған көрсет. Мен шеттен келгенмін, осында әлі бір ай боламын. Асықпай істе, - деді.

Шебер:

- Мақұл, айтқаныңыздай болады, - деді.

Бай қосшы жігітіне «мына шеберге мың сом және бір құйма алтын бер» деді.

Мың сомды санағанда, шебердің бойы қызып, жүрегі қалтырап, өзгеріп кетті. Өйткені, шебер жүзден артық санап көрген емес. Мыңның атын естігені болмаса, қолынан өткерген емес. Бір құйма алтыннан, кемінде, он жүзік шығатындай еді. Адамның сомасы молайған сайын, нәпсісі өсіп, пейілі апши бермек емес пе? Шебердің сол сәтте тіршілікке көзқарасы өзгергендей болды.

Бай кеткен соң, шебер көршісіне келіп, болған уақиғаны баяндап, «жөн бе» деді.

- «Жөн, бір айналып кел, дайындап қояйын» - деді көршісі.

Айналып келіп, жазған сөзді алып, байға әкеп көрсетті. Бай оқып көрді де «жақсы», «жаман» демеді. «Жарайды, ісіңе кірісе бер» деді.

Жүзіктің нақышына жазылған кейбір мысалдар мынадай еді:

Әділет - адамның көкейіне саңылаудан түскен сәуле...

Шындық - шыңның басына түскен шұғыла...

Өтірік байлық - мансаптың көлеңкесі...

Сенім - өмірдің тұтқасы...

Жаманшылықтан жиренбесең, жақсылықты үйренбейсің...

Бақыттың аты бар, заты жоқ.

Шебер іске көңілмен, зер сала кірісті. Бұрынғы шеберлігіне жаңалық қосылды. Шебердің әйелі де ширап кетті. Үй тұрмысын түзеуге өте пейілді, ұқыпты кірісті. Еріне де көзқарасы өзгерді. Ерлі-зайыпты екеуінің арасындағы қайшылық әлсіреп, сүйіспеншілігі тазара бастады.

Шебер жүзікті он екі күнде бітірді. Алдымен көршісіне әкеліп көрсетті.

Бұл жолы «жөн бе» деген сұрақ қойылмады. Аз ойланып отырды да, көршісі: «Иә, бұл таңқаларлық нәрсе емес, қажырын берік ұстана білсе, адамның өзіне өзі қандай өзгеріс жасаймын десе, қолынан келеді. Мұндай өзгерістер кездесе береді, бірақ, бекініп қалушылар өте сирек» деді де, шебердің қолын алып, ризалық білдірді.

Шебер үйіне келсе, бай келіп отыр екен. Жүзікті әбден айналдырып көрді де, қолына киіп, аз ойланып отырып, шеберге: «Сен нағыз дарынды өнер иесісің, оны өзің қадірлемейсің, оған кінәлі де емессің. Сенімен қарым-қатынас жасайтын адамдар, саған істеген қиянатын маскүнемдікке жаба салып, өздері қиянаттың тасасында қалады. Егер бұнан бірнеше жыл бұрын маған кездескен

болсаң, мен сені одан бетер қайыршылыққа ұшыратып, өнеріңнің өнімін мол байлығыма сіңіретін едім.

Бірақ, сен маған өзгерген кезімде кезіктің. Мен тұрған қаланың сән-салтанат байлығы бұл қаладан он есе артық. Бай болу үшін, арпалысу керек. Біреу ішпей, жемей, рахаттан безіп, тыным көрмей, өз мүлкін өзінен аяп, сараңдықпен байиды. Оның өрісі болмайды.

Біреу зорлықпен, озбырлықпен бай болады. Оның қауіп-қатері көп.

Біреу өзінің шаруасынан өнген өнімін ұқсатып, бай болады. Оның аясы тар болады.

Ал, ірі байлық көптің көзіне рақымды, қанағатшыл сипатында көрініп, жүздеп шашып, мыңдап кіріс кіргізеді. Мұның өрісі ұзарып, аумағы кеңі береді.

Кірлі затқа кір жұқса да, қалпынан өзгермейді, таза затқа кір жұқса, бағасы төмендейді. Ал, сенің маскүнемдік, өмірді ұқпайтын әдетіңді жою өте қиын. Сен ... адамшылық жолын қуған қоғамның ортасына ауыссаң, теріс әдет, мінез-құлқыңды сондай қоғам жоя алады. Ол үшін ұзақ күрделі еңбек ету керек, жеке адамның басшылығы да қажет. Бұған да ұзақ уақыт қажет. Соңғы үш жылдың ішінде мен өзгердім. Білгенімнен білмегенім көп екен. Байлығымды қалай қорғаймын, қалай ұлғайтамын деген ой мені уландырған. Қазір мен уланған ойдан тазардым.

Мен бұрын қандай адамға кездесем де, өзімнің байлығымның пайдалы жағына бейімдеуші едім. Ал, соңғы кезде кездескен адамдарымның кейбіреулеріне, білгенімше, дұрыс беріп, мұқтаждықтан арашалап, мүмкін болғанша, жәрдемдесу.

Сенің еңбегіңнің шырынын сорып, сірнесінің азабын саған арқалатып жүр.

Егер сен ықтияр болып келіссең, ... сенің бұл қаладан

көшіп, маған еруіңе тура келеді. Мен бұл қаладан ұзаса, он күннің ішінде кетемін. Әбден ойланып, әйеліңмен ақылдасып, сеніміңді нығайтып, маған жауап берерсің. Бір тапсыратыным: әйеліңнің ренжімеу жағына ұқыпты бол» деді.

Бай кеткен соң, шебер еш нәрсе ойланбастан көршісіне келіп, байдың айтқанын жеткізді де:

- Маған сіз іркілмей, ақыл-көмегіңізді айтыңыз, - деді. Көршісі аз ойланып, отырды да:

- Иә, адам алданса да, иланса да, жақсы сөзге алданып, жақсы сөзге иланады. Байдың сөзі дұрыс, ол сенің қандай нәтиже шығаратынына байланысты. Байдың сөзінің пәтуасына мен айғақ бола алмаймын. Дұрыс сөздің дұрыстығын ұғу, оны орындау өте қиын.

Бірінші: байдың сөзін орындаймын деп, өзіңе өзің сенсең; екінші: адам жақсы өмір сүру үшін ізденуге міндетті; үшінші: бай алдаған күнде де, сенің тіршілігіңнің қалпы бұзылғанмен, өртенбейді. Бәрібір осы қалпың өзгермейді, сондықтан, мен келіскенді теріс демеймін, - деді.

Шебер үйіне келіп, барлық жағдайды айтып, әйелімен ақылдасып еді, әйелінің өңі өзгеріп, сасқалақтап қалды. Өйткені, шебер бұрын қандай іс істесе де, әйеліне ақылдасып көрген емес. Әйелі тұйыққа тірелгендей, аузына сөз түспей:

- Өзің біл, - деді.

- Өзім білсем, мұнда қимайтын не бар? Көшеміз. Дайындал - деді. Әйел сөз қайтармады,

Шебер қайта көршісіне келіп, «Мен көшуге бел байладым. Бірақ, менің мұнда қимайтыным - сіз, сіздің қасиетіңіздің бір тамшысы менің кірлеген жүрегімнің бір түкпіріне орналасқан. Сізді ұмытпауға, сағынуға мен міндеттімін. Сондықтан, жақсылық көрсем де, сізді есіме алмай қоймаймын.

Сіз маған ақылшы болатындай, бір белгі беріңіз. Жөн бе?» - деді.

- Жөн, бір айналып кел, - деді көршісі.

Шебер қайта айналып келсе, былғарыға тігіп, екі тұмар жазыпты.

Көршісі:

- Тұмардың бірін оң қолтығыңа тік, бірін сол қолтығыңа тік. Егер көңілдегі мақсатыңа жеткенде, оң жақ тұмарды ашып оқы; ауыр жағдайға ұшырасаң, сол жақтағы тұмарды ашып, оқы. Екі тұмар да саған түзу жол көрсете алады, бірақ, мезгілсіз ашпа» деді.

Шебер «бұл тұмар бір қасиетті дұға екен» деп ойлады.

Байға келіп, шебер болған әңгіменің мән-жайын айтып, көшуге шешім қабылдағанын жеткізді.

Бай тағы да өмір жайлы; арман, махаббат, байлық турады айтып, ой толғады.

Иә, бай осынша байлықты құдай берді деп сенді. Бірақ, құдай қайдан, қалай берді Ол туралы бай ойлаған да жоқ. Осы қалада оның өз қаражатымен салынған жеті мешіті бар: ол «мешіттерге келіп, құдайға жалбарынып, тәубе істеушінің барлық сауабы менікі» деп түсінеді. Құдай алдына барғанда, иман иесімін деп сенді.

Бай ақылды да адам, өзінің ойлаған ойына толық шешім бере алады. Қандай өзіне жағдайсыз іс кездессе де, ашуын сыртқа шығармай, шыдамдылықпен шешеді. Бірақ, бай арманнан да ада емес.

Бір арманы - байдың жалғыз қызы, жасы жиырмадан асқан, сымбатты, ажары да адам қызығарлықтай. Ол соңғы кезде шатасып, мінезі өте шаргез болып кеткен. Еш адамға жуық келмейді. Күндіз-түні бір бөлмеде жалғыз отырады. Керек десе, өзінің күтуші әйеліне де жауап бермейді. Ата-анаға тіл қатудан қалған. Анасы әлде-қалай, ақыл айтса,

бұлан-талан болып, шатынап, қалшылдап, дірілдеп қалады. Бай қызының ондай болу себебін жақсы біледі.

Қыз он жеті жасқа келгенде, бір дәрежелі адамның баласына беруге ұйғарып еді, қыз көнбеді. Содан былай қыз жағдайсыз халге ұшырап, әбден жүдеді. Қызының басына өлім қаупі төнгенін де сезеді,

Байдың үй шаруашылығынын басқаратын бейбішесінің серігі - жесір әйел ақылды, сымбатты еді. Сол әйел некесіз ұл тапқан. Ол байдың қызымен бірге өскен, бірге оқыған. Некесіздігі болмаса, ақылды, зерек, сымбатты. Сол жігіт байдың қызын сүйеді. Қыз: «сол жігіттен басқаны сүйе ме менің лажым жоқ. Өлім күтіп, отыра берем» деп, ата-анасына ант берген. Бай некесіз әйелдің баласына қызын беруді намыс көреді.

Ал, асыранды баласы «бір аты шулы, сайқал әйелдің асқан сұлу қызын алам» дейді.

Бұл байға намыс әрі дәулетіне нұқсан келтірерлік қауіп әкеледі. Баласына басқа қыз әперем десе, көнбей қыңырайып, шатасып, шатақ іздеп жүреді. Байдың байлығына зиян келтіреді.

Бұзықтар, қарақшылармен қарым-қатынас жасайды. Асыранды ұлына тиым салса, байдың өміріне қастандық жасауға асыранды ұлы дайын. Оны бай әбден түсінеді. Сондықтан, бай оны мөлшерлі шеңберде еркімен ұстайды.

Қызы және асыранды ұлы туралы армандайды да. Мүмкіншілігін таба алмайды. Бар тапқаны - құдайдың қосқаны деген сенім. Бірақ, бұл сенім байды мазасыздықтан арашалап ала алмайды. Барған сайын мазасыздығы ұлғайып, арманы уайымға ұласады. Ақыл-ойы арманның асуынан аса алмай, тоз-тоз болады.

Бар тапқаны - жұма күні діни ғалымдарды жинап алып, діни насихат тыңдап, әңгіме өткізеді. Бұл да - мезгілдік қана

жұбаныш. Мазасыздығына әсер етпейді. Сайығанда, өзінің ойындағы Алланың жауы дегеннен аса алмайды.

Аптаның жұма күні бақшада мәжіліс қызған кезде, онда отырғанның біреуі таңданған дауыспен: «Мына бір адам - не еткен адам?» деді. Отырғандар жалт қараса, бір жұпыны киінген қарт адам сусыз жерден балық аулап отырған іспетті.

Бас хазіреттің:

- Жоғалтыңдар, бұл азғын азғырушыны, - деген әмірлі, зілді даусын, байдың:

- Шақырып келіндер, - деген зілсіз дауысы жайып жібереді.

Келуші адам бойын кең ұстап, иек көтеріп, ишаратпен амандасты.

Бай:

- Сен кімсің, не іздеп жүрсің, қайдан келесің, - деді

- Адаммын. Менің кім екенімді айтқанмен, сіз түсінбейсіз. Менін қайда баратынымды басқан ізім ғана біледі. Тұрақсыз адам деуге болады. Бұл жерде балық аулап жүрмін, - деді.

Бай ойланып:

- Сіз қалай ойлайсыз, құрғақтан балық аулаудан нәтиже шығара аласыз ба?

- Әлбетте, нәтиже шықпайтынын білемін.

- Олай болса, судан неге ауламайсыз?

- Суға баратын жолды мен таба алмай жүрмін. Ал, сіздің иман іздеп, жеті мешіт салдырып, молда, сопыларды жинауыңыздан нәтиже шыға ма?

- Нәтиже шықпайды деп сенбесем, істемес едім.

- Иә, бай, менің құрғақтан баулық аулаған қатемнен, сіздің иман іздеген қатеңіздің арасы өте алшақ екен және мен балық аулауға баратын жол таба алмай жүрсем, сіз иман

табудың жолынан адасып жүр екенсіз.

- Менің иман іздеу жолынан адасқанымды дәлелдеп бере аласыз ба?

- Мен дәлелін ұсына алам, дәлелдеуші - сіздің ақыл-ой, санаңыздың қабілеті.

- Дәлеліңді айтып көріңізші.

- Жазба түрде тапсыруға сенім беремін.

Бай қазынашы жігітін жұмсап, жүз ділдә алтын бергізді.

Бейтаныс адам алтынды алды да, шүберекке түйіп, қолына ұстап тұрып, екіленіп, екпінді сарынмен өлеңдете жөнелді, сегіз шумақты тастап жіберді, соның бірі:

- Алтынға сатылады мансап пен бақ,

Жүрекке салады алтын қап-қара дақ.

Адам құл бол, алтынға сатылса да,

Адамшылық алтынға сатылмас-ақ, -

деп хазіретке зілдене қарап, шүберекке түйген алтынды «Мә, мына алтын аз да болса, сені адамгершіліктен бір адам шегіндіріп тастасын, зұлымдығыңа жәрдемдессін» деп алдына лақтырып тастады да, өзі тез сыр айналып, адымдай жөнелді.

Хазірет бетін бір сипап, түйіншекті қалтасына сүңгітіп жіберді. Имам хазіретке «мені де құр тастамассың» деген белгімен қадала қарады.

Бұрын имам мен хазіретке толық сеніп, берілген байдың сезімі сол сәтте басыла қалды. «Бұлар өздерін қанша қорлап, алтын берсе болды, намыстары мүлде жойылған адамдар екен-ау» деп ойлады.

Ертеңінде таңертең байдың қақпа күзетшісі:

- Мынаны сізге тапсыр деп, бір адам берді, - деді.

Дәптерде бейтаныс, құрғақтан балық аулаған кісінің сөздері жазылған еді, кейбірі мынадай:

«Көп ойлаудан нәтиже шықпайды...

Дүние құмар адамның өмірі қасіретпен аяқталады.

Бір адамның көксегенімен шындық табылмайды. Шындық іздеу үшін - ыдырамайтын қауым керек.

Кейбіреулер ойшыл болам деп, уайымшылдыққа салынып, тетігі үзілген диірмендей, бір нәтижесіз, көмескі болжамды шыр айналдыра береді.

Адам көзімен көріп, болмаса естігенін, не кітаптан оқығанын қадағалап, тексеріп, әбден сіңірсе, керекті кезінде, қарманбай, табылатын құрал.

Дүние ғаламатының, сырын ақтаруға батылы бармаған, бергенін тізіп, естігенін, оқығанын жаттаған адамды ғалым деу қисынға жатпайды.

Мансапқұмардың өзге түгіл өзіне жаны ашымайды. Міне, осы мысалдар менің дәлелдемемнің дұрыс-бұрысын айыруға Сізге көмекші болар деймін» деп жазбасын бітірген.

Оң, теріс болса да, тұрақсыз адамның сөзі байға талай өзгеріс жасауға себепші болды. Болған істі де Алладан деп, күтіп отыр бар деуден нәтиже шықпайтынын бай түсінді. Жігерлі қимылмен бай іске кірісті.

Асыранды ұлына сайқал жесір әйелдің қызын алып беріп, енші бөліп, өз тіршілігінді өзің істе деп, біржола ат құйрығын кесті.

Жалғыз қызын аспазшы күннің баласына беріп, өзіне мұрагер етті.

Міне, осы екі міндетті орындаған түні байдың тынымсыздығы саябырлап, жақсы ұйықтап, көңілді оянды. Өзінің меншік жерінің қолайлы тұсынан қалашық салдырып, қол астындағы жалдама жұмысшы құл, күндерінің жұмыс жағдайын жеңілдетіп, жататын орындарын жақсартып, ішіп-жемін молайтты. Кіріс мөлшері бұрынғы жылдардан асып түсті.

Қараңғылық қамаған жүрегіне сәуле түсті. Иман сәулесі

ме, адамшылық сәулесі ме?

Міне, бай осындай өзгерген сәтінде маскүнем шебер кез болған еді. Бай толық жабдықталған жақсы үй берді.

Шебер өз жұмысына кірісті. Бір жылдың ішінде шебер бүкіл калаға мәшһүр болды. Табыс өнімі айтарлықтай.

Үш жылдың ішінде шебер ауқатты адамдардың қатарына қосылды. Бір тұрмысы нашар балықшының он бес жастағы қызын алды. Шебердің баласы жоқ еді. Бір ұл балалы болды. Ол бала, міне, екі жаста.

Бір күні баласын алдына алып, рахаттанып отырғанда, баяғы көршісі ойына түсіп, «мен мұнан артық тіршілікті көксемеймін, данышпан көршім не жазды екен» деп, оң қолтығындағы тұмарды ашып оқыса: «Бұл да бір уақытша» депті. Басқадай сөз жоқ, шебер ары ойланып, бері ойланып, шеше алмады. Шеше алмаса да» ойының түкпірінен кетпеді. Шебердің бастапқы әйелі кәдуілгі қатардағы бәйбіше дәрежесіне жетті. Жоқшылықтан көміліп жүрген балықшының қызы сәнді киініп, мұқтаждықтан құтылған соң, кісі қызғанатындай, айтулы сұлудың бірі болып, шыға келді.

Байдың жалғыз қызы сауығып, қайтадан қалпына келді. Күйеу баласы байдың нұсқауымен шаруашылығын саналы түрде меңгере бастады. Бұл байдың пейілін кеңетуге үлкен әсерін тигізді. Байдың асыранды баласы дырды-дидакуге салынып, еншіге берген шаруашылығына ие бола алмай, қателесуін қайталай берді.

Бай кеңпейіл, көңілді жағдайда, адамгершілік жолының үстінде қайтыс болды. Қалың бұқара істеген ісіне сай, иманды десті. Мансап иелері, байлар мен дін иелері дін жолына қайшылық жасады, «күнәһар» десті.

Бай өлген соң, байдың күйеу баласы мен қызы асыранды ұлды маңайлатпады. Ол, «біраз күндік талшық үшін

әкемнің досы едің» деп, шебермен араласа бастады. Жүре келе, құрметтеудің орнына, «сенің жиған мүлкің - менің әкемдікі» деп, қорқытып, зорлық қыла бастады. Кіші әйел сайқал әйелдің азғыруына әйел көніп, шеберді кісі орнына санамайтын болды. Кейде сайқал әйелдің үйіне қонып қалып, сол үйде болатын қинаяттың қызығына белшесінен батты. Бұл үйде маскүнемдер, қарақшылар, бұзылған әйелдер думаны күнделікті болып жатады. Бұған бір іліккен адамның босанып кетуге мұршасы жоқ.

Бір күні байдың асыранды баласының соққысынан әлсіреген шебер есін кенет жиып, көршісі есіне түсіп, сол жақтағы тұмарын ашып оқыса, онда да жазылған жазу: «Бұл да уақытша» деген бір ауыз сөз.

Шебер сонда түсінді: «Жақсылық та, жаманшылық та уақытша екен-ау» деп. Адам талаптанса, басына түскен жаманшылықтан құтылуға жол табатынын ұқты.

Күн-түн демей, дайындық жасап, өзінің туған жеріне баратын бір керуенге ілесіп, баласы мен бәйбішесін алып, үшеуі бір түнде жоқ болады. Дәл сол күні байдың асыранды баласы теңіз қарақшыларына еріп, алыс сапарға кеткен еді.

Шебер өзінің туған қаласына аман-есен жеткен соң, бірінші, көршісіне кіріп, орнын сипады. Қайда, қалай кеткені мәлімсіз. Үйіне басқа ауқатты адам орналасыпты.

Шебер өзінің туған қаласына келіп, жайғасқан соң, қалыпты өмір сүре берді. Бірақ, өлгенінше, көршім қайда кетті екен, соны бір көрсем-ау дегеннен басқа арманы болған жоқ.

(Шәкір Әбенев, Президентімізге бата берген
ақсақал, «Абай» ж., №№4-6, 2014 жыл) Ескерту:
қысқаша алынды

ҒИБРАТ - 255

Өз биігіме өзім шықтым

Жазушы, түркітанушы, аудармашы Немат Келімбетов отыз бес жасында жұлын-омыртқаға жасалған аса күрделі нейро-хирургиялық операциядан кейін, аяқ қолы сал болып, он жыл бойы төсек тартып жатқан екен. Ғалым бірқатар еңбектерін сол жылдары жазған.

Немат Келімбетовке жолығып, тауқыметке толы өмірі, қиын-қыстау сәттерде жанында болған зайыбы, тәрбиелеп өсірген балалары, аурухана палаталарында жатып жазған кітаптары туралы әңгімелескен едім.

Сұрақ:

Сіз он жыл бойы ажалмен арпалысып, төсек тартып жаттыңыз. Жан азабын да, тән азабын да көп көрдіңіз ғой. Мұндайда адам қатыгез болып кетпей ме?

Жауап:

Басқа түскен қиындық әркімге әр түрлі әсер ететін шығар. Ұзақ жылғы таудай тауқыметтер мені бұрынғыдан да мейірімді, қайырымды, бауырмал етіп жіберген сияқты. Жалпы, мейірімділік жайын сөз еткенде, ең алдымен, аяулы анамның жарқын бейнесі көз алдыма келеді.

Соғыс жылдары еді. Біздің шағын ауылға қарашай, авар, поляк және неміс отбасылары қоныс аударып келді. Солардың ішінен бір қарашай отбасы біздің үйге қоныстанады. Кішкентай-кішкентай он шақты баласы бар екен. Өзіміз әрең сиып отырған екі бөлмелі үйіміз болатын. Соның біреуін әке-шешем қиналмай-ақ, дереу босатып берді. Нағыз ашаршылық жылдары ғой. Жалғыз сиырдың сүті алты балаға жетер-жетпес еді. Анам пісірген бір таба

нанды сегізге бөлетінбіз. Енді, сол жалғыз нанға тағы он бала келіп қосылды. Қалай күн көрмекпіз? Анам болса, бейне бір жақсы туыстары көшіп келгендей-ақ қуанын тұр. Ол титтей де абыржыған жоқ. Қайта бізді жұбатып.

- Қазан аузы жоғары деген ғой. Бір мәнісі болар. Тәңірдің берген ризығын жер. Бұларды да құдай пенде қылып жаратқан ғой, - деп қоятын.

Сол күннен бастап, анам күні-түні көшіп келген көршілеріміздің балаларына әуре болып кетті. Оларға тамақ пісіріп беретін де, шомылдыратын да, шаштарын алып, тозығы жеткен киім-кешегін жамайтын да, менің анам еді. Бұлардың әке-шешесі таңертең, елең-алаңда, колхоз жұмысына кетіп, түн ортасында, балалары ұйықтап қалған кезде ғана, үйге оралатын.

Сол кездегі анамның күні бойы тыным таппай, ошаққа от жағып, тандырға нан пісіріп, самаурынға шай қайнатып, сиыр сауып, күбі пісіп жүргені әлі күнге көз алдымда тұр.

«Мейірімділік» деп аталатын пәннен анам марқұм маған ғұмырлық дәріс беріп кеткен екен.

Сұрақ:

- Сіз, Жарлы емеспін, «зарлымын» деп аталатын кітабыңызда марқұм анаңыздың рухына арнапсыз. Анасын кім жақсы көрмейді дейсіз. Әйтсе де, мұндай арнаудың өзіндік сыр-себептері бар шығар.

Жауап:

- Әрине, солай. Дәл тауып айттың. Анам арманда кетті. Бұл өмірдегі бар арманы - менің ауыр науқастан айығып, өз аяғыммен жер басып жүруді көру еді. Көрмей кетті. Анам қайтыс болғаннан кейін, жеті жылдан соң ғана мен қос балдаққа сүйеніп, өзім жүретін дәрежеге жеттік.

Сөздің реті келіп тұрғанда, мен саған анам қайтыс болған күнгі бір оқиғаны қысқаша айтып берейін. Анам ауылда

қайтыс болды. Ал, аулымыз Оңтүстік Қазақстан облысының алыстағы ең түкпірдегі бұрынғы Келес (қазіргі Сарыағаш) ауданында еді. Алматы қаласынан мың шақырым жердегі Келеске бару мен сияқты омыртқасы кесіліп, кеудесіне темір корсет киіп жатқан ауыр науқас адам үшін қиялға симайтын арман болатын. Сол кезде мені алыстағы ауыл түгілі, осы Алматы қаласының ішіндегі ауруханаларға «жедел жәрдем» машинасымен апарудың өзі қиынның қиыны еді.

Сұрақ:

- Сөйтіп, Сіз анаңыздың қабіріне топарық сала алмай қалған екенсіз ғой, ә?

Жауап:

- Неге? Ауылға бардым. Қабіріне топырақ салдым. Ал, егер бармай қалсам, өзімді өзім ешқашан кешіре алмайтын-нымды сезіндім. «Жолда өлсем, анамнан жаным артық емес шығар» деп іштей тас-түйін болып, бекініп алдым. Дәрігерлер мен жора-жолдастардың қыруар қарсылығы да мені тоқтата алған жоқ. Ақыры, мені шалқамнан жатқан күйімде «жедел жәрдем» машинасының зембіліне салып алып, әуежайға жеткізді. Сондағы бес-алты ұшқыш жігіт пен бір топ жолаушының мені зембілде жатқан күйімде, аса зор сақтықпен, ұшақ ішіне көтеріп, шығарғанын көрсеңіз. жылап жіберер едіңіз.

Не керек, сондағы жол азабы маған көр азабынан кем болған жоқ. Ақыры, өлдім-талдым дегенде, ауылға да жеттік-ау. Анам марқұм табытта жатыр екен. Бетін жауып қойыпты. Молдаға жалбарынып жүріп, бетін аштырдым. Туыстарым маған арнайы бөлме дайындап, төсек салып қойыпты. Алайда, мен оған бармай, анамның жанына жатқызуды өтіндім. Ақыры, ауыл қариялары келісіп, мені зембілге жатқан күйімде анамның табытына жақын апарып қойды. Содан, анамды жерлеуге әкеткенше, қасында

болдым.

Иә, бала кезімде, осылайша, анамның жанында жатуды ұнатушы едім. Ал, қазір біріміз - табытта, біріміз - табыт секілді жасалған ағаш зембілде жатырмыз. Арадағы бар айырмашылық: мен - сөйлеймін, анам - үнсіз ұйықтап жатқан сияқты.

Сол жолы мен анаммен қоштасқандай болып қайттым. Тағдырмен егескендей күйге түстім. Енді, анам үшін де, өзім үшін де өмір сүргім келді. Өмір үшін, тіршілік үшін, бала-шағамды асырау үшін іштей тістеніп алып, қасірет кітабын жазуға кірістім. Менің «Үміт үзгім келмейді» деген повесть-монологым осылайша өмірге келген еді.

Сұрақ:

- Ұлыңыз өзінің Сізге жауап хатында: «Әке! Бақытты болу үшін бай болу шарт па?» деген сауал қойыпты. Соған не деп жауап бердіңіз?

Жауап:

- Бұл - бір-екі сөзбен жауап бере салатын жеңіл-желпі сауал емес. Дәл осы сұрағыңа адамзат баласы қадым замандарда-ақ жауап іздей бастаған екен. Содан бері бақыт мен байлықтың ара-қатынасына арналған том-том трактаттар жазылыпты. Соның өзінде көп адам бұл екі түрлі құбылыстың арасын күні бүгінге дейін ажырата алмай келеді.

Әрине, әрбір адам бақытты болуға ұмтылады. Бірақ, бақытқа ұмтылу - байлыққа ұмтылу емес. Өйткені, өзінің ғана дәулетті болуын армандайтын адам ешқашан да бақытты бола алмайды. «Бақытсыз адамды көріп тұрып, бақытты болу мүмкін емес», - депті ғой бір данышпан.

Қазір бізде материалдық байлыққа жетсек, бәріміз бақытты болып шыға келеміз дейтін «жаңа қазақтар» да аз емес.

Бұлар халықтың ғасырлар бойы сұрыпталып барып

жинақталатын ең қымбат қазынасын - рухани байлығын есепке алмайды. Рухани әлемінен айырылып қалған талай бай елдер мен құдіретті ұлттардың қалай жойылып кеткенін білмейді олар.

Мәселен, қазіргі Американың байырғы тұрғындар - үндістер: майя, инк, атапаск, ирокез, муског тайпаларының тарихына бір сәт назар аударайықшы. Бұлар есте жоқ ежелгі замандарда-ақ озат өркениетімен әлемді тамсандырған ел еді. Бірақ, Америка отарлап алған соң, әлгі тайпалардың салт-санасына, наным-сенімінен айырылып қалды.

Қазір бұл үндіс тайпалары өте дәулетті, бай тұрады. Алайда, өздерінің тілінен, ділінен, дінінен, өнерінен, яғни, рухани байлығынан айырылып қалған бір кездегі ұлы тайпаларды қазір ешкім ұлт ретінде де, ұлыс ретінде де халық ретінде де мойындамайды. Мойындағысы келмейді; Енді, олар бір кезде өздерін отарып алған халықтардың этникалық құрамына сіңіп, бірте-бірте тарих бетінен өшіп, жойылып барады.

Бүгінгі үндістер өздерінің қасіретті тағдырын жақсы түсінеді. Олар өздерінің егеменді ел болуын армандай да алмайтын дәрежеге жеткен. Үндістердің бір режиссері «Бір күндік тәуелсіздік үшін бар байлығымызды берер едім» деп аталатын фильм шығарған.

Біз дүние-мүлікті ғана ойлап, рухани байлығымызды жоғалтып алсақ, онда, сол үндістердің бүгінгі қасіретті кейпіне түсіп қалуымыз да ғажап емес.

Сұрақ:

- Адам бойындағы ең жақсы қасиет не деп білесіз?

Жауап:

- Ең жақсы қасиет - адамның өз жетістігіне ғана емес, сонымен бірге, өзгенің қуанышына да ортақтасып, шын жүректен қуана білу болса керек.

Сұрақ:

- Сіз денсаулығыңызға байланысты өмірде көп қиындықты бастан кешірдіңіз ғой. Адам үшін ең қиын нәрсе не?

Жауап:

- Бұл сұраққа көне заман данышпаны Фалес: «Адам үшін ең қиын нәрсе - өзін өзі танып білу» деп жауап беріпті. Ал, «Өмірдегі ең оңай нәрсе не?» деген сұраққа әлгі кемеңгер: «Ең оңай нәрсе - басқа біреуге кеңес беру» деген екен. Иә, өмір шындығы солай ғой. Бірақ, сол шындыққа көз жеткізіп, көңіл сендірудің өзі де оңай емес.

Сұрақ:

- Сіз жұлын-омыртқаға жасалған аса күрделі нейро-хирургиялық операциядан кейін, аяқ-қолыңыз жансызданып, он жыл бойы төсек тартып жатыпсыз. Сол кезде балаларыңыз да жас екен. Сонда, отбасын асырау мәселесін қалай шештіңіз? Әлде, ағайындар көмектесті ме?

Жауап:

- Жоқ. Бізге ағайын-туысқандар қол ұшын берген емес. Мен төсекте сал болып жатып та, еңбек етуге мәжбүр болдым. Өйткені, тұңғыш ұлым жеті жаста, кенжем екі жаста болатын. Ал, жұбайым күні-түні аузыма су тамызып, қасымда отыратын.

Мен өмірімде көркем шығарма аударып көрмеген едім. Білмейтін адамға тәржімә жасау ақыреттен қиын іс екен. Әлгі кітаптың түпнұсқасында гүлдей құлпырып тұрған ғажайып көріністер - мен қазақшаға аударсам-ақ болғаны, табанда сөлбіреп, жансызданып, сұрықсыз сөйлемдер болып шыға келеді. Әбден діңкеледім. Күніне бір сөйлемді қырық рет аударған сәттерім болды. Біреудің туындысын аударғаннан гөрі, өз шығарманды жазу мың есе жеңіл екеніне көзім жеткендей болды, әйтсе де, алған бетімнен қайтқан жоқпын.

Сұрақ:

- Ол кезде екі қолыңыз да жансыз, сал болып жатыпсыз. Қаламға қалай иек арттыңыз?

Жауап:

- Мен қалам ұстаған жоқпын. Ең қиыны - қалам ұстай алмайтыным. Алдымда жатқан кітапты парақтап, аша да алмаймын. Менің айтқанымды жазып отыратын да, кітаптың беттерін аударып, ашып отыратын да - жұбайым Қуаныш еді. Ол менің айтқан сөйлемдерімді қайта-қайта көшірумен, өшірумен, жарамсыз қағаздарды жыртумен болды. Мәселен, көлемі жиырма баспа табақ, яки 360 беттен тұратын украин жазушысы Василь Казаченконың «Найзағай» романын сегіз рет қолымен көшіріп шықты. Біздің ол кезде жазу машинкамыз жоқ еді.

Не керек, жеті-сегіз ай ішінде көркем аударма жасау өнерін де біршама игеріп қалдым. Әжептәуір қаламақы алып, үйімізге жан кіре бастады. Сонымен, жылына бір кітапты қазақ тіліне, немесе, қазақ тілінен орыс тіліне тәржімә жасап отыруды әдетке айналдырдық. Өзбек жазушылары Саид Ахмедтің «Көкжиек», Пірімқұл Қадыровтың «Жұлдызды түндер» романдарын жақсы тәржімә жасағанымыз үшін баспадан ақшалай сыйлық алдық.

Иә, осылайша бала-шағаны асыраудың жолдарын да игеріп алған едік.

Сұрақ:

- Сіз он жыл бойы төсекте сал болып жатып та, жан аямай еңбек еттіңіз. Ал, қазір аяқ-қолы сау, тепсе темір үзетін кейбір жігіттер күнін көре алмай, қаңғып жүр. Бұл туралы не ойлайсыз?

Жауап:

- Олар - өмірдің қадірін білмейтіндер. Еңбектің қадірін түсінбейтіндер. Қазір жұмыс көп. Ал, әлгі жігіттер - жеңіл

жұмыс іздеп жүргендер. Оларды әке-шешесі еңбекке баулымаған. Баланы жастайынан еңбекке салмай, оны ата сақалы аузына шыққанша баға берсе, ондай бала қанаты қырқылған құс секілді, өз бетінше көкке самғап, ұша алмай қалады.

Әкемнің қыран құстар туралы айтқан бір хикаясы есіме түсіп отыр.

- Бүркіт көп өмір сүреді, - деп бастады әңгімесін әкем. - Бірақ, ол өзінің ұзақ өмірінде ұяда жатқан балапанын небәрі бір рет қана ұшырып, үйретеді. Енді ғана, темір қанат болып келе жатқан балапанын бүркіт тістеп алған күйінде, көз жетпес биік аспан тұңғиығына самғап ұшып шығады да, кенет аузындағы балапанын төмен қарай лақтырып жібереді. Әлі бір рет те қанат жазып, ұшып көрмеген өз балапанын аямайды екен-ау деп қаласың. Бірақ, қас-қағым сәтте әлсіз қанаттарын ашуға шамасы келмей, жерге қарай құлдырап бара жатқан балапаны соңынан ана бүркіт құйғындай ағып келеді. Егер балапан жерге жақындағанша, қанатын аша алмаса, онда, ана бүркіт шүйіліп кеп, оны қағып алады да, қайтадан биік шыңға басындағы өз ұясына апарып қояды. Бірақ, ана қыран шексіз аспан әлемінде өз күш-қуатымен бірден самғап, кете алмаған темір қанат балапанына қайта мойын бұрып, қарамайды екен.

Енді, әлгі балапан өзінің жер бауырлап жүретін жылан емес, аспан әлеміне құйындап ұшатын қыран екенін тек өз қайратымен, ерік-жігерімен ғана дәлелдей алады. Егер оған рухы жетпей қалса, онда, қайырымсыз қанаттарына қарғыс айтып, үн-түнсіз мына жарық дүниемен мәңгілікке қоштасады екен, - деп бітірді әңгімесін әкем.

Иә, қыран құстар хақындағы бұл аңызды әкем маған текке айтып отырмағанын ішім бірден сезді. Бұнда бір гәп бар деп түйдім. Ақыры әкемнің астарлап меңзеген ойын ұқтым.

Ол маған: «Өмір сүргің келсе - өз бетіңмен тіршілік етуді қазірден үйрен. Өмір аспанында өз қанатымен ұша алатын қыран екеніңді баланан кезінде көрсет. Мен сені сақалың шыққанша, сүйрей бермеймін. Жетелеген ит аңға жарамайды. Өз әрекетіңді өзің жаса» деп отыр.

Міне, содан бері арада талай жылдар өтті. Мен қыран боп, өз күшіммен көкке самғап шықтым ба, жоқ па? Оны басқалар айта жатар. Бірақ, мәңгі-бақи аспанға ұша алмай, темір қанат күйімде қалып қоймау үшін барымды салып, жан аямай әрекет жасап, келе жатқаным даусыз. Ешкім ешқашан қолтығымнан демеген емес. Өз биігіме өзім ұшып шықтым.

Сұрақ:

- Ғылыми жолыңызда қиындық, кедергілер көп болған деп есіткен едім. Бұл туралы не айтасыз?

Жауап:

- Иә, қиындықтар да, әдейі жасалған кедергілер де көп болды. Қазір де бар...

Тікелей ғылымның өзіне қатысты қиындықтарды жеңуге болады ғой. Ең қиыны - қолдан, әдейі жасалған кедергілер екеніне көзім әбден жетті.

(Сұхбаттасқан Думан Рамазан, «Қазақ әдебиеті»,
03.09.2004)

ҒИБРАТ - 256

Дауасы жоқ дерт

Ибн Синадан сұрапты:

- Дауасыз дерт бар ма бұл дүниеде?

- Жақсылық жамандықтан қайыр тілесе, дауасыз дертке айналады, - депті.

- Сонда, не істеу керек?

- Білім мен өнерді қайыршыға айналдырмай, қамқорлықпен қарау керек. Өйткені, қолдау таппаған елден, демеу көрмеген жерден білім де, өнер де безіп қашады.

Әдепсіздікпен алысамыз деп мәдениетсіздікке, сауатсыздықпен жұлысамыз деп надандыққа жол ашпасақ болғаны.

Руханияты жоқ дүниеден не пайда?

(Мәлік Отарбаев, «ЕҚ», 09.11.2017)

* * * *

Ғибрат - 257

Бір қайыры бар

Баяғыда африкадағы ұшы-қиырсыз сахараға билік жүргізген бір әмірші алмас кездікпен алма аршып жеймін деп, бір саусағын байқамай кесіп алыпты. Сөйтіп, оның қызметшілері бәйек болып, қолына киіз күйдіріп басып, әбігерге түсіп жатқанда бас уәзірі әрі жақын досы: «Қапа болмаңыз, патшам, бұдан бір қайыр бар шығар» деген екен.

Мұны естіген әміршінің көзі шақшиып, алмас кездікке, бір жерде жатқан саусаққа бір қарап, қып-қызыл боп ашуланып, кетеді де: «Ой, ақымақ, бұдан не қайыр болушы еді?! Осы мені мазақ етейін деген екенсің! Әй, жендеттер әкетіндер мынаны!» - деп ашуланыпты.

Әміршінің айтқанын жендеттері екі етпей, әп-сәтте орындайды. Бірақ, сәлден соң, саусағының қаны тыйылып, ашуы басылған әмірші: «Әй, әлгі пақыр зынданға түсіп бара жатқанда, не деді. Тәубасына келіп, кешірім сұрады ма?» дейді.

Сонда, жендеттер: «Жоқ, тақсыр. Біз оны зынданға алып

барғанда: «Бұдан да бір қайыр бар шығар» деп, бір ауыз сөз айтты да, өр еркімен түсіп кете берді» депті.

Енді, әмірші басын шайқап: «Әй, ол расында да, ақылынан алжасқан екен. Бәлкім, зынданда жатып, есін жияр. Қайыр дегенді қайдан тапқан өзі?» - деп ойлады.

Күндердің бір күнінде ол қасына бір топ нөкерлерін ертіп, аң аулауға шығады. Қанжығаларын майлап, қызық қуып, сайран салып жүргенде, әлгі қалың орманда мекендейтін бір адам жегіш жабайы тайпа тұтқиылдан бас салып, аяқ-қолдарын байлап, тұтқынға алады.

Сөйтіп, бір-біреуден сойып, етін қазанға салып аса бастайды. Кезек әміршіге жеткенде, жабайы тайпаның жендеттері оның бір саусағы жоқ екенін көреді де, бастарын шайқап «бұл болмайды» дегендей белгі жасайды. Сірә, бір мүшесі кем адамды олар жемейтін болса керек. Содан соң, әміршінің қол-аяғын шешеді де, тұтқыннан босатып жібереді.

Арып-ашып еліне келген әмірші есін жиып, саусағына қарап, ойланып отырып: «әлгі, досымды, бас уәзірді алып келіндер!» деп бұйырады. «Қап, әттең! Қателік менен кеткен екен» деп өкінеді. Ол, келген соң, басын иіп, құрмет көрсетіп, болған жайды түп-түгел баяндап береді де: «Сен айтқандай, бұдан да бір қайыр бар екен» - деп кесілген саусақтың орнын көрсетеді.

Содан соң, әміршіге тағы да бір ой түсіп: «сен сол өзінді зынданға салғанда да, осы сөзді қайталаған көрінесің. Айтшы, одан не қайыр көрдің?» - деп сұрайды.

Сонда, бас уәзәр иіліп, төмен қарай: «Тақсыр, сіз мені зынданға салмағаныңызда, өзіңізбен бірге аң аулауға алып шығатын едіңіз. Әлгі пақырлармен бірге, мен де сол жабайыларға жем болар едім» деген екен.

(Мәлік Отарбаев, «ЕҚ», 09.11,2018)

ҒИБРАТ - 258

70 рет өлтіріп, 70 рет тірілту

Атақты жырау Ақыт Үлімжіұлының баласы Қалманның әңгімесі:

Әкем бір күні «Хаятұл-хайуаян» - яғни, «жандылар тіршілігі» аталатын оғыз тілінде жазылған бір кітапты оқи отырып, бізге мына бір әңгімені айтып бергені бар еді:

«Мұхаммед пайғамбардан кейін - Мұхаммед пайғамбардың (с.ғ.с) әкесі Ғабдолламен бір туысқан Ғаббас деген адамның тұқымы араб түбегіне миләди 750-жылдан 1258 жылға дейін 508 жыл халифа болады. Халифалардың ішінде әділі де, залымы да болыпты. Соның ішінде, мөлшермен миләди 750-ші жылдарда «Хужжак» деген бір залым халифа болған екен. Бұл адам шу дегенде, әскербасы болып, кейін халифалыққа көтеріледі. Халифа болғаннан кейін өте қатыгез болып, тура айтқанның басын алады. Өзіне қарсы келсе-ақ болды, оның нақақтылығына қарамайды. Сол басы алынғандардың ішінде «Сағид ибн Жабир» деген бір мәшһүр ғалым бар екен. Дәл сол дәуірде оған тең келетін ғалым жоқ екен. Бір күні әлгі жауыз халифа бірнеше нөкерлерімен аң аулауға сейілге шығып бара жатса, өзінің хатшысына:

- Менің нақақ өлтірген адамым қанша болды? - деп сұрайды.

Хатшысы:

- 50 мыңдай болды, - дейді.

- Күмәнмен өлтіргенім қанша болды? - деп сұрады.

- 20 мыңдай болды, - дейді.

Хужжак басқалардың барлығын күшпен өзіне қаратса

да, сол кезде Мекке шаһарын билеп тұрған «Ғабдолла ибн Зубайыр» деген әділ және диянатты адамды оңай-оспақ бағындыра алмайды. Хұжжаж Мекке шаһарына барлық әскерімен жаза жорығын жасап, Меккені басып алып, Ғабдолла ибну Зубайырды тұтқындайды да, онан:

- Мен әділмін бе? Залыммын ба? Енді айт! - дейді.

Ғабдолла көкірегін керіп тұрып:

- Нақ залымсың, - дейді.

Хұжжаж сол майданда оның басын алуға бұйырады. Ғабдолла «Лә Илаһа Иллаһу» деп иман айтып, еңкей бергенде, Ғабдолланың басы алмас қылышпен шауып түсіріледі.

Ғабдолланың басы жерге түскеннен кейін де, әлгі айтқан иманын бірнеше рет қайталайды. Бұған қарап тұрған Хұжжаж одан шошып кетіп, көтеріліп, есінен адасып ауырады. Көзі іліне берсе-ақ болды «Әнтә қаталтәни Бихайри хаққин - язалим» (мені жазықсыз өлтірдің, ей залым) деп, Ғабдолла Хұжжадың жағасынан алатын болды. Ақыры, Хұжжаж бір ай құтырып, ауырған бойы қиналып, жан береді.

Хұжжаждан кейін, Ғаббас тұқымынан һарун Рашид деген адам халифа болды. Бұл адам халыққа жағымды, әділ, ғылымды құрметтейтін турашыл екен. Ол бір күні дәрет алып, екі рақағат истихара намазын оқып: «Иә, Жаратқан маған Хұжжадың о дүниедегі хал-жағдайын көрсет, ұйқыда аян қыла көр», - деп мінажат етіп, ұйықтап қалады.

Дәл осы күні түнде һарун Рашидтің түсіне Хұжжаж кіреді, бірақ, өте сұрықсыз, адам көрсе, шошитын бейнеде кіреді. Екі көзі үңірейіп, ішіне кіріп кеткен. Екі шекесі қушыып суалып, екі беті қап-қара, денесі тілім-тілім жара, үсті-басында сау-тамтық жер жоқ, өрім-өрім болып кіреді.

һарун Рашид халифа:

- Ей, Хұжжаж, о дүниеге барғанда, жағдайың қалай болды? - деп сұрайды.

Хұжжаж:

- Қандай болушы еді? 70 мың адам өлтірген екенмін. Сол 70 мың адам үшін 70 мың рет өлтіріп, 70 рет қайта тірілтті. Соның ішінде, бір адам үшін және де 70 мың рет өлтіріп қайта тірілтті - дейді.

һарун Рашид:

- Ол кім? - деп еді, ол:

- Сағид ибну Жабирды өлтірдім емес пе, сол үшін - деді де, өз обалым өзімде деп, жылап жіберді».

Әкем осы бір хикаяны айтып болып, көзілдірігін бір қозғап қойып, екі көзін қарсы алдына қадап, аз-кем үнсіз отырды да: «Дүниеде екі түрлі жауһар бар. Бірі - Ғаділдік, бірі - ғылым. Ғабдолла ибну Зубайыр - ғаділ еді. Оны өлтірген Хұжжаж ес-ақылдан айырылып, құтырып, рәсуә болып өлді. Сағид ибну Жабир - ғалым еді. Оны өлтірген Хұжжаж 70 мың қайта өліп, 70 мың қайта тірілді. Ғибрат алыңдар, - деп барып, сөзін доғарды».

(Ақымұлы Ғазиз. Қазақ тарихындағы әйгілі адамдар.

Алматы, 2008, 42-44 беттер)

(Серік Негимов, Жақұт қазына.

«Жұлдыз» ж, №11, 2017)

ҒИБРАТ - 259

«Иілген мойынды қылыш кеспейді»

1920 жылдар мөлшері, Шеруші мен Жәдік арасында (рулар атауы) оңтүстік қыс ішінде қораға таласқан төбелес

- жанжал болып, жәдік жағы Шеруші Жіптелбайды өлтіріп қояды. Бірақ, төбелесте екі жағының саны орайлас болғанымен, сан жағынан Шеруші көп болғандықтан, Жәдік жағы майданнан сытылып шығады.

Сонда, Жәдік Шекер би «Қолмен істеген ісімізді мойынмен көтереміз, шарифатпен кескен бармақ ауырмайды» деп, жанына үш-төрт адам ертіп, Жіптелбайдың сүйегін түйеге артып алып, тұп-тура сүйекті Ақыттың алдына алып келеді.

Сол арада Шеруші жағынан мал қуу, ауыл шабу істері басталып кетіп, мәселе екі ру арасына айналғанда, Ақат қазы «Шекер би өз қылмысын өзі танып, Жіптелбайдың сүйегін шарифат алдына алып келді. Атамыз қазақта «Іілген мойын қылыш кеспейді» деген мақал бар. Оның сыртында қазақ арасында ерегіс пен айқаста, не қата тиіп, не бата тиіп туылған оқыс өлім болмаса, дәл өз қолымен әдейі кісі өлтіріп, өлім жазасына тартылған жағдай болған емес. Осы жолғы өлімді өлуші мен өлтіруші арасындағы мәселе ретінде қарау керек, кісі орнына кісі аламыз деу - рахымды үзіп, атыс пен шабыс сарпалданып тудырады» деп төрелік айтып, ақыры, 100 жылқы құнға тоқтатып (құнды ру болып, үстіне алады), мұның көп бөлімін телімге түсірмей, Жіптелбай туыстарына бергізеді.

Бұл билікке екі жағы да разы болады.

Ақат қазының 28 жыл ішінде нешеме түрлі дау-жанжалдарға билік-кесім шығарғанда, мүлт кеткен жері болмаған. Төрелікті ел іші қайшылықтар шырмауында қалмау үшін, жамандықтан жирендіру жолымен шешкен.

Билерге:

«Ұлық болсаң, әділ бол,
Шарифат ұстап, кәміл бол.
Елдің ғұрпын, жұрт жолын,

Жете байқап, таныр бол» деген

(Серік Негимов, «Жұлдыз» ж, №11, 2017)

* * * * *

ҒИБРАТ - 260

Ергежейлі христиан мен зағип мұсылман

«Екі жарты - бір бүтін» дегендей, көзі көретін Самирх шұрық-тесік Дамаск көшелерімен баратын жеріне жету үшін Абдуллаға сүйенсе, оның соқыр досы сол көшелердегі шұңқырларға түсіп кетпеу үшін досы Самирге сүйенген. Яғни, Самир досының арқасына отырып алып, жол көрсететін.

Сөйтіп, ергежейлі христиан мен зағип бір-біріне арқа сүйеп, өмірдің қиыншылықтарына қарсы тұрады. Бір бөлмеде тұрып, бірге жұмыс істейді.

Сол христиан ескі Дамаскінің бір кофеханасында «Хикаят айтушы» болып, нәпақа тапса, зағип мұсылман оның қасында пісірілген бұршақ сатып, көппен бірге керемет хикаяларды тыңдайтын.

Бір күні дәмі таусылып, Самир қайтыс болады. Мұсылман Абдулла жалғыз қалады. Жансерігінен айрылған ол қатты қайғырып, жер бауырлап, жатып қалыпты. Бір аптадан соң ол да о дүниелік болыпты.

Осы екі адамның өмірі жайлы Әл-Азхар университетінің кафедра меңгерушісі, діндар ғалым Ато әс-Сынбати өзінің бір еңбегінде «бұл екеуінің өмірі біздің барлығымызға адам қандай дінде болсын, бір-біріне мұқтаж екенің расхайхын үлгі» деп жазыпты.

(Бекен Қайратұлы, «ЕҚ», 2018 жыл)

ҒИБРАТ - 261

«Суға жүзіп, үйреніп пе едіңіз?»

Өзеннен адамдарды қайықпен тасып, күн көрген Қожанасыр, жел тұрып, су тасыған күні өзін зор, басқаны қор санайтын ғалымсымақты өзеннің екінші жағасына алып келе жатады. Арасында оны әңгімеге тартады, сөзінде әдейі қателіктер де жібереді. Бұл сопылардың әдісі. Сонда, педант Қожанасырға «Сен еш уақытта грамматиканы оқымап па едің?» деп сұрайды.

«Жоқ», дейді молда. «Онда, сен жарты өміріңді босқа өткізген екенсің», дейді педант. «Сіз суға жүзіп, үйреніп пе едіңіз?» деп сұрайды. «Жоқ. Неге сұрадың?» дегенде: «Онда, сен бүкіл өміріңмен қоштасасың, қайық суға батып барады» деп, байсалдылықпен жауап беріпті Қожанасыр.

Бұл жерде өз білетінін ғна бұлдайтын, ақиқат деп есептейтін, өмірге икемсіз, заманға бейімделе алмайтындар сыналып отыр.

(Амангелді Айталы, «ЕҚ», 02.02.2018)

* * * * *

ҒИБРАТ - 262

Шайханадағы айтыс

Пікірталас дәруіштердің кездесетін шайханасында болса керек.

Монах шайханаға кіріп келіп: «Менің ұстазым адамдарға мынаны хабарлауды бұйырды: «Өз басына әділетсіздікті

кешірмеген адам, оны басынан кешірген адамдай қабылдап, оған көнбесе, адамзат кемеліне келеді». Бұл сөздер лезде жиналғандарды таң қалдырады.

Сонда, Қожанасыр былай дейді: «Менің ұстазым айтып отырған әділетсіздік, шынында да, әділетсіздік пе, әлде, ол жасырын игілік пе? Көз жеткізбей ешкімді де, ештеңені де жоққа шығармау керек».

Қожанасыр әркез қарапайым, тіпті, ештеңеден бейхабар адам кейпінде өз ойын ортаға салып отырған, ал, ойларының астары терең.

(Амангелді Айталы, «ЕҚ», 02.02.2018)

ҒИБРАТ - 263

Шындықты меңгеріп, керісінше істеу

Қожанасыр сарайға шақырылады. Патша оған өзінің қол астындағыларының жалған сөзге үйір екендігі туралы қанжылады.

Сонда, Қожанасыр: «Тақсыр, ақиқат алуан түрлі. Адамдар оны тану үшін нақты шындықты меңгеріп барып, бірақ, барлығына керісінше істеу керек. Нәтижесінде, адамдар өздерінің ойдан шығарған ақиқаттарына ойланбастан сүйене береді, бірақ, олардың жалған екенін де сезінеді» дейді.

Патшаға әңгіме тым күрделі көрінеді. «Құбылыс, оқиға не шын, не жалған болуы керек-дейді патша. Мен адамдарды тек шындықты айтуды міндеттеймін, осылай адамдар ойларын тура айтуға үйретеді».

Ертеңгі күні қала қақпасының алдында дар ағашы жа-

сақталып, жендеттер де дайын тұрады. Жаршы: «Қалаға кірген әрбір адам, ең алдымен, патша әскеріне әділ, шын жауап беруі тиіс деп» хабарлайды.

Қожанасыр қалаға бірінші болып кіреді.

Әскери адам: «Сен қайда барасың, шыныңды айт, болмаса, асыласың» дейді.

Қожанасыр: «Мен дарға асылғым келіп, келе жатырмын» депті.

«Мен саған сенбеймін» десе. «Өте жақсы. Егер мен өтірік айтсам, онда, мені дарға ас» дейді молда.

«Онда, сен шын айтқан болдың» дегенге ол: «Дәл солай, тек сендерше шын» депті.

Бұл мысал ақиқаттың таза шын, не таза жалған түрінде бола бермейтінін, адамның «қуланып», басқа жол тауып, түрліше айла-тәсілге баратыны туралы.

(Амангелді Айталы, «ЕҚ», 02.02.2018)

* * * * *

ҒИБРАТ - 264

Үйректің сорпасы

Қожанасырға алыстан туысы сыйға үйрек әкеліпті. Қуанған Қожанасыр қонағымен оны пісіріп жейді.

Кейін оның үйіне адамдар «үйрек әкелген туысының досымыз», «досының досымыз» деп келе береді. Бірақ, ешқайқысы да, сыйлық әкелмейді.

Тағаты кетіп, шаршап отырғанда, тағы да бір бөтен адам келіп, «мен саған үйрек әкелген туысыңыздың досының досының досымын» деп, тамақ дәметіп, отырып алады.

Сонда, Қожанасыр оның алдына бір аяқ мысы су қойып-

ты. «Бұл не?» деп сұраған қонаққа: «Бұл менің туысқаным әкелген үйректің сорпасының сорпасының сорпасы» депті.

Тағамның қазанда қайта-қайта қайнай берген сайын дәмді әсері кететіні сияқты, жаттанды сөздердің де қайталануы мәселенің мәнін жояды, адамды зеріктіріп, мезі қылады.

(Амангелді Айталы, «ЕҚ», 02.02.2018)

* * * * *

ҒИБРАТ - 265

«Бетін қалдырмасын - ұрлап алар»

Қожанасыр қайыршы бейнесінде бір байдың есігін қағады. Үй иесі терезеден кім келгенін көреді де, қызметшісіне «Мені үйде жоқ де деп жауап бер» дейді.

Бірақ, үйде екенін терезеден байқап қалған Қожанасыр айқайлап: «Өте жақсы. Ол маған ешқандай көмек жасамаса да, мен оған бір кеңес берейін. Сен оған айт: «Келесіде үйден кеткенде, терезеде өз бетін қалдырмасын, біреулер ұрлап алар» депті.

Шыншыл Қожанасыр өткір әзілмен рухы жоқ, намыссыз, екіжүзді пенделерді сынап отыр.

(Амангелді Айталы, «ЕҚ», 02.02.2018)

Ғибрат - 266

«Не жоғалттыңыз ?»

Көршісі Қожанасырдың тізерлеп отырып, бірдеңені іздегенін көреді. «Не жоғалттыңыз?» десе, Қожанасыр «кілтімді жоғалттым» депті.

Бір сәттен кейін, «кілтіңізді қай жерде жоғалттыңыз» деген сұрағына: «Үйде» депті. «Онда, оны мына жерде неге іздейсіз?» десе, «Себебі, осы жер жарықтау сияқты» деген екен.

Бұл астарлы әңгіме: кілт-рухани құрал. Сопылар кейбір адамдардың рухани азықты, ең алдымен, өз ата-мекенінен, дәстүрінен, мұрасынан іздемей, сырттан іздеп, адасатынына меңзеп отырған. Шөлін мөлдір бұлақтан қандырмай, лай су ішетіндер біздің заманда да баршылық.

(Амангелді Айталы, «ЕҚ», 02.02.2018)

* * * * *

ҒИБРАТ - 267

Шәкірттерімен сұхбаттасу

Қожанасырдың шәкірттерімен сұхбаттасу барысында әлемнің тұтастығы, о дүние мен бұл дүниенің байланысы туралы әңгіме қозғалады.

Қожанасыр «оны түсіну үшін аллегорияны, тұспалдап ойлауды меңгерулерің керек» десе, бір шәкірті «Сіз маған нақты мысалмен, айталық жұмақтың алмасы туралы баяндасаңыз» депті.

Қожанасыр шәкіртіне алма берсе, ол «бұл алма жартылай шіріген, көктегі алма мінсіз болу керек емес пе» деген.

«Көктегі алма жемісі, шынында да, мінсіз - дейді Қожанасыр. Бірақ, сен де, мен де мына рухани шіріген, бүлінген дүниеде өмір сүргендіктен және қабілетіміздің шектілігінен де, ешуақытта жұмақ жемісінің қандай екенін біле алмаспыз» депті.

Күнделікті пенделік тіршіліктен жан тазалығына, ізгілікке, рухани жоғары дәрежеге жету жолдарын табу сопылық ілімнің негізі және ол - алыс, ұзақ жол.

Рухани кемелділік адамның тек интеллект деңгейімен, рухани қасиеттерімен өлшенеді.

(Амангелді Айталы, «ЕҚ», 02.02.2018)

* * * * *

ҒИБРАТ - 268

Себеп - салдар көзқарасын жоққа шығару

Қожанасыр өмірде барлығы мызғымас себеп-салдар тізбегі арқылы, алдын-ала анықталып қойған дейтін көзқарасты жоққа шығарады. Ол мынадай мысалға жүгінеді.

Тар көшеде келе жатқан Қожанасырға үйдің шатырынан бір адам құлайды. Бірақ, құлаған адамға ешқандай зақым келмепті, ал, молла емханадан бір-ақ шыққан.

«Осы оқиғадан қандай қорытынды шығардыңыз? деген шәкірттерінің сұрағына ол «Адам шарасыз, тағдырдың бұйырғаны ғана болады деген ойдан аулақ болыңыз. Себеппі соңынан күткендей салдар бола бермейді. Шатырдан құлаған адамның мойны үзіледі деген теориялық мәселеден аулақ болыңыз. Адам шатырдан құлады, бірақ оның емес, менің мойным үзілді», депті.

Дағдыға айналған үлгілермен ойлайтын адамдар сәтті

өмір сүрсе де берер, бірақ, айналасында болып жатқан көп жағдайларды сезбейді, демек, ойы шектеулі, рухы төмен деген ой түйеді Қожанасыр.

30-жылдары елімізде қуғын-сүргін, жаза көп болды, бірақ, ол қылмыстың салдары емес еді. Бүгін қылмыс жасаушылар көп болғанымен, біз күткендей, әділ жаза бола бермейді. Заңға сенім болмаған елде, халықтың рухы төмен болатыны белгілі.

(Амангелді Айталы, «ЕҚ», 02.02.2018)

* * * * *

ҒИБРАТ - 269

Конфуциймен пікірталас

Қытай данасы Қожанасырға «әр адам өзін басқаларға қоятын талаптарға сәйкес ұстауы керек, сенің жүрегің өзіңе тілемегенді басқаға да тілемеуі тиіс» депті.

Дәстүрлі діндерге де, Конфуцийге де тән ортақ бір қағида барлығы белгілі.

«Өзіңе жасамағанды басқаға жасама» деген Қожанасыр қытайлық ойшыға: «Бұл ескертулер өзіне тілегенді басқаға тілемейтіндерді таң қалдырар. Тіршілікте адамның өзіне тілеуін досы түгіл, тіпті, дұшпанына тілемейтін жағдайлар болады. Өзіне тілегені мен бөтенге тілеуі үйлесе бермейді, бір адамның айынан шыққан екінші адамның ойынан шыға бермейді» деп жауап беріпті.

Адамдар арасында ақиқатты саралап, салыстырып баырып қана танитын, заттар мен құбылыстардың бір-бірінен артық-кемін байқап барып, таңдау жасайтындар аз да болса, бар. Сондықтан, ақиқат - нақты, салыстырмалы.

Тағдыр тәлкегіне түскен пенде өзіне өзі қол салуы мүмкін, бірақ, басқаға оны тілемейді.

Дәлелдеуді қажет етпейтін, ақиқатпен танылған қағидаларды әрдайым іс-әрекетке, басшылыққа алуға болмайтынын Қожанасыр тағы да бір дәлелдеп отыр.

(Амангелді Айталы, «ЕҚ», 02.02.2018)

а- * * * * *

ҒИБРАТ - 270

Тышқау, бақа-шаян... тағылымы

Өмір Темір мына бір көріністі көріп, ойға батады.

Бір тыйдқан жоғарыда тұрған етті біліп, алғысы келіп, тамға өрнелген шыққысы келеді. Бірақ, орта жолға барғанда, тайығх жығылады. Тағы өрмелейді, тағы жығылады. Тағы шығып, тағы жьнылады. Не керек, тоқсан тоғыз рет өрмелеп, жығылады. Оған да қарамай, жүзінші өрмелегенде, етке жетіп, жей бастайды.

Бұл көріністердің бәрін манадан көріп жатқан Темір ойлайды: «Мына тышқан ғой етке баруды талап етіп, сол етке барғысы келді. Бірақ, тоқсан тоғыз жығылды. Сонда да, өз талабын қойған жоқ. Ақыры, жүз дегенінде іздегеніне жетті. Ал, енді, менің осы тышқандай жігерім жоқ па? Мен де, сірә, тышқан құсап қоймасам, ақыры, хан болармын» деп ойлайды.

Бірде жас уағында Темірді Хорезм билеушісі қолға түсіріп, бақа-шаян, құрт-кұмырсқа, шыбын-шіркей қаптаған шұңқыр ішінде 62 күн ұстайды.

Сонда, Темір айтады екен: «Бұл кішкентай жәндіктер біздің шыдамды әрі табанды болуымызға қызмет етеді. Дү-

ние теріс айналса да, қамығып, қайғыруға болмайды. Барлық уақытта үміттену дұрыс, себебі, жақсы ойластырылған іске, мақсатқа тек шыдамдылық, көнтерлілік арқылы жетуге мүмкіндік бар».

Не деген қайрат, төзім, көркем сабыр десеңізші!

Амангелді Айталы, «ЕҚ», 02.02.2018)

ҒИБРАТ - 271

«Масыл емес, асыл екенсіңдер ғой»

Бұл оқиға аты белгісіз арғы заманда болса керек. Ғайыптан тайып, ел тізгінін ұстаған бір ақылсыздау хан қиялданып отырып, өзгеше бір шешімге келіпті. Бақ пен тақтан басы айналып, көзін шел басып, ақыл-парасаттан айрылған ханның ойына елдегі қарт кісілердің бәрі дайын асқа тік қасық масылдар екен. Сондықтан, олардан тезірек құтылу керек. Осы ойға табан тіреген хан жасы алпыстан асқандардың басын алуға бұйрық береді. Елде еңбекке жарамсыздар болмаса, шешетін түйін де болмайды, - депті хан.

Жарлық орындалмаса, бас кететінін білетін бас уәзір елдегі қарттардың бәрін бір жерге жиып алып, бәрін бір-ақ қырып салыпты, тек өз әкесін өлтіруге дәті бармай, орманда тығып ұстапты.

Қайран қарттар кеткен соң, елдің де құты қашыпты. Байлықтан береке, халықтан бірлік кетеді. Жер тозады, ел азады. Қара басының қамын ойлаған қарақшылар, ұрықарылар көбейіп, қазынаның қазаны тақырланады. Жүдеген елмен бірге өзі де жүнжіп жүрген хан көңіл көтермек болып, аң аулауға шығады. Елдің шетінде, желдің өтінде тұрған асу

бермес асқар тауды жанай ағып жатқан өзен жағасына келіп, сусын ішіп, шөлін басқан хан ағзам өзенге шомылып жүріп, су түбінде жылтырап жатқан ат басындай алтынды көреді. Ол алтынға қатты қызығады. Әйтсе де, тым тереңде жатқан қымбат қазынаны хан да, оның серіктері де ала алмайды.

Хан сарайға оралған соң, бас уәзіріне:

- Сен су астындағы алтынды алып шық! - деп бұйырады. - Ала алмасаң, басыңды аламын.

Жаны мұрнының ұшына келген бас уәзір болған жайды әкесіне айтады.

- Ол алтынды алуың оп-оңай, - депті әкесі.

- Ат басындай алтын, хан айтқандай, су түбінде жатқан жоқ, өзенге төнген биік жартастың басында тұр. Өзен түбінен көрінген алтынның өзі емес, оның суға түскен сәулесі. Шың басына шық та, жартас пен алтынның арасындағы саңлауға темір сүйменнің басын бойлата сұқ. Сосын тасқа аяғыңды тіреп тұрып, сүйменнің басын қисайта, шірен. Сонда, ат басындай алтын жартастан оп-оңай ажырайды.

Әкесінің ақылымен тура келген ажалдан аман қалған әрі қазынаға ат басындай алтын қосқан бас уәзірге хан:

- Ешкім ала алмаған алтынды сен қалай алдың? Шыныңды айт, әйтпесе, басыңды аламын, - депті.

Бас уәзір бар шындығын айтыпты. Біраз уақыт үнсіз қалып, ойға шомған хан:

- Мен қатты қателесіппін. Қайран, карттарым-ай, қадіріңді білмеппін-ау. Масыл емес, асыл екенсіңдер ғой, - депті.

(Сәбит Досанов, «Жұлдыз», №8, 2017)

ҒИБРАТ -272

Неге бас тартайын...

Бір дәруіш шалшықтың жанынан өтеді. Шалшықта бір шаянның батпақтан шығу үшін, жанталасып жатқанын көреді де, оған жәрдемдесуге бекінеді. Шалшықтың жағасына келіп, шаянды шығармақшы болыл, саусағын созады. Шаян, әдетінше, шағып алады. Саусағын қайта жинай қояды. Кейін қайта салады. Шаян тағы бір мәрте шағып алады. Дәруіш саусағын қайта тартып алады.

Мұның барлығын байқап тұрған біреу дәруішке жақындап: «Оны құтқарып қайтесің. Тастай салмайсың ба?» дейді.

Дәруіш оған қарап: «Шағу шаянның табиғатында бар. Ал, менің табиғатымда Алланың жаратқан барша жаратылысына деген махаббат, сүйіспеншілік бар. Шаянның табиғатындағы шағуға бола, өзімнің табиғатымдағы сүйіспеншіліктен неге бас тартайын?!» депті.

(Бауыржан Әлиұлы, «Иман», №12, 2017ж)

ҒИБРАТ - 273

Кісі тану...

Сахаба Омар ибн Хаттаб (с.ғ.) бір кісінің біреуді мақтап жатқандығын естиді.

Қасына келіп:

- Сен онымен сапар шегіп көрдің бе? - деп сұрайды.
- Жоқ.
- Онымен араласып көрдің бе?
- Жоқ.

- Өзінен өзі тәңір болмаған Алланың атымен ант етейін! Сен оны білмейсің, танымайсың, - деген екен.

Қысқасы, кісіні тек тәжірибе жүзінде ғана тануға болады.

(Бауыржан Әлиұлы, «Иман», №12, 2017ж)

ҒИБРАТ - 274

Есік қағу...

Бір кісі ғалым Ашр ибн Убейдтің (699-761) есігін қағады. Ашр есікке жақындап келіп: «Бұл кім екен?» деп сұрайды. Ол: «Бұл мен ғой», - деп жауап қатады. Мұны естіген Ашр: «Таныс бауырларымыздың расында «Мен» деп аталатын біреудің бар екендігін білмейді екенмін», - депті.

Есік қаққан кісі, шарият бойынша, өз есімін айтуы керек.

(Бауыржан Әлиұлы, «Иман», №12, 2017ж)

ҒИБРАТ - 275

Батылдық - ақылмен ...

Ирактағы Хорасанда әкім болып, билік жүргізіп, көпке танылғандардың бірі - Язид ибн Мұһаллаб (35-102) еді. Язид ел арасында жастайынан батырлығымен, жомарттығымен танылған-ды.

Бір күні Язидтің үстіне жоғарыдан құмыра құлай-

ды. Язид құмыраның құлап келе жатқандығын көрсе де, қашпайды.

Мұны әкесі Муһаллаб байқап қалып: «Батылдықты үйренген жерден, ақылды үйренбеген екенсің» дейді.

Батылдық әрдайым ақылдың жетегінде жүруі тиіс.

(Бауыржан Әлиұлы, «Иман», №12, 2017ж)

ҒИБРАТ -276

Микстура счастья для женщин

Пришла как-то одна женщина к своей подруге и пожаловалась:

- Муж как приходит домой, так сразу набрасывается на меня: ругает, кричит - спасения от него нет! ...

- Знаешь, подруга, есть у меня чудесное средство - микстура. Мне её одна знакомая дала. У тех жён, которые её принимают, мужья становятся тихие и спокойные. Я отолью тебе в бутылочку. А принимать её надо так: как только начинает муж буянить, набери в рот микстуру, только не глотай. И держи микстуру во рту, пока муж не успокоится. А как успокоится - выплюни.

Взяла женщина микстуру и пошла домой.

Через неделю встретила свою подругу и восторженно сообщила:

- Спасибо, тебе! Ты была права: подействовала твоя микстура на мужа! Как только возьму её в рот - моментально успокаивается.

(По материалам интернета, «И-Д», №21, 2017ж)

ҒИБРАТ - 277

Себебі не?

Омардың басшылығының кезінде екі жігіт бір адамды жетектеп, Омардың алдына алып келіп: «Ей, мұсылмандардың әміршісі, бұл адам біздің әкемізді өлтірді», - дейді.

Омар: «Шынымен, олардың әкесін өлтірдің бе?» - дейді.

Әлгі адам: «Иә, өлтірдім», - деп жауап береді.

Омар: «Қалай өлтірдің?» - дейді.

Ол: «Бұлардың әкесі түйесімен менің жеріме кіріп кетті, ескерттім, бірақ, ескертуімен құлақ аспады, сосын, тас жіберіп едім, басына тиіп, өліп кетті, алайда, оны өлтірейін деген ойым болмап еді», - дейді.

Омар: «Онда, бұл жерде өлген кісінің балалары қасас қылады, өлім жазасы, - дейді.

Анау адам тұрып: «Менің жанұяма деп жасырған аз дүнием бар еді, соны жанұяма табыстайын, жақындарыммен қоштасайын, үш күн мұрсат бер, қайтып келем, олай жасамасам, жанұям аштан өледі», - дейді.

Сол кезде, Омар қалың көпшілікке қарап: «Араларыңда бұған кепіл болатын бар ма?», - дейді. Адамдардың ешқайсысы жауап қатпайды, өйткені, оны ешкім білмейтін еді. Кейін ол өлген кісілердің балаларына қарап: «Мүмкін, кешірерсіңдер?» - дейді.

Олар: «Әкемізді өлтірген адам өлу керек», - деп, кешірмей қояды.

Кейін ол адамдарға бұрылып тағы сұрайды: «Кім кепіл болады, бала-шағасы аштан өлетін болды ғой», - дейді

Қалың топтың ішінен Әбу Зар тұрып: «Мен кепіл боламын», - дейді.

Омар: «Сен оны білесің бе?» - дейді.

Әбу Зар: «Жоқ, білмеймін» - деп жауап береді.

Омар: «Сен өлімге кепіл болып тұрғаныңды білесің бе?», - дейді.

Әбу Зар: «Иә, білемін, дегенмен, оның бойында имандылық белгілерін байқап тұрмын. Алла сүйген құлына жәрдемші болады», - деді.

Үш күннен кейін, келісілгендей, барлық адамдар жиналады, соның ішінде, өлген кісінің балалары, Әбу Зар да бар. Дегенмен, өлтірген адамның қарасы көрінбейді. Ақшам намазына жақындағанда барып, сол адам төбеден көрінеді. Сол жердегі адамдар әлгі адамның уәдесіне тұрғанына таң қалып, риза болады.

Өлтірген адам: «Тұрғылықты жерім алыс болғаннан кейін кешіктім, балаларыма бүкіл дүниемді табыс еттім, міне, енді, өлімге даярмын», - дейді.

Сенімге беріктігін көрген өлген адамның балалары «біз кешірдік» дейді. Сол жерде барша мұсылмандар қуанып, көздеріне жас алады.

Омар өлім жазасы берілген адамнан: «Сені өлімге кестік, сен өлетініңді біле тұра, осында келдің, себебі не?», - дейді.

Ол: «Мен сертімде тұрмасам, кейін мұсылмандардың арасында серт жойыла ма деп қорықтым, сол үшін келдім», - дейді.

Кейін Омар Әбу Зарға бұрылып: «Сен бұл адамды танымасаң да, кепіл болдың, оның себебі не?» - дейді.

Әбу Зар: «Мен кейін мұсылмандардың арасында бауырмашылдық, тақуалық әлсірей ме деп, қорыққаннан кепіл болдым», - дейді.

Омар әкесі өлген адамның балаларынан: «Сендердің әкелеріңді өлтірді, сендер не себептен кешірім жасадыңдар?» - дейді.

Олар: «Біз, егер кешірсек, мұсылмандардың ара-

сында мейірімділік жойыла ма деп қорықтық, сол себепті кешірдік», - депті.

Дана бабаларымыз: «Ер жігіттің екі сөйлегені - өлгені, емен ағаштың иілгені - солғаны» деп асыл сөз қалдырған.

(Хамзат Әділбеков, «И-Ө», №20, 2017ж)

ҒИБРАТ - 278

«Ұлыңды жерлеуге бер»

Тезек төренің жасы ұлғайған кезде, көрген барым да, байлығым да деп, сенім артып жүрген - ержеткен ұлы қайтыс болады. Алайда, ақсүйектен шыққан тәкаппар Тезек төре Алланың жазмышын мойындағысы келмей, «Осыншама дүниені, енді, кім басқарады?» деп, өзіне жақын баласын құшақтап, өлігін көмуге бермей, жатып алады.

Небір билер, беделді адамдар келіп, Тезек төренің бұл қылығы дұрыс емес екендігін айтып, баланың денесін жерлеуге беруін өтініп, көндіре алмайды.

Мұны естіп, ол кезде небәрі 13-14 жаста болған Жайнақ: «Бұл дауды мен шешем, аға сұлтанның алдына апарыңдар» дейді. Оны үлкендер жағы: «Мықтылар көндіре алмағанда, сен шеше алам деп отырсың ба?» - деп кідіртеді. Бірақ, басқа амалдары қалмағаннан кейін, бала Жайнақты байқап көрелік деп, сұлтанның ордасына апарады.

Ордаға кірген Жайнақ: «Тезек төре, басыңды көтер!» - деп үкімді дауыспен үн қатады. Оған бұлай дауыс көтеріп ешкім сөйлемегендіктен, Тезек төре бірден жалт егіп, басын көтереді. Сонда, Жайнақ:

- Сені ұлыңның артынан бірге кетейін деп жатыр деп

естідім. О дүниеге аттанбас бұрын, артындағы екі ру арасындағы үлкен дауды шешіп кет. Албаннан шыққан бір ауқатты бай көшіп-қонып жүрген кезде ат басындай алтыннын жоғалтып алған екен. Оны арғыннан шыққан жігіттер тауып алып, иемденіп бермей жүр. Жеме-жемге келгенде, албанның жігіттері: «Алтынды бермесең, тұрар жеріңді айт» - деп, қаруларын сайлап, соғысқа дайындалып жатыр. Екі ру арасында үлкен қантөгіс болмай тұрғанда, осыған төрелігіңді айтып кет», - дейді.

- Арғындар ат басындай алтынды иелеріне қайтару керек, - дейді.

Жайнақтың да күткені де осы жауап болатын.

- Ендеше, Тезек төре, сөзден ұсталдың Аллаһ саған ұл берді. Бала алтыннан артық. Сен де өзіңе берген сол ұлды алтыннан артық көріп отырсың. Аллаға ол керек болды, өзі қайтып алды. Сен оған араша тұра алмайсың. Сол себепті ұлыңды жерлеуге бер, - дейді Жайнақ.

Сөзге тоқтаған Тезек төре, амалсыз жеңілгенін мойындап, ұлын жерлеуге берген екен дейді.

P.S. Жайнақ Абақұлы - Тезек төренің сенімді билерінің болған.

(Назгүл Нүсіпқожа, «ЕҚ», 06.02.2018)

* * * * *

ҒИБРАТ - 279

Досыма аманат

Сонау ноғайлы дәуірінде атақты батыр Кегенес Кенжебайдың жан жолдасы Ақпанбет батыр азғырушылардың алдамшы сөзіне еріп кетіп, тұтас жұрттың бүлініп, берік ір-

генің сөгілуіне себеп болуға сәл қалады.

Ноғайлы билеушісі Мамайдың жарлығымен бүлікшілер талқандалып, Ақпанбеттің басы шабылып, батырдың үрім-бұтағы тұтқындалады. Ақпанбет өлер алдында, досы Кенжебайға кісі шаптырып, «досыма аманат - жалғыз ұлымды ажалдан құтқарсын, ұрпағым үзілетін болды» депті.

Хан жасағының алдынан шыққан Кенжебай, Ақпанбеттің жалғыз ұлына сауға сұрайды. Қаһарлы жасақ басшысы көнбейді.

Досының өлер алдындағы айтқан аманатын орындап, Ақпанбет батырды ұрпақсыз қалдырмау үшін, Кенжебай өзінің сегіз ұлының сыңары - үш жасар Жанұзағын Ақпанбеттің ұлының орнына өлімге беріп, досының ұлы Та-стемірді құтқарған екен.

Ол кезде ұлыстың бүтіндігі батырлық пен байлықтың құнынан жоғары болды.

(Бекен Қайратұлы, «ЕҚ», 07.02.2018ж)

ҒИБРАТ - 280

«Ағамның түтіні өшпесін»

Сарысу - таластың бойын жайлаған тама елінде Тұрдыбай, Танат дейтін ағайынды адамдар өмір сүріпті. Тұрдыбай ертерек дүниеден өтіпті. Одан Нұралы дейтін жалғыз ұл қалыпты.

Тұрдыбай марқұм өлерінде інісі Танатқа: «Мына сырқаттың беті жаман, егер де олай-бұлай болып кетсем, ұлым Нұралы - өзіңе аманат, қатарынан кем қылмай, өсір, түтінім өшпесін» деп аманаттайды.

Арада бір мүшелдей уақыт өткенде, дүние төңкеріліп, екінші дүниежүзілік соғыс басталады. Ел ішіндегі жілігі таитын ер-азаматтар жаппай соғысқа алынады.

Көппен бірге қара қоржыын арқалап, Таңат та майданға аттанады. Майданға кетіп бара жатып, әйелі Мариямға: «Марқұм Тұрдыбай ағам Нұралыны маған аманаттаған еді, ол, енді, саған аманат, бірдеңеге ұшырап қалмасын, ағамның түтіні өшеді», депті.

Уақыт сырғып өтіп жатты. Соғысқа кеткен Таңаттан қара қағаз келді. Мариям белін бекем буып, өзінің үш баласымен бірге, аманат иесі Нұралыны да қанаттыға қақтырмай, өсіріп ержеткізді.

Бір күні Нұралыны майданға шақырған қағаз келді. Мариям қатты абыржиды. Күйеуінің аманаты санасында жаңғырып тұрып алды: «...Ағамның түтіні өшпесін!»

Ақыры, Мариям аманат иесі Нұралыны алып қалып, оның орнына жасы әлі толмаған өз ұлы Қыдырәліні «Нұралы мынау» деп, майданға аттандырыпты.

Сөйтіп, аманатқа қылдай қиянат жасамаған.

(Бекен Қайратұлы, «ЕҚ», 07.02.2018ж)

* * * * *

ҒИБРАТ - 281

Жанақ ақынның наласы

Жанақ ақын орта жүз орысқа толық бағынған 1820-жылдары ер аралап келе жатып, үлкен жиынға кез болады. Астында адам қызығарлық шұбар аты бар екен.

Жиын үстінде елдің бір шонжары ақынның астындағы атына қызығады. Аударып алайын десе, бар қазаққа аты

мәлім Жанақтан жасқанады. Өзі де айлакер қу екен, шұбар аттың маңында айналсақтап жүріп, есінеген кезінде таңдайындағы бармақтай қара қалды көріп қалады.

Озбыр пенде дереу дау салады. «Мынау Жанақтың мініп жүрген шұбар аты - құнан шығарында қолды болған менің жылқым өзіме қайтарсын».

Жанақ аң-таң: «Ей, ағайын, бұл Ақтоғайдың Арқадағы пәлен деген байдың биесінен туған құлын. Мына пенденің сөзі түбірімен жалған», дейді.

Төрге жайғасқан төбе билер: «Сенің қандай датың бар» деп, әуелі, шұбар атқа жала жапқан жігітттен сұрайды. Ол: «Бұл шұбардың тай күнінде аузына ұры тіс шығып, соны суырған едім. Сонда, көзім шалған: үстіңгі таңдайында қап-қара қалы бар-тын...»

Билер атты алдырып, аузын ашып қараса, шынында, бармақтай қара қал тұр. Бәрі «енді, сен не айтасың» дегендей, Жанаққа қарайды.

Жанақ ақын бұл істе бір шикілік барын біліп тұр, бірақ, қолдан келер қайран жоқ. Ол былай депті: «Бір шартым бар: бұл жігіт «мынау - менің шын жоғалған атым еді» деп, Алланың атымен ант ішсін де, алып кете берсін». Анау да антұрған екен, Алланың атымен ант-су ішіп, шұбарды жетелеп, жүре береді.

Атының үстінен ер-тұрманын сыпырып алып, оны қолына ұстап тұрып қалған Жайнақ ақын:

Жанын берген Жанақтың шұбарын жер,

Мына адам шұбарды менікі дер,

Жақсы атымды жалғанға сатып алған,

Иә, Алла, залымның жазасын бер,

деп, дұғасын оқып, бетін сипайды да, қала береді.

Атты алған жігіт ауылына кетіп бара жатып, жолдағы бұлақтың басына түседі. Шылбырын беліне мықтап байлап,

бұлақтан секіріп өтпекші болғанда, шалқасынан түседі. Ат үркіп, шонжарды сүйретіп, денесін тастан-тасқа соғып, сау тамтық қалдырмай, шашып тастапты.

Осы оқиғаға куә болған жұрт, «бұл пенде Алланың атымен жалған ант ішті, содан болып, мұндай пәлеге жолықты» деп, бірден үкім етіпті.

Ақсақалдар Жанаққа келіп, «Қарағым, сенің ісің ақ екен, жалғаншының жазасын Алла берді, енді, өз атыңды ал» деген де, Жанақ ақын: «Жалғаншының жазасына себеп болған жылқыға, енді, менің ер салғаным жарамас. Алла тағаланың «зұлымдыққа ұшыраған адамның дұғасын қабыл етемін» дегенін білемін. Сол қабыл болды, маған дүниенің қажеті жоқ» деп, шұбар атты өлген жігіттің жаназасына сойдырыпты.

Р.С. Жанақ Сағындықұлы (1770-1850 жж. шамасы)

Семей өңірінде Абыралы жерінде дүниеге келген. Қарнақ медресесін (Түркістан) бітіріп, Ташкентте дәріс алған.

(Бекен Қайратұлы, «ЕҚ», 09.02.2018ж)

* * * * *

ҒИБРАТ - 282

Екі қасқырдың тайталасы

Кемеңгер қариялардың бірі немересіне өмір сырын былай деп, айшықтап айтыпты.

- Әр адамның көкірегінде екі қасқырдың өзара тайталасына ұқсас тартыс жүріп жатады. Оның бірі - күншілдік, қызғаныш, өзімшілдік, өтірік сияқты жаман қасиеттерді бейнелесе, екіншісі - сенім, шындық, мейірім, адалдық секілді жақсы қасиеттерді бейнелейді.

Бұл екі қасқыр сәт сайын, қадам сайын айқасып, өмір бойы күресумен болады.

Сонда, зерделі немересі атасының сөзін бөліп, былай деп еұрапты:

- Ал, ең соңында қай қасқыр жеңеді?!

Атасы сәл ойланып, немересінің пайдалылығына сүйсіне отырып, жауап беріпті.

- Сен қайсысын көбірек қоректендірсең, сонысы жеңеді.

Иә, өмірде ақ пен қара, жақсы мен жаман, дұрыс пен бұрыс, оң мен терістің тартысы қатар жүреді. Алайда, осыдан адаспайтыш тура, ақиқат жолын табу үшін адамның ажырата білу деңгейі ашық болуы керек. Ол үшін адам «бәрін де жүректе бағындыруы тиіс. Ұлы Абай атамыз өзінің «Он сегізінші қара сөзінде: «Тегінде, адам баласы адам баласынан ақыл, ғылым, ар, мінез деген нәрселермен озбақ. Онан басқа нәрсеменен оздым ғой демектің бәрі де - ақымақтық» - деп айтқан.

Ал, ендеше, келешек ұрпаққа лайықты қасиеттерге ие болу үшін қандай білім қажет?! Ол - рухани - адамгершілік білімі.

(Рубиналхутынова, «ЕҚ», 12.02.2018ж)

* * * * *

ҒИБРАТ - 283

Үй неге қымбат?

Лұқман ғұламаның бір шаһарда екі үйі болыпты. Бірі - зәулім, іші хан сарайымен бара-бар үлкен де, екіншісі - ешкімнің назарын аудара қоймаймын жатаған әрі кепедей тым тар болыпты.

Бірде, Лұқман хакім осы үйлерін сатып, басқа жаққа көшуге жиналады. Ол үшін, әуелі, үйін сатуға тура келеді. Қазіргі күннің өлшеміне салсақ, үлкенін қымбатқа, жұпыны үйін арзан бағаға сататыны белгілі ғой.

Бірақ, олай емес, керісінше, кең сарайлы үй арзанға, ал, лашығы қымбатқа бағаланады.

Сонда, сатып алушы хакімнің мұнысына түсінбей, бұлай етуінің жай-жапсарын сұрайды. Лұқман хакім мына үйімнің өте тар, лашық екені рас, бірақ, қасымдағы көршім жақсы адам еді. Ал, бұл Алла тағаланың бұйрығымен ғана нәсіп ететін бақыт, дүниені шыр айналсаң да, ондай жандарды таппайсың. Сондықтан мен үйдің құнынан жайсаң көршімді жоғары бағаладым депті.

(Қарашаш Тоқсанбай, «ЕҚ», 13.02.2018ж)

* * * * *

ҒИБРАТ - 284

Тоғайрық бидің тоқтамы

Тоқан (Тоғайрық) бидің туған інісі Малдыбай дейтін озбырлау пенде, бірде өздеріне аталас көрші рудың түйесін олжалап әкетеді. Тегі, ағасы би, руы өскен-өнген атаның балалары соны бедел тұтса керек.

Түйенің иесі малының ізін індете қуып, Малдыбайдың қорасына келеді. Келген бетте:

- Оу, ағайын, менің жоғалған түйемнің ізі осында келіп тірелді. Тез тауып беріңіздер, - дейді.

Барымташы:

- Түйенді алмақ түгілі, көргеніміз жоқ, айғағың болса мойныма сал, болмаса - антыңды ал, - деп жалтарады.

Түйенің иесі де қайтпайтын адам екен «Түйемді бер, бермесең - биге жүгінеміз, соның алдында анттасамыз» деп қоймапты.

Тығырыққа тірілген ұры:

- Кімге жүгінеміз, қайсы биге барамыз? - десе, мал иесі:

- Сенің туған ағаң Тоғайрыққа жүгінеміз, - дейді.

- Ол менің ағам ғой...

- Сенің ағаң Тоқан би не десе, мен оған ризамын.

- Олай болса, бүгін осында қонақ болып, бір малыңызды жеңіз, ертең ертерек бидің алдына барармыз.

Сөз осымен тәмам. Ертеңгі күні бидің алдына барып, соттасқалы отырған екі тарап бір тоқтысының басын мүжіп, батасын жасап, жайланып, қонақ болып отырысады.

Малдыбай қонақтарын жайғастырып тастап, кешкі ала көлеңкеде атына міне шауып, бір белдің астында отырған ағасының ауылына келеді.

Тоқан бидің жасы сексенге тақаған, бойының қуаты кеміген кезі екен, төсегінде жантайып жатқан бойы, інісіне:

- Түнделетіп неғып жүрсің? - дейді.

Інісі:

- Бір даукес шал түйесін жоғалтқан екен, онысын менен көріп отыр. Таңертең сіздің алдыңызға келіп, жүгініп, ант-таспақпыз. - дейді.

- Сен түйесін алған ба едің?

- Алған жоқпын..

- Әй, қайдам, алмасаң - ымыртта келмес едің ғой...

Осы сөзді айтады да, Тоқан би аунап түсіп, жатып қалады. Аздан соң, пысылдап ұйықтап кетеді. Ағасынан нақты жауап болмаған соң, үйге қайтады.

Таң атады. Даугер шал мен барымташы шайларын ішіп, батасын жасап, атқа қонады. Бидің үйіне келіп түседі. Келген бетте, түйенің иесі шешен адам екен, тізесін бүкпей

тұрып, сарнай жөнеледі.

- Ей, Тоқа, біле білсең, бір атаның баласымыз, құдай сіздерді артық жаратты, бізді аузыңызға қаратты. Көптің де барар жері бір - қара көр, аздың да барар жері - ақыры сол. Әділ болған адамға Алланың кеңшілігі мол. Ей, Тоқа, алдыңда алты қадам көр тұр, алты қарыс бөз тұр. Мәңкүр - мұңкір сұрау бар, жауап таппай жылау бар..., - деп даугер шал сөз бастаған екен.

Тоқаң оның сөзін аяғына тыңдауға дәті жетпей, «аһ-үһ» деп, жылай жөнеліпті. Онымен қоймай, інісіне қарап: «Қарағым, мынау адам кеше сен айтқандай, даукес шал емес қой, түйесі қайда, тез тап!» деп тоқтам айтыпты.

Р.С. Тоғайрық би - Абылайдың алдын көрген, еліміздің оңтүстік-шығыста өмір сүрген атақты би, қадірлі тұлға болыпты.

(Бекен Қайратұлы, «ЕҚ», 16.02.2018ж)

* * * * *

ҒИБРАТ - 285

Бөгенбай батырдың бәтуасы

Жоңғарлармен жайқын соғыс жүріп жатқан XVIII ғасырда Бөгенбай батырдың алдына ойраттың тұтқынында болған екі сарбазды алып келіпті. Олардың тұтқыннан қашып шығып, келе жатқан беті екен. Біріншісі - еңгезердей, тау тұлғалы жігіт те, екіншісі - шынашақтай, көзінен от шашқан біреу екен.

Бөгенбай шынашақтай сарбаздан: «Ойраттың тұтқынында қанша уақыт болдың?» деп сұрапты. Анау: «Екі ай тұтқында болдым» депті. Бөкең батыр: «Мына

жігіттің қолына қылыш ұстатып, жау шебін бұзатын маңдай қосынға жіберіңдер!» депті.

Еңгезердей батыр жігіттен: «Ал, сен тұтқында қанша болдың?» деп сұрайды. Анау: «Үш жыл жаттым» дейді. «Онда, мынаның қолына құрық беріп, жылқы бағуға жіберіңдер» депті Бекен.

Оқиғаға куә болып отырған басқа батырлар: «Бөке, әне біреу шынашақтай тапалды жортуылшы қосынға жібердіңіз де, тау тұлғалы батыр жігітке жылқы бақтырып қойдыңыз. Бұл әділдік пе?» деп сұрайды.

Бөкең жарықтық: «Анау шынашақтай жігіт тұтқында екі-ақ ай болыпты әлі рухы сынбаған екен. Қалмақтардан таяқ жеп, өшпенділігі бетіне шыққан, нағыз зор күйінде тұр. Сол себепті, таңдаулы қосынға жібердік. Қалмақ көрсе, қасқырдай шабайын деп тұр. Ал, тау тұлғалы батырдың үш жыл тұтқында жатыпты, қалмақтан әбден таяқ жеген, рухы сынып, құлдық өтіп кетіпті. Көзіне қалмақ көрінсе, жата кетейін деп тұр.

Сондықтан, оған жылқы баққаннан басқа жұмыс жоқ» депті.

(Бекен Қайратұлы, «ЕҚ», 28.02.2018ж)

ҒИБРАТ - 286

Адалдықтың жоралғысы

XVIII ғасырда Жәнбібек Бердәулетұлы дейтін батыр өмір сүрген. Шамамен 1711 жылдары туып, 1792 жылы дүниеден өткен. Осы кісі өзінің ұрпақ-жұрағатына қаратып:

Аумағың, ауылың,
асың адал болсын,

Адалдың қайыры бар,
 адамның зайыры бар,
 Ісің адал болса,
 тілегің қабыл болды! -
 деп өсиет тастаған дейді.

Батырдың өсиетін орындау үшін, кіндігінен тараған әулет «Адалдық жоралғысы» дәстүр белгілейді. Оның тәртібі былай: әр жылы мал төлдеп, қозы-лақ қара құлақтанған, ағашы бүр жарып, шөп шалғындап, жер жасылданып, ақ молайып, мал сөлденген маусым айында батырдың барлық үрім-бұтақтары жиналып, жоғары дәстүрді атқарады.

Әуелі, ақ дастарқан үстінде жас шыбықтар әкелінеді. Алдымен, әулеттің үлкені бас болып, батырдан қалған мұра кездікті қолға алып, көпшіліктің алдында. «Менің асым - адал, сезімім - адал, ісім - адал» деп, қолындағы жас шыбықты кеседі екен.

Егер де біреуге айтып, алдаған немесе өсек таратқан, ұрлық жасағандары болса, көптің алдында тәубеге келіп, күнәсін мойындап, кешіріп сұрайды екен.

Мұндайда әулеттің үлкендері шешім қабылдап, зиянданушы жақтан кешірім сұрап, тіпті шығын болса - өтеткізген. Егер зиян келтіруші туыстық шығынды өтейтіндей дүниесі болмаса, ағайындары көмектеседі.

Мұндай дәстүрден кейін, әулеттің адамдары жыл бойы өзін, сөзін, ісін жамандықтан сақтап, жылына бір келетін жоралғыға ұялмай бару үшін адалдық жолынан таймауға тырысып, өмір сүрген.

Бұл дәстүр Алтай - Зайсан өңірінде жаңа низамға дейін (қазан төңкерісі) сақталып келген. Қазір жоқ. Осындай бір ғана дәстүр қаншама жыл қаншама адамды жамандықтан сақтап келді.

Қайран қазағымның дәстүрлері-ай.

(Бекен Қайратұлы, «ЕҚ», 06.03.2018ж)

Атақты «Қоянды» жәрмеңкесіне Иманжүсіп Құтпанұлы ағасына еріп, Қажымұқан балуан да келеді. «Даланың бұлшық еті» атанған алып күш иесін көрген жұрт мәз. Кезек-кезек қонақ қылып күтеді.

Қажекең әнші Майра Уәлиқызының сырнайлатып салған әнін тыңдап, өзі де бір дүркін тарғыл дауысымен Балуан Шолақ ағасының әнін айтып, реті келгенде, циркте үйренген небір ғажайып өнерін көрсетеді.

Қажекең осылай әр үйдің төрінде тасып-шалқып, қымызға елтіп отырса, есіктен шынашақтай шал кіріп келіп:

- Әй, үйген боқ, неменеге төрде шалқып отырсың, мына шаңырақ иесі менмін, атып тұрып, неге сәлем бермейсің? - деп шақылдайды.

Істің байыбын аңғармаған балуан, шақар шалды көтеріп алып, «шаңырқа иесі болсаңыз, менде неңіз бар, шаңырақта отырмайсыз ба?» деп, ашық тұрған түңіліктен көтеріп алып, шығарып жібереді.

Көрген ел күліп, жырғап жатыр.

Бұл шалың оңай-оспақ адам емес. Сонау Кеңесары кезінде Қарасор өңіріне ауып келген, аз үй қыпшақтың қадірлі ақсақалы екен. Тіпті, оның бір ауыз сөзін атақты Иманжүсіптің өзі жерге тастамайтын қадірі бар.

Оны Қажекең білмеген. Шақар шал шауып отырып, Иманжүсіпке барады:

- Ана ақымақ інің мені көптің көзінше мазақ етті.

Имекең қаһарына мінеді. Қабағынан қар жауып, ақсақалды алдына салып, балуан отырған үйге келеді.

- Ей, Қажымұқан, шық үйден!

Ел абдырап қалады. Есік алдында қаршығадай шүйіліп

Имекең тұр. Қажекең де өзінен бір ағаттықтың кеткенін дереу аңғарады. Үйдегі елге баяу айтып, ағама өзім жалғыз барайын деп, табалдырық аттайды.

- Алдияр аға!

Атан түйедей балп-балгі басып, жетіп келген інісіне Имекең «мына ақсақалды танысың ба?» деп, қамшының ұшымен манағы шынашақтай қарияны нұсқайды.

- Танымадым, көке!

-Танымасаң, мынау, - деп Иманжүсіп дырау қамшымен інісінің жан арқасын көздеп, лыпыта бір тартады да, атының басын бұрып, жүре береді. Қамшының қуаты сондай. Қажымұқан балуан қиралаң етіп, шөке түсіп, отырып қалады.

Қарап тұрған қауым: «Япырым-ай, батыр сізді қатты ұрды-ау» деп жанашырлық танытады.

Сонда, Қажекең:

- Ағам мені қамшымен жай ғана сипап өтті емес пе, шын ұрса, қақ бөлініп қалмаймын ба? - депті.

Бұл оқиғадан не түйеміз: мұнда аға мен інінің терең сыйластығы және қазақ дәстүрінің сом тұлғасы жатыр.

(Бекен Қайратұлы, «ЕҚ», 12.03.2018ж)

* * * * *

ҒИБРАТ - 288

Иногда лучше призывать молча

Один человек ходил в мечеть для коллективного намаза, и вдруг он перестал ходить в мечеть. Через несколько недель имам решил посетить его.

Это был холодный вечер. Имам увидел этого человека

в одиночестве у себя дома, он сидел перед пылающим камином. Человек недоумевал, зачем пришел к нему имам, но поприветствовав его, пригласил к себе домой и предложил сесть у камина...

Молчание...

Имам сидел, но ничего не говорил. В тяжелом молчании он созерцал танец пламени в камине. Через несколько минут имам взял каменные шипцы, тщательно подобрал горящий уголек и положил его в сторону очага в полном одиночестве, затем откинулся на спинку стула, и молчал.

Хозяин смотрел на это в тихом созерцании. Пламя в одиноком уголке сияло, и начало угасать вскоре он совсем остыл и угас. Ни слова не было сказано с момента приветствия.

Имам взглянул на часы и понял, что пришло время уходить. Он медленно встал, взял остывший уголек и положил его обратно в середину огня. Он начал сразу же светиться, уголек загорелся от тепла и огня горящих углей.

Как только имам подошел к двери, чтобы уйти, хозяин сказал со слезами, которые текли по его щекам:

- Благодарю вас за ваш визит и, особенно за вашу огненную проповедь. Я буду посещать мечеть снова, начиная с завтрашнего утреннего намаза, по воле Всевышнего.

Нашим лучшим призывом к Исламу является наше поведение, наши действия говорят громче, чем слова. Мы живем в мире, где мало слушают. Иногда лучше призывать молча.

(Мухаммед Кайсар, «И-Ө», №3,1-15.02.2018ж)

* * * * *

ҒИБРАТ - 289

Дуалдың жасығуы

Бәһлул Дана хазірет жолдың үстінде құлауға таяп, бір жағына қисайып тұрған дуалды көріп, өзінің тағдыры жайында терең ойға шомып кетеді екен. Дәл солай бір ойға шомып тұрған кезінде, дуал қисайып тұрған жағына қарай жығылып, құлап қалады.

Бәһлул дананың жүзінде сол сәтте қуаныш пайда болды. Оның бұл қуануының мәнін түсіне алмаған адамдар таңғалысып, себебін сұрағанда:

- Дуал қисайып тұрған жағына құлады! - деді.
- Жығылсын, ал, онда тұрған не бар? - деп таңданғандарға мына даналыққа толы жауабын берген еді:
- Бұл дүниедегі барлық нәрсе қай жаққа бейім болып тұрса, солай қарай жығылады екен. Ал, менің көңілім Хаққа бұрылып, бейім болғандықтан, мен де өлгенде, Алламен қауышамын, - депті.

(Осман Нури Топбаш, «Иман», № 1, 2018ж)

* * * * *

ҒИБРАТ - 290

Ең ұлық тұлға

Америка ғалымы Майкл Харт әлем тағдырына, адамзат өміріне ең көп әсерін тигізген 100 ұлы адамды таңдау бағытында жұмыс жүргізеді. Ұлы адамдарды таңдап алып, олардың күрестерін, істеген істерін және жеткен жетістіктерін

компьютер жадына көшіреді. Ұзақ айларға созылған еңбектен кейін, өзіне жүктелген ақпарат бойынша, компьютер автоматты түрде талдау жасап, әлемнің ең ұлық кісісін таңдады. Ол - хазреті Мұхаммед Мұстафа.

Зерттеу жұмысының артынша, француз журналы «Ле Пойнт» хазреті Мұхаммедті 1979 жылы «Жыл адамы» деп жариялады. 1979 жылы, 29 желтоқсанда шыққан газеттер мұны басып шығарған кезде, оның себебін мына жәйтпен түсіндіреді: «Хазрет Мұхаммед 571-632 жылдар арасында өмір сүріп кеткеніне қарамастан, бүкіл дүние жүзінде оның әсері күннен күнге артып, миллиондаған адам оның көрсетіп берген жолынан әлі күнге дейін жүріп келеді».

(Осман Нури Топбаш, «Иман», №1, 2018ж)

* * * * *

ҒИБРАТ - 291

«Сені біздің амалдарымыз әкелді»

Тарихта залымдығымен танымал моңғол билеушісі Хулагу 1258 жылы Бағдатты жаулап, қырғынға ұшыратты. Төрт жүз мыңнан астам мұсылманды қырып салды. Мешіттер, медреселер жермен жексен етілді. Миллиондаған діни және ғылыми кітаптар Диджи өзеніне тасталды. Өзен қаншама күн бойы қан болып ақты. Сол күндері Хулагу Бағдаттың ең үлкен ғалымымен кездескісі келетінін жариялады. Бірақ, ешкім келе қоймайды. Өйткені, кездесудің нәтижесінде бастан айырылу қаупі де бар еді.

Бұл хабар сол заманның ең жас ғалымы Қадыханға жеткенде: «Онымен мен кездесейін» дейді. Адамдар: «Бір құрбан табылды-ау» деген оймен, демдерін іштен алды.

Қадыхан әлі жап-жас болатын. Сақалы да бірен-саран еді.

Хулагумен кездесуге барарда, өзіне бір түйе, бір ешкі бір қораз берілуін сұрайды. Сұрағаны дереу әкеліп беріледі. Қадыхан осы жануарларымен Хулагудың шатырына келгенінде жануарларды сыртта қалдырып, өзі ішке кіреді. Оны алып кірген жауынгерлер: «Сіз сұраған ғалым осы» деп көрсетеді.

Хулагу жас баланы басынан аяғына дейін шалып шығып:

- Басқа адам таппадыңдар ме? - деп сұрады. Қадыхан мұндай жағдайға дайын келгендіктен, Хулагудың сұрағына былай жауап береді:

- Сен кездесу үшін, ірі денелі біреуді күткен болсаң, түйемді алып келдім; жөн, әлде, кәрі ақсақалды біреуді күткен болсаң, ешкімді алып келдім, жоқ, әлде, жуан дауысты біреуді күткен болсаң, қоразымды алып келдім. Үшеуі де шатырдың алдында тұр. Солармен кездессең болады.

Хулагу алдындағы баланың жай адам емес екенін сезіп:

Сен бері жақындап отыр - деп орын көрсетеді. - Айтшы, қане, мені бұл жерге әкелген себеп не, - деп сұрады.

Қадыхан былай деп жауап береді:

- Сені бұл жерге біздің амалдарымыз алып келді. Біз нығметтердің қадірін біле алмадық. Негізгі мақсатымызды ұмытып, лауазым, байлық, мансап қуып, нәпсімізге еріп, саулық - сайран қудық. Хақ тағала бұл нығметтерді бізден алу үшін сені жіберді.

Хулагу екінші сұрағын қояды:

- Мені бұл жерден кім шығаруы мүмкін?

Қадыхан:

- Бұл да біздің өзімізге байланысты, тәубемізге келіп, қаншалық қысқа уақытта есімізді жиып, нығметтердің қадірін біліп, азғындықтан, ысыраптан, зұлымдықтан, бір-

бірімізді күндеуден, аңдудан бас тартсақ, сол кезде, сен бұл жерде тұра алмассың. - дейді.

Сөздің сырына, мәніне жеткен Хулагу шапқыншылығын тоқтатып, Бағдатты тастап кеткен екен.

(Төлеби Оспан, «Иман», №2 2018ж)

* * * * *

ҒИБРАТ - 292

Не істер едіңіз?

Бір үлкен фирма жұмыс іздеп келген бір топ адамға бір сұрақ қояды, ең жақсы жауап берген адамды жұмысқа алатындығын хабарлайды.

Сұрақ мынадай: Суық, ызғарлы түн Сіз жалғыз өзіңіз көлікте келе жатырсыз. Көлігіңіз екі адамдық. Ілгеріде автобус аялдамасында 3 (үш) адам тұрғанын көрдіңіз. Біріншісі - дәрігер, кезінде сізді жүрек талмасынан құтқарып қалған адам. Екіншісі - өте кәрі және ауру адам, тез арада ауруханаға жетуі керек. Үшіншісі - көрмегеніңізге көп болған, өте жақсы досыңыз. Осындай жағдайда, сіз не істер едіңіз.

Барлығы дерлік ауру кісіні құтқару керектігін айтты. Бірақ, бір адамның жауабы мынадай болып, жұмысқа алынады:

«Көліктің кілтін дәрігерге беремін, ол кәрі кісіні ауруханаға жеткізеді, ем-шара қолдана алады. Ал, маған аялдамада көптен бері көрмеген досыммен жеке отырып, әңгіме дүкен құруға мүмкіндік туады...»

(«Иман», №2, 2018ж)

ҒИБРАТ - 293

Өнегелі жақсылық

Бір дәрісінде атақын темірші ғалым, шейх әл-Наблуси мына әңгімені айтып берген еді:

«Көптеген жыл бұрын Дамаскідегі «Жамиғұл уард» (Гүлзар мешіті) имамы болған ұстазымыз, атақты шейх бізге басынан өткен мына оқиғаны айтты: «Бірде түсімде Пайғамбарымызды көрдім. Ол маған: «Пәлен деген адамға барып, менен сүйінші айт: «Ол жәннатта менің досым болады» деді.

Мен оянып алып, қайран қалдым. Менің түсім - аян түс. Пайғамбарымыз кірген түс - ақиқат. Ол кім екенін сұрап білейін» - деп шештім.

Ертеңінде жамағаттан ол кісі жайлы сұрап, кім екенін, қайда тұратынын біліп алдым. Сөйтсем, қарапайым, жеміс-жидек сатушы екен. Мен бір жағынан қызығып, ол, бір жағынан қатты өкіндім...

Қаншама жыл білім алып, дінде ғалым болып, имам болсам да, ол дәрежеге мен емес, қарапайым адам жетіпті?! Оның сыры не екен деп, сол адамды көруге асықтым.

Ол адаммен жеке кездесіп: саған Алла елшісінен сүйінші бар! Бірақ, сол сүйінші алатындай, жасаған амалыңды, сырыңды маған айтпайынша, сүйіншіні айтпаймын» дедім.

Ол маған: «Сіз де ондай болса, бұл сырымды ешкімге айтпаңыз, мен екенімді ешкімге білдірмеңіз» - деп, менен уәде алды.

Содан соң, мына оқиғасын айтып берді: «Бір-екі жыл бұрын үйленген едім. Әйелім үйленген соң, бес айдан кейін босанатын болып қалды. Яғни, бала менен емес. Мені оны талақ етуге де, абыройсыз қалдыруға да хақым бар еді. Өйткені, әділдік мен жақта болатын.

Содан кейін бұл жағдайды екеуіміз жасырдық та, әйелім ешкімге көрінбей, босанды. Жаңа туған сәбиді құндақтап, орап, таң намазына барғанда, көрсетпей ала барып, мешіттің босағасына апарып қойдым.

Имам намаз оқып бітерде, сәби қатты жылады, жамағат намаздан соң, сәбиді қаумалайтынын күттім.

Олар: «Бұл бала кімдікі? Кім тастан кетті? Тастанды бала» - деп шулап жатыр. Сол кезде мен барып: «Бұл баланы Алла ризалығы үшін мен асырап алайын. Алла берген екен», дедім.

Жамағат ризашылығын білдіріп жатты. Осылайша, мен біріншіден, сот та, мемлекет те мен жақта тұрса да, әйелімнің абыройын қорғадым. Екіншіден, сауаптан үміт етіп, жетім баланы асырап алған едім. Сол менің сырым» деді.

Мен оған Расулалла: «Сен жәннаттағы менің досым болады», - деп сүйіншілегенін жеткіздім».

Алла Тағала Құран Кәрімде: «негізінде, Алла әділетті, игілікті және ағайынға қарайласуға бұйырады...» деп келген («Нахыл:90)

Бұл жерде сол адам «әділетті» орындаса, әйелін талақ етер еді. Бірақ, ол «игілікті» орындады. Әйелін кешіріп, баланы асырап алды. Яғни, игілік, жақсылық әділеттен үстем болуымен ғана, осы қоғам бұзылмай тұрады», - деді.

Расында, қазақ халқында да осындай қасиет бар. «Құдайдың бергені» деп, ұрпағы ету де халқымыздың кең пейілді, мейірбан қасиетінен болып саналады.

(Қуат Қабдолла, «И-Ө», №4, ақпан, 2018ж

ҒИБРАТ -294

Жұмбақтап сөйлеу

Әз Жәнібек аңшылықпен жүргенде, елсізде бір күркеге тап болды. Хан күркеге басын сұқса, алтын тарақпен бұйра шашын тарап бір қыз отыр екен.

Қыз:

- Апыр-ай, бір ауыз сөзге келмей, жетіп келдіңіз-ау, соған қапаланып қалдым-ау! - деп, орнынан ұшып түрегелді.

Хан:

- Атаңыз қайда? - деп сұрайды.

Қыз:

- Алты аяқтымен аңға кетті, - дейді.

Хан:

- Анаңыз қайда?, - дейді.

Қыз:

- Сегіз аяқтымен дәмге кетті, - дейді де:

- Өзіңіз кім боласыз? - деп сұрайды.

Хан:

- Мен Әз Жәнібек хан боламын, - дейді.

Екеуара әңгімені Әз Жәнібек хан үйіне оралып, билеріне айтады. Өзі де, билері де қыздың бұл сөзін жыға түсінбейді. Хан бұл сөздің шешуін жас жігіт Жиреншеден сұрайды.

Жиренше: «Қыздың әкесі бір құс, бір тазы ертіп, аңға кеткен екен. Шешес буаз інген мініп, тұзға кеткен екен» депті.

Хан қызығып, қызға жаушы жібереді. Әкесі қызын ханға бермек болады.

Қыз әкесіне:

- Беріңіз, тек қалың малымды өзім сұраймын. Менің қалың малыма он бес лақ, жиырма бес қошқар, отыз бес бұқа, қырық бес айғыр, елу бес бұқа, алпыс ақ бас атап берсін! -

дейді.

Жаушы қыздың осы сөздерін айтып, қайтып келеді. Хан сөз астарын түсінбей, сұратқанын әзірлетіп жатады. Бұл хабарды іле-шала естіп, ханға Жиренше:

- Қыздың сөзі сыр мен құпияға толы, оның мағынасы. Он бес лақ текедей едің, жиырма бес - қойды игерген қошқардай едің, отыз бес - өкіретін бұқадай едің, қырық бес - азынайтын айғырдай едің, қырық бес - күркіреген бурадай едің, алпыс - атан болдың, - депті.

Хан райынан қайтып, Жиреншеге бір тұлып алтын апарып беріпті дейді кәрі құлақ қарттар.

(Серік Негимов, «ЕҚ», 19.03.2018ж)

* * * * *

ҒИБРАТ - 295

Тозақ та, жұмақ та адомның өз жүрегінде

Бір шебер суретші шіркеу қабырғасына Ғайса пайғамбардың ғұмырнамасын салады. Иса мен Иуданың бейнесіне кейпікер іздеп жүрген суретші бір күні ойнап жатқан бірнеше баланың ішінен бір балаға көзі түседі. Ол бала бетінен нұры төгіліп тұрған нағыз періште болмысты болады. Суретші әлгі баланы үйіне алып келеді. Күн артынан күндер өтіп, суретші қасиетті нәрсетенің бейнесін салып бітеді.

Бірақ, суретші әлі де Иудаға үлгі болатын жан таппай қиналады. Қаншама жыл өтсе де, Иуда бейнесі таптырмай қояды. Алайда, қартайған суретші ұлы оқиғаны, Иуданы күтуде еді. Суретші, тіпті, шарапханаларда жүретін болды.

Бір күні ол отырған шарапханаға «Шарап, шарап» деп бір маскүнем кіре құлайды. Оны сүйей берген шебердің

маскүнемге қараған бетте, жүрегі су ете түседі. Себебі, әлгі маскүнемнің бетінде адам төзгісіз опасыздық, сатқындық мен мұндалап тұрады.

Оны дереу үйіне алып келіп, атақты фресканы аяқтауға кіріседі. Бір-екі күн бойы шарапқа мас кейіпкер ештеңеге мән бермейді.

Бірақ, ол айыға келе, сиқы қаша сасқалақтап, өң-түсі өзгере бастайды. Қатты абыржып, алақ-жұлақ ете бастаған кейіпкерінен суретші мән-жайды сұрап, көмектесуге дайын екенін айтады.

Сонда, әлгі маскүнем кейіпкер бетін басып, қыстығып, жылап жібереді. Үнсіз ғана «Сіз шынымен-ақ мені танымадыңыз ба?» Осыдан қаншама жыл бұрын сіз мені осы жерге қасиетті нәрестенің, пайғамбардың кескінін салғанда да, алып келіп едіңіз ғой» дейді.

Бұдан шығатын қорытынды: тозақ та, жұмақ та - адамның өз жүрегінде деген тәмсіл.

(Ырысбек Дәбейдің «Ғасырдың таңдаулы әңгімелері» жинағынан аударған «Иуданың кескіні» атты туынды - Мирас Асан, «ЕК», 21.03.2018)

* * * * *

ҒИБРАТ - 296

Байымайтын бала

Сонау бір ертеректе, қазақтың көшпелі заманында, Арқаның тарлан бозында қайыстырып жылқы айдаған Аманбай деген бай өтіпті. Жарықтық малға бай болғанымен, басқа жарлы екен. Жан дегенде, жалғыз ұлы болыпты. Онысы ерке-шалжың, дүниеге қамсыз, оқу-білімге қырсыз...

Әбекең ұлы ержеткен соң, оны Сарысу-Шудың бойында дүкен ұстап, Бұқараның мыс ыдысы мен Құлжаның қытай матасын саудалайтын кәсіпкер досына аттандырады. Әрі ол досына хат жазып, жалғыз ұлымды еңбекке баулап беріңіз және мұның қолына кәсіп ашып, сауда жасауына жететіндей қаражат ұстатыңыз, оның қайырымы менен, деп өтініш етеді.

Аманбай байдың мұндағы ойы-әке дүниесін өзінікіндей сезінетін ұл, басқадан алған мүлікті ұстап, сауда үйренер, еңбекпен тапқан дүниенің ләззатын татар дегені. Сөйтіп, ширақ адам боп кетер. Әйтпесе, өзінде де дүние-байлық жетерлік. Әттең, осыған ие болар ұлдың түрі мынау...

Әкесінің аманат хатын арқалап, жолға шыққан ұл меңіреу дала- Бетпақты басып өтіп, жазға салым дүкеншінің ауылын тауып келеді.

Дүкенші ақсақал елдің шеткі жағында, тас бұлақтың басына жеке үй тіктіріп, сол жерде адамдарды қабылдап, сауда-саттығын жүргізіп отыр екен.

Айшылық жолды артқа тастап жеткен ұл «Ассалаумағалейкімді» айтып, табалдырық аттайды. Төр алдында қаққан қазықтай, қара қамзолын желбегей жамылып, бір қария отыр. Қарсы алдындағы үстелде қаптаған қағаз. Киіз үйдің дәл ортасында құрулы ошақта ашық от жағулы тұр.

«Уағалейкумсалам, төрлет балам», деп сәлемін алған ақсақал, қонаққа шай ішкізе отырып, мән-жайға қанығады.

Досының аманат хатын оқып болып, қоймашы ноғайды шақыртады. «Қоймадағы сандықтан бір дорба күміс ақша алып кел!» дейді. Үкім орындалады. Сөйтіп, бір дорба күміс ақшаны жолаушы жігіттің қолына ұстатады. «Осыған кәсіп істе?»

Сыңғырынан құлақтың құрыш-қышуы қанатын таза

күміс ақшаны бейғамдау қасына алған бала, төс қалтасынан қораптағы шылымды алып шығып, оның біреуін сіріңке шағып, тұтатады. Отырып алып, көк түтінді сораптайды.

Осының бәрін байқап отырған саудагер қария:

- Балам, әкең шаруақор, жақсы адам еді, сен оған тартпаған екенсің, жаңағы күміс ақшаны қайтар да, келген ізіңмен еліңе қайт, - дейді.

Түкке түсінбеген жігіт еліне оралады. Әкесіне болған оқиғаны тәптіштеп, баяндайды. Осылай да осылай, берген ақшасын қайтып алды.

Манадан бері ұлының әңгімесін үнсіз тыңдап отырған әке: «Е, қарағым, сен байымайтын бала екенсің» дейді.

- Шырағым, қасыңда лаулап, тегін от жанып тұрса, сен темекі тұтату үшін бір тал сіріңке шығындандың, соны ана менің досым байқап қалған да, сенің байымайтын бала екеніңді білген. Сөйтіп, ың-шыңсыз жолға салған. Енді, түсіндің бе? - депті.

(Бекен Қайратұлы, «ЕҚ», №4, 28.03.2018ж)

* * * * *

ҒИБРАТ - 297

Қайғының емі - естірту

Баяғыда жасы жетпісті желкелеп қалған ақсақалдың аң аулауға кеткен жалғыз ұлы далада қайтыс болыпты. Астындағы аты тастан құлап, мерт болған жігіттің мәйітін көрші ауылдың жігіттері көріп, ауылдағы ақсақалдарға жеткізіпті.

Үлкендер жылдам ақылдасып, жігіттің қазасын естіртуге осы ауылға жолаушылап келіп жатқан ақсақалдың қасына бір жігіт қосып, екі кісіні аттандырады.

Екеуі түс ауа ақсақалдың үйіне келіп түседі. Бейтаныс жолаушылардың сәлемін алып, төрге оздырған ақсақал «ал, қайдан жүрсіздер?» дегендей, бұрылып қарағанда, естіртуге келген кісі: «Біз бір алыс жақтан келе жатқан жолаушы едік, жолда әңгімелесіп келе жатып, бір сұраққа жауап таппай, жолдағы ауылға түстік. Ол ауылдың ақсақалдарынан сұрап едік, алға жүре берсеңіздер, таудың етегінде жалғыз үй отыр, сол үйдегі ақсақалдан сұраңыздар деп, бізді осылай жіберді» дейді.

«Ол қандай сұрақ екен» дейді ақсақал әлденеден сезіктеніп:

- Сіз бір күні керуен жолында келе жатып, ат басындай алтын тауып алдыңыз дейік, қуана қойныңызға салдыңыз, үйге алып келіп, үй-ішіңізді қуанттыңыз, айнала туыс мәз болысты, ептеп шетінен жұмсадыңыз. Алайда, бір күні сол алтынды жоғалтқан керуен иесі келіп, алтынын таныса, сол алтын иесінікі бола ма, кімдікі болады?», деген екен.

Сонда, бұл сөзді тегін айтып отырмағанын анық білген ақсақал, ауыр күрсініп, кемпір қасына шақырып: «Әй, кемпір, кел жақында, қолымыздан жасап алғанымыз рас, баламызды иесі алған екен, алтын иесінікі болады, иесінікі болады ғой», деп кемсеңдеп, жылап жіберген екен.

Естіртіп отырған ақсақал ары қарай тоқтау айтып, сабырға шарқырғанша, іргені дүбірлетіп, көрші ауылдың қадірлі ақсақалдары аттан түсіп, сау етіп, кіріп келеді. Бет көрісіп, көңіл айтады...

Ақсақалдың баласы берген Алланың оны өзі алуға да хақысы бар екенін дәл осы сәтте қабыл алуы қазаның қасіретін ішке жібермей, тосқауыл болып қалған жоқ па?

Одан кейінгі қаптап келген қалың ел, жерден ауыр ақсақалдың қайғысын бөлісіп, жеңілдетпеді ме?!

(Ұларбек Нұрғалымұлы, «ЕҚ», 18.04.2018ж)

ҒИБРАТ - 298

Елдің намысы

Бірде, қазақ этнологиясының білгірі Ақселеу Сейдімбеков марқұм «бала кезімде Башар ақсақалдан естідім» деп, мына бір әңгімені айтып еді.

Қайран Ахаң қазақтың көне салтын сарша тамыздың сары қымызындай аңсаушы еді. Әр сөзі селеулі даланың ақ бұйра толқынындай, құлаққа күй болып еніп, еңселі тұлғасы мен құймалы күміс шақшасы, қиырды шолып қарайтын қыран қабағы, кере қарыс жазық маңдайы, көненің көсем салындай маңғаз жүрісі қандай еді...

Хош, сонымен,... қазақтың басынан бағы тайып, бодандыққа бас иген XX ғасырдың орта тұсында, Сарысу - Түгескен бойын жайлап, бес мейрамның бірі Қуандық елінде Құтжан деген қажы өтіпті.

Бірде Құтжекең елдің екінші бір ірі шонжары Бақа батырмен болымсыз оқиға үшін шарпысып қалып, кикілдің созылмасы дерттей жазыла қоймапты.

Сол жылдары елде болыстық сайлау өтіп, Құтжекең өз атын ұсынады. Қызық болғанда, бұл кісінің кандидатураның Ақмоладағы ояз бекітпей тастапты. Тексеріп көрсе, бір қулар араға адам салып, тілмаш арқылы ояздың жемсауын толтырып тастаған.

Жағдайға қаныққан Бақа батыр беліне қанжарын байлап, бес қаруын асынып, аяздың кеңсесіне басып кіріп: «Бунт будет... бунт будет» деп ағаш еденді найзаның дүмімен соққылайды.

Оязға да жан керек, оның үстіне, «бунт» деген жақсы дүние емес. Дерету мәселені жаймашуақ талқылап, ана ала-

яқты шақырып алып, парасын өзіне қайтарып, Құтжанның жолын ашады.

Сөйтіп, көңілі жайланған жұрт жау түсіргендей, жайраңдап елдеріне қайтады.

Сөздің реті келгенде, бір азамат Бақа батырға «Уа, батыр, бізге мынаны түсіндіріңізші, сіз Құтжанмен араз емес сіз бе? Енді, міне, сол бақталасыңыз үшін ата жау оязды тоқптақтадыңыз! Не себептен Құтжанның жыртысын жырта қалдыңыз»

Сонда, батыр қатуланып: «Өй, шірік неме, Құтжанмен мен аразбын, бірақ намысым араз емес, соны да түсінбейсіңдер ме? Бұл жерде елдің намысы кетіп бара жатқан жоқ па?» деп, қасындағы қаптаған атқосшыларына алайып бір қарап, сонау мұнарланып тұрған Иманақ тауын бетке алып, тартып отырыпты.

(Бекен Қайратұлы, «ЕҚ», 19.04.2018ж)

* * * * *

ҒИБРАТ - 299

Жазалаудың да қайыры бар

Шығыс әлемінде Харун Рашидті білмейтін адам кемдекем шығар. Сол бір атақты, әділ патшаның мұрагері Мамун медреседе оқып жүрген кезінде, өзі ерекше құрмет тұтатын ұлағатты ұстазы ешбір себепсіз дүре соғып қоя береді.

Қараптан-қарап, таяқ жеген бала:

- Ұстазым-ау, мені неге сонша жазаладыңыз? Мен не істеп қойдым? Бірдене бүлдірген болсам, айтыңызшы? - деп реніш білдіреді.

Ұстазы баланың ренішті сөзіне тіл қатпайды. Бала

қайта сұраса, ол тіл жармайды. Бұл оқиға Мамунның есінде қалады.

Содан, уақыт зымырап, өте шығады.

Бала Мамунның есейіп, патша тағына отыратын кезі туады. Таққа жайғаса беріп, қасына шоқпарын алады, содан соң, баяғы дүре соққан ұстазын шақыртады.

Сөйтіп, ұстазына бала кезінен жауапсыз қалған сұрағын қайта қояды.

- Сол кезде мені неге таяқтың астына алдыңыз? Қандай кінәм бар еді?

Сақалын қырау шалған қарт ұстаз езу тартып:

- Ұмытпапсың ғой, шырағым, - дейді.

Орнынан атып тұрған патша:

- Қалай ұмытамын, айтыңызшы, қалай ұмытамын? Біле-білсеңіз, сол соққы сүйегімнен өтіп, жүрегімді жаралады! - деп, қабағын түйіп, кіржіңдейді.

- Жарайды, балам, - дейді ақсақал. - Сені ренжіткен болсам, көңіліңе алма. Бұл дүние кем болғанымен, бір қайыры бар екенін естен шығарма! Ештеме бекерден-бекер болмайды. Әсілі, зұлымдыққа, әділетсіздікке душар болған адамның қандай күй кешетінін және оны ешуақытта ұмытпайтынын білсін деп соқтым. Ешкімге зұлымдық жасамасын дедім. Өйткені, зорлық-зомбылық өзің көргендей, қанша уақыт өтсе де, жүректегі сөнбейтін бір отпен тең!

(Мәлік Отарбаев, 30.04.2018ж, «ЕҚ»)

* * * * *

ҒИБРАТ - 300

«Балам өлген күні өлемін»

Бірде бір қазыналы қарт отбасымен дастархан басында әңгіме-дүкен құрып отырады. Әңгімеден әңгіме туып, оның сарыны өлім жайына ауысады. Әңгіме соңында қария өзінің өлегін күнін білетінін айтады.

Баласы таңданып:

- Сонда, сіз өлетін күніңізді білесіз бе?

- Білемін, әрине.

- Қашан, қай күні - деп баласы батылсыздау сұрайды.

- Мен, балам, сен өлген күні өлемін, - дейді ақсақал сақалын сипап, ойлана.

Бала шарт кетеді.

- Әке, менің өлгенімді тілеп отырсыз ба?

- Жоқ, балам. Сен түсінбедің. Сен тірі болып, аман-сау жүрсең, мен де өлсем де - тірімін. Сенің балаң болса, өмірім, тіптен, ұзара түседі. Адам ұрпағымен мәңгі жасамақ, - деді ақсақал.

Баласы түсіндім дегендей, төмен қарап, жер шұқылап, отырып қалады.

Иә, ұрпағы тірі адам әсте өлмейді.

*(Оралбай қажының аста айтқаны негізге алынды,
Қарағанды, 1 мамыр, 2018ж.)*

* * * * *

ҒИБРАТ - 301

«Орныңнан тұр, шүкір қыл»

Бірде жалғызының қайғысынан ас ішпей, әрі қарап, жа-

тып қалған Баймұрат деген кісіге біраз адам келіп, көңіл айтады. Үкілеген жалғыз үміті желге ұшқан жаралы жүрек жүзін елге қаратпастан, әрі қараған күйі жата беріпті.

Үш күн өтеді, төрт күн өтеді, ас ішпейді. Бұл хабар да ауыл арасына тарайды. Бесінші күні бесінде үйге жасы жетпіске келсе де, әлі шыр еткен нәресте көрмеген Жанғазы дейтін ақсақал келеді. Дұғасын қайырған соң, сөз бастайды: «Жә, Байеке, өткенде елмен бірге келіп, көңіл айтып шыққанмын. Онда да балаңды ел өлтіргендей, теріс қарап жатып алдың. Өзі тұрар деп, үндемей кетіп едім. Құдайға әлі өкпелеп жатыр деген соң, қайта келдім. Әй, Баймұрат, тыңда сөзімді! Көзімнен сораң ағып, Құдайдан бала тілегелі, міне, 50 жыл болды, үміт те үзіліп, жапырақсыз қу дарақтай қуарып отырғанымызды бүкіл ел біледі. Маған, Алла тағала, бір шыр еткен беріп, көзім қанып - бір көрсем, кеңсірігім жарып - бір иіскесем, алақаным толып арқасынан ұстап, кеудеме бір бассам, шіркін-ай, сарайым ашылар еді, зарығым басылар еді, содан кейін Алла қайта өзі алып кетем десе арманым жоқ еді... Саған Құдай бермеді ме, берді. Былдырлаған тәтті тіліне құлақ құршыңды қандырып, апыл - тапыл басқан аяғын қызықтадың, алыстан келгенде, құлындай құлдыраңдап, алдыңнан шықты. Құшақтасаң, құшағың толардай азамат қылды, ат жалын тартып, айбыныңды асырды. Осының бәрін көрсеткен құдай тағалаға өкпе артып, теріс қарап жатқан бұл жатысың - қай жатыс?

Аллаға елден артық қылған қызметің, өткізіп қойған дүниең бар ма еді, бұл фәни жалғаннан шыр еткен көрмей, зарығумен өтіп бара жатқан мына бізден бір жерің артық болмаса, орныңнан тұр, шүкір қыл! - деп тоқтайды.

Сонда, Баймұрат орнынан тұрып:

«Сөзің сүйектен өтті ғой, Жанғазы-ай, Жаратқанға назым жоқ, жанға батқан соң, жатыр едім, тұрдым, міне, тұр-

дым» деп келіп, Жанғазыны құшақтап, еңкілдеп жылаған екен дейді.

(Ұларбек Нұрғалымұлы, «ЕК», 03.05.2018ж)

* * * * *

ҒИБРАТ - 302

«Құнсыз беріп пұлсыз алды...»

Кезінде Арқада өткен атақты Ерденнің жалғыз баласы қайтыс болғанда, аяқ жетер жердегі ел түгел келіп, көңіл айтса да басын көтермей, сартөсек боп сарғайып, жатып алған оқиғасын біраз жұрт біледі.

Сонда, суық хабар тигеннен кейін, сыр бойындағы Досбол мен Шоқай ел арасы шалғайлықтан, жетінші күні жетіпті.

Үйге кіріп, көңіл айтып, бет сипаған соң, арғы-бергіні ақтара, сабырға шақырып, Досбол сөйлейді. Ерден оған да мызғи қоймайды.

Сонда, Шоқай дауға түсер адамдай қатулана, шарт жүгіне отырып: «Ей, батыр Ерден! Басыңды көтер жерден! Құдайға құдіреттімін деп, Мейманасың тасып кеткен екенсің кердең?! Мыңды айдаған әкең Сандыбай да қара жерге енген! Оны мына Шоқай көзімен көрген! Әулие болсаң, әкеңді де, балаңды да алып қалуға әлің, қане келгені?! Көкті бу көтереді, жүйрікті ду көтереді, өлімді ер көтереді, ауырды нар көтереді! Ер емес пе едің, талай құқайды көтерген?! Тағы да айтамын: басыңды көтер жерден! Құнсыз беріп, пұлсыз алды, нең бар еді Құдайға берген?!» - депті.

Сонда, Ерден төсегінен басын көтеріп: «Уа, асыл туған асылдарым! Қайғырсаң да қаншама, өлі артынан өлмек жоқ.

Құрдымға хайыр кеткен соң, екі айналып келмек жоқ! Көтермесем басымды, көңілім өксік қаяулы! Ардақтыларым едің аяулы, саңлақтарым едің санаулы! Көңілде қайғы, шемен - шер, төбелерің де көрінбеген соң, күтіп жатыр едім, өздеріңдей асыл ерлерді жараулы! - деп, құшақтаса кетіпті.

Сонда, Ықылас қобызын күңіrentіп, «Ерден» деген күй шығарыпты. Оның өзі анау «Ақсақ құланнан» жалғанған жайдай болып, бүгінгі жетті.

(Ұларбек Нұрғалымұлы, «ЕҚ», 03.05.2018ж)

№

ҒИБРАТ - 308

«Қалай келсең, солай кетесің»

Көршінің әйелі жылап жүр. Киімдерін жинап жүр. Екі баласын киіндіріп қойыпты.

Атасы кіріп барғанда, сәлем салған келіншек «Ата, айтпай-ақ қойыңыз, неге келгеніңізді түсіндім. Мен енді, төзе алмаймын. Болды, қанша шыдадым. Өздеріңіз көріп-біліп отырсыздар, енді, мені тоспаңыздар! Кетем дедім, кетемін! - деп сумкасының аузын сыдырып жатыр.

Сонда, атам: «Е-е-е, қарағым, жөн, жөн...» деп, біраз отырды да, келіншекке: «Қарағым, осы сен осы үйге келгенде, нешеу едің?» деп сауал қойды.

Келіншек жауап бергісі келмесе де, атамнан именіп: «Бір өзім...» дейді.

«Ендеше қалай келсең, солай кетесің. Андағы екеуін шешіндір, руы бөлек өзге әулетке жәутендетпе! Мұнда да ел бар, аштан өлмейді, көштен қалмайды. Өз жұртының ішінде өссін. Ата-дәстүр солай» деп, сөзін салмақтап аяқтады.

... Келіншек өкіріп, екі баласын бас салды «Мен бұларды тастап, қайда кетем, ата! Бұлар - менің қолқа - жүрегім ғой!... деп, киімдерін киіп, томпиып тұрған екі баласын құшақтап, отыра кетті. Жылап отырып, екі баланы шешіндіре бастады.

Атасы «Алла разы болсын, айналайын, Алла жарылқайды сені» деп, бетін сипады да, шығып жүре берді.

... бұл күнде екі баладан кейін келіншек тағы да төрт бала туып, отбасы ордаға айналып, үлкен әулет болған.

(Ұларбек Нұрғалымұлы, «ЕҚ», 14.05.2018ж)

* * * * *

ҒИБРАТ - 304

Ауыздан шыққан сөз атылған оқ.

«Адам баласы кемшіліктен жаратылған» деп, Қасиетті Құранда айтылғандай, пенденің сөзі мен ісінен қателіктер кетіп жатады. Үлкен ғұлама имам Ғазали бабамыз айтқандай, пенде қателеспей тұрмайды, жақсы адам дегеніміз қателігін түзетуші, содан сабақ алған жан.

Бірде мынадай оқиға болыпты. Көршісінің баянды тірлігін қызғанған бейбақ оны «ұрлық жасайды, алаяқтықпен пайда табады» деп, жалған өсек таратады. Бұл сөз уақыт өткен сайын ісініп-күбініп, қазидың құлағына жетеді. Қазі - сот шабармандарын жіберіп, «ұрлықшыл» атанған - азаматты абақтыға жаптырып, тергеп тексереді.

«Аққа- құдай жақ» дегендей, жалалы жігіттің ешқандай жазықты емесі дәлелденіп, қазі-сот мән-жайды білмекке, өсек сөз таратқан адамды шақыртады. Ол кісі қазидың қаһарынан қорқып, өтірік-ғайбат айтқанын мойындап,

кешірім сұрайды.

Қази күнәһарға бір парақ ақ қағаз ұстатып, осыған ана жігіт жайлы айтқан өсек-ғайбатының бірін қалдырмай, жаз деп бұйырады. Анау жіпке тізгендей, тәптіштеп жазып шығады.

- Жазып болдың ба?

- Болдым.

- Онда, - дейді қази, қолындағы қағазды күлдей етіп ұсақтап тура да, үйіңе бара жатқан жолда, аттың үстінде тұрып, маң далаға ұшырып жібер. Осыны орындаған соң, қайта кел! Саған қандай жаза қолдану керектігін осы оқиғадан кейін шешіледі.

Қазидың тапсырмасын мүлтіксіз орындаған ғайбатшы ертеңінде алып-ұшып жетеді. «Күлдей етіп туралаған қағазды желге. Оның дұрыс болған екен, - деген Қази. Кешегі ұшырған қағаздың қиқымдарын түгел тауып, бәрін жинап, әкел де, бір-біріне қосып, жазбаны қайталап, оқып шық» деп бұйырады. «Олай жасай аламасаң, жазаға тартыласың».

Күнәһар қатты сасады. «Тақсыреке, желге ұшқан қағаздың қиқымын қалай жинаймын?»

Қази айтады:

- Сен, бейбақ, өсек айтпай тұрып, ойлануың керек еді, таратқан сөзің қағаздың қиқымдары сияқты күллі әлемге шашылып кетті, мені кешіргенмен, бәрібір жайылған өсекті қайта жинай алмайтыныңды ұқтың ба?

«Ауыздан шыққан сөз-атылған оқ» деген осы. Ұңғыдан ұшқан оқты қайтара алмайтынымыз сияқты, ауыздан шыққан сөз де қайта кірмейді.

Сөзге абай болайық, ағайын!

(Бекен Қайратұлы, «ЕҚ», 15.05.2018ж)

ҒИБРАТ - 305

Жақсы адамдардың ортасы

Ешкімнің сыртынан ғайбат айтпайтын кіммен жанасса да, соның жақсы жағын және жақсылығын көріп жүретін бір танысымның мінезіне қайран қалушы едім. Ол, тіпті, кейбір жұрт жаманға шығарып тастаған адамдармен араласса да, «оның жомарттығын айтсаңшы, мәрттігін-ай!» деп, әлгі «іске алғысыз» делінген адамдарды әп-сәтте керемет кісі қып отырады. Тіпті, әлгі кісілерді қарап отырып, сағынасың. Жақында сол азаматтың осы мінезінен сырын ұққандай болдым.

Үйіне барғанмын. Жастары жетпістен асқан ата-анасы бар екен. Анасы әңгімешіл, баласының достарымен, тіпті, жақын тартып, шүйіркелескенді ұнатады екен. Әңгіме әрідігінде бала тәрбиесі жөнінде бір-екі ауыз сөз айтып қалды. Қалай тәрбиелеген дейсіз ғой?

«Үйде бес бала болды, қанша дегенмен бала емес пе? Сырттан, «анау сүйтті, мынау бүйтті» деп, бір-бірін жамандап келеді. Көршінің балаларын да тәртіпсіздер қатарына қосады.

Ол баланы: «Мен тәртіпсіздік жасамадым» деген ішкі ақталуы ғой. Содан мен бұлардың мұндай әрекеттерінен кәдімгідей шошыдым. Бір күні отағасыға айттым: «Бұлар осылай кете берсе, кейін айналасында жақсы адам қалмайтын шығар» дедім.

Содан ақылдасып, амалға көштік. Балаларға тапсырма бердім. Нұрсұлуға «сен Бектайдың үш жақсы қасиетін айтсаң, саған үлш кәмпит берем» деп, Бектайға «сен Нұрсұлудың бес жақсы қасиетін айтсаң, саған ойыншық алып

берем» деген секілді талаптар қойып, сыйлық беруді бастадым. Онсыз да жейтін кәмпит, алатын ойыншықтары ғой, содан, бұлар «ол үй жинауға көмектеседі, ол үй тапсырмасын уақытында орындайды, ол әке сырттан келгенде, амандасады» дегендей, бір-бірінің жақсы жақтарын санамалап тұрып, айтатын болды. Кейбір кезде аздап, өтірік те мақтап жібереді. Ондайда, тойтарыс берем. «Жоқ, бұлай емес, былай шығар» деп, бағыттап жіберемін.

Қызық болғанда, бір ай өтер-өтпесте, бұлар маңындағы адамдардың жақсы қырларына шын үңіле бастады. Біздің үй жақсы адамдарға толып кетті. Көршінің балаларын да мақтаса, сыйлық беріп отырдым. Кейін сыйлықсыз-ақ маңындағы балалардың, үлкендердің жақсы қасиеттерін айтып келетін болды. Өздері сондай болуға ұмтылады ғой, кейін.

Шүкір, өскенде, содан жаман болған жоқ. Адам бойында жақсылық та, жамандық та бар ғой, жақсы жағын көрсең, жақсы мәміле жасасаң, оның қайтарымы да жақсылық қой, шырағым. Ал, бір жақсылығын көріп, жаман адамдарға да сеніп қалуға болмайды. Оны адамның ақылы өлшейді ғой» дейді апамыз.

Содан ойыма өзіміздің орынсыз әрекеттеріміз орала бергені. Баламызға өзгенің баласын жамандауды үйретеді екенбіз ғой. Тіпті, өз баласына тамақ ішкізу үшін «пәленді қарашы, тамақ ішпей, күші жоқ болып қалыпты, менің балам тамағын тауысып қояды» немесе «пәленің баласы - жылауық, менің балам жыламайды» деп, айдаладағы Мұратты, Жанарды жамандайтын әдетіміз өтірік пе?

«Өзгенің жақсылығын көргіш болсаң, өзің де жақсылық көресің» деген сөзді тағы сол баласы жақсы апа айтып еді...

(Ұларбек Нұрғалымұлы, «ЕҚ», 17.05.2018жс)

ҒИБРАТ - 306

Екі жыл сөйлемеген келін

Оң жаққа түскен жас келін екен. Түскеніне бір жұма. Тойдың қызуы әлі де басыла қоймаған. Сондай сәттердің бірінде үйдегі құдаша, құрбы қыздармен әзілдесіп отырып, әлдебір сөзге қатты күліп жіберіпті. Тіпті, шаңқ етіп шыққан дауысы айналаны селт еткізіп, далада дәрет алып жатқан атасының құлағына жетіпті.

Сонда, атасы осыншама еркінсіген ебедейсіз күлкіге ақырып, ашу шақырмаса да, үй ішіндегілерге естірте: «Астағыфиралла, мынау арсыз күлкі шаңырақты шайқалтып, босағаны жаңғырттырды ғой, не деген ащы еді, қай көргенсізден шығып жатыр?» деген екен.

Сол сәттен бастап, келіннің тілі байланып қалыпты. Айтқаныңды естиді, ұғады. Бірақ тіл жоқ, сөйлемейді. Апта қуалап апта, ай жетелеп ай өтеді. Тіпті, жылдан асады. Отау тігіліп оңаша шығарады... Тіл жоқ. Ауыл болса, аңтаң. Алайда, келін ата-енесіне, күйеуіне, туыс, көршілерге зыр жүгіріп, қызмет етіп, айналаның бәрінен «Алла разы болсын» алып, алғысына бөленеді. Бірақ, тіл жоқ.

Жыл жарымнан асқанда, күдер үзеді. Келіннің енесі адуындылау адам екен, бір күні ұлына: «Бұл келініме тілінен өзге мін таға алмаймын, десе де елдің алдында жүрген ер азаматсың ғой, тоқал ал» деп, қысқа қайырыпты.

Келіннің тілсіз қалғанына екі жылға аяқ басыпты. Ұлы анасының айтқанын істепті. Той жасалып, тоқал түсіпті. Енді, отау тігу рәсімі болмақ.

Сол кезде кердеңдей басқан кіші жар: «Менің отауым үлкен үй жаққа тігілсін» деген екен. Ал, ретіне бақсақ, үл-

кен үйден кейін бәйбішенің, содан кейін тоқалдың отауы тігілуі тиіс.

Міне, ғажап! Сол кезде, енді ғана бәйбіше атанып жатқан мылқау келінге тіл бітіпті. Айқара жұрттың көзінше тақпақтата, шумақтата сөйлей жөнеліпті. Жаңа түскен тоқалға қарап.

Келін, келін, келін-ақ,

Келмей жатып, сөзге бақ.

Мен келгелі екі жыл.

Сөйлегенім бүгін-ақ, деген екен.

Айнала жұрт аң-таң. Алақайлы дауыстар! Аллалаған ата-ене, сүйіншілеп, шапқылаған тай құнан, мәре-сәре. Тойдың үстіне той жасапты.

Енді, барлығы жабылып, екі жыл бойы неге сөйлемей, тілін жұтып қойғанын сұрапты. Сонда, келін баяғы өзінің аңдаусызда шыққан күлкісіне қатты ұялғанын, атасының аузынан шыққан анау бір сөздің ауырлығын айтып, қиналғанын жеткізіпті.

Ел жадымен жеткен жоғарыдағы өлең шумағы қазақтың тұрмыс-салт жырлары топтастырылған ескі жинақтарда сақталған.

(Ұларбек Нұрғалымұлы, «ЕҚ», 18.05.2018ж)

ҒИБРАТ - 307

Ұяның бәрі киелі

Әмір Темір заманынан бері келе жатқан мынадай аңыз бар.

Бір көкқұтан ұшып келіп, өз ұясына жайғасып алған қарғаны көреді. Екі-үш күн өтсе де, ол бұған пәлендей мән

бере қоймайды.

Ал, төртінші күні төрт жүз көкқұтан ұшып келеді де, ұясын қарғаға берген әлгі көкқұтанды түте-түтесін шығарып, шоқып өлтіреді.

Құс екеш құстың да аты мен заты ала-құла, бірақ, ұясының бәрі киелі.

Жарты-ақ ауыз аңыздың астарында атан түйе тарта алмас ғажап ғибрат жатыр. Ол қай заманның да қаперіне ортақ. Ұядан ұрпақ өседі. Бұл - әлімсақтан келе жатқан дүниаяуи дәстүр. Ұясын берген құс та, үйін берген ұл да, ұят та, ар да, намыс та, ождан да олқы соғып тұрады. Ал, олқылық түбі бір опындырады. Опасыздық та осы тұстан бой көрсетеді. Қай ұрпақтың болса да, алдымен осыдан сақтанғаны абзал.

(Исраил Сапарбаев, «ЕҚ», 18.05.2018ж)

ҒИБРАТ -308

Ене мен келін

Баяғыда ит пен мысықтай арбасқан ене мен келін бір үйде тұрыпты. Бір-бірін көргенде, кірпідей жиырылып, түрпідей тиіседі екен. Келіннің берген асы мен сөйлеген сөзін былай қойғанда, «тық, тық» етіп жүргені де, кемпірдің жүйкесіне әбден тиіп болыпты. Отырса - опак, тұрса - сопақ. Қысқасы, кең дүние тарының қауызындай тарылып, қажаса-қажаса екеуі де титықтап, тығырыққа тіреліпті.

Күндердің күнінде құлағының құртын жеген енесінен жауыр аттай келіннің ойына жамандық түсіпті. Күншілік жердегі елге танымал бір емшіге барып, кемпірден көрген

қорлығын көз жасын сарқып отырып айтып, кемпірді өлтіретін дәрі жасап беруін өтініпті.

Көпті көрген қарт емші келіншекке бір құты дәрі жасап беріпті де, мынадай кеңес айтыпты: «Бірден өліп қалса, бала-шағасы, туысқандары сенен көрері анық. Сондықтан, бұл дәріні күнде аздап беріп отырасың. Үш ай өткенде, кемпірдің шаруасы бітеді. Қатаң ескерер бір жайт - ол кісіге бұрынғыдай сөз қайтарма, не десе де, «сіздікі жөн» дей бер. Дәрінің күші сонда жақсы болады, ашуланса - дәрінің қуаты әлсірей береді. Енді, онсыз да, үш ай ғана ғұмыры қалды ғой» дейді.

Келіншек үйге келіп, емшінің айтқанын айнытпай істеге кіріседі. Алайда, басқа шарт - бір төбе, әлгі шарт - бір төбе... алғашында біраз қиналады. Кемпірдің ерні жыбырлай бастайды. Көкірегінен лап етіп көтерілген қызыл жалын жұтқыншағына қылғынып тұрып қалады. «Сөйлеп қал, қақбас, үш ай ғана ғұмырың қалды ғой» деп іштен тынады.

Солай да солай апта өтеді, ай өтеді. Кемпір болса, аңтаң. Баяғыдай арсылдап тұрған келін жоқ, «Әй, қатын, әкел ананы... тарт мынаны...! деп қолды бір сілтесе болғаны, келін байғұс жерге салмақ түсірмей әкеледі. Қимылы да, сөзі де мамықтай. «Міне апа... тағы не керек?» Айтқаныңыз болсын...» деп, қиылып тұрғаны.

Сөйтіп жүріп, өзі де сөз қайтармағанға үйреніп, бұрынғыдай емес, бойы кеңіп қалғандай күй кешеді.

Не болса да, ененің емеуірінімен жүгірген екі ай артта қалды. Күн артынан күн келіп, ол да кейін сырғып барады. Енді, кемпір отырып ап, ал, ойлансын. «Құдай-ау, мына сорлыға неге ұрса берем? Сонша не жазып еді?...» деп, өзін кіналай бастайды. Дауысы бәсеңдеп, сөз де жұмсара бастайды. Бұрынғы әдетінше, қатқыл бастап қалған кей сөздерінің аяғын міңгірлеп, бәсеңдетеді.

Бір күні мынадай оқиға болады. Тістей қатып отыратын кемпір келінін еркелете шақырып алады да, аузында өмірбақи баданадай қара құлып тұратын сандығын ақтарып: «Мынау білезік, мынау жүзік... бәрі сенікі, мен оны көрге алып кетеді ғой дейсің бе, тағып ал, көркейіп жүр, қарғам...» деп елжірейді.

Міне, қызық, енесінің қылығына көңілі бордай босап қоя беретін келіншек, ауызғы бөлмеге атып шығып, қос білегін тізесіне қойып, отыра кетеді. «Қайран, енем-ай, өлеріңді білгенің бе, бұл не еткенің, қасиетіңді ғұмырыңның соңында бір-ақ білдім-ау... бір-ақ ай қалғанда, бір-ақ ай...» деп бетін басып, ағыл-тегіл жылайды.

Сонан кейін өкпесін қолына алып, өткендегі емшіге жүгіреді. Өзінің оңбай қателескенін айтып: «әлгі ішірткіңіздің күшін қайтарып, енемді аман алып қалатын дәрі жасап беріңізші...» деп, жылап еңіреп, етегіне оралады.

Тартысы мол өмірде талай көйлек тоздырған әлгі емші келіншекті шынтағынан сүйеп, орындыққа отырғызып қойып, былай дейді: «Мен берген дәрі - кәдімгі су болатын, адамға ешқандай зияны жоқ, менің мақсатым орындалды, енең Алланың берген жасын жасайды, әзір өлмейді, бара ғой...» депті.

Есі шыға қуанған келіншектің жүзінен төгілген қуаныш нұры емшінің бөлмесін шарпып кетіпті. Алаулап, бұл-бұл жанып, ұядай жылы үйіне ебіл-дебілі шығып, жүгіре жөнеліпті...

*(Ұларбек Нұрғалымұлы, «Егемен Қазақстан»,
25.05.2018)*

ҒИБРАТ - 309

Әли хазіреттің жауабы

Пайғамбардың (с.ғ.с) інісі әрі жалғыз қызы Бәтиманың жары, ислам дүниесінің төртінші халифасы Әли ибн Тәліп хазіретіге мұсылманшылыққа бет бұрмай, қасарысқан бір пенде келіп: «Ей, Әли, сендер бұл өмір уақытша сынақ деп жүрсіндер, о дүниеде есеп-қисапқа тартыламыз деп қорқасыңдар, таңнан тұрып, намаз оқып, адалдықпен өмір сүреміз деп, қиналасыңдар» дейді.

Сонда, Әли Хазіреті: «Сіз өте орынды сұрақ қойдыңыз, мен жауап берейін: сіз айтқандай, о дүниеде есеп-қисап болмайтын - маһшар күні таразы тартылмайтын болса да, менің ұтыларым жоқ.

Өйткені, таңмен намаз оқып, ерте тұрамын, таза ауа жұттым, елден бұрын тірлігіме кірістім, өзіңіз айтқандай, ұрлық жасамадым, өтірік айтпадым, соның арқасында елге сыйлы болдым, бейбіт тыныш өмір сүрдім, ұтылған түгім жоқ.

Ал, сіз о дүниеге сенбей, қалауыңызша өмір сүріп жатырсыз. Алда-жалда есеп күні болып, маһшарда таразы тартылып, күнәлар салмақтанса - сіз қайтесіз?» деген екен.

(Бекен Қайратұлы, «ЕҚ», 30.05.2018)

* * * * *

ҒИБРАТ - 310

Ашуыңды бер

Асан деген аңшы кісі болған. Аңшы болғанда да жәй, аңкөс емес, «аю, қасқырды алысып жүріп алады екен» дейтіндей аңызға жақын аңшы екен. Көкпаршы шалдардың

атқа міне алмайтын азаматтарға алая, аянышпен қарайтыны секілді, онда, кісілер аң аулай алмаған, адамдарға аяушылықпен қарайды ғой. Сондықтан, баласын да аң атуға баулымақ болып, анда-санда ертіп шығады екен.

Бір күні 15-16 жастағы баласы өзімен құрдас - досы, аңға құмар бір жігітті ілестіре шығыпты. Үшеулеп атқа қонады.

Ойламаған жерден, оқтаулы мылтықтың шүріппесі басылып кетіп, өздерімен ере шыққан жас жігіт жазым болады. Біреулер шүріппені басқан аңшының баласы дейді, біреулер абайсызда аңшының өзі басып қалыпты дейді, әйтеуір, әкесі мен баласының бірінен екені анық. Жә, енді не болмақ?

Бұл ауыл, ауыл дегенде, алпыс үйлі шағын ауыл емес, бір-бірімен жалғасып жатқан алты жүз қаралы аймақ. Сол аймақта айтқанда - сөзі, атқанда - оғы далаға кетпейтін Жұман дейтін ел-жұртқа қадірлі қария болған.

Асан, енді, солай шауыпты. Тізгін ұшымен жетіп: «Ақсақал! Жазым болған баланың қазасын естіртіп, әкесі Қасымбайдың ашуын беріңізші» деп, басына түскен іске араша сұрапты.

Ақсақал ойланып отырып: «Сен әдейі істедің бе, жазатайым болды ма?» дейді. Асан оқиғаның абайсызда болғанын айтып, «ашуын берсін, айыбын алсын» деп қолқалайды.

Жұман қарт жолға шығады. Қасымбайдың аулына келіп, суық хабарды жеткізеді. Жазым болған жігіт жалғыз екен. Анасы аңырап қоя береді, әкесі шөккен нардай бүктегіледі. Рулас, атайын-жұрт бар, ашумен атқа қатар мініп, Асанға қарай аттанбаққа айқай - сүрен дүрлігіседі.

Төрде отырған Жұман қарт күңірене сөз алады. «Айналайын, Қасымбай, әке жолдас едік қой, жамандық жерде жата ма, қазаны кім естіртпейді, кім естімейді, менің келген

шаруам - сабырға шақырып, Асанға деген ашуыңды сұрау, ашуыңды маған бер, оқыс болған оқиғамен әулет ара қырқысып, ел арасына іріткі түспесін, шыңдап келгенде, әркім межелі уақытымен кетеді. Себебін қусақ пенде баласының ақылы жетпейді, сенделіп кетерміз. Ашуыңды бер, алды жарық болсын, артқы жұмысын ыңғайлайық» дейді.

Қасымбай Жұман қарттың, қалғаны Қасымбайдың сөзіне тоқтайды. «Балам бір өлсе, Жұманның да сақалды басын сыйламапты дегізіп, мен екі өлетін жағдай жоқ, ашуымды бердім» деген екен, қазаның иесі Қасекең.

Бір-біріне қадірі бар, қайран, ерлер осылайша сөзге тоқтаған екен.

(Ұларбек Нұрғалымұлы, «ЕҚ», 04.06.2018)

* * * * *

ҒИБРАТ - 311

Сабырға берілген сый

Мұсылманға, жалпы адам баласына аса қажет дүние - сабыр. Яғни, сабырлы болу.

Сөзімізге дәлел ретінде мына бір оқиғаны баяндап берсек: үлкен сахаба Әбу Талханың жалғыз баласы сырқаттанып, әкесі түзде жүргенде, қайтыс болады. Оның әйелі Үмема Сүлейм өлген баласын жуындырып, кебіндеп, оң жаққа жатқызып қояды. Күйеуі үйіне келіп, әйелінен сырқат баласының ахуалын сұрайды. Әйелі: «тыныш, демалып жатыр» дейді, күйеуін жабырқатқысы келмей, сабыр сақтап.

Әбу Талқа таңертең ерте тұрып, намазға баруға ыңғайланған тұста, әйелі баласының дүниеден өткенін естіртеді.

Осы әйелдің сабырының өтеуіне Алла оларға тағы тоғыз ұл береді. Осы тоғыз ұлдың бәрі құран-қари атанады.

Жоғарыдағы оқиғаны тәпсірлеген имам Хафиз былай депті: «Үлема Сүлейм күйеуіне ұлының қайтыс болғанын айтып, жыламай, баласын жуындырып, кебіндеп болған жайды ертеңінде айтты. Оны мұндай әрекетке жетелеген - сабырлығы мен Алланың ісіне мойынсынуы және жоғалтқанының орнын толтырып береді деген үміті. Егер ол күйеуіне болған жайды сол сәтте айтып, сабырсыздық танытса, қалаған мақсатына жете алмас еді. Алла тағала мүмін әйелдің шын ниетін біліп, мұратына жеткізді!

Демек, сабырдың пайда беруі - дәл қиындыққа тап болған сәтте, оған сабырлылық таныту екен. Қиындық басылған соң, танытқан сабырлық - амалсыз көну немесе еріксіз бойұсынуға жатады. Оның сауабы аз.

(Бекен Қайратұлы, «ЕҚ», 05.06.2018)

* * * * *

ҒИБРАТ - 312

«Бұдан да жаман болуы мүмкін ғой»

Қазақтың үлкен ақыны Қадыр Мырза Әли «Иірім» атты естілік кітабында, Екінші дүниежүзілік соғыс жылдарындағы ауыл өмірін суреттей отырып: «Әжеміз сыртқы киімдерін шешіп, жастығының астына салып, қисаяды. Содан соң, дауысын шығарыңқырап: «О, Құдай! Бергеніңе шүкір» дейді.

Солай деп, Жаратқанға ризашылық білдіріп жатқан әжеміздің жалғыз ұлынан қара қағаз келген, күйеу баласынан қара қағаз келген! Шалынан түк хабар жоқ. Сөйте тұра: «О, Жаратқан! Бергеніңе шүкір!» дейді

Несіне шүкір дейді?! Осы сұрақты біз әжемізге қоямыз.

«Шүкір, демегенде, не деймін?! Бұдан да жаман болуы мүмкін ғой» дейді ол.

«Мен бұдан жаман күндерді көз алдыма елестете алмай, шаршаймын да, ұйқыға кетем» деп жазыпты.

Міне, бұл ғасырлардан үзілмей, жалғасып келе жатқан қазақтың имани әдебі, қиындыққа шүкір етудің шынайы үлгісі.

Бұрынғы аталарымыз өздерінің өмір сүру әдебін «қиындық келсе - сабыр етеміз, жақсылық келсе - шүкір етеміз» деп бағамдаған.

(Бекен Қайратұлы, «ЕҚ», 05.06.2018)

ҒИБРАТ - 313

Шүкірліктің нығметі

Алматы қаласындағы «Нұр Мүбәрак» ислам университетінің докторанты, дінтанушы Қуат Қабдолданың еңбегінде мынадай тәмсіл кездеседі.

Алыс жерде тұратын үлкен әулиені зиярат ету үшін, бір топ адам аттаныпты. Осылардың біріне ауылдағы ең бай адам келіп, әулиеге сәлем дегейсіз, менің малым тым көбейіп кетті, ақыреттегі есептен қорқамын, әулиеден «малы азайсын» деп, дұға жасауын өтініңізші десе, тағы бір пенде келіп, мен кедейліктен көз ашпадым, әулиеге айта барыңыз, «маған мал бітсін» деп дұға жасасыншы дейді.

Жолаушылар діттеген жеріне барып, әулиеге ауылдастарының сәлемін жеткізіпті.

Әулие айтады: «Бай адам шүкірін азайтсын, кедей адам шүкірін көбейтсін!»

Еліне аман-есен оралған зиратшы жоғарыдағы екі пен-

деге әулиенің сөзін жеткізеді.

Сәлемді естіген бай: «мұндай мол-дүниені берген тәңірге шүкірлігімді қалай азайтпақпын» деп қиналса, кедей адам «қорамда тышқақ лағым жоқ, мен қай бетіммен шүкір етемін» деп қиналыпты.

Міне, бұл шүкірліктің дүниелік нығметі. Яғни, кім көп шүкір етсе, оның ризығы артады.

(Бекен Қайратұлы, «ЕҚ», 05.06.2018)

ҒИБРАТ - 314

Шүкіршіліктің мәні

Сахабалар дәуірінде өмір сүрген ғұлама ғалым Ата бин Әби Рабах шүкіршіліктің нығметі «Аллаға бойұсыну және тағдырға ризашылық» деген тұжырым жасап, оның шарттары: тілмен, іс-әрекетпен және жүрекпен іске асырылатыны жайлы айтыпты.

Яғни, кейінгі оқымыстылар бұл пайымды: тілмен шүкіршілік дегеніміз - мадақ, іс-әрекет шүкіршілігі - амал, жүрек шүкіршілігі - зікір деп тәпсірлеп, осыны орындаушыларға жоғары дәрежеде нығметтер беріліп, Алла тағалаға жақындайтыны жайлы айтылыпты.

Тіпті, Мұхаммед пайғамбардың (с.ғ.с) өзі бір күнде 70 рет ұлы Иеге мадақ айтып, әрбір ісіне шүкірлік еткен.

Сол сияқты, қасиетті кітап Құранның «Әли имран» сүресінің 145-аятында: «Кім дүниенің пайдасын тілесе, оған одан беремін. Ал, көп ахирет пайдасын қаласа, оған одан береміз. Әрі шүкіршілік етушілерді сыйға бөлейміз» деп, тағдыр-талабына ырза, барға қанағат, жоққа шүкір ет-

кен пендені сыйға бөлейтіні жайлы үкім бар.

Қасиетті кітапта айтылғандай, шүкіршілік ету - иманы кәміл құлға тән амал. Иманы жоқтың шүкір етуі мүмкін емес.

(Бекен Қайратұлы, «ЕҚ», 05.06.2018)

* * * * *

ҒИБРАТ -315

«Бір зауалдың келетін уақыты...»

«Жұлдыз» журналының 1988 жылғы №10 санында Шәкәрім қажының немересі Кәмила Ғафурқызының естелігі жарияланыпты. Осында айтылғандай, 1931 жылдың кезінде «Шәкәрімнің отбасы түгелімен қамауға алынсын» деген суық хабар жетіп, ағайын-туыс, бала-шаға азан-қазан, у-шу болысады.

Сол кезде қажының 50 жыл отасқан жары Айғанша бәйбіше: «Кәне, тоқтатындар, біз 50 жыл шалқып өмір сүрдік, ендігі бір зауалдың келетін уақыты болды емес пе, бұрынғы бақытты өмірлеріңе неге шүкіршілік етпейсіңдер» деп, ақырған екен.

Сонымен, шүкіршіліктің «арылу» немесе «сыналу» нығметі бар.

(Бекен Қайратұлы, «ЕҚ», 05.06.2018)

ҒИБРАТ - 316

«Бұдан жаман не болатын еді?»

Ертеде арқалары жабысып туған егіздер (сиам егізі)

өмір сүріпті.

Егіздің бірі «бұдан да жаман болуы мүмкін ғой» деп, осы жағдайына шүкірлік етсе, сыңары ашуланып, «бұдан жаман не болатын еді?» деп, күңірене беріпті.

Содан, егіздің шүкірі бары қайтыс болып, екіншісі оны арқалаумен өткізіпті. Ол сыңарының «шүкір етейік, бұдан да жаман болуы мүмкін ғой» деген сөзін есіне алып, жылайды екен.

Бейбіт күніміз бен тыныш таңымызға шүкірлік болсын.

(Бекен Қайратұлы, «ЕҚ», 05.06.2018)

ҒИБРАТ - 317

Парацельс раушаны

Шәкірт ұстаз іздейді, бірақ, алдында тұрған кісіні сынап барып, өзіне ұстаз еткісі келеді. Ол өзінің шеберлігін дәлелдесе ғана, оның ұстазы бола алады екен.

Ұстаздың «Сен кімсің? Менен не күтесің?» деген сұрағына жауап бермес бұрын, шәкірт болғысы келген адам үстелдің үстіне алтын тиындарды сілкіп түсіре бастайды.

«Бұл ақша менің сенімен бірге жұмыс істегім келетіндігімнің дәлелі. Сенімен бірге (барлық нәрсені алтынға айналдыратын) тасқа жететін жолды жүріп өткім келеді» дейді.

Бірақ, ұстаз басына, егер «сенің мақсатың алтын болса, онда, сен менің шәкіртім бола алмайсың» дегенді айтады. Ұстаз болашақ шәкіртіне «тасқа баратын жолдың өзі тас» екенін түсіндіреді, егер ол осыны түсінбесе, онда, ешнәрсені түсінбегінін айтады. Оның әр қадамның мақсат екенін, бара

жатқан жерінің өзі де «тас» екенін айтады.

Келген кісі қолындағы раушан гүлін көрсетіп, осы гүлді өртеп, оны гүлден қайта қалпына келтіруін сұрайды. Ол осы көріністі өз көзімен көргісі келеді, осы ғажайып кереметтің куәгері келетінін айтады.

Ұстаз «сен тым сенгішсің, маған сенгіш адамдар керек емес. Маған сенімі бар адамдар керек. Раушан гүлі мәңгі, оның сырт пішіні ғана өзгереді. Сен оны қайта көруің үшін, бір ғана сөз жеткілікті» дейді.

Жас жігіт өз дегенінен қайтпайды, раушан гүлін отқа лақтырып жібереді. Ұстаз ешнәрсе демейді. Жігіт өз қателігін түсініп, кетіп қалады. Әрине, ол «Менің рухым күшейген кезде, қайтып келемін» дейді, бірақ, екеуі де қайтып келмейтінін біледі.

Ол кетіп қалған соң, ұстаз қасындағы гүлдің күліне қарап, сөз айтады, раушан гүлі қайтадан пайда болады.

Осымен әңгіме аяқталады. Болашақ шәкірт ұстазын сынағысы келеді, бірақ, ұстаздың да, оны сынап жатқанын байқамай қалады. Сондықтан, әкелген алтынын алып кетіп қалады, қайта оралмайды.

Шәкірт болғысы келген адам, раушан гүлін отқа тастаса, ол құриды, жоқ боп кетеді деп ойлайды, ол, ұстаз оған раушан отқа оранып, от болады, кейін күлге айналады, бірақ, қандай жағдай болса да, раушан гүл болып қала беретінін айтады.

Бұл әңгімеде... адамның өзіне және болашақ ұстазына деген сенімсіздігін ашық көрсетеді. Адам өзінің істеп жатқан нәтижесіне сенуі керек, сонда ғана нәтиже береді.

Түсініктеме: ғибратты тәмсіл жазушы Хорхе Луис Борхестің «Парацельс раушаны» әңгімесі негізінде жазылып отыр.

Әңгіме кейіпкерінің есімі - Парацельс. Бұл есім

швейцарлық алхимик, дәрігер, философ Филипп Рогенгеймнің (1493-1541) лақап аты.

Парацельс - латын тілінен аударғанда, «Цельстен басым түскен» дегенді білдіреді.

Цельс - латын тілінен аударғанда (б.э.д. I ғасыр) энциклопедист, медицина білгірі.

(Бахытгүл Салыхова, «ЕҚ», 12.08.2018)

* * * * *

ҒИБРАТ - 318

Ғалымдардан ғибрат

Атақты шейх әл-Наблусидің дәрісінен үзінді: «Алла тағала Құран Кәрімде: «Ал, кімде-кім Мені еске алудан бас тартып, Кітабымнан сырт айналса, оның дүниедегі тіршілігі таршылық пен қиындыққа толы болады әрі қиямет күні оны көрсоқыр етіп тірілтіп, махшарға да су қараңғы соқыр күйінде келтіреміз, деп бұйырған» («Та-һа» сүресі, 124)

Осы аяттың мәнін сұраушылар: «Мұны қалай түсінеміз? Бұл дүниеде билік пен байлықта жүргендер қалай тар өмір сүреді?» - дейді.

Оған ғалымдар әртүрлі жауап береді, ал, менің жауабым мынау: Адам қуанса да, қайғырса да, жүрегімен қуанып, не жүрегімен қайғырады. Біреу қарапайым, кедей үйде тұрса да, үңгірде қалса да (Хазіреті Пайғамбарымыз (с.ғ.с) мен Әбубәкір (р.а.), оттың ішінде қалса да (Ибраһим (ғ.с.) жүрегі Алламен бірге, сондықтан, бақытты. Ал, біреулер сарайда тұрып, билік пен байлық болса да, жүрегі дүниеге байланып, тарлықта болып: «Мен ең бақытсызбын», дейді.

Кезінде патша болып, кейін билігін тәрк етіп, тақуа-

лық жолына түскен атақты әулие Ибраһим Әдһап (р.а.) бір өлеңінде: «Біз болған жағдайды патшалар білсе, қылыштарын алып, таласар еді» деп айтқандай өмірдің ақиқаты осы.

(Қ.Қабдолла, «И-Ө», 16-30.04.2018)

* * * * *

ҒИБРАТ - 63

Дастарқанды сыйлау

Бір жаугершілік заманда мықты батыр бастаған сарбаздар жортып келе жатып, кедейдің үйіне кез болыпты. Сарбаздардың алға озбақ ниетін аңғарған батыр шаңдатып, өте шығуды әбес санап, тізгін тартып, қараша үйге түсіпті.

Кедейдің әйелі алақандай дастарқанын жайып, дәм-тауы онша болмаса да, сулы-суан қара көжесін қонақтарына ұсыныпты. Батыр қара көжені алдына алып, одан кейін қылышын қынабынан суырып, тізесінің астына қойыпты.

Сарбаздар, «Қылыш қынаптан шықса, бас кетуші еді!» деп, үрейленіп қалыпты.

Ас ішіліп, қолына қынапқа салынып, сыртқа шыққан соң, бір сарбаз: «Бас кетпей, қылыш қынапқа салынды...» депті батырға күмілжіп.

Сонда, батыр кедейдің жары дастарқанын жайып, ба-рын бергенін, оны түсінбей, қорсынып ақ ниетіне дақ түсірген біреу табылса, оның басы кететінін айтыпты.

«Сендер қылыштан қорқып, көже ішсеңдер, мен басымды кедейдің ілтипатына, оның алақандай дастарқанына иіп, берген көжесін сүйсініп іштім» депті.

Текті адам бай, кедей демей, жайылған дастарқанды киелі тастап кетуге болмайды деп ұққан.

(Сүлеймен Мәмет, «ЕҚ», 14.06.2018)

ҒИБРАТ - 320

Иманжүсіптің тапқырлығы

Бірін-бір көріп, бас қосуға ынтызар болып жүрген қазақтың арыстары алқа-қотан өнер көрсетеді.

Балуан Шолақ білектей темірді арқан сияқты білегіне үш-төрт қайыра орап, екі ұшын тұйықтап, тастай салады.

Қажымұқан болса, ұзын рельс темірді жотасына көлденең салып, жиналған халыққа «екі басына сыйғандарыңша, мініңдер» дейді. Ел темірге жабылады. Жұрт көбелектей шашырап ұшады.

Думан қызған бір сәтте жылқысы қойнауға сыймай жатқан атақты шонжар Сәлімбай ортаға шығады.

- Уа, халайық, менің бір шартым бар!

- Ләпбай, байеке.

- Олай болса, Балуан Шолақ пен Қажымұқан күрессін!

Қай жеңгеніне 100 жылқы беремін.

Сәлімбайдың үкімін естіген елде ес жоқ. Тобырға қызық керек. Жер тоқпақтап, шулап жатты. Күрессін! Күрессін! Елірген елдің шуылынан жер шайқалып, көк тербеледі. Мұндай сәтте кім де болсын, абдырап қалары сөзсіз, балуан Шолақ інісі Қажымұқанға қарайды. Қажекең көзін төмен салып, үнсіз ыңыранады. Ат үстінде шіреніп, сусар бөрігі желбіреп, Сәлімбай тұр.

Көптің айқай-сүреңінен кейін, шынында күреспек болып, Балуан Шолақ пен Қажымұқан белдеріне шалбар байлап, дайындала бастайды.

Осы сәтте аюдай ақырып, ортаға Иманжүсіп шығады:

- Ей, халайық, е, Сәлімбай! Өрге тартса, сорға тартатын неткен сорлы едіңдер! Бақтарыңа туған екі балуан көздеріңе

көп көрінді ме? Ал, екеуің күрестіңдер, бір-біріне зәбір жасауға итеріңдер! Бір-бірін майып қылса, сендерге пайда түсе ме? Неткен сорлы едіңдер!

- Ей, Балуан Шолақ, сен ұялмай, артыңнан ерген ініңді жер қаптырмақсың ба?

- Ей, Қажымұқан, сен мына елдің айтағына еріп, жалғыз ағаңның жағасына жармаспақсың ба?

Иманжүсіптің үкімінен кейін, ел сабасына түседі.

Қажымұқан болса, еңіреп келіп: «Қайран Имекең-ай, сен болмағанда, Шөкемнің жағасынан ұстап, күнәһар болар едім» деп, екі ағасын құшақтал, солқылдапты.

Бұл оқиғадан не түйеміз: Имекең болмағанда, екі арыс бірін-бірі майып етуі мүмкін еді. Тек майып етіп қоймай, арасына араздық түспей ме? Елдің маңдайға басқан екі арысы араз болса, ел бүлінбей ме?

Міне, байырғы қазақтың мықтылары татулықты сақтау үшін, сыйластықты бұзбаған

(Бекен Қайратұлы, «ЕҚ», 08.08.2018)

* * * * *

ҒИБРАТ - 322

Оқу бар да, тоқу жоқ

Есте жоқ ерте заманда «Дао дә Цзин» трактатының авторы, қытай ойшылы Лао-Цзыға бейтаныс жігіт кеп, шәкірттікке қабылдауын сұрайды.

Байқаса, талапкер талай кітапты тауысыпты. Сонда, дана дастарханға жайғасып, шайды алдыменен өзіне түбінен ғана, ал, әлгінің шынысын ернеуіне дейін толтырып құяды.

Жігіт шошып, «мына шал алжи бастаған екен» деген оймен орнынан тұра бергенде, ғұлама: «сен, бала... мына кесе сияқтысың, бәрін тегіс талғамай, оқи беріпсің. Келесіге шейін тәкаппарлығыңды жең-дағы, алдыма әлі ештеңе оқымағандай боп кел! Сенде оқу бар да, тоқу жоқ», - деп жылы шыраймен шығарып салыпты-мыс.

Оқу-қараңғылықтан қорғар оққағар, сауатсыздықтан сақтар сауыт.

(Әлібек Байбол, «ҚӘ», 10.08.2018)

ҒИБРАТ - 323

Тапқыр Таймас

Ертеде қылышынан қан тамған бір зұлым патша жоқты сылтауратып, жазықсыз халықты жазалай беріпті.

Сол елде адал еңбегімен күн кешкен ақылды Таймас деген жігіт болыпты. Жұрт дау-дамайын шешу үшін, соған жүгінеді екен. Әлгі патша халықтың өзінен емес, Таймастан ақыл сұрайтынына намыстанып, оның көзін жоймақ болып, талай рет жала жауып, тұзақ құрса да, тапқыр Таймас құтылып кете берген...

Әбден айланы таусылған патша барлық уәзірлерін жиып ақылдасып, оны құртудың амалын тапқандай болады. Таймасқа өтірік жала жауып, зынданға тастайды да, халыққа былай деп хабарлайды:

- Уа, халайық, үкімім әділ болуы үшін, екі жапырақ қағаздың біреуіне «өмір», екіншісіне «өлім» деп жазамын. Ол екі қағаздың бірін алуы тиіс. Сонда не жазылса, Таймасқа кескен ең соңғы жазам сол. Бұл жолы да құтылып кетсе, өмірбақи оған тиіспеймін!

Бір күні патша бүкіл халықты жинайды да, Таймасты сынауға кіріседі. Жұрт алдында жендеттер бүктелген екі қағазды ыдысқа салып ұсынады. Таймас патшаның арам ойын біледі де, қағаздың біреуін алып, ашып оқымастан, аузына салып, шайнап-шайнап жұтып жібереді.

Оның бұл тосын қылығын күтпеген хан, не істерін білмей, сасып қалады.

Сонда, халық арасынан бір қария шығып: «Уа, Падишах! Жігіт қағаздың біреуін жұтып қойды, сол қағазды алды деп есептейік. Ендеше, қалған қағазды оқиық та, жігіттің жұтқан қағазында не жазылғанын білейік», - депті.

Екі қағазға да «өлім» деп жазған патша, амалсыз қағаздағы сөзді оқуға мәжбүр болыпты.

Сөйтіп, тапқыр Таймас патшаның зорлық-зомбылығынан біржолата құтылыпты.

«Иман» жс., №1, 2018жс)

* * * * *

ҒИБРАТ - 324

Қайсар әке

Шаяхмет деген азаматтың жары қатерлі ісік ауруына шалдығады. Балалары жас. Жарын күтіп, балаларын асырап, тәрбиелеп оқытуды өз мойнына алады.

Дәстүрлі медицинадан көмек болмаған соң, қатерлі ісікті емдеудің халықтық дәстүрлерін іздеді. Жақындары, жанашырларының айтуымен ем болады деген соң, қарғаның, қызыл бақаның етін, қара уылдырық, улы жыланның сорпасын дайындады,

Жолдасы төмендей берді, оны жатқызу, жуындыру - бәрі мойнында. Бірақ, әйелін өлімнен құтқара алмады, қай-

тпас сапарға аттанды. Дамыл таппай, ұйқы көрмеген Шаяхмет сал ауруына ұшырайды. Берілмеді, жігерленді. Балары үшін тіршілікке араласу, болашаққа сенім азаматты аурудан айықтырғандай болды.

Мардымсыз жалақыға жұмыс істей жүріп, балаларының дұрыс тамақтанып, жақсы да таза киінуін қадағалады. Киімдерінің сәгілген жері болса - тікті, түймесі үзілсе - қадады, өтектеді. Мектептегілер анасы жоқ балалардың мінсіз таза, сапалы киімдеріне таңданыспен қарады.

Бірде әкесі жұмыстан келгенде, Шынардың жылап отырғанын көреді. Сөйтсе, Наурыз мейрамы қарсаңында мұғалім көже жасап әкеліндер деп, оқушыларға тапсырма беріпті.

«Ең дәмді Наурыз көже» байқауына Шынардың сыныбы қатысатын көрінеді. Алайда, мұғалім анасының жоқтығын ескеріп, Шынарды көже жасаудан босатыпты. «Сенің анаң жоқ, көжені жасамай-ақ қой» депті.

«Қызым, жылама! Наурыз көжені мен жасаймын!» деген әкесі түні бойы наурыз көже пісіреді. Жұрт жеті түрлі деп қосса, ол тоғыз түрлі дәм салып, бабына келтіреді.

Әке дайындаған көже бас бәйгені алыпты.

Сонымен, балаларын тәрбиелеп, оқытып, адам қатарына қосады. Бәрі шетінен тәрбиелі, шаруаға бейім болып өседі.

Осындай қажыр иесі, қайсар әке - жиырма алты кітаптың авторы Шаяхмет Құсайынұлы деген ақын азамат болыпты.

(Шарафат Жылқыбаева, «ЕҚ», 03.09.2018)

(Баяндау тәсілі өзгертіліп, ықшамдалып алынды-М.И)

ҒИБРАТ -325

Жер адамды емес, адамдар жерді байытты

Еврейлер Таяу Шығыстан жер алып, мемлекет құрғанда, алған жерлері туралы Израильдің бұрынғы Премьер-Министрі Шимон Перес былай деген еді: «Біз өзіміздің жеріміз болғанын армандадық. Бірақ, біздің қолымызға тиген жер - армандайтын жер емес еді. Бұл Таяу шығыстың мыңнан бір бөлігі болатын. Оның үстіне, бұл жер бізге құшағын жайған жоқ. Онда тек батпақ, шіркей - Оңтүстігінде шөл, тастар болды. Бізге тек сыңсыған маса мен тақыр тастың бірін ғана таңдау керек болды - оның біреуі өлі, екіншісі өлуге жақын. Атағы алысқа жайылған өзен болды, бірақ, оның суы жоқ еді. Нақты айтқанда, су мүлде болған жоқ.

Біз сол жерге келіп, не істеуді білмедік. Сосын, біз табиғаттың ең үлкен байлығы - адам деген қорытындыға келдік. Қорытындымыз бізді алдамады: ақыры жер адамды емес, адамдар жерді байытты».

Міне, сол жерді қазір еврейлер адамға сенудің, адамның қабілетіне иек артудың арқасында жер жәннатына айналдырып отыр.

Ал, біздің жеріміз еврейлердің жерімен салыстырғанда, «түгін тартса - майы шығатын» дейтіндей әлдеқайда құнарлы. Адамдарымыз да еврейлерден кем емес, біздің де олардікі сияқты екі қол, екі аяқ, бір бас, бір жүрегіміз бар.

Тек, соның бәрін іске қосып, «бір жеңнен қол, бір жағадан бас шығарып», жұмысқа жұмылдыра білуіміз керек.

(Жақсыбай Самрат, «ЕҚ», 10.09.2018)

ҒИБРАТ - 326

Тектілердің татуласуы

Майдангер - жазушы Бауыржан Момышұлының «Ұшқан ұя» атты кітабы бар. Батыр атамyz осы туындысында байырғы қазақ өмірінің этно-тұрмысын және сол кездегі қоғамдық қатынастарды шынайы суреттей білген.

Мысалы қаламгердің нағашысы Текебай би мен Байзақ датқаның баласы Қабылбек екеуі болыстық сайлауға қатар түсетін болады. Бәсеке болған соң, екі тарап, бір-бірінен мін іздеуі заңды құбылыс.

Осы орайда, Қабылбектің жақтаушылары Текебай биді «барымтаға бейім, пара алады» деп, оязға арыз жазған екен. Мұндай жалаға жаны күйінген Текебайдың үлкен ұлы Серкебай сайдың тасындай оншақты жігітті бастап, атқа қонады. Айдындатып, Қабылбектің аулына келді. Әкесінің қарсыласы Қабыкең тіке кіріп барып, оны армансыз балағаттайды. Қабылбек болса, былқ етпейді. Тіпті, қабағын да шытпапты.

Серкебайдың сөзі шамына тиген елдің азаматтары «Уа, Қабылбек, ордамызға ат ойнататын бұлар кім еді, рұқсат ет, тілерсектерін тіліп, аяғын аспанға қаратып, асып қоялық» деп кісінсінеді. Тіпті, кейбір дес бермей, елеуіреп бара жатқан жігіттерге Қабылбек, «тоқтаңдар» деп ақырып:

- Ертең көресіңдер, опық жейтін Серкебайдың өзі болады, - дейді.

Мейманасы асқан Серкебай шапқан күйі әкесінің алдына барып:

- Қабылбектің екі аяғын бір етікке тықтым, тіпті, ол жұмған аузын аша алмады, дейді еліріп.

Текебай болыс, жастықтан басын көтеріп, мән-жайға қаныққан соң, баласына: «барып тұрған ақымақ екенсің,

өзіңнен 20 жас үлкен адамға қалай дәтің барып, тіл безедің» деп налиды.

Содан, Текебай ат-шапан айыбын дайындап, елдің игі жақсыларын бастап, топтың алдына кінәлі Серкебайды салып алып, жолға шығады.

Қабылбектің ауылы топтанып, келе жатқан қара шобырды көріп, «Текебай соғысқалы келе жатқан шығар» деп, олар да қам жасайды.

Ауылға ат шаптырым қалғанда, Текебай баласы Серікбайды алдына салған бойы топтан озып шығып: «Ей, Қабылбек, менің мына күшігім саған шәуілдеген екен, айыбын көтеріп, алдыңа келдім, сірә, кешірсің» дейді.

Жоғарыдағы сөзді естіген Қабылбек бидің де қабырғасы сөгіліп, аттан секіріп түсіп:

Уа, текті арысым Текебай! Сен аулыма келгенде, ат-тың үстінде тұрып, сөзіңді тыңдаппын-ау, кешір мені. Сен аға емессің бе, менің айыбын Серкебайдан асып кетті білем. Қайта ат-шапан айыбың менен, Текебай аға кешіргейсіз, - деп иіліпті.

Онымен қоймай, ту сыртында қаумалап тұрған қауымға: «Уа, ағайын, сайлауға түспеймін, қойдым. Мені сайласаңдар, дауыстарыңды Текеңе беріңдер!» деп айғай салыпты.

Қайран, аталарымыз-ай, елдің берекесі үшін билік - мансапты қиып тастап, татулықтың туын жықпаған.

(Бекен Қайратұлы, «ЕҚ» 13.09.2018ж)

ҒИБРАТ - 328

«Арманда» құсы

... Қазақтың ежелгі аңызы бойынша, Жер-жұмақты жаратқан Құдай оған ең алдымен адамды емес, бір құсты жіберіпті. Ол құстың аты «Арманда» екен, яғни, «мәңгілік сағыныш» деген мағына береді. Жаратушының әмірі бойынша, ол тек көк жүзінде самғап жүреді. Жер шарын мың-миллион мәрте айналып ұшқан құс, жер бетіндегі тіршілікке іңкәр болып, қатты құмартады.

Бірде, ол Құдайға көктегі мәңгілік өмірді тастап, жерде күн кешкісі келетінін айтады. Құдай келіспейді. Бірақ, құс әлгі өтінішпен қайта-қайта келе беріпті. Бұған қатты ашуланған Жаратушы оны қуып та жібереді.

Құс сонау тілекпен соңғы мәрте келгенде, Құдай: «Жарайды, мәңгілік ғұмырды қаламасаң - еркің білсін, жерге түс. Тек есінде болсын, онда өлмес орын жоқ, Сенің орныға өзге бір «мақұлықты» жіберемін дейді.

Сонда, құс: «О, Жаратушы, бәріне келісемін!» - деп, қуана-қуана жерге түсіпті де, бірден о дүниеге аттаныпты.

Құдай оның орнына ортақ атамыз - Адамды жөнелтеді.

Біздің ғаламшарымыздың сұлулығына бола мәңгілік ғұмырын жердегі қысқа тірлікке айырбастаған Арманда құс бір сәт тіріліп, бүгінгі Адам ұрпақтарының Жерді нендей күйге түсіргенін көрсе, өзінің сонау шешімі үшін қатты өкінер еді.

«Адам» деген сөздің алғашқы мағынасы - нұсқасы тек қазақ тілінде ғана сақталған.

(Дулат Исабеков, «Қазақ әдебиеті», 21.09.2018)

ҒИБРАТ - 329

Билікті айтқан бала

Әйтеке бала кезінде үш жолаушыға кездеседі. Сонда, ол:

- Ассалаумағалейкум ағалар!, - деп үлкендерге ізетпен сәлем береді.

Жолаушының жасы үлкені:

- Сәлемет бол балам, мынау қай ауыл?

- Сейтқұл ауылы.

- Өзің кімнің баласысың?

- Бәйбектің баласымын.

- Қосуақ бидің үйі қайсы?

- Анау қырдың астында, онда не шаруаларыңыз бар еді? - деп сұрайды бала.

- Даулы болып келеміз, - дейді әлгі қарт жолаушы. - Ойнап жүрген баламызды сол ауылдың бір жолаушысының аты теуіп өлтірді. Соның құнын даулап келеміз.

Әйтеке болса, ойланып:

- Балаңызды ат босағада тепсе - бүтін құн, жабықта тепсе - жарты құн, түзде тепсе - төрттің бірін аласыздар. Қосуақ би де осыны айтар, осыны айтпаса, қосып айтар. Жолдарыңыз болсын, - дейді.

Үш жолаушы қырдан асып, Қосуақ бидің үйіне барады. Өздерінің дауларын баян етеді. Қосуақ би далада ойнап жүрген Әйтеке баланың кесімін айтып: «Балаңызды ат түзде тепсе - төрттің бірін төлер» деп, әлгі құн даулап барғандарды риза етіпті.

Сонда, өлген баланың әкесі:

- Япырай, осы билікті бізге ең әуелі далада ойнап жүрген бала айтып еді, түбі сол бала әділ би болар, - деген екен.

(«Иман» жс.. №7 (168), 2018)

ҒИБРАТ - 330

Дана адам кім?

Ежелгі заман ойшылдары адамның осы бір асыл қасиеті жөнінде терең мағыналы нақыл сөздер айтқан. Айталық, «Қабуснамада» Нушуруан патшаның «Дана деп кімді айтамыз?» деген сұрағына, оның ақылман уәзірі: «Өзін басқалардан кішік, қарапайым ұстаған кісіні» - деп жауап бергені айтылады.

Дегенмен, жасанды түрде кішіпейіл, қарапайым болып көрінуге болмайды. Ол турасында Абай атамыз. «Жасанды кішіпейілділік - жақсы қасиет емес» деп ескерткен.

(Мұхтар Әсаматов, «Иман» жс., №7, 2018)

* * * * *

ҒИБРАТ - 331

Әз-Жәнібек ханның Жиреншеге естіртуі

Қараша сұлу Жиренше үйде жоқта ауырып, қаза болыпты. Әз-Жәнібек хан: «Жиреншеге біз естірте алмапсыз, ешқайсың сездіріп қоймаңдар», - деп уәзірлерімен сөз байласады.

Бір күні Жиренше шешен сапарынан оралып, ханның үйіне түсіп, сәлемдесіп отырады. Хан Жиреншеге.

- Ау, шешенім, әкесі өлген қалай болады? - депті.

- Әкесі өлсе, асқар тауы құлағанмен бірдей болады, - депті.

- Шешесі өлген қалай болады?

- Ағар бұлағы суалғанмен бірдей болады.
- Ағасы өлген қалай болады?
- Оң қанаты қайырылғанмен бірдей болады.
- Інісі өлген қалай болады?
- Сол қанаты қайырылғанмен бірдей болады.
- Апа-қарындасы өлген қалай болады?
- Кең өрісі қысқарғанмен бірдей болады.
- Қатыны өлген қалай болады?
- Ah!... Менің Қарашашым өлген екен ғой! - депті Жи-ренше.

Ол күйініп, қамшысын таянғанда, қамшының сабы ортасынан сынып кетіпті.

«Қатын өлді, қамшының сабы сынды» деген сөз содан қалған екен.

(Нысанбек Төреқұл, «Иман» жс., №9 (170), 2018)

* * * * *

ҒИБРАТ - 332

Шәкәрім Құдайбердіұлы: Мінездегі ауруды емдеу

1. Ауру тек денеде ғана болмайды, мінезде де бар. Егер біреуден жаман мінез көрсең, оған шипа сұрап, дұға қыл. Оған жабысқан кеселден сені сау қылған Аллаға мақтау айт «Шүкірлік»

2. Сырды сақтау шеберлігі жан дүниенің байлығын көрсетеді. Ішінде тұрмайтын ыдыстың зияны секілді, сырды сақтай алмайтын адамның пайдасы кем. (Аманатшылдық)

3. Егер әр адам қасындағы кісінің жүрегіндегін көре алса, оған жаны қатты ашитын еді. Ішкі таразының әділдігіне көзі жетер еді. Сыртқы өлшемдердің алдамшы екенін

терең түсінер еді. Іштарлық, қызғаныш, көрсеқызарлыққа ұрынбас еді (Мұстафа Махмуд) [Терең түсінік]

4. Құдыққа тас тастаған адам, ол түбіне жетіп, даусы естілгенше, қарап тұрады. Сол секілді сені сөккен адамның көбісі жауабыңды күтеді. Ұстамдылықпен көркем мінез танып, өткізіп жібер. Құдық түпсіз екен деп ойласын. [Терең түсінік]

5. Бәрін дұрыс жасауға қанша тырыссаң да, сені қате түсінетін адамдардың табылары хақ. Әрімге бір жауап қайтарып, өзінді құр шаршатпағаның дұрыс.

Дана ғұламаларымыздың бірі өзін сөккен кісіге былай деген екен:

«Егер айтқаның рас болса, Алла мені кешірсін. Ал, өтірікші болсаң, Алла сені кешірсін» [Байсалдылық]

6. «Маған кейде бір адам бір мәселе жайлы айтады. Мен оны ол жұмыстан бұрын естіп қойсам да, оған құлақ саламын. Кейде, бірінші рет естіп тұрғандай, күй көрсетемін» (Имам Шәфиғи).

Өзің онсыз да жақсы білетін нәрсе жайлы біреу әңгімелеп жатса, оның сөзін бөлмей, білетініңді білдіріп, жүрегін жараламай, көңіл бөліп, құлақ салуын мінез-құлықтың аса көркемдігіне жатады. [Көркемдік]

7. Адамдар саған таңғалып жатса, оған масаттанып, мақтанба. Себебі, олар сенің Алла жарыққа шығарған жақсы жақтарыңды ғана көріп жүр. Ал, олар сенің Алла жасырған жаман жақтарыңнан хабарсыз болғанына шүкір де. [Алла кемшілікті жасырушы]

8. Егер сөз шынымен жүректен шыққан болса, онда, ол міндетті түрде жүрекке кіреді. Ал, тек тілден шыққан болса, құлақтан әрі аспайды [Шыншылдық]

9. Дұрыс нәрсені тез танып, жүрекпен түсініп, шынайы жанашырлықпен айтпасаң, ісің бекер. [Мейірбандық]

10. Адамдар сенің сыртыңа қарайды. Жаратушы ішіңмен, жан дүниеніңмен бағалайды. Пенделер үшін сыртыңды ғана әдемілеумен әуре боп, ішкі әлеміңді ұмыт қалдырып, ластап алма. [Тақуалық]

11. Кезінде «керең Хатим» деген ғұлама өмір сүрген екен.

Бір күні оған бір кісі келіп, бір мәселе жайлы жауап сұрайды. Сол-ақ екен, әлгі кісі байқаусызда жел шығарып қояды. Сол кезде Хатим естімегенсіп: «Даусыңды жоғары көтеріп сөйлеші» дейді. Келген кісіге өзін керең секілді сездіртеді. Осылайша, басқалардың қателігінен құлағын тыйған ол - «Хатим керең» деген атпен тарихта қалған. [Көркем мінез]

12. Көздер ұмытпасын десең, әдемі киін. Көңілдер ұмытпасын десең, көркем мінезді бол. [Ішкі сұлулық]

13. Адамдардың біразы өміріңді сенен бірнәрсе үйрету үшін бақылайтын болса, басқа бір бөлігі қателіктеріңді теру үшін аңдиды. Екі топ та саған таң. Бірі - махабатпен, екіншісі - іштарлықпен. [Зерек бол]

14. Біреудің мінін көргенше,
Жамандығын тергенше,
Өз ойыңды мазалап,
Өз бойыңды тазалап,
Өзіңмен алыс өлгенше!

(«Иман» ж., 9(170), 2018)

* * * *

ФИБРАТ - 333

Ақсақ аяқ - кінәсіз

Едіге сегіз жасқа келген соң, біреудің қойын бағып

жүреді. Бір күні оған орталарында бір аяғы ақсақ жылқы жетелеген төрт жолаушы ұшырасады. Төртеуі ағайынды екен.

- Біздің еншімізге тиген осы ақсақ жылқы ортамыздағы бір қара еді.

Басы - үлкен ағамызға, төрт аяғы төртеуімізге тиесілі. Осы ақсақ мал барып, Көпірдің егініне түсіпті. Көпір төрт аяғының тиген жеріне төрт жүз ділдә сұрайды. Біз соған даулы болып отырмыз. Егер сен би болсаң, төрелігін қалай айтар едің, қойшы бала? - дейді бұған.

Сонда, Едіге:

- Алла аузыма салса, айтамын, - дейді жұлып алғандай.

- Мынау ақсақ аяқ қайсыңызға тиесілі? - деп сұрайды алдымен.

Ең кішісі:

- Маған тиіп еді, - дейді.

«Ендеше, сен төлеуден босайсың», - дейді. Едіге - Ділдәнің екі жүзін басын алған ағаң тартсын, өйткені, малды егінге көзі көріп, басы сүйреп алып барады; екі жүзін екі ағаң тартсын, өйткені ауру аяқты сүйреп апарып бастырған сау аяқ.

Үш ағасы бұл төрелікке көнбей, Тоқтамыс ханға барады. Хан алдында кішісі: «Біз жол бойы бір балаға жүгініп едік, ол мынадай төрелік айтты», - деп болған жайды жайып салады.

Баланың төрелігіне разы болған хан: «Баланың төрелігі - әділ екен, мен ондай төрелік бере алмас едім», - дейді.

(Нысанбек Төрекүл, «Иман» ж., №9 (170), 2018)

ҒИБРАТ -334

Сардардың анасы

Шамамен, біздің дәуірдің IV-V ғасырында түркілердің шеткі ордасын табығыш-шүршіт әскері қоршап алады. Жаулар орданы жанай ағатын өзеннің суын бұрып, сырттан қатынайтын барлық жолды жауып тастайды. Онымен қоймай, бекіністі отты жебемен атып, өртейді.

Сол кезде орда бекінісін қорғаушы бас сардар жасы тоқсаннан асқан зағип әулие - анасына барып: «Уа, анашым, не істейміз: жауға берілеміз бе, әлде, қасық қанымыз қалғанша, шайқасамыз ба, шешімін айтыңыз» деп сұрайды.

Анасы айтады: «Ұлым, сен әділет үшін шайқасудасың, егер жауға берілсең, кейінгі ұрпақ осы үлгіңді өнеге тұтып кетпесіне кім кепіл, шайқас, балам! Түркі тұқымы ордасын қорғап, ерлікпен өлудің үлгісін көрсетсін» дейді.

Ана үкімін естіген бас сардардың жанары шоқтай жайнап «Уа, менің, әулие-анам, сөзіңізді тағы бір қайталаңызшы!» деп өтінеді.

Кейуананың аманатын бұл жолы тірі қалған түркі сарбаздары қатар тұрып, тыңдайды. Сөйтіп, күңіреніп, күн түбіне жортып үйренген түркі жанкештілері ала таңмен атайлап, шүршіттің шаңын қылышпен қағуға дайындалады. Сол күні ғаламды нұрға бөлеп, шығыстан шырайын шашып, күн де шығады. Шейіт кетудің шерін аңсаған сарбаздар сапқа тұрды. Дәл осы тұста бас сардардың анасы келіп: «Ей, ұлым, шеш сауытыңды, қас жауыңа тек көйлекпен шық. Көрсін мына жаулар менің қандай ұл тапқанымды» дейді.

Бас сардардың шешініп тастап, жалаң төсімен жауға шапқалы тұрғанын көрген басқа сарбаздар да шешінеді. Жасанып келген жауды түгелдей қоғадай жапырады, бірақ, бірі де тірі қалмайды. Жеңген жау қалған түркілерді қорқыту

үшін бас сардардың басын кесіп алып, ұзын сырыққа шаншып, ордасының алдына іліп қояды. Бұл оқиға туралы батырдың анасына хабар жеткенде, кейуана «ойпырым-ай, ұлымның жансыз басы тірілерге «ерліктің үлгісі» менмін деп, уағыз айтып тұрғанын қарашы» депті.

(Бекен Қайратұлы, «ЕҚ», 07.12.2018)

(Бір сөйлемге түсінікті болу үшін

бір сөз кірістірдім- М.И.)

* * * * *

ҒИБРАТ - 335

Тілмен айтудың маңызы

Жәхи Ибн Сафуан:

- Біреу Алланы біледі. Оның бір екенін, серігі мен теңі болмағанынан хабардар, Сипаттарын таниды. Бірақ, тілімен айтпастан қайтыс болады. Бұл адам мұсылман болып, кәпір болып қайтыс болды ма, әлде, кәпір болып қайтыс болды ма?

Әбу Ханифа:

- Кәпір болды, жүрегімен білген нәрсені тілімен айтпаған адам тозақтық болады.

... Пайғамбардың (с.ғ.с): «Лә иләһә иллалләһ» деп айттып, екі дүниеде де табысқа жетіндер» дейді. Олай болса, табысқа жету жолы - тек Алланың сипаттарын танып қана қою емес, осы сөзді айтуда жатыр.

Тағы бір хадисінде Алла елшісі (с.ғ.с): «Кімде-кім Алладан басқа тәңір жоқ» десе және жүрегінде де осындай сезім болса, тозақтан құтылады» дейді.

Яғни, Алланы таныған тозақтан шығады демейді, тілмен

айтқан шығады дейді.

*(Алау Әділбаев, Шәмиат Әділбаева. Әбу Ханифа
және ханафи мәзһабы, Алматы, 2018)*

* * * * *

ҒИБРАТ - 336

Үш құлып

Әуелде әйел мен ердің күші бірдей болса керек, екеуі бірін-бірі еш жеңе алмай қойыпты. Содан әбден зәрезап болған еркек бір құдайға жалбарынып, өзін әйелден әлдеқайда күштірек етуін сұрайды. Тілегі қабыл болған ол, үйіне дереу жүгіріп кепті де, әйеліне мақтаныпты. Әйел ашуланып, бұлқан-талқан болып, ол да Жаратушыдан соны тілейді.

Әйтсе де, Жаратушы иеміз әділ ғой, еркектің әйелден күшті болсам деген дұғасын қабыл еткен соң, әйелдің бұл тілегін орындамай қояды. Содан әйел мұңайып отырып, жанына әзәзіл жетіп келіпті де, құлағына сыбырлап, Құдайдан үш құлып сұрауға кеңес береді:

Біріншісі - асүйдің құлпы. Асүйдің есігін тарс жауып ал да, еркек қанша ұрса да, ашпа. Аш қалсын, сонда көреміз.

Екінші - жатын бөлмені де жауып ал, қасыңа жолатпа.

Үшінші - балалар бөлмесі. Еркек ұрпағына байлаулы.

Осы үш есікті қажет кезде құлыптап алсаң бітті, еркек сенің құлың болады. Қалағаныңша жұмсай бер, айтқаныңды екі етпейді.

Мұнайып отырған әйелдің көзі жарқ ете қалады да, әзәзіл қалай айтса, тура солай бұлжытпай орындапты. Нәтижесінде, еркек байғұс құлыптаулы есікті қанша ұрса да, аша

алмай қойыпты.

Міне, содан бері олар әйелмен тату тұру үшін өзінің күшін тежеуге мәңгілік мәжбүр болыпты дейді...

(Дайындаған -Айнаш Есалы, «ЕҚ», 14.02.2019)

* * * * *

ҒИБРАТ - 337

Кемшілік сыры

Халифа Омар Фарух Сирияға келген сапарында солтүстік аймақтағы Хумус қаласына ат басын бұрды. Ондағы ойы - өзі сенім артып тағайындаған әкімнің жағдайын және халықтың ол туралы пікірін білу еді. Халифамен кездесуге қала халқы түгел жиналды.

Халық әкімге жаппай ризашылық білдірді. Өтінішімізді мұқият тыңдайды, көмектесуге қашан да дайын тұрады деді. Бірақ, оның ел түсінбейтін мінез-құлықтары бар екенін де айтты.

- Таңертең қызметіне кешігіп келеді, - деді біреуі.

- Кешке қарай ешкімді қабылдамайды, - деді тағы бірі.

- Тағы қандай кемшілігі бар? - деп сұрады Халифа

- Айына бір күн қызметінде болмайды. Кейде, есінен танып қалатын кез де болады, - деп шағым білдірді жиналғандар.

Мұны естіген Халифа: «Сонда қалай болғаны? Мен елге басшы таңдауда қателестім бе екен? Саид ибн Әмір теріс іске баратын адам емес сияқты еді. Әлде, бұл жерде қандай да бір түсініспеушілік бар шығар?» деп ойлады.

Жамағат тарағаннан кейін, Халифа әкімнен айтылған шағымдардың себебін сұрады.

- Мәртебелім, - дейді Саид Омардың бетіне қипақтай қарап. - Бұл жөнінде ешкімге айтпайын деп едім. Бірақ, шағым болғандықтан, сізге оның сырын амалсыздан айтамын. Ол әуелі оң жағына, сосын сол жағына қарады да, сөзін жалғастырды. - Менің үйімде қызметші жоқ, әйелім көптен науқас. Сондықтан, үй шаруасының көбін өзім істеймін. Ал, түнге қарай ешкімді қабылдамайтыным: күндізгі уақытымды халыққа арнаймын да, түңгілікке құдіретті Аллаға ғибадат етемін. Айына бір күн шықпай қалатыным да рас. Себебі, өз киімімді өзім жуамын. Ауыстыратын басқа киімім болмағандықтан, кепкенше тосамын. Ал, енді, ес-түссіз талып қалуыма келсек, ол бір қайғылы оқиғаға байланысты, - деп, ол біраз үнсіз отырып қалды. Өңі бозарып, даусы қарлығыңқы шықты.

- Меккеліктер бір жазықсыз адамды дарға асты: «Өзіңнің орныңа Мұхаммедтің асылғанын қалар ме едің?» деп сұрағанда: «Оның табанына қадалған шөгір менің маңдайыма қадалсын» деп жауап берді. Мүшіріктер оны бірден шейіт қылды. Мұның бәрі менің көз алдымда өтті. Мен жазықсыз жанды құтқара алмадым. Алла менің осы күнәм мен қатігездігімді ешқашан кешірмейді-ау деп қатты қайғырғанымда, есімнен айырылып, талып қаламын, - деді еңтіге дем алып.

Халифа Омар Фарук пен оның жанындағылар Саид ибн Әмірдің асқан жанкештілігі мен тақуалағына таңғалды, көзіне жас алғандар да болды.

Арада бірнеше ай өткеннен кейін, халиф Омар (әлгі) Хумус қаласындағы кәріп-ғасірлер мен кедей-кембағалардың тізімін сұратады. Сонда, тізімнің басында тұрған Саид ибн Әмір деген есімді көріп, таңқалып:

- Бұл қай Саид ибн Әмір? - деп сұрады халифа.

- Мәртебелім, бұл біздің әкіміміз. Ол нағыз кедей. Қо-

лына түскенінің бәрін тұрмысы ең нашар дегендерге таратып береді, - деді қала адамдары.

Халифа Омар әкім Саидтың қала халқы алдындағы сіңірген еңбегін бағалап, оған өз қажетіне жұмсасын деп мың динар жіберткізеді. Бірақ, ол бұл жолы да халықтың қамын ойлап, қаражаттың бәрін кедей-кепшіктерге береді.

Мұны білген әйелі ренжіп:

- Ең қажетімізге жұмсауға аз да болса, өзіңе алып қалмадың ба? - дегенінде, Саид:

- Өткінші дүниеге қызығып қайтесің. Одан да Жәннаттың мәңгілік нығметтерін Алла өзі нәсіп етсін - деп, ақырет күніне деген өзінің сенімі беріктігін тағы бір көрсеткен екен.

(Серік Сатыбалдин, «ЕҚ», 20.02.2019)

ҒИБРАТ - 338

Қарыз алма

Тарихта «бесінші әділ халифа» атанған Омар ибн Абудлазиздің өмірінен алынған бір мысал есіме түсіп отыр:

Айт күні қарсаңында Омар халифаға баласы келіп:

- Әке, киімім тозды, маған жаңасын әперіңіз, - дейді.

Ол кезде мұсылмандардың әміршісі атанып, ел басқарып тұрған Омар өте әділ және адал адам болғаны белгілі. Өзі қарапайым тұрмыс кешкен және артық тиыны болмағандықтан, қазынашыны шақырып алып:

- Маған келесі айдың жалақысы есебінен қарызға ақша бер, - депті.

Сонда, қазынашы тұрып:

- Уа, мұсылмандардың әміршісі! Егер сіз келесі айға

дейін тірі болып, өмір сүретініңізге кепілдік берсеңіз, мен сізге қазынадан қарыз ақша бергіземін, - дейді.

Мына сөзден шошып кеткен халифа, сонда:

- Ондай кепілді Алла бермесе, мен қайдан бере аламын?

Онда, сен қарыз жазба, мен алмаймын, - деген екен.

Бұдан соң баласына:

- Өзіңнің жаңа киімдерің үшін, әкең тозақ отына кірсін демесең, райыңнан қайт, - депті.

Қарыз тәуелділігі рухани психологиялық тәуелділікке алып барады. Біз осыны ескеруден қалып барамыз.

«Қарызы жоқ адам - ең бай адам» деген сөз ел аузында жүр емес пе?

(Арыстанбек Мұхамедиұлы, «ЕҚ», 09.04.2019)

ҒИБРАТ - 339

«Қарияны қадірле!»

Ертеде бір қауқары жоқ қария өмір сүріпті. Ел-жұрт оны ғұмырының көп бөлігін бала-шағасының қамына арнап, ұлын ұяға, қызын қияға қондырған еңбекқор болған деседі. Көзі көруден, құлағы естуден қалған ақсақалдың буындары мен тізесі қалтырайды екен. Буындарының әлсіздігі соншалықты, қасықты да дұрыс ұстай алмайтын және тамақтанарда дастарқанды жиі былғайтын болған. Кейде, аузына барған ас, байқаусызда түсіп қалады екен.

Ұлы мен келіні қарияға жиіркенішпен қарап, ауыр сөздер айтады. Уақыт өте келе, оны пештің түбіне отырғызып, қалған-құтқан тамақты алдына қоюды шығарады. Ақсақал жанары жасқа толып, жүрегі қарс айырылардай күй кешеді. Күндердің күнінде тамақтанып отырған кісінің қолдары

дірілдеп, қолындағы ыдысы түсіп кетеді. Ыдыс сынады. Жас келін аузына келген балағат сөзді айта бастайды. Қария үндемейді, жай ғана терең күрсінеді де, іштен тынады. Келіні мен ұлы ағаш ыдыс сатып әкеледі.

Осылайша, күндер өтіп жатты. Отағасы мен әйелі дастархан басында отырғанда, бөлмеге ағаш кесіндісін ұстаған төрт жасар ұлдары кіріп келеді.

Әкесі:

- Балам, бұны қайтпексің? - деп сұрапты.

Сонда, ұлы атасына қарап:

- Мен бұл ағаштан ыдыс жасаймын. Сендер анам екеуің де қартайған соң, осы ыдыспен тамақ беремін» - деп жауап қайтарған екен.

«Атаңа не қылсаң, алдыңа сол келеді» деген сөз осыдан қалса керек-ті».

(Қасымхан Ғалым, «ЕҚ», 27.04.2019)

ҒИБРАТ - 340

Бейбастақ елдің жұрты...

Шешендік пен қырағылыққа тәрбиелеу үшін ертіп шыққан жасты жұмсаған көнекөз көпті көрген қария:

- Болат, қарап қайтшы, анау жақтан ол көшкен жұрт кімдікі екен? - дейді.

Асау тайын ойнақтатып, барып қайтқан жас жігіт:

- Ата, бейбастақ елдің жұрты екен, - деген жауап әкеледі.

Көшкен елдің орнынан не көрді жас жігіт? Екі басымен де ошақ күлін көсеген көсеу көрді.

- Оны қайдан білдің? - дейді қария.

- Ата, көсеудің екі басымен от көсеген келінге өнеге үй-

ретпеген енелері болса, көшкен жұрттың орнын жинайтын басшы - ақсақал жоқ болса, ол ел байбастақ, көргенсіз болмай ма? - деп қарсы сұрақ қояды жас жігіт.

Міне, көшкен жұрттың орнына баға берген көшпенділер осындай байқампаз. Сондағы көшкен ауылды көргенсіз атандырған - бір ғана көсеу.

Кең даламызда, құдайға шүкір, өзен мен көл жетерлік. Орман-тау да сұлулығын асырып тұр.

Жазда демалатындар - отырған орнын жинамай, кете барады. Көл жағасы қоқыстан арылмайды. «Мәдениетті жастар» қалтасында жатқан қағазын, тартқан шылымын ойланбастан, лақтырып жүре береді. Сондықтан, су ағатын бұлақтар бүгінде қоқысқа толы.

Олар көшпенділер қалдырған өнегелі сөзді оқымайды. Ана тілімізде адами тәрбие негізі жатқанын ұға алмай жүрміз әлі де.

(Аққұштан Бақтыгереева, «ЕҚ», 07.05.20109)

* * * * *

ФИБРАТ - 341

Ұрлықшы болудың себебі

Баяғыда кедей тұратын, бірақ та, бала тәрбиесіне әдет-ғұрыпқа үлкен мән беретін үйдің аяғы ауыр жас келіні қымызға жерік болса керек. Үйінде сауып ішетін биесі жоқ болған соң, көрші үйге қымыз ішкісі келіп бара қалса, есігі ашық, үйінде ешкім жоқ екен.

Ілулі тұрған торсықтағы қымызға көзі түседі. Алып ішейін десе, бойы жетпейді; торсықтың бүйірін тесіп, түтік шимен бірер жұтып, тесікті қайта бекітіп, шығып кетеді.

Қаншама жылдар өткенде, сол келіншектің баласы тура сол көрші үйдің балаларымен ойнап жүріп, әлдебір затты ұрлап кеткені белгілі болады. Баяғыда қымызды тесіп, ұрлап ішкені болмаса, ол келіншек баласын тағылымды тәрбиелеп өсірген, қай жерден қателескенін есіне түсіре алмайды.

Сонда, баяғы көрші үйдің бәйбішесі келіншекті ұлымен бірге үйіне шақырып, алдымен, екеуінен кешірім сұрайды.

- Неге кешірім сұрайсыз, біз сіздің үйдің мүлкін ұрлап, кірерге тесік таппай тұрмыз емес пе? - депті әлгі жас келіншек.

Сонда, бәйбіше бар шындықтың бетін ашады.

- Осы балаға аяғың ауыр кезде, қымызға жерік болып, біздің үйге қымыз ішкің келіп, кірген болатынсың. Мен сыртта жүр едім, сен біз үйде жоқ болсақ та, жерік асың ұятқа жеңістік бермей, торсықтағы қымызды түтікпен бірер ұрттадың. Соны мен сыртта жүріп, көріп қалдым, бірақ, қылмысқа баламап едім. Ұялып қалар деп, өтірік көрмегенсіген болдым.

Сонда, өзім шақырып алып, жерік асыңды сұратпай, ұрлатпай ұсынуым керек еді. Кішкентай түтікпен жұтқан бір жұтым қымыздың -мына баланың болмашы қылығы болып, шығып тұрғанын қарасайшы!...» деп өкініш білдіріпті.

Міне, ұрлық та, ұлылық та - тәрбиеден.

(Мирас Асан, «ЕҚ», 13.05.2019)

* * * * *

ФИБРАТ - 342

Сөз - адамның бейнесі

Бірде Мұхаммед пайғамбарға дін дұшпандары келіп,

«сен жаман адамсың, анаусың, мынауысың» деп тілдеді.

Пайғамбарымыз (с.ғ.с) олардың сөзін мақұлдап, «иә», «иә» дей беріпті. Басқа қарсы ештеңе айтпапты.

Өлгі адамдар кеткен соң, қасындағы сахабалар: «Уа, Алланың елшісі, сіз олар айтқанадй, жаман адам емессіз. Ардақты жансыз, әділетті сүйесіз, мейірімділікті ұстана-сыз» дейді.

Адамзаттың ардақтысы оларға да ештеңе демей «иә», «иә» деп отыра беріпті.

Аң-таң болған сахабалар: «сіз өзіңізді тілдеушілерге де «иә» дедіңіз, бізге де «иә» дедіңіз. Бұл қалай болғаны?» деп сұрады.

Сонда, Алланың елшісі (с.ғ.с.): «Кімнің аузынан қандай сөз шықса, демек, онын өзі сондай» деген екен.

Кімде-кім адамдар жайлы жақсы сөйлесе, ол адамның өзі де жақсы. Ал, кімде ісім адамдарды үнемі жамандап отырса, оның өзі сондай пенде болғаны.

(Бекен Қайратұлы, «ЕҚ», 20.05.2019)

* * * * *

ҒИБРАТ - 343

«Дүние» бақтың жемісі

Ерте заманда, Ұлы далада билік жүргізген ақылды патшаның қолғанат үш уәзірі болған екен. Бір күні патша үшеуін шақырып алып, қолдарына жас шыбықтан тоқылған бір-бір себет ұстатып, сарай бақшасына барып қолдарындағы ыдысқа жеміс-жидек толтырып әкелулерін бұйырады. Бұл істі ешкімнің көмегіне сүйенбей, тек өздері атқаруларына әмір етеді. Тосын бұйрыққа таңырқаған уәзірлер патшаның

мақсатын түсіне алмаған күйі себеттерін арқалап, бақшаға қарай беттейді.

Бірінші уәзір патшасын разы қылмаққа бекініп, жемістің ең жақсы уылжып піскенін жинайды. Екінші уәзір жеміс-жидекті өзі үшін тергізіп жатқан болып, оны тексеріп, әуреленіп жатпайды-ау» деп топшылайды да, қолына ілінгенді себетке тоғыта береді. Үшінші уәзір «осы жеміс-жидекті патша өзі жейді деймісің?» деп, себетке шөп-шалам араласқан сапасыз өнімді толтырып, алып келіпті.

Келесі күні патша үш уәзірді қолдарындағы себет толы жемістерімен бірге үш айға, бөлек-бөлек, түрмеге қамауға бұйрық шығарады. Оларға сырттан су, тамақ кіргізуге тыйым салады.

Алғашқы уәзір өзінің терген жемісінің қызығын өзі көріп, үш айда алаңсыз өткізеді. Екінші уәзір қабын ақтарып, жеуге жарамдысын әзер тауып, қатты қиналады, үшінші уәзір бір айға жетпей, аштан қатқан екен.

Біз бұл мысалдан не түсінеміз? Зынданға түскен уәзірлер өздері терген жемісімен күнелткені сияқты, біз де ертең тәңір алдына барғанда, тіріде нендей сауап жинап, жақсылық жасадық, өзіміздің қабымызды немен толтырдық, соған сай ілтипатқа ие боламыз.

Біздің не істеп, не қойып жүргенімізді ортамыз, ата-ана, туыс-туғанымыз, әріптес достарымыз білмеуі мүмкін. Алайда, Алладан жасырын ештеңе жоқ.

Жоғарыдағы мысалда келтірілгендей, біз қазір «Дүние» дейтін алып бақтың ішінде жүрміз, жақсы іс атқарып, жаман әдеттерден қашып, «дүние» - бақтағы игіліктерлі теріп алуға толық мүмкіндік берілуде.

Пенде баласы, қабыңыздың ішін қалай толтырып жүрсіз, оған да бір қарап қойыңыз!

(Бекен Қайратұлы, «ЕҚ», 22.05.2019)

ҒИБРАТ - 344*Ұстаз беделі*

Ертеде бір патша баласын медресеге беріпті. Сол патшаның баласы ұстазын тыңдамай, еркелікке басса керек.

Әкесінің кім екенін білгенін, ұстаз да балаға бата алмай, қаймығып, шарасыз халге түсіпті. Бірақ, шәкірт-аманат болғандықтан, шыдамы таусылған ұстаз, патшаға жағдайды жеткізіпті.

Патша әрі ойланып, бері ойланып, ұстазға ойын айтады. Ұстаз, оның өзгеше ұсынысынан шошып кетсе де, патшаның дегеніне көнеді.

Келесі күні дәріс үстінде бала күндегі еркелігіне басып, ұстазды тыңдамай, келемеж етеді. Дәл сол сәтте есік қағылып, патша есіктен бас сұқпай ма?

Алдын-ала келіскендей, ұстаз, «Шық, кәнеки, көрмей-місің, дәріс өтіп жатыр» деп айқайға басады. Патша мүләй-імісіп, кешірім сұрап, шығып кетеді. Мұндайды көрген патша баласының аузы ашылып, көзі бақырайып кетеді.

Сол күннен бастап, шәкірті ұстаздың айтқанын екі етпей, үлгілі бала болыпты.

Ұстазға құрмет көрсетпей, баланы бетімен жіберу - болашаққа балта шабумен пара-пар.

(Рауан Қабидолла, «ОҚ», 25.05.2019)

Әулие Мәшһүр Жүсіп екі құсқа - жарқанат пен байғызға назар аударыпты:

«Жарқанат он жұмыртқа тапқанымен, тек екеуінен ғана балапан басып, шығарады екен. Себебі, құс өзін және қос балапанын асырау үшін түнде жолы болса, бір тышқан әкеледі, болмаса, аш өмір сүре береді.

Сонда да құстың семізі болады. Себебі, қанағат қылғаннан. Адам қанағатты содан ғибрат алса керек.

Байғыз деген құс бар. Кәріптілікті, бейшаралықты мойнына алып, таста жатады. Су ішпейді, бидай, тары жемейді. Аузына көлденең тістеген қылдан да жіңішке жалғыз шөп болады. Оны да жемейді, құр тістеп жүрсе керек...

Сүлеймен пайғамбарға барша құстар қызметкер құл болғанда, ол келмеген...

Себебін сұрағанда, байғыз:

- Мен жалған дүниеден ешбір керек қылған нәрсем жоқ. Сенен не іздеп келейін? - деген.

Осы сөзімен құлдықтан халал болған. Адам мұны ойлап, пікір түюі керек. Ұшқан құсты торға түсіретін, жүйрік аңды орға түсіретін тамақ екен. Жұтқан тамағына ие болған адам торға да түспейді, орға да түспейді. Осы күнгі адаммын деп жүрген адамдардың жауы иегінің астында болып кетті. Ол жау не десеңіз, жұтқан тамақ. Артық тамақтан тартынған бәрінен халал болады».

(Мағауия Сембай, «ОҚ», 13.06.2019)

ҒИБРАТ - 346

«Үнсіздер мәжілісіне» үнсіз кірген

Ерте заманда Иран елінде хакімдер мен ақындардан құралған «Үнсіздер мәжілісі» атты бір мәжіліс болған екен. Мүшелерінің саны да отыз адам, одан артық та алмайды, кем де алмайды. Тура отыз болуы тиіс. Бұл мәжіліске мүше болудың ең басты шарты болса - көп ойлану, аз жазу, өте аз сөйлеу.

Сол заманның мәшһүр ақыны әрі ғалымы Молла Жәми де бұл мәжілістің мүшесі болуды қатты қалапты. Бір күні «Үмітсіздер мәжілісінің» мүшелерінен біреу қайтыс болыпты дегенді естіген Молла Жәми дереу мүшелікке талапкер екенін білдірмек болып, мәжіліс сарайына барыпты. Есіктің алдына келіп, күзетшіге еш тіл қатпастан, бір парақ қағазға есімін жазып, дәл сол сатте өтіп жатқан мәжіліс жиынына жіберіпті.

Мәжіліс мүшелері де келген хаттан Молла Жәмидің есімін оқып, оның мүшелікке талапкер болуын қалатынын түсініп, біраз көңіл-күйлері түсіп кетеді. Себебі, келіп тұрған адамның мәжіліске нағыз лайық жан екенін біледі. Алайда, босаған орынға басқа біреуді алып қойған еді.

Мұны Молла Жәмидің көңіліне тиместей жеткізу үшін, мәжіліс төрағасы күзетші арқылы бір тамшының өзіне тасығалы тұрған су толы кесе жібереді. Мұнысы «мәжілісіміздің босаған орны басқа біреумен толды, сізге орын қалмады» дегені еді.

Молла Жәми де бұдан жағдайды түсіне қояды. Бірақ, бірден кетіп қалмай, есіктің алдында өсіп тұрған раушан гүлінің күлте жапырағын алып, кеседегі судың үстіне су тасымайтындай етіп, өте ептілікпен қояды да, мәжіліске кері жібереді.

Мәжілістегілер де мұндай парасатты жауапқа қайран қалып, Молла Жәмиді қатарларына қосуға шешім қабылдайды.

Мәжіліс төрағасы Молла Жәмиді араларына алған соң, есімін тізімге жазады да, отыз санының соңына тағы бір нөл санын қосып, «300» деп жазады. Мұнысы - мәжілісіміздің салмағы Молла Жәмидің арқасында он есеге артты дегені еді.

Мұны Молла Жәми де түсінеді. Алайда, өзін барынша қарапайым ұстайтын Молла Жәмидің көңілі бұған разы болмай, отыз санының соңындағы бір нөлді өшіріп, отыздың алдына «030» деп жазады. Қарапайымдылықты жаны сүйетін Молла Жәми осылайша, өзін нөлге теңеп, гүлдің күлте жапырағы секілді суды тасытпағанындай, өзінің де мәжілістің құрылымын бұзғысы келмейтінін білдіреді.

Мұны көрген мәжіліс мүшелерінің Молла Жәмиге деген құрметтері одан сайын артып, мәжіліс жаңа мүшесін араларына ерекше ықыласпен қабылдайды.

Міне, әрбір мұсылман да, қоғамда гүлдің күлте жапырағындай болуы тиіс. Қоғамға жүк болмай, қоғамның жүгін арқалауы керек. Әрі қоғамға санның соңына тіркелетін нөлдей үлес қосып, бұл қызметін санның алдына жазылған нөлдей көруі тиіс.

(Салтан Сайранұлы, «ОҚ», 18.06.2019)

* * * * *

ҒИБРАТ - 347

90 «молда» неге қашты?

XX ғасырдың басында сыр бойында кете руында Бекмырза деген болыс өмір сүріпті. Оның ұлы Тұңғышбай

да әкесінің жолын қуып, 25 жасында болыс болған екен. Тағдырдың жазуы солай шығар, квп ұзамай, жас болыс дүние салыпты. Шариғат бойынша жерлеп, бар міндетін атқарады. Кейін Бекмырза баласына ас беретін болады.

Мүмкін, болыстық байлығынан дәметкен де шығар, сол өңірден дұға оқымақ ниетпен 90 молда жиналыпты. Ол кезде дұға оқып, бата жасаған молдаларға бір-бір мал жетектетеді екен. Осынша молдаға қалай мал тауып береміз деп, әулет үлкендерінің ұнжұрғасы түсіп кетіпті. Мұны Бекмырзаның әйелі байқап қалады. Ол кісі өзі ақылды, тауып және дәл айтатын жан екен.

- Ау, ағалар, неге тұнжырап отырсыздар? - депті.

- Мына жиналған тоқсан молданы не істейміз? - дейді.

- Оның не ойланатыны бар. Молдалар Болатбайдың алдына барсын да, дауыстап кезек-кезек құран оқысын. Оқи алмағаны садақадан ауыз тиіп, қайта берсін, - депті.

Болатбай Алдашбай ахуннан білім алған шәкірттердің бірі екен. Жарықтық шарихи білімді, діни сауатты кісі екен. Жиналған 90 «молданың» 10-ы ғана Болатбайдың жанында құран оқуға дәхі жетіпті. Қалғандары шала сауаттылығынан ұялап, қайырлы болсын айтып, астан ауыз тиіп, кете беріпті. Тіпті, кейбірі қашқандай болып, әрең құтылыпты. Кейін осы әңхіме ел аузында «90 молда қашқан» деген атпен таралып кетіпті.

(Ұларбек Нұрғалымұлы, «Иман», №6, 2019)

ҒИБРАТ - 348

Корейлер қалай көгерді?

Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін Корей елінің эко-

номикасы адам көргісіз құлдырады. Тіпті, әлемдегі ең кедей мемлекеттердің қатарына қосылды.

Халқының қамыс шақай мен шиден тоқылған дәңгелек қалпақтан басқа іліп алар киімі болмады. Осы тұста елді мұндай күйден құтқаратын тек ұлттық идеология екенін түсінген бір зиялылар ел басында отырған тұлғаларға барып, «корей халқы тауықтан жақсы ма, әлде, жаман ба?» деген жалғыз сұрақ бойынша бүкілхалықтық сауалдама жүргізуге үгіттейді.

Сауалдама жүргізіледі. Әрине, ел тұрғындары түгелдей «Корей адамы тауықтан жақсы» деген жауапқа тоқтайды. Олай болса, дейді жоғарыдағы зиялылар: «Әрбір корей тауықтан бұрын оянып, іске кіріссін» деп үндеу тастайды. Осы бір қарапайым ғана сауалдама күллі халықты ерте тұрып, еңбекке жұмылдыра алған.

Бұл - бір.

Екіншіден, елдің экономикалық әлеуетін көтеріп, өндіріс орындарын ашу үшін аса қомақты қаржы керек болады. Оны қайдан таппақ? Ел ағалары ақылдаса келе қақ жарылған неміс жұртының бір бөлігі Германия Федеративтік Республикасынан қарызға қаржы сұрап, елші аттандырады. Ол тұста немістер қанды соғыста қирап қалған өндірістік ошақтарын жандандыру үшін жанталасып жатқан. Ауыр жұмыс атқаратын шахталар мен емханаларды тазалықшылар жетіспейтін. Корейлер осы екі жұмысты өздері атқарып, алған қарызды жұмысшылардың еңбек ақысы арқылы төлеуге келісіп, 140 миллион марка несие алады.

Сөйтіп, үкімет күллі корей жастарына сауға салады. «Корей халқының болашағы үшін жас жанын пида етіп, шетелге ақысы аз жұмысқа кім барады?»

Қолма-қол 46 мың қыз-жігіт білек сыбанып шығады. Көбі орта мектептің жоғары сынып оқушылары. «Елімнің

ертеңі үшін - еңбегім садақа». Осылай деп, Кэмпү әуежайынан ұшаққа отырған жанкешті жастар Германияны бетке алады.

Жас қыздар адам аяғы жетпейтін қиырдағы ауылдық емханаларға жіберіледі. Олардың істейтін жұмысы - өлген адамдардың мүрдесін тазалап, жуу. Буыны қатып, белі бекімеген бойжеткен үшін таңнан кешке дейін мәйітпен бірге болу қандай қиын? Бірақ, олар төзді. Бірде-бірі кері қайтқан жоқ.

Ал, 1000 метрлік терең шахтаның астына түскендер ше? Тар қапаста тұншығып, көмір қазды. Немістер 8 сағат жұмыс істесе, корейлердің күндік нормасы - 10 сағат, себебі белгілі.

Алғашында даланың жабы жылқысындай топастары корейлерге күле қараған жергілікті жігіттер кешікпей, олардың шыдам-төзіміне бас шайқады,

Сөйтіп, 1963 жыл туғанда, Федеративтік Германия басшысының шақыртуымен Оңтүстік Корея президенті Пак Жон Хи елдің астанасы Боннға келді. Корея елінің басшысы Германия кеншілерімен бірге елінің ертеңі үшін «құрбандық тоқтысына» айналған жастармен кездесуге барады.

Корей басшысын жерлестерімен жүздестіру үшін, 500 орындық зал дайындалыпты. Залға кіріп келген Пак Жон Хи қарсы алдында қара-қожалақ күйелеш куртка киген жұмысшы жастарды көреді. Барлығының бет әлпеті қара қойдың үйтілген басындай күрең қошқыл.

Бауырластарының жүзін көрген президент еңіреп қоя беріпті. Тіпті, өз елінің әнұраны шырқалған кезде де көз жасын тыя алмапты.

Сондағы жылап тұрып айтқаны: «Уа, менің қырандарым, сендер корей халқының жарқын болашағы үшін мың метрдегі жан баласы шыдамайтын тар қапаста еңбек етіп

жатырсыңдар. Уа, бойжеткен арулар, сендер артта қалған аш-жалаңаш бауырларыңды тамаққа тойдырып, киімге кенелту үшін жат жерде өлген адамның мәйітін жуып жүрсіңдер. Сендердің осы бір жанкешті істеріңді корей халқы мәңгі ұмытпайды».

Президентіміздің еңіреген түрін көрген жанкешті жастар да жылап тұрып: «Біз ешқашан алған беттен қайтпаймыз», деген екен.

Қызық болғанда, мұндай оқиғаны көзі көріп, тірідей куә болған Германия канцлері Людвиг Эдхардтың өзі шыдай алмай, көзінен моншақ-моншақ жас үзіпті. Өйткені, Корей президенті қонақ үйде де, көлік ішінде отырып та, ресми кездесу кезінде де тек жылаумен болған екен.

Ресми кездесудің үшінші күні жоғарғы палата депутаттары алдында сөз сөйлеген Пак: «Сіздерден өтінірім, бізге сеніп, несие бердіңіздер, біз де сіздер сияқты көркейейік. Корей халқы уәдесін орындайды. Қарызды қайтарамыз» дейді.

Нәтижесінде, аса көп мөлшерде көмек алады. Осы қаржының арқасында, 1965 жылдан бастап, Оңтүстік Корея Республикасы әлем нарығына тауар экспорттауға қол жеткізді.

Қазіргі хал-ахуалы бәрімізге белгілі.

(Бекен Қайратұлы, «ЕҚ», 01.07.2019)

ГИБРАТ - 349

Атымтай жомарттың шақырғанына неге бармады?

«Еңбекқорлық - жомарттықтың екінші аты» деседі

шығыс ғұламалары.

Ежелде Атымтай жомарттан «Өміріңізде өзіңізден асып түскен жомарт адамды кездестірідіңіз бе» деп сұраған екен бір диуана.

Сонда, Атымтай жомарт «Атымтай жомарт атымды тағы бір мәрте әйгілейін деп, бір қаланың халқын бір ай бойы ішкізіп, жегізіп, ашын тойдырып, жалаңашын киіндіріп, шүлен бердім.

Қаланың бүкіл халқы бір ай бойы тегін берген асымды ішіп, Атымтай жомарт деген атыма қанықты. Бірақ, сол бір айда сыпырғы түюді кәсіп еткен бір диуана менің жайған мол дастарқанымнан бірде-бір рет келіп, дәм татпады. Көшімді түзеп, қаладан кеткелі жатқанда, әлгі диуанына алдырып, «мен әйгілі Атымтай жомартпын. Бір айы осы шаһардың халқына ас бердім. Жалғыз сен келмедің. Не қылған адам-сың?» дегенімде, әлгі адам: «Бір түйір нанын ақ адал еңбегімен тауып жеген адамға ешбір жомарттың сый-сыяпаты керек емес», деп жауап берді.

Өмірімде жомарттығымен менен асып түскен сол сыпырғы түюші диуана ғана» деген екен.

Расында, жомарттық бергенмен өлшенбесе керек. Кісі ақысын жемей, ақ сөйлеп, адал жүру да мәрттіктің мың белгісінің бірі. Бұл қасиет еңбегімен еліне жаққан ерлердің бойынан ғана табылады.

(Әли Бектаев, «ЕӨ», 11.07.2019)

* * * * *

ҒИБРАТ - 350

Жаныңа жақыны - қай досың?

Баяғыда аса еңбекқор, мейілінше адал бір жігіт болып-

ты. Оның үш досы бар екен. Олардың екеуімен етене араласып, той-мерекелерден қалдырмай, үнемі жағдайларын біліп, хабарласып тұрса керек. Ал, үшіншісін есіне түскенде немесе қиындыққа тап болғанда ғана, іздейді екен.

Күндердің күнінде әлгі жігіт алыс сапарға шықпақшы болады. Қасына серік қылып, ең жақын араласатын екі досының біреуін алып кетпекке ниеттеніп, солардың біреуінің үйіне келіп, мән-жайды баяндайды. Бар жағдайға қанық болған досы: «Маған ренжіме, сапарың алыс екен. Мен ол сапарға сенімен бара алмаймын. Ауылдың сыртына дейін шығарып салайын, соған разы бол» депті.

Көңілі түсіп кеткен жігіт дос таңдауда қателескенін іштей ұққандай болып, жақын араласатын екінші досының есігін қағады. Оған да мән-жайды баян етіпті. Бар жағдайға қанық болған екінші досы да бірінші досының сөзін қайталайды.

Шарасыз күйге түскен жігіт үйіне қайтып келе жатып, жол қиылысындағы бір дөңнің үстіне шығып алып, қалың ойға шомыпты. Елдің бәрінен артық көрген екі досы да өтінішін орындамаған соң, үшінші аса араласпайтын досына өтініш айтуға дәті бармапты.

Есекпен отын алып келе жатқан, алыстан сыйласатын үшінші мұны көріп қалып, жанына жүгіріп келіп, жағдайын сұрапты.

«Неге көңіл-күйің жоқ. Досыңмын ғой, айт, қандай көмек керек?» депті.

«Мен сенімен жақын араласқан жоқпын, алыс сапарға кетіп бара жатқанда, қатты сенген достарым қол ұшын соза алмады, сенің көмектесуің екіталай ғой» дейді жігіт.

Сонда, үшінші досы «Иә, сен менімен сондайлық жақын араласқан жоқсың, есіңе түскенде немесе қиналғанда ғана хабарласып тұрдың. Сапарың өте ұзақ екен. Үміт артқан екі

досың бара алмаса, сенімен бұл сапарға мен барайын» депті.

Сонда, әлгі жігіт үшінші досын құшақтап, өкіріп, жылап жіберіпті...

Әр аңыздың астарында бір ақиқат жатары сөзсіз. Кейіпкеріміз тап болған жағдай - әр ғұмырбасты пенденің маңдайына жазылған тағдыр-тын. Яғни, әлгі жігіттің алыс сапары - ақтық демі таусылып, Жаратушының алдына қайтып бара жатқаны еді.

Ал, өте жақсы тұтатын екі досының бірі - мал мүлкі мен мансабы, атақ - абыройы да, екіншісі - достары мен туысқандары екен.

Аса көңіл бөлмейтін үшінші досы - алла разылығы үшін жасаған ізгі, сауапты істері мен құдайды тану жолындағы құлшылығы екен.

Сонда, арғы дүниеге адамның өзімен бірге тек Алла разылығы үшін жасаған ізгі, сауапты істері мен Құдайды тану жолындағы құлшылығы ғана баратын болғаны ғой...

Алайда, бұл - жалған дүниедегі екі доспен қатынасын шарт кесіп, тек, ақыретті ойла деген сөз емес...

Өйткені, туған-туыспен араласу, бала-шағаны асырау, өз басыңды дұрыс алып жүру - адамшылық парыз дүр...

Әрқайсымыздың осындай үш досымыз бар. Ойланып көріңіз, сіз қай досыңызбен етене араласып, қайсысын көбірек еске алып жүрсіз?..

«Аяқ астынан әлгі жігіт сияқты сапарға шығатын болсам, не істемекпін?» деген сауал үнемі көкейімнен кетпейді.

(Жәлел Шалқар, «оӨ», 16.07.2019)

ҒИБРАТ - 351

«Бәрі де - салыстырмалы».

Жаратылыс сырын алты еврей талқылапты.

Мұса-Моисей: «бәрі ана жақтан», - депті сұқ саусағын зеңгір көкке шаншып.

Сүлеймен-Соломон: «бәрі мынадан басталады», - деген екен алақаны мен маңдайын сипап.

Содан кейін Айса - Иисус: «Жоқ, бәрінің кілті мына жерде», - депті алақанымен жүрек тұсын басып.

Маркс келеді: «жоқ, сендердің бәріңде қателесесіңдер, бәрін билейтін мынау», - дейді қарнын шартылдатып.

Мұндайда Фрейд қарап қала ма: «бүкіл адамзаттың түпкі мұраты біреу ғана», - дейді кіндіктен төмендеуді барлап.

Соңында Эйнштейн тұрып айтқан екен: «бәріңдікі қате, себебі, бәрі де салыстырмалы».

Алты еврейдің айтқанына менің қосарым, бүгінде бәрі компьютерге тәуелді.

... Талай жылдардан бері оқытушы болып келемін, аудиторияда отырған шәкірттермен пікір алыссаң, эстетикалық жағалауларға Солтүстік Мұзды мұхиттай тосырқай қарайды.

*(Кәкен Қамзин, «ЕӨ», 19.07.2019,
Айгүл Аханбайқызы).*

* * * * *

ҒИБРАТ - 352

Құлдан шыққан ғұлама

Ислам әлемінде ғылым-білім жолына бар ғұмырын арнаған ғұламалар көп. Соның бірі - Ата Рабақ. Бұл адам

тым сұрықсыз, қап-қара қабашиялық қатарындағы құл екен. Меккеде бір әйелдің иелігінде болыпты. Өзі құлақкесті құл болса да, ақиқат іліміне ұмтылады.

Пайдасыз істен аулақ болу үшін күнделікті өмірін үшке бөледі. Бір бөлігін иесіне арнайды, оның тапсырмасын тиянақты орындайды. Екінші бөлігін Аллаға құлшылық етуге, үшінші бөлігін ілім үйренуге жұмсайды.

Көзі тірі сақабалардың дәрісіне қатысып, хадис іліміне қанығады. Меккелік әйел құлының ілімге деген ынтасына қызығып, «Сен бұдан былай ілім үйретіп, ислам жолында қызмет қыл» деп, құлдықтан босатып жібереді.

Осы күннен бастап, Ата уақытын пайдасыз өткізуден сақтанды. Оның үнемі аузынан тастамай айтатын уағызы, «Адамды жақсылыққа бастамайтын істің бәрі бос әурешілік және ауыздан шыққан әрбір сөз жазулы, демек, бос сөздер үшін Алла құзырында ұялғаннан жаман нәрсе жоқ» дейді екен.

Сол кездегі халифа Омар қажылық етуге Мединадан Меккеге келгенде, одан мұсылмандар ақыл сұрай бастайды. Сонда, Омар халифа: «Уа, дін бауырлар сендерге меккелік Ата тұрғанда, менің ақыл айтқаным болмас» деп, адамдарда нағыз ілім иесіне бұрған дейді.

Тағы бірде аса оқымысты ғалым адам қажылық ету үшін Меккеге келеді. Барлық парыздарын өтеп болып, соңғы үкім - шашын алдыруға шаштаразға барады. Орындыққа отыра бергенде, шаштараз:

- Құбылаға қарап отырыңыз, - дейді.

Ғалым ұялып қалады да, үндемей құбылаға қарайды. Содан кейін басының сол жақ бөлігін ыңғайлап ұсынады, шаштараз болса: «Басыңыздың оң жағын ыңғайлаңыз» дейді. Шаштараз ғалымның шашын алуға кіріседі, ғалым үнсіз отырады. Шаштараз айтады: «Неге үнсіз отырсыз,

тәкбір айтып отырыңыз». Ғалым ұялғаннан тәкбір айта бастайды. Шашын алдырып болып, кетпекке ыңғайланады. Шаштараз: «Алдымен, екі ракағат намаз оқыңыз да, қалаған жағыңызға кете беріңіз» дейді. Үлкен ғалым қарапайым шаштараздың мына ісіне қатты таңданады. Мұндай әдептерді білмегеніне өкінеді.

Ақыры, шаштараздан сұрайды:

- Бауырым, сіз мұндай жақсы әдептерді қайдан үйрендіңіз?

- Ұстазым Ата ибн Рабах осылай жасайды.

Заманында тақаулығымен аты шыққан Ата Рабақ байлық иеленуге мүмкіндігі бола тұра, өмірден бес дерхам тұратын жалғыз көйлек киіп өткен. Патшалар мен ірі байлар бұл адамды өзіне жақын тартып, үнемі шақырған. Бірақ, Ата бұларға жоламаған. Өйткені, бұлардың ұсынысын қабылдасам, олар маған дүние - мал береді, ол менің дініме зиян дейді екен.

Жоғарыдағы Ата абыз туралы Хорасандық ғалым Оспан әл-Хорасани естелігінде былай делінеді: «Менің бала кезім еді. Әкем екеуіміз Дамаскіге сапарлап келе жатып, жолай есек мінген жұпыны, сұрықсыз адамға жолықтық. Мен оның түріне қарап, күле бастадым. Әкей «Балам, күлме, бұл күллі Хижазға әйгілі атақты ғұлама Ата Рабақ» деді. Екеуі құшақтасып, амандасты. Патша сарайының сыртына келіп, үшеуіміз жайғасып отырдық.

Үлкен ғалымның келгені жайлы сарайға хабар жетіп, бізді ордаға алып кірді. Патша ғалымнан «нендей бұйымтайы бар?» деп сұрайды. Ғалым үш өтінішін айтып, соңында: «Уа, патша, сіз мынаны ескергейсіз, қазір сіз қаптаған уәзірлердің алқауында отырсыз, барлығы қолпаштауда, бірақ, қияметке бұлардан қайыр болмайды, тек жалғыз жалғыз өзіңіз жауап бересіз. Осыны ұмытпа!» Бұл сөзді естіген патша, еңкілдеп

жылапты.

Жақсы ісімен күллі жамағатқа үлгі болған Ата абыз ұзақ өмір сүріп, 100 жасқа жетіп, аса баянды ғұмырында жетпіс дүркін қажылық жасап, өмірден өткен екен.

(Бекен Қайратұлы, «EQ», 25.07.2019)

* * * * *

ҒИБРАТ - 104

«Баталы құл арымас...»

Ертеде Дәуіт пайғамбар отыз ұлынан айрылыпты. Хақ Тағала «Тағы бір ұл нәсіп еттім. Бірақ, шарты сол - қызығын тоғыз жыл ғана көресің, Разысың ба?» деп сұраған екен.

Іштей қынжылса да, пайғамбар ризашылығын бірдірген. Көп ұзамай, ұлды болады. Атын Сүлеймен қояды.

Дәуіт патша болғандықтан, сарайына күніне жүздеген адам келеді. Бала Сүлеймен таңнан кешке дейін, қонақтардың қолына су құйып, қалтқысыз қызмет етеді. Разы болған қонақтар ғұмырлы болуына, әділ патша болуына тілектестік білдіріп, бата береді екен.

Арада он бес жыл өтеді. Сүлеймен үлкен азамат болады. Бір күні Дәуіт Тәңірінен «Баламаның қызығын тоғыз жыл ғана көресің, - деп едің. Бұл не хикмет?» деп сұрағанда, «Рас айтасың, балаңның пешенесіне тоғыз жыл ғұмыр жаздық. Бірақ, зерек ұлын қонаққа қызмет қылудан жалықпады. Үлкеннің батасын алуға құмартты. Сол себепті, көптің алғысымен ғұмыры ұзарды» деген жауап алыпты Тәңірісінен.

Батасыз жауға шаппаған баһадүр бабалар ұрпағынан емес пе едік? Балаңыздың болашағына алаң болсаңыз, бала-

лық шағынан үлкеннің алғысын алуға үгіттеңіз. Сосын зор үміт күтіңіз...

(Қасымхан Ғалым, «OQ», 30.07.2019)

ҒИБРАТ - 354

Үлкенді сыйлау

Бірде пайғамбарымыз Мұхаммед (с.ғ.с.) сахабалармен бірге отырғанда, жасы үлкен бір қария келеді. Ол жұртқа көп жаманшылық істеген, абыройсыз, сараң адам еді. Оған ешкім орын бергісі келмеген соң, Пайғамбарымыз шамалы жылжып, оны қасына жайғастырады.

Жиын тараған соң, сахабалар осы жайттың мәнін сұрағанда, «ол қандай адам болса да, менің әкеммен қатар ғой» деп жауап береді. Осыдан-ақ қысқа ғұмырда сыйласудың маңызын ұғуға болады.

Сондықтан, жасы үлкендерге құрмет көрсетіп, жақындарымызды, достарымызды, көңілі жарым ағайындарымызды елеусіз қалдырмай, жағдайын сұрап тұрайық.

(Нұржан Қалмағанбет, «OQ», 13.08.2019)

* * * * *

ҒИБРАТ - 355

... Ниеттің қабыл болуы

Ғұлама Абдулла ибн Мүбәрәк қажылық сапарға шығады. Бір елді мекенге жетіп, түстенеді. Ымырты кезде бір әйелдің арам өлген тауық өлексесін алып бара жатқанын көріп, оны

тоқтатады. Мұсылманға өлексе жеуге болмайтындығын айтқанда, әлгі әйел қиын жағдайынан хабар береді.

- Төрт кішкентай балам бар. Әкелері болса дүниеден озған. Перзенттерімді қарайтын, болысатын адам таба алмадым. Балаларым аш. Арам өлсе де, мен үшін адал болар деп, балаларыма осы өлексені апара жатырмын, - дейді.

Сонда, Абдулла ибн Мұбарак қолындағы қажылыққа шыққан барша қауыммен бірге, өзі де кері қайтады. Ал, барлық қаражатты осы жетімдерге үлестіреді.

Қайтар күні қайырлы істі жасағандар өздерін қажылықта жүргендей, түс көреді. Бұл қажылық ниеттерінің қабыл болғандығының ишараты еді.

(Нұрлан қажы Байжігітұлы, «EQ», 13.08.2019)

ҒИБРАТ - 356

Жол - айналып өткен

Иврит және идиш тілдерінде қатар жазған Шмуэль Иозов Агнон деген йаһудей қаламгері бар. Галицияда туғанымен, өмір бойы әл-Құдыста тұрған. Еңбек еткен. Ұлы шығармаларын - асыл діндердің отанына айналған, пайғамбарлар мекені болған - осы киелі һәм көне шаһарда жазған. Кейінгі, бейбітшілік нығайған жылдары, жергілікті билік жаңа аудан салғанда, жаңа асфальт төсегенде, Агнонның үйі жаңадан салынып жатқан күре жолға кесе-көлденең келіп қалыпты. Қирату керек, басқа амал жоқ, деп ойлапты құрылысшылар.

Сонда, қала әкіміне хабар жеткенде, басшылық ойланбастан дереу жолды бұрғызып, магистраль қарт жазушы-

ның үйін айналып өткен екен.

Тіпті, қабырғасына «тыныштық сақтаңыздар, Агон жұмыс істеп жатыр» деген тақта ілдіртіп қойыпты.

(Дидар Амантай, «ӨА», 23.08.2019)

* * * * *

ҒИБРАТ - 357

Сұңғылалық ілімі

Ғалымда адамтану, яғни, сұңғылалық ілімін - физиономистика деп атап, бұған: «Адамның сыртқы табиғи қимыл-қозғалыс ерекшеліктерін негіздей отырып, тұлғаның жеке мінез-құлқын аңғару арқылы ішкі сырын аңдай алатын ғылыми-психологиялық сала» деген анықтама беріпті.

Ал, мұсылман әлемі бұл ғылымды «Илмул Фироса» деп атап, оны үйренуге өте-мөте мән берген. Қазіргі қолданыстағы «парасат» сөзі осы «фиросаның» қазақыланған түрі.

... Кезінде осы ілімді игеру үшін атақты ғұлама, мазһаб иесі Шафиғидің өзі Иеменге барып, бірнеше жыл оқыған екен. Қайтар жолында үйренген білімін тексеру үшін, жолай бір бәдәуидің үйіне қонақ болып түседі.

Үй иесіне қарап «Өте сараң, ақшақұмар болу керек» деп пайымдайды. Бәдәуи болса иманды танып, оның атына шөп салып, өзіне жақсылап кешке ас дайындайды.

Иман: «Мен қателестім-ау» деп ойлайды. Кешкі астан соң, үй иесі: «Сізге бұл жер жайсыз, салқын бөлмеге төсек салып қойдым» деп қиылғанда, имам қателескенім-ай» деп, қатты өкінеді.

Ертеңінде аттанатын болып, үй иесіне:

- Сізге көп рахмет, қоғадай жапырылып, қонақ еткеніңіз-

ге өте ризамын, - дейді.

Үй иесінің түрі өзгеріп кетіп:

- Тез есебіңді төле, атың 2 динардың шөбін жеді, өзің 3 динардың асын іштің, салқын бөлмеге қонып шықтың, барлығы - 15 динар, - дегенде, имам Шафиға оқуының тегін кетпегеніне қатты қуанып: «Алған ілімін зая кетті ме деп, қорқып едім, құдайға тәуба, қателеспеген екем» деп, 15 динарды қуана-қуана төлепті.

(Бекен Қайратұлы, «ЕӨ», 03.09.2019,
қысқартып алынды)

* * * * *

ҒИБРАТ -358

Жағаға жармасу - күнә

Бірде Ғазіреті Әли Шері қыр басында қырық ұлын күрестіріп отырады. Бөлек өскені болмаса, Мәді балуанда - Әли Шерінің баласы, әкесін танымағандықтан ұлдың барлығын жеңіп, Ғазіреті Әлидің өзімен белдесе кетпей ме?

Кенет әкесі баласының мойнындағы қап-қара қалды тани кетіп, өзің, енді, жағасынан алып, жамбасқа ұрғалы тұрған Мәдіге:

- Балам, тоқта! -дейді.

Әкесімен күресіп, жағасынан алғанын сонда ғана білген Мәді ауыр қылмысы үшін өзін күнәһар санап, бейәдеп үшін еңірей қашып, қара жердің қарс айрылуын тілейді.

Ақыры, сол қара жерге кіріп жоқ болып, ақыр заманға дейін қалың қапас астында жатыр...

Өр аңыз шындыққа негізделіп айтылады. Мүмкін, діни тұрғыдан сауатымыз жетпей, оқиғаны қате пайымдап қоюымыз бек мүмкін. Біз бұл жерде жағаға жармасудың

үлкен күнә екеніне назар бұрғымыз келеді.

(Мирас Асан, «ЕӨ», 09.09.2019)

* * * * *

ҒИБРАТ - 359

«Атамның жағасына қолым тиіп кетеді ғой»

Қазақтың тәлім-тәрбиесі, ділі мен діні, тарихы мен тағылымы туралы ғалым Ақселеу Сейдімбектен асырып, ештеңе айта алмас едік. Ақселеу аға ... жағаға қатысты «Құрмет» деген әңгімеде келісті жазады.

«Бірде, киіз үйдің көлеңкесінде домбыраға тиек жонып отыр едім, көрші үй жақтан: «Қайным?» деген дауыс естілді. Қарасам, Ырыс, киіз үйдің есігінен басын ғана шығарып, мені шақырып тұр.

Шілденің ыстығында көлеңке іздеген жолмен, бақа, кірпі сияқты жәндіктердің киіз үйге кіріп кететіні болатын. Сондай бірдеме деп, жүгіріп келсем, Ырыс: «Төрде жатқан атамның шапанын керегенің басына іліп берші» деп қиылды.

Мұнысын мен әзілге балап: «ой, сөзің құрысын, бірдеңе болып қалған екен десем!» деп бұрылып кете бермекші болдым.

Сол кезде Ырыс шыншыл қалпымен: «Ойын емес, өтінемін, ата-енемді көрші үй қымызға шақырып кетіп еді. Күннің ыстығы мынау, келгенше, отыратын орындарын қағып - сілкіп, іргені түріп, үйді салқындатып қояйын деп едім. Нең кетеді, атамның шапанын іліп бере қойшы!» деп, одан бетер қиылады.

Ырыстың жүзінен де, сөзінен де, әзіл-қалжыңның ны-

шаны білінбейді. Мен әлденені түсінбей тұрған қалпымда таңырқап: «Өзің неге ілмейсің?!» деппін.

Сонда, Ырыс өзгеше бір қалыпқа түсіп, айтуға болмайтын киелі құпияны амалсыз айтып тұрғандай, дауысы дірілдеп: «Онда... онда, атамның жағасына қолым тиіп кетеді ғой!... Олай етуге болмайды ғой!» деді.

Міне, жаға туралы қысқа қайырғанда осылай. Ертең іргелі ел боламыз десек, осы бастан келіндерімізге кішілікті, ұлдарымызға кісілікті қарапайым жаға философиясынан бастап үйретуіміз керек.

(Мирас Асан, «ЕӨ», 09.09.2019)

* * * * *

ҒИБРАТ -360

Судың да сұрауы бар

Бір жолы Мұхаммед пайғамбардың сахабаларының бірі суды көп төгіп-шашып жуыныпты. Мұны сезіп қалған пайғамбар ескерту жасайды. Бұған ана кісі суды көп жұмсауда тұрған не бар екенін, ұқпағанын білдіріп, түсінбеген сыңай танытады.

Сол кезде Мұхаммед пайғамбар оған: «Дарияның жағасында дәрет алсаң да, суды үнемдеуің керек» деп жауап береді.

Міне, осындай ұқыптылық пен үнемшілдік бізге өлшем болуы тиіс.

(Мұрат Бақтиярұлы, «ЕӨ», 25.09.2019)

* * * * *

ҒИБРАТ - 361

«Мынау кім?»

Американың бір штатында жиын өтіп жатады. Сол жерге бір кісі келіпті. Оны жиындағы барлық адам тік тұрып, ыстық ілтипатпен қарсы алыпты.

Сондағы бір қонақ: «Мынау кім сонша, губернатор ма?» десе, «жоқ, бұл ауылдың фермері» деген екен.

Сондағы ыстық ықыластан-ақ, әлгі фермердің елге сіңірген еңбегін, жасаған қамқорлығын байқауға болады.

(Жәлел Шалқар, «ОӨ», 28.09.2019)

* * * * *

ҒИБРАТ - 362

Тапқырлық

Хазіреті Хасан мен Хазіреті Хұсанның бала кезі болатын. Олар өз қатарлас құрбылармен бірге бір бұлақтың басында ойынның қызығына салынып жүрді. Бір кезде бұлақтың басына жасы егде тартқан қария келіп, дәрет алады

Хасан мен Хұсан қарияның дәретті дұрыс алмағандығын байқап, жанына барады. Ол екеуі қарияның қателігін бетіне басып, ұялтқанды жөн көрмеді. Екеуі біраз ойланып, бір шешімге келді де, қарияға былай деп, өтініш білдірді.

Хазіреті Хасан сөз бастап:

- Ата, мынау менің бауырым болады. Бұл маған сен дәретті дұрыс алмайсың дейді. Екеуіміз сіздің алдыңызда дәрет алып көрсетейік. Сіз дұрысын айтыңыз, - дейді.

- Жарайды, балаларым! Ал, бастайық, - деп келісімін білдіреді.

Екеуі де қарияның алдында тұрып, дәрет алады. Екеуінің дәрет алғаны дұрыс болатын. Қария олардың алған дәреттерін көріп, былай дейді:

- Балаларым! Екеуіңнің де алған дәреттерің дұрыс... Сендердің дәрет алғандарыңды көріп, өзімнің дұрыс дәрет алмайтындығымды білдім. Сендердің кішіпейілдіктерің мен инабатты мінездеріңе, тапқырлықтарыңа таң қалдым. Өркендерің өссін, қарақтарым. Аллаһ сендерге разы болсын».

Хасан мен Хұсан балалармен ойындарын жалғастыра берді. Олардың тапқырлықтары мен алғырлықтары бала кезінен байқалды.

«ШӨ», 10.10.2019

* * * * *

ҒИБРАТ - 363

«Асықпаңдар...»

Ерте кезде шалғай ауылдардың бірінде кедей ақсақал өмір сүрген екен. Бірақ оған, тіпті, патшаның өзі де әуеспен қарайды екен.

Ол кісінің аты аңызға айналған бір тұлпары болыпты. Патша сол атын қанша алтынға сұраса да, сатуға көнбепті.

- Бұл жай тұлпар емес, менің досым. Адам өз досын сата ма екен?! - дейді екен.

Бір күні таңертең оянып қараса, әлгі аты жоғалып кетіпті. Ауылдастары айналасына топтасып: «Ей, ақымақ шал, сені бәрібір жайыңа қоя салмайтынын білетін едің. Егер осы атыңды патшаға сатқаныңда, өміріңнің соңына дейін, жоқшылықтың не екенін білмеуші едің. Міне, енді, атың жоқ», - дейді.

Қария сәл кідіріп, былай депті: «Шешім шығаруға асықпаңдар, тек ат жоғалды, шындығы сол. Қалғаны - сендердің болжамдарың ғана. Атымның жоғалуы - бағым ба, сорым ба, бұ жағы тек Аллаға аян», - депті. Ауылдастары ақсақалдың бұл халіне күліп, қоя салыпты.

Арада, он бес күн өткен соң, жоғалған ат келе қалады. Бірақ, өзімен бірге жабайы аттарды соңынан ерте келеді. Сонда, әлгі адамдар кешірім сұрайды:

- Сіз дұрыс айтыпсыз, ақсақал. Атыңыздың жоғалуы бақытсыздық емес, сіз үшін ұлан-асыр пайда екен. Енді бір емес, бір үйір атыңыз бар.

- Шешім шығаруға тағы да асығып тұрсыңдар, - депті ақсақал. Белгілісі - тек атымның қайтып келгені. Ары қарай не болуын ешкім білмейді. Адамдар бұл жолы қарияны ашық түрде айыптама да, өз араларында «Бұл шалдың есі ауысқан секілді» деп, күңкілдесіпті.

Арада бір апта өтпей, жабайы аттарды қолға үйретіп жүрген ақсақалдың жалғыз ұлы құлап, аяғын сындырып алады. Отбасы нәпақасын тауып жүрген жігіт, енді, тұра алмастай, төсекке тағылады. Көршілері әлгі қартқа: «Сен тағы да дұрыс айтыпсың. Сол аттардың кесірінен ұлың жараланды. Енді, сендерді асырайтын ешкім қалмады ғой», - депті.

Қария: «Сендер, шынында, асығыс қорытынды шығара беретін ауруға душар болған секілдісіңдер. Неден сонша асығасыңдар?! Ұлымның аяғы сынғаны - шындық. Қалғаны - сендердің даурығуларың», - деп, тағы да сабырлық танытады.

Арада аз ғана уақыт өтіп, күтпеген жерден сол елді жау алады. Патша дереу қолына қару ұстай алатын ер азаматтарға соғысқа аттануды бұйырады. Ауылға келген патшаның адамдары қарияның аяғы сынған ұлынан басқасының

бәрін де әскерге әкетіп, бүкіл ауыл қара жамылады. Себебі, жеңіске жетуге деген үміт жоқ еді.

Ауыл тұрғындары тағы да қарттың алдына келеді.

- Сіздің шын сөйлегеніңізге күмән қалмады, ақсақал,- деп бастады. - Ұлыңыз аяғы сынық болса да - жаныңызда. Ал, біздің перзенттеріміз ортамызға қайтып келмеуі де мүмкін. Ұлыңыздың аяғының сынуы бақытсыздықтан емес, керісінше, бағы болғандықтан екен.

Ақсақал олардың сөзіне, әдеттегідей, сабырмен жауап береді:

- Сендер қашан да дереу шешім шығаруға асығасыңдар! Ал, әрқашан көрініп тұрар ақиқат, алда болатын жайттардың - ешкімге аян емес екендігі. Мәселен, қазіргі мәлім жағдай - ұлымның қасымда екендігі ғана. Бірақ, бұлардың қайсыбірі - бақ, қайсыбірі - бақытсыздық екенін тек бір Алла ғана біледі!

Қасиетті Құран Кәрімнің «Бақара» сүресінде бұл жайт былай баяндалады:

«Бір жек көрген нәрселерің, сендер үшін қадырлы болуы мүмкін. Және жақсы көрген нәрселеріңнің сендерге жаман болуы да мүмкін. Алла біледі, сендер білмейсіңдер».

Яғни, Аллаға иман келтіріп, тағдырға сенген мұсылман баласы ақ пен қарасында асығыстық танытпай, сабыр сақтағаны абзал.

(Берік Алтысбайұлы, «Sho», 24.10.2019)

ҒИБРАТ - 364

«Ысырапшыл еместігің үшін»

Ертерек заманда өзі жомарт, өз мейірімді бір кісі өмір

сүріпті. Байдың жақсылығын туған-туысы, көрші-қолаңы ғана емес, өткен-кеткен жолаушылар да көп көреді екен. Бірақ, жұртқа қайырымдылық жасаған сайын, байдың дәулеті арта түседі. Біреуге қой берсе, қорасындағы қойы егіз туады.

Баекең бр күн сапарлап, жолға шығады. Қас қарайып, келе жатса керек. Ат үстіндегі байекең қоржынынан нан алып жейді. Сол кезде, нанның бір үзімі жерге түсіп кетеді, Құмдауыт жер екен. Байекең аттан түсе салып, жерден нанның үзімін іздей бастайды. Қанша қараса да, таба алмайды. Қараңғы түсіп кеткен соң, сол жерге белгі қойып кетеді.

Ертеңіне келіп, нан үзімін жарықта тауып алмақшы болады. Ертеңіне келіп қараса, белгі қойылған жерде ат басындай алтын жатыр екен.

Байекең: «Сен қанша болсаң да, ысыралшыл емессің, сараң да емессің. Бір үзім нанның қиқымын обалсынып қайта келіп отырсың. Нан қиқымын құмырсқа үшін бір жылдық азық. Ал, бұл сенің пейліңе берілген азық», деген екен Жасаған Ие.

Бұрынғылар: «Барлық жақсылық - қанағатқа тоқтайды, жамандық - асқандықтан, адасқандықтан басталады» дейді.

(Рауан Қайдар, «ЕӨ», 04.11.2019)

ҒИБРАТ -365

«Өсиет сөздер жоқ»

Адамзат ұстаздың үлг-өнегесі үшін сыйлайтын бірнеше іргелі мәдениет бар. Солардың бірі - Египет мәдениеті (б.э.д 5-інші мыңжылдық - б.э.д. I ғасыр).

Египеттіктер антикалық гректерді де көп нәрсеге баулыған, олардың өмірінің, тұрмыс-тіршілігінің жаңа сапаға өтуіне ықпал жасаған.

Платон өзінің «Тимей» аталатын диалогында бұл жағдайды мынадай ыммен байқатады.

Египеттің Саис аталатын жерінен келген абыз (жрец) грек билеушісі Солонға: «Иә, Солон, Эллиндер, мәңгі бала күйінде қалатын шығарсыздар, араларыңда ақсақалдарың жоқ!» дейді.

Сонда, Солон: «Сен неге олай дейсің?» - деп қарсы сауал тастайды.

Сонда, абыз: «Сендердің ақыл-ойларың бозбаланың ақыл-ойындай, өйткені, сендерде ілгері замандардан бері сақталып, рудан-руға, атадан-балаға өтіп, көненің көзіндей сақталып жеткен байламды өсиет сөздер жоқ екен» - дейді.

Заман ағымын алуан болжап, көріпкелдік жасап, тұла бойы синкреттік өнерге тұнған, сөз сөйлесе - төгілген шешен, ой ойласы - көріпкел көсем, халқына рухани әлемнің өзегіне айналған бірегей кетпен тұяқ кемеңгер тұлға ғана абыздық деңгейге жете алған.

(Мәмбет Қойгелдиев, «ӨА», 08.11.2019)

* * * * *

ҒИБРАТ -366

Өзгені өзіңдей көр

Екінші дүниежүзілік соғыс кезінде, Германияның бір қаласында еврейлерге арналған түрме болады. Түрмеде жұмыс істейтін беделді офицердің үкімет бөлген зәулім үйі бар.

Жазғы демалыста Бруно есімді ұлы қыдырып келеді.

Бруноға түрме туралы мүлдем айтпайды.

«Үйдің маңынан кетпе» дегенді тыңдамай, бір күні Бруно ауланың сыртында серуендейді. Сөйтіп, әлгі түрменің маңына келіп, қоршаудың ішіндегі ала киімді тұтқын баламен танысып, дос болады. Үйіндегілерге байқатпай, сол маңға күнде барып, тұтқын досымен сырласып, оған тамақ беруді әдетке айналдырады. Еврейлерді үй қызметіне жегетін әкесі оның құлағына олардың өте қауіпті екенін құяды. Бала Бруно әке сөзін пысқырмайды да.

Бір күні ол тұтқын досының әкесі жоғалғанын естіп, жаны ашиды. Оның үстіне, досының ала киіміне қатты қызығады. Түрменің ішіне кіріп, ала киім киіп алып, досының әкесін табуға көмектескісі келеді. Демалыс бітіп, аттанар күні Бруно тұтқын досымен ақылдасып, ала киім киіп, қоршаудың астынан өтіп, түрмеге кіреді.

Ал, түрмеде жұмысқа жарамсыз тұтқындарды темір бункерге қамап, өртейтін үрдіс бартын. Бруно оның сасық иісін бірнеше рет байқаса да, адам өртейді деп, мүлдем ойламаған, досының әкесін іздеп баракқа кіргенде, көп тұтқынмен қосып, Бруноны досымен қоса темір бункерге апарып өртеп жібереді.

Әке-шешесі Бруноны іздеп келіп, киімдерін табады. Алай да, жалғыз ұлы әлдеқашан күлге айналған еді. Өздері құрған темір тәртіп жалғыз ұлын да жалмап тынды. Өте ақылды, ғалым болуды армандайтын сүйікті ұлынан айырылған әке мен ананың еңіреген сәтін сөзбен жеткізу қиын.

Топырлатып, әр апта сайын жұмысқа жарамайтын еврейлерді тірідей өртегенде, жүрегі бүлк етпеген фашист офицері үміт еткен ұлынан айрылғанда ғана түсінді - байғұс еврей халқының қасіретін. Бірақ, өте кеш еді...

Алла тағала адам баласын тең қылып жаратты.

(Еркебұлан Елеусізұлы, «ОӨ», 28.01.2020)

ҒИБРАТ - 367

Көңілі қандай аппақ еді!

... бір ауылда көктен бір тамшы тамбай, құрғақшылық жұт болып, ел Алладан медет сұрап, тасаттық беруге жиналады.

Сөйтсе, бір бала үйден қолшатырын ала шығып, бара жатыр екен. Үлкендер таңырқап: «Мына ыстықта қолшатырды қайтесің?!» - демей ме, сонда бала: «Біз тасаттық беру үшін бара жатқан жоқпыз ба?» - депті.

Періштенің көкірегі қандай саф таза! Көңілі ананың ақ сүтіндей, қандай аппақ еді!

Шіркін, біз де еліміздің тәуелсіздігі мен ертеңіне, ұлттың һәм адамзаттық құндылықтарымызға, Алла мен Абайға осы сәбидай сенсек, бәсекелес 30 елді баяғы да ақ, шаңымызға көміп кетер ме едік, қайтер едік?!

Сенім жоқ қой бізде! Ішіміз толы - күдік пен қулық ой.

(Серік Ақсұңқар, «ОӨ», 01.02.2020)

* * * * *

ҒИБРАТ -368

Билік - ең үрейлі күш

Бірде ғұлама Конфуций кезекті сапарынан келе жатқанда, жолдан аулақта жылап отырған бір әйелді көреді. Анықтап қараса, әлгі әйел біреулердің зираты алдында бүк түсіп еңіреп, бірдеңе айтып отыр екен. Бірақ, оның не айтып отырғанын ұға алмайды. Содан, қасындағы шәкіртін

қайғырып отырған әйелге жібереді.

Қайғырып отырған әйелдің қасына келген шәкірт:

- Жалғыз өзіңіз соншама қайғырып жылап отырғаныңызға қарағанда, сіз нағыз қимас жандарыңыздың бірінен айырылған секілдісіз, - дейді.

Сонда, әйел:

- Иә, айтып тұрғаның рас, жақында қайын атамды жолбарыс талап өлтірді. Сондай бір аң енді күйеуім мен ұлымды да мерт қылды, - дейді.

- Онда, сіз неге қауіпсіз басқа жаққа кетпейсіз? - деп сұрайды әңгімеге араласқан Конфуцийдің өзі.

Сонда, ауыр қайғыдан қан жұтқан әйел басын көтеріп:

- Мен нақ осы жерде ғана өмір сүргім келеді, өйткені, бұл аймақта билік салыстырмалы түрде айтқанда, қатал емес, - деп жауап қайтарады.

Біраздан кейін Конфуций шәкіртіне бұрылып:

- Есінде болсын, шәкіртім, билік - ең үрейлі күш, ол жыртқыш аңның өзінен де үрейлі, - деген екен.

Әрине, әлемде үрейлі билік жоқ деп ешкім айта алмас.

Билік те халықтың өз «өнімі» екені белгілі.

Дегенмен, биліктің де билігі бар...

(Александр Тасболат, «ЕӨ», 18.02.2020)

* * * * *

ҒИБРАТ - 369

Патшаның айтқаны

Бағзы заманда бір әмірші жалғыз қызын бай баласына бермей, өнерлі де өнегелі жарлығы беріпті.

Сонда, әлгі патша себебін былай түсіндірген екен:

- Ананың қолында қызымды өмір бойы мұқтаж қылмайтын алтын білезігі бар. Ал, мына байдың баласында қолдың кірінен басқа, ештеңе жоқ. Боқтан сасыққа, тастан қаттыға біткен байлық қолдың кірі секілді, жусаң кетеді. Өнер - алтын білезік, өмір-бақи қолыңнан түсіп қалмайды.

(Серік Негимов, «ЕӨ», 19.02.2020)

* * * * *

ҒИБРАТ - 370

Олардың барар жері не?

Ғұлама Мұхаммед Шағрауи естелігі бойынша:

Бір әсіре діншіл жігіт сұрақпен келеді. Бірақ, ол алған жауаптарына қанағаттанбайды. Өйткені, ол жауап іздеп келген адам емес, өзінің ой-пікірін қуаттап, қолдайтын жанды іздеп келген еді. Жігіт барлығын қырып-жоюға даяр. Тек өзінің айтқаны ғана дұрыс деген ойда.

Ғалым:

- Жарайды, сенің ойыңша, мұсылман елдерінің түнгі клубты жарып жіберу дұрыс па?

- Иә, жарып жіберу дұрыс. Ондағы адамдарды шарият бойынша рұқсат.

- Иә, онда олардың барар жері не?

- Тозақ екені мәлім.

- Шайтан адамдарды қайда жетелейді, қайда алып кеткісі келеді?

- Әрине, тозаққа.

- Олай болса, сенің жақтастарың мен шайтанның мақсаты бір. Шайтан да, сен де адамдарды тозаққа кіргізуге асығудасыңдар. Мен саған мынаны айтайын: Ардақты Пай-

ғамбарымыз (с.ғ.с.) бір яһуди кісінің жаназасын (мүмкін, жазасын-М.И.) көрген кезде орнынан тұрады.

Жанындағылар: «Уа, Алаланың Елшісі! Неге орныңыздан тұрдыңыз?» дегендей сыңай танытты. Сонда пайғамбарымыз: «Ол да адам баласы емес пе?» деген мағынадағы бір ауыз сөз айтыпты. Пайғамбарымыз бен сендердің араларыңдағы айырмашылықты көрдіңдер ме? Ол әрбір адамның тура жолға түсуі үшін қаншалықты әрекет еткен» деп жауап берген екен ғалым.

(Төле би қажы Оспан, «ЕӨ», 26.02.2020)

* * * * *

ҒИБРАТ - 371

300 заңгер, 1 токарь

Оқиға қазағы басым бір ауыл шаруашылығы бағытындағы ауданда болды. 80 мыңдай халқы бар болатын. Жұмыссыздар баршылық, әсіресе, ауыл жастары. Бос жүргендердің көпшілігі - экономика және заңгер мамандықтарын алғандар, жоғары білімділер.

Бір күні ауданның бір мекемесінде заңгер - кеңесші деген бос орынға конкурс жарияланды, жергілікті баспасөз арқылы халық құлақдар болады.

Өтініштер ағылып түсе бастайды үміткерлерден, бір орынға 300 адам таласатын болды.

Бұл жағдайдан хабардар болған аудан басшысының бірі тиісті лауазымдарды қатыстыра отырып, өтініш берушілермен әңгіме өткізбекші болады.

Мақсаты: біріншіден, осыншама жастар неге бос жүр, екіншіден, басқа жұмыстарға орналастыру мүмкіндіктерін

қарастыру, үшіншіден, өтініш тасқынын азайтып, бір жұмыс орны үшін артық шу көтермеу. Бұл әрекет - дұрыс та еді.

Сонымен, билік өкілі әңгіменің анық-қанығына жеткеннен кейін, жастарға ұсыныс жасайды:

«Сіздердің өтініш берулеріңізге, әрине, хақыларыңыз бар. Бірақ, біреуіңіз ғана жұмысқа тұра аласыз.

Ол деген сөз - қалғандарыңыз ата-аналарыңызға масыл болып отырсыз.

Ауылымызда теміржол компаниясының тепловоздарға қызмет көрсететін депосы ашылмақшы. Көп жұмысшы, орта арнайы мамандықтар бойынша адамдар керек. Компания есебінен қайта оқуға болады. Жалақысы жаман емес. Ақылым: «осыған барсаңыздар, кейін мамандық бойынша да жұмыс табылып қалар», - дейді.

Ешкімде үн жоқ, бармаймыз деп те айтпайды.

Осындай жағдайда әңгіме өрбітіп жатқан кезде, біреу - мекеменің коменданты болу керек, жылу беретін котел құрылғысынан ақау шығып, жарықтың тоқтатылатынын хабарлайды. Қыстың қыраулы күні.

Үлкен лауазым иесі апатты жерге бет алған соң, бәрі бірдеңе бітіретіндей қоса жүреді.

Келсе, шұғыл шара керек екен: Қалай болса да сынықты жөндеу керек: гайка, болт дегендерде шұғыл дайындау не табу қажет. Шеберхана баршылық. Мекеме басшысы сасқанынан, жігіттерден: «Араларыңызда мына деталдарды жонып, дайындай алатындар бар ма, мүмкін, техникум бітіргендеріңіз бар шығар» - дейді.

Бәрі үнсіз. Түсінікті. Кім бар ауылда? Комендант ауылда Яков Зудерман деген немістен басқа токарьдің жоқ екенін айтады. Иә, ол рас еді, жалғыз токарь, жасы болса, 80-ге таяп қалған.

Бәрі жерге қарады:

Иә, мамандықтың бәрі жақсы дейміз, бірақ, өзіміз өзімізге неге проблема жасаймыз. Кеткен қаржының, өткізген уақыттың қайтарымы қайда, ата-ананың үміті ақталды ма?

Ойланайық, үлкеніміз де, кішіміз де.

(Қамал Бурхановтың «Жоғары білімді жұмыссыздар жетіп жатыр» деген мақаласының (26.11.2013)-«ЕҚ») мазмұнын пайдаланып, сәл өңдедім. Автордан кешірім).

ФИБРАТ - 372

Жеміт көз

Ертеде Македония шаһарында Ескендір деген атышулы патша мекен еткені белгілі.

Ескендір патша көрші елдердің жеріне ауыз салып, бірінен соң бірін бағындырып жатты.

Көп жорықтардың бірінде оның әскері шөлді жермен жүруге тура келеді. Алып шыққан сусындары бітіп, адамдарын шөл қыса бастайды. Шөлге шыдай алмағандарды ауыр жазаға тартады, астындағы аты да жалын құшады.

Осындай аласапыран кезде, қысылтаяң жүргенде, патшаның көзі айдалада жалтыраған сәулеге түседі.

Барса, сылдырап аққан мөлдір бұлақ суы - бейнебір арықтан аққандай. Ескендір, нөкерлері мен жауынгерлері суға бас қояды, ішсе, су өзгеше, тәтті.

Суды қанып ішіп алғаннан кейін патша: «Суды өрлей жүрейік, басында ел болар, билеушісі болар. Талқан қылып, шаһарын алайық, туымызды тігейік» деп сарбаздарына бұйрық береді.

Әскер суды өрлей жүріп, бір құзар шатқалға кіреді.

Шатқалды айнала бекіткен мықты қорғанды көреді.

Қақпаны ашуға ұмтылады, аша алмайды, бірнеше рет бұзуға талпынады, шамалары жетпейді.

Қақпаның беріктігінен аша алмайтұғынына көзі жеткен Ескендір, қақпаны қағып: «Аш қақпаңды!» деп бұйрық береді.

Күзетші: «Қақпаны ашуға рұқсатың бар ма, ол сенде жоқ. Бұл - құдайға апаратын қақпа», - дейді.

Патша өзінің ауыздыққа көнбес өктемдігіне салып, өзінің жер жаһанды билеушісі екенін, бұрын-соңды мұндай қарсы алу рәсімін көрмегенін ашу-ызамен жеткізеді.

Өр жақтан: «Мықтымын деп мақтанба, ақыл білсең. Мықты болсаң, өзіңнің нәпсіңді жең!» - деген дауыс шығады.

Өлі де құрып, сөзі де таусылып, істер амалы қалмаған Ескендір патша: «Көрмеген жерге, елге тап болдым, халқыма көрсетейін, айта жүрейік, ең болмаса, сый ретінде бір нәрсе бер» деп жалынады.

Қақпадан лақтырылған ішінде бір нәрсесі бар орамал жерге түседі.

Патша сыйлыққа қуанып, ішін ашса, орамал ішінде - қу сүйек.

«Бұл сыйлық менің теңім бе, бұл - мені қорлау» деп сүйекті лақтырып жібереді.

Мұны байқап тұрған патшаның ұстазы, кеңесшісі - ақылшысы, ұлы ойшыл Аристотель сүйекті жерден көтеріп алып: «Патшам, бұл сүйекте қасиет бар, осыдан хабардар болыңыз» деп, таразыны алғызады.

Таразының бір жағына сүйекті, екінші - жағына алтын - күмісті салады. Қанша салса да, сүйекті баса алмайды.

Патша аң-таң. Енді не амал бар дегендей ақылман иесіне жаутаңдап қарайды.

Аристотель жерден бір уыс топырақты алып, сүйекке шаша салады: таразының келесі басы сылқ етіп жерге түсіп, сүйек басы жоғары шығады.

Хакімді (ойшылды, дананы) Ескендір алыстау жерге апарып, бұл істің сыры неде екенін сұрайды.

Сонда, Аристотель: «Патшам, бұл - адамның көз сүйегі, ол тірісінде ештеңеге тоймайды, өлген күні ғана құм құйылған жеміт көзі тойымдық табады», - дейді, ойлана әрі сынай қарап патшасына.

«Ашуланбаңыз, патшам, бұл істен бір ғибрат алыңыз», - деп жалғастырады.

Ескендір де тегін адам емес қой, ойлана келе, толғана отырып, әскерін алып, жорықты жалғастыру райынан қайтып, еліне аман-есен жеткен екен дейді.

Иә, қу дүниеге тірлікте көзің тоймас, өлгеннен соң, алып кетер ештеңе табылмас.

(Абайдың «Ескендір» поэмасы бойынша)

ҒИБРАТ - 373

Масғұт, Қыдыр ата және жынды су

Ертеде һарун Рашид халифа билеп тұрған заманда Бағдат қаласында Масғұт деген жігіт өмір сүріпті.

Бірде Масғұт қала көшесімен келе жатса, бір ұрының бір байғұс шалды тонап жатқанын көреді.

Шал аттан салып айқайлайды. Масғұт ұрыны соққыға жығып, шалды арашалап қалады.

Ауыр жарақат алған шал: «Ей, жігіт, ер екенсің. Ажалдан мені айырдың. Мен саған қарызбын, оны жақсылықпен

өтеуге даярмын. Мен жиһан кезген бір шалмын. Ертең қаладан кетемін. Пәлен жерге келіп «жолық» - дейді.

Масғұт айтылған жерге келеді: кірсе, бір бұзылған там екен. Қараса, там ішінде солқылдаған гүл өсіп тұр, басында үш жеміс көрініп тұр. Бірі - ақ, бірі - сары, бірі - қызыл.

Шал: «Жемістің біреуін таңдап ал. Ағын жесең, елден асқан ақылды, сарысын жесең, дәулетің судай тасар, ал, қызыл жемісін жесең, бүкіл әйел баласы саған ғашық болады», - дейді.

Масғұт қызыл жемісті таңдап алатынын жеткізеді. Шал жігіттен ақ пен сарыны алмай, қызылды таңдау себебін сұрайды.

Жігіт: «Ақты жесем, ақылды» болады екенмін. Мені ақыл билесе, мен оны билей алмасам, ақылдан не пайда. Ақылды адамға сырлас табылмайды, әділетсіздікті көріп тұра, көңілде тыныштық болмайды.

Сарыны жеп, бай болады екенмін. Артық байлық үшін күндейтін болады. Еңбексіз мал таппақ - қайыршылық.

Қызылды таңдағанымның мәні мынада: әйел сүйер мені. Әйел деген көп жан ғой, пайдасы тиер. Еркек еркекпен қас болса, бітістіретін әйел. Ері ашу шақырса, басатын да - әйел. Осыны ойлап қызыл жемісті аламын, - дейді.

Шал жігіттің сөзіне разы болып: «Ақыл да, дәулет те өз басыңда екен» - деп бата береді. Бата берген - Қыдыр ата еді.

Масғұд соңынан «Шәмсі - жиһан» атанады, мағынасы: «бұл дүниенің күні».

Масғұд халифаға (патшаға) уәзір болып жүреді. Адалдығымен ақылменен патшаға да, халқына жағады.

Бір уақытта түс көреді. Түсінде баяғы қыдыр шал: «Ей, балам пәлен күні жауын жауады. Суында кесапат бар, суын ішкен адам жеті күн жынды болар. Таза суды ертерек жинап

алыңдар», - деп аян береді.

Түсін патшаға жеткізеді, керек таза суды жинап алады.

Айтылған күні жаңбыр жауады: судан ішкен адам жын-данып, ақылдан айырылады.

Жынды судан ішкен адамдар екіленіп, патша сарайына келеді. Патша мен уәзірі халыққа ақыл айтып, үйлеріне тарауын сұрайды.

Шулаған, уланған халық қойсын ба: «Патша мен уәзір ақылдан айырылыпты, олар жынданған, өлтірейік» - деп ұмтылуға дайындалады.

Патша састы, уәзірден: «не амалың бар құтылатын» деп сұрайды. Ол да үнсіз, хан тығырыққа тіреледі. Осы кезде әйелі: «адалдықты қусаң өлесің, жан сақтаймын десең, жынды суды сен де іш көппен бірге», - дейді.

Хан мен уәзір жынды суды ішіп салады, құтырып, көп алдына жетіп барады. Өңкей жынды байқамай айтып қалыппыз, кешіріңіз деп жалбарынады.

Әйтеуір, аман қалды, жындылық та тарқады.

Міне, көп тентектің ісі осындай болды, бұдан не тағлым, не ғибрат болды?

*(Абайдың «Масғұд» поэмасы бойынша, соңында
(әйел сөзі) сәл өзгертілді - М.Т)*

ҒИБРАТ - 374

Ағалар, кешіріңізші!

1996 жылы болатын. Қазақстан Парламенті Мәжілісінің бір топ депутаттары Англияға жұмыс сапарымен барады. Ішінде белгілі қоғам қайраткері Қаратай Тұрысов, жазушы

Әкім Ысқақ, тағы басқа азаматтар болады.

Қайтар маршрут - Германия арқылы Алматыға ұшу. Осы мақсатпен неміс қаласы Франкфуртке келеді.

Әуежайға келгеннен кейін құжаттарын тіркеп, заттарын тексереді. Өкінішке орай, үйге деген сәлем-сауқаттарына рұқсат қағаз болмағандықтан тәркіленеді.

Бәрінің қабақтары жабыңқы, отбасыларын, бала-шағаларын қуантамыз деп алған базарлықтарынан айырылып қалған соң - белгілі жайт.

Кеденші немістің беті қатулы, мұз болып тұр. Сөзге келейін десе, біреуі неміс тілін білмейді.

Осы кезде қазақстандық делегацияның бір мүшесі: «Мына, немісті танитынмын», - деп соңына қарай жүгіреді. Жолдастары: «Сен - Шымкенттен, ол - Германиядан, қайдағы тану», - деп еріксіз күліп, әзілдейді.

Таяй бергені сол еді: «Мен сені танимын ғой», - дегені неміс таза қазақ тілінде.

Бәрі аң-таң.

«Қайдан білесің қазақ тілін, бұрын қайда тұрып едің», - деп бәрі жамырай сұрап жатыр.

Неміс жігіті Қазақстанда, Шымкентте, оның ішінде, Жетісайда тұрғанын айтып жатыр.

Қазақстандықтар бұның қалай, олай болса дегендей оны бетіне телмірей қарады.

Ол да толқып тұр екен, көптің көңілін сезгендей: «қазақтың, су ішкен құдығыңа түкірме» деген сөзін жақсы түсінемін, келіп-кетушілер көп, талап та қатаң. Менен бір ағаттық кетті, кешіріңіздер, ағалар», - демесі бар ма.

Кеденші жігіт барлығының тәркіленген заттарын түгелдей қайтарып әкеліп, тағы да кешірім сұрап, ізеттілік көрсетті.

Еуропа құрлығында қазақ тілін естіп, қазақ

бауырлығының ыстығын ұмытпаған неміс жігітінің пиғылына риза болған біздің азаматтар сәлем-сауқаттарын артып-тартынып, аман-есен еліне келді, отбасыларымен қауышты.

(«ЕҚ», 15.12.2013)

* * * * *

ҒИБРАТ - 375

Бабалар рухы қолдады

1997 жылдың 14 мамыр күні болатын. Парламент Мәжілісінің қарауына көш-қон туралы Заңының екі жобасы ұсынылды.

Бірінші жобаны жиырма Министр қол қойған Үкімет ұсынып отыр. Екінші жобаны шағын жұмыс тобының басшысы, депутат Әкім Ысқақ ұсынды.

Үкімет жобасы бойынша елден көшіп кетушілер қаржылай көмек алмақшы әрі босқындар мәртебесімен біріктіріп жіберген, ал, келушілерге қаржылық көмек жасау жергілікті жерге сілтей салған.

Баяндама басталды. Үкімет атынан Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі Н.Коржова баян етуде. Ол өз сөзінде Әкім Ысқақ бастаған топтың жобасын «баламасымақ жоба» деп кекесінмен мысқылдап өтті. Яғни, ол жобаның құны жоқ деп отырғандарда оған теріс пікір туғызу еді.

Негізгі баяндама біте салған соң, мінбеге құстай ұшып Әкім Ысқақ көтерілді.

Жүзі қатулы әрі тебіреністе, ол: «Мен мінбеге бабалар аманаты - қазағымның жоқтауын сіздерге жеткізу үшін шығып тұрмын».

Ол жоқтауым - қазағымның болмысы, тілі, жері.
Депутат мырзалар, құлақ салып, зерделеріңіздерші.
Бәріне тоқталмайын, мына Үкімет жобасының екі мәселесінің мәні неде?

Кететіндер қаржыландырылсын, келетіндер шетке қалдырылсын.

Қазақстаннан кететін кімдер, олар сіздерге белгілі, олар өз еркімен, ешқандай қысым көрмей, тарихи отанына кетушілер.

Қазақстанға келетін кімдер, олар басқа елдерден келсе, еріксіз көшіп кеткен ата-бабаларымыздың ұрпақтары.

«Босқындар мәселесі, ол - басқа мәселе».

Ағайындар, сөзіме құлақ салыңдар.

Ар жетім болар егер де,

Арыңды біреу лайласа.

Бақ жетім болар егер де,

Бағыңды біреу байласа...

Сөз жетім болар егер де

Сөзіңе ешкім нанбаса.

Көз жетім болар егер де,

Көз қырын ешкім салмаса.

Сыр жетім болар егер де,

Сырласар досың болмаса.

Қыр жетім болар егер де,

Қырларға гүлдер толмаса.

Көл жетім болар егер де,

Аққу - қаздар қонбаса

Адам жетім болар егер де,

Өз Отаны болмаса.

Қазақ жетім болар егер де,

Өз перзенттері болмаса», - деп трибунадан тебірене, жан айқайын сыртқа шығарып, қатулы жүзі балбырап, бел-

гісіз нәрседен беті дымқылданып, түсіп бара жатты.

Әріптестеріне қараса, көздеріне жас алған. Өзінің де көзінен жас парлап аққанша білмей тұр. Қызу талқыланды, ұсыныс басым дауыспен өтті.

Осылайша, Мәжіліс төрағасы Марат Оспанов: «Бұл заң - Әкім Ысқақ заңы деп аталсын» деп оның қолын депутаттар атынан ризашылықпен қысты.

Осылайша, аталар рухы халық мүддесіне жақын көшқон Заңы қабылданды.

(«ЕҚ», 15.01.2014)

* * * * *

ҒИБРАТ - 376

«Күте тұрыңыз»

Парламент депутаты Әкім Ысқақ 1998 жылы демократия жолындағы еңбегі үшін Америка Құрама Штатына шақырылды.

Ә.Ысқақ ірі державаның өмір, тыныс-тіршілігімен танысты. Бес-алты штатта болып, кездесулерінде әңгімелесу барысында тек қазақ тілінде сөйледі. Аудармашы оны қазақ тілінен ағылшын тіліне аударып отырды.

Әрине, депутат мырза, орыс тіліне де жетік еді, мәселе: егемендікке қолы жеткен жас мемлекеттің, оның халқының тілін, үнін естісін деген үміттен туған нәрседе еді.

Лос-Анжелес қаласында бір беделді компанияның президенті дастарқан жайып, бас қосуды ұйымдастырады. Дастарқан үстінде, әңгіме арасында әлгі президент - ханым:

- Ысқақ мырза, сіз ағылшын тілін білесіз бе? - деп сұрайды.

Ол еш кідірместен:

- Ал, сіз, ... ханым, қазақ тілін білесіз бе? - деп қарсы сұрақты қойып қалады.

Екі жақта жым-жырт. Сұраққа - қарсы сұрақ. Ағылшын тіліне - қазақ тілін көлденең тартып отыр. Халықаралық тілге саны жағынан аз халықтың тілі. «Есесіне - ана тілім, ар тілім, не болса да айтылды - атылды» деп іштей ойға батады Ысқақ мырза.

Біраз үнсіздіктен кейін америкалық ханым орнынан асықпай тұрып:

- Қазақ тілінде тек бір ауыз сөз білемін, - дейді.

Артынан демін ішіне тартып: «Күте тұрыңыз...», «Күте тұрыңыз...», - деп, таза қазақ тілінде айтады.

Артынан су толы стаканды қолына ұстап: «Қазақ халқы үшін көтеремін», - дейді.

Ысқақ мырзаның да бұл сөзден көңілі толқып, Америкада бір ауыз сөз болса да, қазақ тілінде естуі аспаннан нұр сәулесі түскендей болды.

Үнсіз қалуды жөн көрмеген депутатымыз орнынан атып тұрып: «Мен де ағылшынша бір-ақ ауыз сөз білемін. «Сәңк ю». Мен америка халықтары үшін көтеремін», - дейді.

Екі жақ та, бір ауыз сөз болса да, орнымен айтылып, ақ тілекпен әрленгеніне риза болып, отырыс ашық-жарқын әңгімеге ұласты.

Сөйтсе, американдық ханымның «бір ауыз сөзді» білуінің мәні мынада екен: бірде жұмыс бабымен Алматыға телефон шалады. Ар жағынан автоматты түрде қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде үйреншікті «Күте тұрыңыз» деген сөзді естіп, блокнотына жазып алған әрі есіне сақтаған.

Міне, бір ауыз қазақ сөзінің сыры осындай.

(15.12.2013)

ҒИБРАТ - 377

Жер қойнауына тәрбиелеген әкесінің атымен кетті

Кәрімжан ақсақал көпті көрген, бірнеше шаруашылықтарды басқарып, өмірдің ыстығы мен суығын басынан кешірген адам.

Кемшілігінен гөрі жақсылығын жұрты көбірек айтатын: құрығын сүйретіп, жылап келген жылқышы да, таяғын ұстап қалған қойшы да, мойнына ақша мінген дүкенші де, Кәрімжан басшыға келіп, ақыл сұрайтын. Есебін тауып, халықпен ақылдаса отырып, бәрін аман алып қалған: бір адам сотқа ілінбепті.

Сол Кәрімжанға бүгін ерекше бір нәзік іске араласуға тура келіп тұр.

Қостанайдан телефон шалынды. Түсінгені: Қаржау ақсақал дүниеден озыпты, арты дауға ұласатын түрі бар, келуін қатты өтініпті.

Жолға шықты асығыс. Қаржаудың өмірі көз алдынан тізбеленіп, бейнетаспаға түсіргендей көрініс болып өтіп жатыр.

Қаржау кім еді? Қаржауды Қабаш ақсақал оның әкесі мен анасының ақ ниетінен туған келісімімен бауырына салып алып еді. Екеуінің де жақындығы бар еді: біреуі - өзіне, екіншісі - әйеліне.

Бала ер жетті. Оқыды, жұмыс істеді, үйленді. Балалышағалы болды.

Өмір өтіп жатты. Қабаш ақсақал дүниеден озды. Кезек баласына да келді: дүниеден Қаржау Қабашұлы болып, жасы келгенде озды.

Елді қинағаны Қаржауды тәрбиелеген әкесінің немесе

туған әкеснің атымен шығару жағдайы еді.

Қаржау қайтқанда: «Ертең, о дүниеде алдынан сұрақ-жауап шыққанда, шын әкеснің аты аталуы тиіс» - депті молла.

Кәрімжанды марқұмның туыстарының шұғыл шақыруының мәні осында еді.

Кәрімжан ақсақал молдаға: «Қарағым, қасиетті Құран Кәрімде, Пайғамбардың хадистерінде араздасқан адамдарды татуластыру үшін өтірік айтуға рұқсат берілетіні рас па?»

Егер рас болса, тірісінде бірі апасына, бірі ағасына: «Құдай алдында сұраусыз» деп беріп, шаранаға асық жілік ұстатып, анттасқан адамдардың «өтірігін» шығарғаныңды құран не дейді? - деп сауал қояды.

Молда үндемеді.

Кәрімжан: «Азан айтылып аты қойылған нәрестенің өсе келе жұрттың құлағы үйренген лақап аты ол дүниеден озғанда, лақап атын жазуға шарифаттың рұқсаты бар, бүкіл болмысы тәрбиелеген ата-анасының болмысымен, жаратылысымен етен болып, бәрі халық алдында өтіп, оны мойындаса, бұған не дейсіз» - деп сөзін жалғастырады.

Сонымен, Қаржау Қабашұлы атанып, бақилыққа аттаныпты.

Ғұламалар, осындай жиі орын алып отырған жағдайлардың ислами негіздерін іздейік, іздесе, сараласа, салыстырса, ой қорытса - шешімін табуға болады.

Ижма, қияс, ижтиһат дұрыс жол көрсететін болады.

«ЕҚ», 04.11.2013

Бірде ауруханада дәрігер жігіт түнгі кезекшілік жұмысын аяқтап, қайтуға дайындалып жатқан еді.

Бір жасамыс адам асыға басып кіріп келді. Қолында азық-түлік салынған сөмкесі бар.

Ол кісі дәрігерге: «Қарағым, кешігетін болдым, ренжімесең, саусақтарымның орауын жаңалап, ем-домын жасап берші, өте асығыспын», - деді.

Дәрігер оның мертіктіріп алған саусақтарын тексеріп, тазалап, дәкемен жаңалап орап жатып: - «Ағатай, сонша қайда асықтыңыз?» - дейді, дегбірсізденгенін көріп.

- Әйеліме асығып отырмын, таңғы шайды бірге отырып ішеміз, мені тосып қалады ғой, - дейді.

Дәрігер:

- Е-е, онда жарасы жеңіл екен, үйде апамыз шайын баптап, күтіп отырған болса, асыққаныңыз дұрыс, - дейді әзілдеп.

Үлкен кісі ауыр күрсініп:

- «Қарағым, апаң бес жыл болды, бала-шағаны, туған-туысқандарды, тірі жанды танымайды», деді.

- Қалайша, не болып еді? - деп сұрайды дәрігер.

Кісі:

- Апаң бір айықпас дертке ұшырады. Аурудың атын «альцегеймер» дей ме? (қазақтың «алжу» дейтініне ұқсас)

Басқаларды айтпағанда, мені де танымайды, - дейді.

- А-а, асығып барғаныңызбен сізді де танымайды екен ғой, - дейді дәрігер сасқалақтап, артынан айтып салғанына іштей ұялып.

Кісі:

- Иә, танымайды. Дегенмен, бес жылдан бері таңғы

шайды бірге ішеміз - бұл жазылмаған ереже, - деп, жылы алақанымен дәрігердің қолын қысып тұрып, сөзін «ұғып ал» дегендей жалғастырды. - Иә, ол мені танымаса да, мен оны танимын ғой, - деп сөзін ойлы жүзбен аяқтады.

«... мен оны танимын ғой», осы сөздің астарында түсінген адамға үлкен мағына жатыр.

Ауыр сырқатты адам бізді танымас, ренжітіп - өкпелетіп алған адамымыз-танымас. Біз оларды тануымыз керек. Сау кезінде бізді таныды ғой, сыйласты ғой, жақсылық жасады ғой, ендеше оларды тану - біздің парызымыз.

(«И-Ө», №5, 2014ж.)

МАЗМҰНЫ

Көңілге түйгендерім

1тарау

«Жолыңыз болсын» деңіз.....	4
«Нұра да қалып барады ғой».....	4
Ағат сөйлегенімді сездім.....	5
«Жалғыз қалай тастап кетемін».....	6
Шыдамдылық.....	7
Шүкіршілік.....	8
Әдептілік.....	9
Естігенім:.....	9
Назын әдемі жеткізу.....	10
Естігенім:.....	11
Тапқырлық.....	11
Үлкеннің ақылы.....	12
Нағашыларын сыйлауы.....	13
Маска.....	14
Ақсақалдың дәрісі.....	15
Көңіл үшін.....	16
Сыры неде?.....	17
«Марат, сені күтіп тұрмын...».....	17
Сыпайы ескерту.....	18
«Кешірім сұраймын».....	19
Кім ескерткішке лайық?.....	20
Асықпайық.....	21
Кері қайту себебі.....	22
Нанның қадірі.....	23
Ниетіңе рахмет.....	25
Жемісін көресің.....	26
Ат беру.....	28
Үлкен адамсыз.....	31
Төрімізге кім отырады.....	31
Жалғыз үй қалса да.....	32

Жалғыз екенім білініп қалды.....	33
Сонда, саудаңыз жүреді.....	34
«Әкеңді көрдім».....	34
Жердің мазасы кетуде.....	35
Кім кінәлі?.....	36
Жеңгей нүкте қойды.....	37
Осылай айтуға хақым бар ма?.....	38
«Алла қабағыңды түюден сақтасын».....	39
Жомарт десе - жомарт екен.....	40
Аулыңа аттан, балам.....	41
Бірінің қамын бірі ойлаған ағайыңды.....	43
«Мен ештеңеге қарамаймын».....	44
23 теңге.....	45
Құда да.....	46
Көлеңкеңді басуға ұялып тұрмын.....	47

2 - тарау.

Жинағандарым

Шәкір Әбенев. Маскүнем шебер.....	49
Немат Келімбетов. Өз биігіме өзім шықтым.....	66
Мәлік Отарбаев. Дауасы жоқ дерт.....	74
Мәлік Отарбаев. Бір қайыры бар.....	75
Серик Негимов. 70 рет өлтіріп, 70 рет тірілту.....	77
Серик Негимов. «Иілген мойыңды қылыш кеспейді».....	79
Бекен Қайратұлы. Ергежейлі христиан мен зағип мұсылман.....	81
Амангелді Айталы. «Суға жүзіп, үйреніп пе едіңіз?».....	82
Амангелді Айталы. Шайханадағы айтыс.....	82
Амангелді Айталы. Шындықты меңгеріп, керісінше істеу.....	83
Амангелді Айталы. Үйректің сорпасы.....	84
Амангелді Айталы. «Бетін қалдырмасын - ұрлап алар»... ..	85
Амангелді Айталы. «Не жоғалттыңыз?».....	86

Амангелді Айталы. Шәкірттерімен сұхбаттасу.....	86
Амангелді Айталы. Себеп - салдар көзқарасын жоққа шығару.....	87
Амангелді Айталы. Конфуциймен пікірталас.....	88
Амангелді Айталы. Тышқан, бақа-шаян... тағылымы.....	89
Сәбит Досанов. «Масыл емес, асыл екенсіңдер ғой».....	90
Бауыржан Әлиұлы. Неге бас тартайын.....	92
Бауыржан Әлиұлы. Кісі тану.....	92
Бауыржан Әлиұлы. Есік қағу.....	93
Бауыржан Әлиұлы. Батылдық - ақылмен.....	93
«И-Ө», №21 2017. Микстура счастья для женщин.....	94
Хамзат Әділбеков. Себебі не?.....	95
Бекен Қайратұлы. «Ұлыңды жерлеуге бар».....	97
Бекен Қайратұлы. Досыма аманат.....	98
Бекен Қайратұлы. «Ағамның түтіні өшпесін».....	99
Бекен Қайратұлы. Жанақ ақынның наласы.....	100
Рабиға Ізгүттынова. Екі қасқырдың тайталасы.....	102
Қарашаш Тоқсанбай. Үй неге қымбат?.....	103
Бекен Қайратұлы. Тоғайрық бидің тоқтамы.....	104
Бекен Қайратұлы. Бөгенбай батырдың бәтуасы.....	106
Бекен Қайратұлы. Адалдықтың жоралғысы.....	107
Бекен Қайратұлы. Құтпанұлының қамшысы.....	109
Мухаммед Қайсар. Иногда лучше призывать молча.....	110
Оспан Нура Топбаш. Дуалдың жығылуы.....	112
Оспан Нура Топбаш. Ең ұлық тұлға.....	112
Төлеби Оспан. «Сені біздің амалдарымыз әкелді».....	113
«Иман» ж., №2, 2018ж. Не істер едіңіз?.....	115
Қуат Қабдолла. Өнегелі жақсылық.....	Н6
Серік Негимов. Жұмбақтап сөйлеу.....	118
Мирас Асан. Тозақ та, жұмақ та адамның өз жүрегінде	119
Бекен Қайратұлы. Байымайтын бала.....	120
Ұларбек Нұрғалымұлы. Қайғының емі- естірту.....	122
Бекен Қайратұлы. Елдің намысы.....	124

Мәлік Отарбаев. Жазалаудың да қайыры бар.....	125
Оралбай қажы. «Балам өлген күні - өлемін».....	127
Ұларбек Нұрғалымұлы. «Орныңнан тұр, шүкір қыл»....	127
Ұларбек Нұрғалымұлы. «Құнсыз беріп пұлсыз алды...»	129
Ұларбек Нұрғалымұлы. «Қалай келсең, солай кетесің»	130
Бекен Қайратұлы. Ауыздан шыққан сөз - атылған оқ.....	131
Ұларбек Нұрғалымұлы. Жақсы адамдардың ортасы.....	133
Ұларбек Нұрғалымұлы. Екі жыл сөйлемеген келін.....	135
Исраил Сапарбаев. Ұяның бәрі - киелі.....	136
Ұларбек Нұрғалымұлы. Ене мен келін.....	137
Бекен Қайратұлы. Әли хазіреттің жауабы.....	140
Ұларбек Нұрғалымұлы. Ашуыңды бер.....	140
Бекен Қайратұлы. Сабырға берілген сый.....	142
Бекен Қайратұлы. «Бұдан да жаман болуы мүмкін ғой»	143
Бекен Қайратұлы. Шүкірліктің нығметі.....	144
Бекен Қайратұлы. Шүкіршіліктің мәні.....	145
Бекен Қайратұлы. «Бір зауалдың келетін уақыты...».....	146
Бекен Қайратұлы. «Бұдан жаман не болатын еді?».....	146
Бахытгүл Салыхова. Парацельс раушаны.....	147
Қ.Қабдолла. Ғалымдардан ғибрат.....	149
Сүлеймен Мәмет. Дастарқанды сыйлау.....	150
Бекен Қайратұлы, Иманжүсіптің тапқырлығы.....	151
Әлібек Байбол. Оқу бар да, тоқу жоқ.....	152
«Иман» ж., №1, 2018. Тапқыр Таймас.....	153
Шарафат Жылқыбаева. Қайсар әке.....	154
Жақсыбай Самрат. Жер адамды емес, адамдар жерді байытты.....	156
Бекен Қайратұлы. Тектілердің татуласуы.....	157
Дулат Исабеков. «Арманда» құсы.....	159
«Иман» ж., Билікті айтқан бала.....	160
Мұхтар Әсаматов. Дана адам кім?.....	161
Нысанбек Төреқұл. Әз-Жәнібек ханның Жиреншеге естіртуі.....	161

Шәкәрім Құдайбердіұлы: Мінездегі ауруды емдеу.....	162
Нысанбек Төреқұл. Ақсақ аяқ - кінәсіз.....	164
Бекен Қайратұлы. Сардардың анасы.....	166
Алау Әділбаев, Шәмшат Әділбаева. Тілмен айтудың маңызы.....	167
Айнаш Есалы. Үш құлып.....	168
Серік Сатыбалды. Кемшілік сыры.....	169
Арыстанбек Мұхамедияұлы. Қарыз алма.....	171
Қасымхан Ғалым. «Қарияны қадірле!».....	172
Аққұштап Бақтыгереева. Бейбастақ елдің жұрты.....	173
Мирас Асан. Ұрлықшы болудың себебі.....	174
Бекен Қайратұлы. Сөз - адамның бейнесі.....	175
Бекен Қайратұлы. «Дүние» - бақтың жемісі.....	176
Рауан Қабидолла. Ұстаз беделі.....	178
Мағауия Сембай. Құлдықтан азат болған.....	179
Салтан Сайранұлы. «Үнсіздер мәжілісіне» үнсіз кірген.	180
Ұларбек Нұрғалымұлы. 90 «молда» неге қашты?.....	181
Бекен Қайратұлы. Корейлер қалай көгерді?.....	182
Әли Бектаев. Атымтай жомарттың шақырғанына неге бармады?.....	185
Жәлел Шалқар. Жаныңа жақыны - қай досың?.....	186
Кәкен Қамзин. «Бәрі де - салыстырмалы».....	189
Бекен Қайратұлы. Құлдан шыққан ғұлама.....	189
Қасымхан Ғалым. «Баталы құл арымас...».....	192
Нұржан Қалмағанбет Үлкенді сыйлау.....	193
Нұрлан қажы Байжігітұлы. ... Ниеттің қабыл болуы.....	193
Дидар Амантай. Жол - айналып өткен.....	194
Бекен Қайратұлы. Сұңғылалық ілімі.....	195
Мирас Асан. Жағаға жармасу - күнә.....	196
Мирас Асан. «Атамның жағасына қолым тиіп кетеді».....	197
Мұрат Бақтиярұлы, Судың да сұрауы бар.....	198
Жәлел Шалқар. «Мынау кім?».....	199

«ШӨ» г., 10.10.2019. Тапқырлық.....	199
Берік Алпысбайұлы. «Асықпаңдар...».....	200
Рауан Қайдар. «Ысырапшыл еместігің үшін».....	202
Мәмбет Қойгелдиев. «Өсиет сөздер жоқ».....	203
Еркебұлан Елеусізұлы. Өзгені өзіндей көр.....	204
Серік Ақсұңқар. Көңілі қандай аппақ еді!.....	206
Александр Тасболат. Билік - ең үрейлі күш.....	206
Серік Негимов. Патшаның айтқаны.....	207
Төле би қажы Оспан. Олардың барар жері не?.....	208
Қамал Бұрханов. 300 заңгер, 1 токарь.....	209
Абайдың «Ескендір» поэмасы бойынша.....	211
Абайдың «Масғұд» поэмасы бойынша.....	213
Әкім Ысқақ. Ағалар, кешіріңізші!.....	215
Әкім Ысқақ. Бабалар рухы қолдады.....	217
Әкім Ысқақ. «Күте тұрыңыз».....	219
Анар Төлеуханқызы. Жер қойнауына тәрбиелеген әкесінің атымен кетті.....	221
Амантай Тойшыбекұлы. ... Мен оны танымын ғой.....	223

* * * * *

Құрастырған автордан!

Мен 2018 жылы «Хадис, тәмсіл - ғибраты кәміл» деген кітапты құрастырып, шығардым.

Оның «Ғибратты тәмсілдер» тарауының мазмұны жазылмай кетіпті.

Біреуге тақырыптың мазмұны, болмаса, жазған адамның аты-жөні керек болар.

Сондықтан, сол тараудың мазмұнын, бетін беріп отырмай, 253 тәмсіл:

Ғибратты тәмсілдер

МАЗМҰНЫ

Нұрлан Алжанқұлов. Шамам жеткенше.....	68
Бақтияр Қожахметов. Қасиетті тау.....	68
Қайрат Жолдыбайұлы. Пайдасы жоқ көмек.....	68-69
Руслан Қамбаров. Құмырсқаның көмегі.....	69
Алтынбек Ұтысханұлы. Баласынын әкесін құтқарғаны ...	70
Қарашаш Тоқсанбай. Елін құтқару.....	70
Әлия Сағымбаева. Тұқым қуалайтын ауруды жою.....	71
Қамбар Руслан. Парадан бас тарту.....	71
Ұларбек Нұрғалымұлы. Уақыт туралы.....	71-72
«И-Ө», 19.10.2012. Сәби жыламасын, күлсін.....	72-73
Оңғар Өмірбек. Өмір - жаңғырық.....	73
Әділхан Жақсыбеков.	
Баласының әкесін арашалап алуы.....	73-74
Бекен Қайратұлы. Уақытты пайдалану туралы.....	74
Осман Нури Топбаш. Аурудың емі.....	74-75
Оңғар Өмірбек. Жетімдік туралы.....	75-76
Сандұғаш Егісхан. «Бисмилләнің» құдіреті.....	76-77
Алау Әділбаев. Әбу Ханифаның шәкіртін сынауы.....	77-78
Нұрлан Асанов. Қойшы мен уәзірлер.....	78-79
Сұлтан. Ғарыш - ислам.....	79
Көсемәлі Сәттібайұлы. Өсек-аянды үш електен өткізу туралы.....	79-80
Қыз баланың артықшылығы туралы.....	80
Қызын берген адам - құрметті кісі.....	80-81
Абай Хамза. Қонақ әдебі.....	81
Ақылды құмырсқа туралы.....	81-82
Ерлан Төлеутай. Адам әрекетін қайталаған маймылдар..	82
Мухамедқали Әбдуов. Кір суды төксеңіз.....	82-83
Қайрат Жолдыбай. Балаға - ақыл.....	83
Күпірлік дерт.....	83
Құдайберді Башар. Адалдық туралы.....	84

Құдайберген Башар. Адал ас - иманды ұрпақ.....	84-85
Файзулла Тайтелиев. Хан бірді жесе, нөкерлері мыңды жейді.....	85
Оспан Нури Топбаш. Абдуллаһ ибн Хузафаның намыстылығы.....	86-87
Файзулла Тайтелиев. Өртке де шүкір.....	87-88
Файзулла Тайтелиев. Намазға келгендерді шақыру.....	88
Файзулла Тайтелиев. Орнына жұмсалған алтын.....	88-89
Файзулла Тайтелиев. 70 жыл ұстанған дінін өзгерту оңай ма?.....	89
Файзулла Тайтелиев. Көзін берген ана.....	89-90
Оспан Нури Топбаш. Рухани табысқа - ортақпыз.....	90-91
Жеңіс Шыныбеков. Кездік немесе орынды айла туралы.....	91-93
Оспан Нури Топбаш. Дұғаға - дұға.....	93
Оспан Нури Топбаш. Қылышты Аллаһ жолында қолдану.....	94
Оспан Нури Топбаш. Алтын үшін емес.....	94
Оспан Нури Топбаш. Жасырын жақсылық.....	95
Жеңіс Шыныбек. Елді ұры жаласынан қорғау.....	95-97
Бекен Қабдырашұлы. Аманат.....	97
Алтынбек Ұтысханұлы. Әкенің ұлы алдындағы міндеті.....	97-98
Гулиддин Темірқұлұлы. Адамның үш досы.....	98-99
Оспан Нури Топбаш. Құран аятымен сөйлейтін әйел.....	9-101
Қамал Бұрханов. Қарым-қатынаста жұмсақ. намыста - берік.....	101-102
Оспан Нури Топбаш. Жақсылықтың қайтарымы қашан.	102
Харам ас жеу - ақыретте тозақта болу.....	102-103
Тәшен Есімсейтұлы. Байлықтан, шеннен бас тарту.....	103
Құны жоқ байлық.....	103-104
Тәшен Есімсейтұлы. Дәруіштің биліктен бас тартуы.....	104-105
Жалғас Асхатұлы. Шынайы махаббат - жүректе.....	105

Ақайдар Ысымұлы. Шамшыраққа қол жеткізу.....	105-106
Нұртай Ерназар. Шайтанның сайқалдығы, адамның сайтандығы.....	106-108
Тыныштық Мырзаев. Ағаштың көгеруі - күнәнің кешірілу.....	108-109
Ақжан Ештай. Жүрекке - салмақ.....	109-110
Қымбат Әбілдіқызы. Тақтайша - шеге - жаман сөз.....	110
Абдуссамад Махат. Бұлттан шыққан дауыс.....	111
Бекболат Тілеухан. Қабаған ит.....	111
Әли (р.а.) жауабы.....	111-112
Жақсыбай Самрат. Торғай - бүркіт - ұшақ.....	112
Асылбек Әуезханұлы. Ризық - несібені іздеу.....	112
Дұға - сол, айтқан ауыз ол емес.....	112-113
Асылбек Әуезханұлы. Құрылысшы періштелердің жабдықтары.....	113
Марат Нуртазин. «Сенің өлігіңе келмеймін».....	114
Серік Негимов. Тіл тас жарар.....	114
Тұрсын Жұртбай. Хан өкімі: ат - әйел - жер.....	114-115
Қанат Исламханов. Нан көмектесті.....	115-116
Алтынбек Ұтысханұлы. Қарияның жауабы.....	116-117
Сауабым ортаяды.....	117
«Қалай көмесіңдер».....	117-118
Нұртай Ерназар. Сауаптан айрылдым.....	118
Төлеш Асантегі. Жылы сөз.....	118-119
Сәбит Сейхун. Мойындау.....	119-120
Меруерт Мұхамедиева. Тақуаның пікірі.....	120
Мұхитдин Исаұлы. Әбу Бәкір неге жылады.....	121
Мұхитдин Исаұлы. Ауыр жүк тастау.....	121
Жұман Матай. Садақаның қайыры.....	121-123
Құдияр Біләл. Өмір - ақыреттің жемісі.....	123-124
Құдияр Біләл. Қадіріне жете білейік.....	124
Мұхитдин Исаұлы. «Рахмет айтуға келдім».....	124-125
Серік Сексенұлы. Кім күнәһар?.....	125
Серік Сексенұлы. «... қайдан білдің».....	125

Нұртай Ерназар. Жәннаттың адам.....	125-126
Ғайбат.....	126
Нұртай Ерназар. Халифа мен ауру кемпір.....	126-127
Нұртай Ерназар. Босағасын берік ұстасын.....	127
Нұртай Ерназар. Үндемес.....	128
«Иман» ж., №№10-12, 2008ж. Дана қыз - Уадуд.....	128-132
Думан Анаш. Сұраусыз дүние болмайды.....	132-133
Бақытжан Сабыржанұлы. «Жер сызып отыр екен».....	133
Айнұр Әбдірәсілқызы. «Мазар - менің тарихым».....	134
Ұстазын қадырлеу.....	134
Нұртай Ерназар. Мұсылман көрші.....	135
Асан мен Үсен.....	135
Бір сағаттық өмір.....	135-136
Масыл бала.....	136
Өмір бұлағы.....	136-137
Нұрқанат Нұрдәулетұлы. Сынған темір неге жарар.....	137
Балаға өтірік айтпа.....	137-138
Әкеңе не істесең, алдыңа сол келеді.....	138
Ауданбай қажы Ахметжанұлы. «Омардың қажылығы осымен бітті».....	138
Нұржан Дәрікұлов. Үйіне береке кірді.....	139-140
Нұржан Дәрікұлов. Ең жек көретінім, ең жақсы көретінім.....	140
Нұржан Дәрікұлов. Жетімді қуантқан.....	140-141
Сауытбек Абдрахманов. Исламның бейбіт жолмен таралуы.....	141-142
Көрсеқызарлық нәпақадан айырады.....	142
Қайырбек Отызбаев. Құны жоғары пәтуа.....	143
Берік Қалдаров. Бейжай болудың опығы.....	144
Берік Қалдаров. Алдымен, өзімді өзгерткенімде.....	145
Наурыз Назаров. Сенім мен ілім.....	145
Наурыз Назаров. Ұры.....	146
Наурыз Назаров. Мейірім есігі жабық па?.....	146
Наурыз Назаров. Баланың әкесі туралы ойы.....	146-147

Наурыз Назаров. Әрекетсіз отырғанды ұнатпаймын.....	147
Наурыз Назаров. Құранды көп жаттағандардан бастандар	147
Наурыз Назаров. Құл мен иман Ағзам.....	148
Жұлдызай Мейір. Екі жақсы, екі жаман.....	148
Шынайы сабыр.....	148-149
Қ.Сабыржанұлы. Сіз маған разы болыңыз.....	149
Асанәлі Әшімов. Қайғыға шыдау да - адамдық.....	149-150
Ел аузынан. Атасы басқа - аттан түс.....	150
Берік Алпысбайұлы. Сүйікті шәкірт.....	150-151
Нұрман Асанов. Патша уәзірлік неге жазаламақшы?.....	151-152
Қанат Алшынбаев. Қолымызда - Іңжіл, оларда- жер....	152
Қанат Алшынбаев. Ел қалай жауланды?.....	152
Мухаммед Қайсар. Век живи, век учись.....	153
Мағауия Сембай. Адам өседі, мал өседі, жер өспейді.....	153-154
Не задерживайся.....	154
Нартай Жүсіпов. Шығасы шықпай, кіріс кірмейді... ..	154-155
Сатай Сыздықов. «Біз отырғызамыз, кейінгілер жемісін көреді».....	155-156
Сатай Сыздықов. Алтынды дұшпан санасаң.....	156
Сатай Сыздықов. Халықтың жолығуға мүмкіндігі болсын..... -.....	156-157
Дүкенбай Досжан. Жан қай жерде?.....	157
Кенжеболат Жолдыбай. Сегіз шаршы метр жердегі үй.....	157-158
Зульхоя Саида. «Қарға қарғаның көзін шұқымайды».....	158
Бауыржан Мырзақұлов. Ақырет аралы.....	159
Жүсіп Қайнар. «Сауабымнан айырмашы».....	160-161
Нұртай Ерназар. Хазіреті Әлидің жылуы.....	162
Нұртай Ерназар. Пайғамбарға құрмет.....	162
Нұртай Ерназар. Тәкаппарлыққа сабақ.....	162
Нұртай Ерназар. Қызғаншақ отыны.....	163

Нұртай Ерназар. Ұры жүрегіңе кірсе.....	163
Нұрлан қажы Асанов. Ақысы сүтпен өтелген.....	163-165
Нұрлан қажы Асанов, Ақ-қара ит - екі таңба.....	165
Толыбек Әбдірайым. Патшаның орынсыз тапсырмасы.....	165-166
Амантай Тойшыбайұлы. Тас қалаушы бәрінен күшті	167
Мешітке түнесін.....	167-168
Өмірзақ Бекқожа. Алланың барлығын көру сипаты қайда қалды?.....	168
Өмірзақ Бекқожа. Нәпсіден не жаман.....	168-169
Өмірзақ Бекқожа. Оттың ыстығына шыдасам.....	169-170
Зейнеп Тасним. Значит, ты его не знаешь.....	170-171
Ұлан Ермекұлы. «Жасырын күнәләрды іздемеңдер».....	171
Қайрат Жолдыбайұлы. Тағдырдан тағдырға қашып барамын.....	171-172
Қайрат Жолдыбайұлы. Тағдырдағы әділдік.....	172-173
Сәбит Досанов. Жалғыз қаруы - іс-әрекет.....	173
Что посеешь, то и пожнешь.....	173-175
Абдуссамад Махат. Год, потраченный на один хадис.....	175-176
Остаток жизни в поклонении Всевышнему	176-177
Қайырбек Отызбаев. Шайтанның айласы	178
Қайырбек Отызбаев. Құмырсқа өміріне сабақ болды.....	178
Смағұл Елубай. Самұрық неге келмеді?.....	179-180
Жақсылық Самрат. Екі есе иіліп сәлем беру	180
Зұлхан Саида. Теперь я знаю	180
Зейнеп Тасним. Ненасытный человеческий глаз ...	180-181
«Аллах любит вас».....	181-182
Нахид ибн Захид. Разговор в утробе матери	182-184
Амина Муслима. Милостыня, дошедшая по назначению.....	184-186
Қайырбек Отызбаев. Бүлік қалай шығады?	186-187
Алпамыс Төлеубергенов. Қайырымдылық.....	187-188
Ескендр Тасболат. Жасаған жақсылығың	

өзінді табады	188-189
Амангелді Айтан. «Мен ең алдымен...».....	189-190
Үмбет Сабырханов. Адал кәсіп	190
Абуссамад Махат. Этика выражения скорби	191-192
Мақсат Қуанышұлы. Отта өзім жанайын, балама разымын	192-193
Фатима Гаджыва. Проверка мудреца	193-194
Айхан Ақанов. Университеті дәстүр басқарады	194
Дәурен Бауыржанұлы. Тауларды көшіру.....	194-195
Меруерт Мұхамадиева. Пенденің аңсау рухы.....	195-196
Меруерт Мұхамадиева. Топырақтың алтынға айналуы.....	196-197
Инна Байрамукова. Никто не будет любить нас как родитель.....	197-198
Хайролла Габжанов. Білім - бізден, парасат - сізден.....	199
Набид ибн Захил. Один час твоего времени	199-200
Амина Мусина. Грехи были прощены	200-201
Меруерт Бақдәулетқызы. Алла тағала мен ұждан ризашылығы.....	201-202
Қайырбек Отызбаев. Бірде-бір жақсылық жасамадым ..	202
Қайырбек Отызбаев. «Ясин» сүресімен берілген тәрбие.....	202-203
У всякой проблемы есть решение	203-204
Нахи Захид. Цена подарка.....	204-205
Зейнеп Тасним. В момент гнева.....	205-206
Амантай Тойшыбайұлы. Кім бай?.....	206-207
Алтын Джанабаева. День не пропал даром.....	207-208
Өміріміздегі «1» мен «0»-дер.....	208
Мухаммад Қайсар. Отвернись от невежды	209
Ескендір Тасболат. Өмір бойы түсінде пайғамбарды көрген.....	209-210
Руслан Қамбаров. Не мықты?.....	211-213
Нұрлан Асанов. Күйеуімен ажырасқысы	

келген әйел.....	213-214
Дулат Турантегі. Мен тек ызыңдауды ғана білемін	214
Сәбит Досанов. Айырмашылығы неде?.....	214
Зейнеп Тасним. Просьба немусульманки	215
Кенжеболат Жолдыбай. Екі көз	215
Нұртай Ерназар. Көршіге жәбір көрсетпеу.....	215-216
Абдуссамад Махат. Тағдырға иман келтірмейінше	216
Айнаш Есали. Ашуда жүректер алыстайды.....	216-217
Құдайберді Бағашар. Кедейдің кемерлігі.....	217
Данияр Жұмабаев. Лұқпан хакім өсиеті.....	218
Құдайберді Бағашар. Ықласпен айтылған кәмила-шаһадат.....	218-219
Салтан Сайранұлы. «Жегендей болдым» мешіті.....	219
Салтан Сайранұлы. Бір пұл.....	220
Құдайберді Бағашар. Күнәдан тазарған кінәлі адам	220-221
Жүк арқалаған кісі.....	221
Рашид Алпысбаев. «Түйесімен бер, ендеше».....	222
Рашид Алпысбаев. Жүзім	222-223
Рашид Алпысбаев. Тегін жәннат.....	223
Рашид Алпысбаев. Гауһар тас және намаз.....	223-224
Оспан Нури Топбаш. Ыдысқа түсті.....	224
Ерлі-зайыптының егесі.....	224-225
Күйгелек күйеудің әуресі	225
Гүлзина Бектасова. «Мен жарлы адаммын».....	225-226
Мақсат Қарғабай. Әркім өзінше топшылайды.....	226
«Тәтті жеуді доғардым»	226-227
Асылхан Өмірзақұлы. Алла үшін беру.....	227-228
Сәбит Ибадулла. Анаға құрмет.....	228
Сәбит Ибадулла. Сыпайы бас тарту	228-229
Сәбит Ибадулла. Нығметтің белгісі	229
Сәбит Ибадулла. Ұстазға құрмет.....	229-230
Сәбит Ибадулла. Халифа мен ханымның дауы.....	230-231
Сәбит Ибадулла. Көрші ақысына әділдік	231

Шомылғанда қайда қарайын?	231-232
Сараңмен саудаласу	232
Бақытжан Өтелбаев. Ұстазды сыйлау үлгісі	232
Мудрости сотворения волков	232-233
Асқар Болатбекұлы. Қайта келетініңді білгенмін	233-234
Өмірзақ Бекқожа. «Бұл не?» - деп сұрады.....	234
Өмірзақ Бекқожа. Ғұламалардың ата-анасын сыйлау үлгісі.....	235
Осман Нури Топбаш. Солып қалған гүлді жапсыру.....	235-236
Ответ есть в Коране	236
И.Хан. Баламен алма ағашы.....	237-238
Құрманғазы Сәдібаев. «Ештеңе етпейді».....	238
Оспан Нури Топбаш. Тапқан ақшаны ақыретке тапсыру	238-239
Сағындық Ордабеков. Дүние жолдас болмайды....	239-240
Ұларбек Нұрғалымұлы. Неге шығынға батты	240
Н.Назарбаев. Еліңнің Ертеңі	241
Әкем біліп қоймасын.....	241-242
Қарақшылардың тәубесіне келуі.....	242-243
Хасан Басри. Күнәдан арылту дәрісі.....	243
Толымбек Әбдірайым. Жүктер сенімді сақталған....	243-245
Ақерке Бершінбекова, «Өзіңді өзің арылт».....	245
Александр Тасболат. Баласын өлтіре жаздады.....	246
Бекен Қайратұлы. «Өліктер сияқты бол»	246
Жалғас Асхатұлы. Ол сізден жақсы шығар	247

КӨҢІЛГЕ ТҮЙГЕНДЕРІМ. ЖИҒАНДАРЫМ

Редактор: Мұстафин Серік Қамзаұлы
Техникалық редактор: Мұстафин Азамат Серікұлы
Компьютерде терген: Жакашова Ляззат Қасенқызы

Басуға 13.07.2020 ж. қол қойылды.
Пішімі 84x108 1/32. Қағазы офсеттік.
Қарпі «Times New Roman». Көлемі 10,8 ш.б.т.
Таралымы 50 дана. Тапсырыс № 21347
«Tengri.ltd» ЖШС баспаханасы,
Қарағанды қ. Бұқар Жырау даңғ, 84
Тел. +7 7212 434954, +7 702 222 3022, +7 700 222 3022